

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті**

**БӘЙНЕШ ШОЛПАН БОРАНТАЙҚЫЗЫ,  
педагогика ғылымдарының докторы**

**Шетел тілін оқытудың дамуы мен қалыптасу  
тарихы**

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74

Б 32

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесі мақұлдаған

Пікір жазғандар: Р.Ә. Шаханова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ж.Т. Дәулетбекова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Бәйнеш Ш.Б.

Б. 32 Қазақстанда шетел тілін оқытудың дамуы мен қалыптасу тарихы.- Алматы, 2014. – 364 б.

ISBN №978-601-06-3165-6

Оқу құралы республикада шетел тілі оқытудың ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамып, қалыптасуына арналған. Шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша түрлі кезеңдерде жүргізілген зерттеу жұмыстарына жан-жақты тоқтала келе автор еліміз егемендігін алғаннан кейін атқарылған игі істерге де талдау жасаған.

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарының шетел тілі мамандығы бойынша білім алатын студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және де орта мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74

ISBN №978-601-06-3165-6

Ш.Б., 2014ж.

с Бәйнеш

## МАЗМҰНЫ:

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>1 ҚАЗАҚСТАНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (1918-1990 ж.ж.).....</b>	<b>16</b>
1.1 Жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқыту үдерісінің қалыптасып, даму тарихы (1918-1944 ж.ж.).....	16
1.2 Мектепте 1945-1990 жылдары шетел тілін оқыту үдерісінің ұйымдастырылуы.....	36
1.3 Шетел тілін оқыту барысында оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйрету бағыттары.....	51
1.4 Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологиялардың қолданылу жайы.....	67
<b>2 ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>92</b>
2.1 Мектепте шетел тілі пәнінен білім берудің оқу-әдістемелік аспектілері.....	92
2.2 Шетел тілін оқытудың лингвистикалық және психологиялық негіздері.....	103
2.3 Шетел тілін оқытудың қазіргі алғышарттары.....	117
2.4 Қазақстан Республикасы мектептеріндегі білім берудің жаңа бағыттары.....	128
<b>3 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>151</b>
3.1 Мектепте шетел тілі курсы бойынша берілетін білім мазмұнының құрылымы мен оқу-әдістемелік кешені.....	151
3.2 Жалпы білім беретін орта мектептерде шетел тілін оқытудың жаңа тұжырымдамасы.....	175

3.3 Шетел тілінен жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.....	189
3.4 Шетел тілінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңалау барысында оқытудың мақсаты мен міндеттеріне қойылатын талаптар.....	207
3.5 Жалпы білім беретін орта мектептегі шетел тілі пәнінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау.....	237
3.6 Оқулықтардағы білім беру үдерісі барысында тәрбие беру мәселесі.....	156

#### **4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА ЖЕТІЛДІРІЛУ БАҒЫТТАРЫ.....168**

4.1 Шетел тілін оқытуды күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдіру және базалық компетенциялардың қалыптасуы.....	168
4.2 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары.....	290
4.3 Шетел тілін оқытудың басым бағыттары.....	316
4.4 Шетел тілі пәндерін оқыту үдерісін жетілдірудің жүзеге асырылу нәтижелері.....	322

**ҚОРЫТЫНДЫ.....340**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....350**

**ҚОСЫМШАЛАР.....360**

**БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....364**

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстанның өз тәуелсіздігін алып, саяси, экономикалық жағынан дамудың жаңа белесіне көтерілуіне байланысты еліміздің ішкі қоғамдық-әлеуметтік және халықаралық қатынастар саласында түбегейлі бетбұрыстар жасалып отыр. Бүгінгі таңда жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері өзара бірлік пен татулықта өмір сүріп, тең құқықта білім алып, еңбек етіп жатқан мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті елдер қатарынан, өркениет биігінен көрінуі оқу орындарында оқыту сапасына тікелей тәуелді екені аян. Өйткені өркениеттің басты өлшемі – білім мен мәдениет. Сондықтан да жас ұрпақтың бойында заман талабына сай білік қалыптастырып, өмірлік дағдыларды дамыту қажеттігі барша білім саласы мамандарына жоғары жауапкершілік жүктеп отыр.

Үкімет тарапынан республикадағы білім, ғылым саласына ерекше назар аударылып, жыл өткен сайын бұл салада тың өзгерістер жасалуда. Оның дәлелін “Қазақстан Республикасының Конституциясы”, ҚР «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» және 2005 жылдан бері жыл сайынғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы» сияқты мемлекеттік маңызды құжаттарда бұл мәселенің елдік тұрғыда күн тәртібіне өткір қойылуынан, оларда білім берудің басым бағыты ретінде үнемі қадағалануынан көруге болады.

Әлемдік кеңістікте Қазақстанның дүние жүзінің дамыған елдерімен саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынас орнатуға ұмтылысы шетел тілдерін еркін меңгерген білікті мамандарға деген сұранысты да арттыра түсуде. Сол себепті елдің экономикалық, саяси, ғылыми мәселелерін өркениетті елдермен терезесі тең байланыста жүргізе білетін көптілді мамандар дайындау бүгінгі күннің аса бір зәру мәселесіне айналып отыр. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның шетел тілін оқыту үдерісінде бүгінгі оқушы - ертеңгі мамандарды өзінің ана тілімен қатар басқа халықтардың тілін оқу, үйрену арқылы олардың мәдениетін, салт-дәстүрін, ділін, тарихын және т.б. өз ана тілімен, халқының салт-дәстүрімен, мәдениетімен және т.б.

салыстыра отырып тануға, басқа халықтардың ерекшелігін түсініп, құрметтей алуға баулу мәселесіне айрықша мән берілуі де осындай жаңа уақыт талабымен ұштасып жатыр. Бұл шетел тілдерін оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, практикалық мәселелеріне басымдылық берудің көкейкестілігіне келіп саяды.

Шетел тілін оқытудың тарихы халықтың тарихымен астарлас, оны білу келешекті дұрыс болжау үшін, жаңа белестерді айқын бағдарлау үшін де қажет. Тілді оқыту тарихын, атап айтқанда, біздің елімізде орта мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы және дамуы тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерттеу пәнді оқыту жүйесіндегі орын алған олқылықтарды анықтап, тиімді бағыттарын одан әрі жетілдіруге қажетті мүмкіндіктерді де кеңейте түсері сөзсіз. Мәселен, неміс тілі біздің республикамызда дүние жүзіндегі техникасы мен ғылымы дамыған ел тілі есебінде өткен ғасырдың басынан бастап еліміз егемендігін алғанға дейінгі кезеңде мектептегі бірінші орындағы шетел тілі ретінде оқытылып келді. Бүгінгі күні де Қазақстанның әлемдегі өркениетті елдердің бірі ретінде Германия мемлекетімен әр тарапты байланыстарының кеңеюі еліміздің жалпы орта білім жүйесінде неміс тілінің қалыптасуы мен даму тарихына сараптама жасай отырып, ондағы озық үдерістерді одан әрі жетілдірудің, оны оқыту жүйесінде жаңа уақыт талабына сай түбірлі өзгерістер жасаудың ғылыми-педагогикалық бағыттарын айқындаудың өзектілігін арттыра түсуде. Біздің зерттеу нысанамызға алынып отырған қазақ тілді мектептердегі шетел тілі пәндерін оқытудың тарихи-танымдық аспектілерін анықтау, тілді меңгертудің басым бағыттарын айқындау, оны меңгертуді жаңа деңгейге көтеру мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеу де осындай аса маңызды себептермен сабақтасып жатыр. Бұл айтылғандар орта мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы мен дамуы тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздеріне зерттеу жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Кеңес Үкіметінің оқу-ағарту саласына байланысты шығарылған қаулылары мен заңдары, нұсқаулары мен бұйрықтары негізінде Одақ құрамындағы барлық республикада

шетел тілі пәндері жеке пән ретінде оқу жоспарына енгізіліп, оны оқыту барысын зерттеу қолға алынды.

Шетел тілінен өткен ғасырдың басында кеңестік мектептерде білім беру мәселелері Г.А.Ганшина, И.А.Грузинская, В.Каст, Қ.Кемеңгерұлы, Е.М.Рыт, А.Монигетти, Л.В.Щерба сияқты атақты ғалымдардың зерттеулерінен бастау алып, қазіргі белгілі ғалымдар И.И.Амразакова, И.Л.Бим, И.Брант-Кляйдер, С.Ә.Әбдіғали, М.К.Исаев, Н.Д.Гальскова, Н.М.Гез, С.С.Құнанбаева, Н.Ф.Құрманбаев, И.Д.Салистра, С.Ф.Шатиловтардың ғылыми-теориялық еңбектерінде жалғасын тапқан.

Шетел тілінен білім мен тәрбие берудің ғылыми-әдіснамалық негіздеріне А.Қ.Артықбаева, К.Е. Бедриков, Я.И. Валл, Э.Гибель, А.А. Голотина, Е.И.Пассов, И.В.Рахманов, А.А.Миролубов, И.Рапопорт, Р.Ф. Исаева, В.С.Коростелев, Г.А.Китайгородская, А.Қ. Құсайынов, Б.А. Лapidус, А.А.Леонтьев, Х.Хунфельд, М.В.Ляховицкий т.б. еңбектері арналған.

Білім берудің әлеуметтік және психологиялық мәселелерін арнайы зерттеген ғалымдар Ш.А. Амонашвили, Н.П. Бехтерева, В.Б. Беляев, Қ.Жарықбаев, И.А.Зимняя, Т.Тәжібаев, П.Туннияла, Р.П. Сельг, С.Л. Рубинштейн, Л.М.Фридман.

Білім беру мазмұнын жаңалау, толықтыру, ізгілендіру барысындағы педагогикалық теориялардың дамуына қатысты зерттеу нәтижелері Ю.К.Бабанский, В.П. Беспалько, Ш.К. Беркімбаева, Н.М. Гез, Л.В. Занков, Н.Н.Нұрахметов, М.Ж. Жадрина сияқты т.б. көрнекті педагог ғалымдардың есімдерімен байланысты. Олардың еңбектері шетел тілінен мектепте білім берудің дидактикалық негіздерін анықтауда басшылыққа алынды.

Соңғы уақытта өріс алып отырған шетел тілін оқыту барысында мұғалімдер мен оқушыларға жаңа бағдар беру үдерісі С.С.Құнанбаева, Н.Д.Гальскова, Г.Ж.Нұрбекова, Ә.Т. Чакликова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылуда. Олар заман талабына сай білім мен тәрбие беру мәселесін зерттеп, белгілі нәтижелер алудың мүмкіндіктерін айқындап, басты бағыт-бағдар берген құнды ізденістер болды. Бұл еңбектерде білім берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталып, оқытудың

әдістемелік жүйесін құру мәселесі белгілі бір деңгейде зерделенген.

Дегенмен, ол ғалымдардың еңбектерінде қазақ тілді мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы мен дамуы тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздерінің қажеттілігі мен сол қажеттіліктердің ескерілуі толық әрі жеткілікті қарастырылмаған. Осы тұрғыдан алғанда жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқытуда мынадай кемшіліктердің бар екендігі байқалады:

- арнайы білімі бар әдіскер ғалымдардың жетіспеуінен пәннің білім мазмұны, оған қойылатын ғылыми-педагогикалық тұрғыдағы талаптарды айқындауда кемшіліктердің орын алуы;

- оқу-нормативтік базаның әлсіздігі, оның бұл пәнді оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуге кері әсерін тигізуі;

- шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің төмен болуы салдарынан оқыту ісін ұйымдастыруда көптеген қиындықтардың туындауы;

- кеңестік идеологияның ұлттық мектептерге деген салқын қатынасы - қазақ тілді мектеп оқушыларына шетел тілін орыс тілі арқылы меңгерту саясатынан айқын көрініс табуы;

- қазақ тілді мектепте шетел тілінен білім беруге қажетті жүйеленген ғылыми-әдістемелік кешеннің болмауы мен оның тарихының белгілі бір жүйемен зерттелмеуі. Сондықтан да өз ана тілімен, халқының салт-дәстүрімен, мәдениеті мен т.б. салыстыра отырып еліміздің саяси-экономикалық, ғылыми және т.б. мәселелерін өркениетті елдермен терезесі тең байланыста жүргізе білетін көптілді мамандарға зәрулік пен оны шешуге барынша қажет орта мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы және дамуы тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздерінің тым жеткіліксіз анықталуы арасында туындаған қарама-қайшылық бар. Осы қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесін орта мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы мен даму тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздері деп белгілеп және зерттеу тақырыбын: «Орта мектепте шетел тілінен білім беру үдерісінің қалыптасуы және даму тарихының ғылыми-әдіснамалық негіздері» деп таңдауға негіз болды. Жоғарыда аталған мәселелер туралы пайымдаулар мен қайшылықтарды шешу жұмыстың өзектілігін білдіреді.



Шетел тілінің Қазақстанда оқытылу тарихын зерттеуіміздің **міндеттері** деп мыналарды айтуға болады:

- жалпы білім беретін мектепте шетел тілін оқытудың тарихына ғылыми тұрғыда талдау жасау;

- жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқыту үдерісінің қалыптасу кезеңдерінде орын алған олқылықтардың тууының тарихи-әлеуметтік факторларын анықтау;

- шетел тілін жалпы орта білім беретін мектепте оқытудың мақсаты мен міндеттерін, білім мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларын, құралдарын, оқыту ісін ұйымдастыруды жаңартудың әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік жолдарын іздестіру;

- шетел тілін мектепте оқытудың әлі де болса толық ашылмаған, алдағы кезде зерттелетін көкейкесті мәселелерін анықтау;

- шетел тілінің білім мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдіру, жаңарту, зерттеу барысында алынған түпкі нәтижелерді, ұсыныстар мен нұсқауларды тәжірибеде байқау;

- зерттеу жұмысының мәселелері бойынша жүргізілген тәжірибеге сүйене отырып, байқау нәтижелерін қорытып, оларды іс жүзінде қолдануға ұсыныстар дайындау, шетел тілін мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін ғылыми тұрғыда дәлелдеу.

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне ұмтылып отырған қазіргі жағдайында шетел тілін оқытудың әдіснамалық негіздерін тарихи-педагогикалық тұрғыда анықтап, оны оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін заман талабына қарай жетілдіруде ана тілі негізіне сүйену мәселесі қарастырылды.

**Жұмыстың тарихи-әдістемелік сипаты** – зерттеу жұмысында шетел тілінің мектепте оқытылу тарихы, оны меңгерудің әдіс-тәсілінің қалыптасып, даму жүйесімен бірге қамтылды. Зерттеудегі тарихи-әдіснамалық қағидалар Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы білім беру саласы дамуының басты бағыттарымен тығыз байланыста қарастырылды. Ал, оны оқыту әдістемесі педагогика, психология, дидактика, шетел тілдерін оқыту әдістемесі ғылымының тәжірибелері мен жетістіктеріне сүйене отырып баяндалды.

**Еңбектің әдіснамалық негізі** ғалымдардың шетел тілін оқытуға қатысты тұжырымдарын талдаудан, жас ұрпақты оқыту, тәрбие беру және дамыту қағидаларын жүйелеуден, оқытудың бағыттарын белгілейтін педагогика, психология ғылымдарындағы лингвокогнитивтік, лингвомәденитанымдық заңдылықтардың жиынтығынан тұрады. Қоғамдағы шетел тілінің атқаратын қызметін белгілейтін ұстанымдарға сүйене отырып, шетел тілін оқыту үдерісін зерделеуде тіл, педагогика, дидактика, психология ғылымдарының сандаған жылдар аясында қалыптасқан жетістіктерін тиімді пайдалану жұмыстың әдістанымдық негіздері болып табылады. Педагогикадағы оқытудың жаңа парадигмалары, білім мазмұнының Мәдениет – Білім – Тарих макромоделіне қатысты бағдарлар басшылыққа алынды.

**Жұмыстың дерек көздерін** Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы мұрағатының материалдары; ресми құжаттар мен Қазақстан Республикасының білім-ғылым саласына қатысты Заңдары, жалпы білім беретін мектептегі пәндерді оқыту тұжырымдамалары, жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұны тұжырымдамалары, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарламалар, оқулықтар, білім беру ұйымдарының, мектептердің оқу мәселесіне байланысты т.б. құжаттар құрады.

**Шетел тілін оқытудың теориялық маңызы** – жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқытуға қатысты зерттеу нәтижелері шетел тілдерін оқытуды одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасау болып табылады. Зерттеу жұмысы бойынша жасалған тұжырымдар мен қорытындылар пән мұғалімдеріне, оқытушыларына, колледж бен жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге, шетел тілін оқытудың әдістемесін жасауға, жетілдіруге ат салысатын ізденушілер мен ғалымдарға бағыт-бағдар алуға негіз бола алады. Осы еңбекте берілген теориялық нәтижелер болашақта шетел тілін оқыту мен тәрбие беру үдерісін жетілдіруге, лицейлер мен колледждерде және басқа да оқу орындарында осы пәнді оқыту әдістемесін дамытуға пайдасын тигізеді деп ойлаймыз.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жасалған қорытындылар мен тұжырымдар көрсетілген міндеттерге сай мектепке арналған жаңа оқу бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін, пәнді оқытуға қатысты әдістемелік құралдар мен нұсқауларды жасауда **практикалық маңызы** бар деп есептейміз. Олар шетел тілі пәнін оқытудың тұжырымдамаларын, бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін жетілдіруде көмекші құрал болып табылады, алынған нәтижелер, жарияланған материалдар мұғалімдерге, әдіскер ғалымдарға, бағдарламалар мен оқулықтар жазатын авторларға жеке пәндердің оқыту әдістемесін зерттеушілерге, сондай-ақ, болашақ мектеп мұғалімдеріне белгілі дәрежеде көмек көрсете алады.

### **Еңбекті жазу барысында көңіл бөлінген мәселелер:**

- жалпы орта білім беретін мектептерде оқытылып жатқан шетел тілі пәнінің және оны оқыту әдістемесінің де даму, қалыптасу тарихы тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі деп қарастырылып, ол кезеңдерге тән қоғамдық-әлеуметтік факторлардың пәнді оқытудың даму жолын айқындаудағы негізі;

- 1991 жылға дейінгі кездегі жалпы орта білім беретін қазақ мектептерінде шетел тілі пәнін оқытуда орын алған елеулі олқылықтар, проблемалар. Шетел тілі пәнінің тәрбиелік, білімдік, экономикалық, саяси, әлеуметтік мүмкіндіктерінің пайдаланылуы;

- шетел тілінің мектепте оқытылу сапасын арттырудың педагогикалық алғышарттары жасалып, білім мазмұнын жаңа заман талабына сай жетілдірудің бағыттарының жүзеге асырылуы. Оқытудың арнайы тұғырнамалық тұжырымдарға сүйенуінің қажеттігі;

- жалпы орта білім беретін мектептердегі білім беру мақсатына сәйкес шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнын сапалы игеруге көмектесетін оқу-әдістемелік кешеннің қазіргі кездегі жаңарған қоғам талабына сай құрылуының мәні. Мектепте шетел тілі пәнін оқытудың тұжырымдамасы, білім стандарты, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оларға қосымша көмекші құралдардың жаңалануының уақыт, заман талабынан

туындауы. Ғылым, білім саласындағы жаңа үдерістерге негізделе отырып жасалған төл оқу-әдістемелік кешендердің оқушылардың білім сапасын арттыруға мүмкіндік беруі;

- шетел тілін мектеп оқушыларына үйрету республикадағы көп тілді меңгерген тұлға дайындау талабымен толық ұштасып жатыр, сондықтан оның отандық озық тәжірибелер мен жаһандық үздік үлгілерді қиюластыра алатын жаңа ғылыми-әдістемелік жүйені басшылыққа алуының шарттылығы;

- жалпы орта білім беретін мектептегі білім мазмұны мен оқыту әдіс-тәсілдерінің, т.б. тиімділігі түпкі нәтижемен өлшенеді, яғни мақсатты түрде түпкі нәтижеге қол жеткізу жүзеге асуы тиіс. Ол үшін шәкірттердің білім, білік, дағды деңгейлерін бақылап, тиімділігін арттыруға қойылатын талаптарды жаңалау қазір басты мәселе болып табылады. Осы орайда білім берудің тұжырымдамасына сәйкес оқытудың ізгілік, тұлғалық, автономды, демократиялық негізде болуы оқушыны объект емес, субъект ретінде қарап, оның шығармашылық ойлау қабілеті мен жеке бас белсенділігін жетілдіре, арттыра түсетін жаңа тәсілдердің, технологиялардың тиімді қолданылуы шетел тілі пәнін оқытудың түпкі нәтижесі сапалы болуына ықпал ететіндігі;

- жалпы білім беретін мектепте шетел тілін оқытуда шәкірттерге жалпыұлттық, жалпыадамзаттық өркениетті, этномәдениетті, интермәдениетті үйретуге, мәдениетаралық коммуникацияны меңгертуге басымдылық берілуі маңызды болып саналып отыр.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін шетел тілінің оқу бағдарламалары екі рет өзгертіліп, толықтырылды, соған сәйкес оқулықтар да толықтырылды. Оқыту мазмұнын жетілдіруге байланысты қорытындылар мен тұжырымдар сол бағдарламалар мен оқулықтарға енгізілген өзгерістер, жаңалықтарға негіз болып, оқулықтарға қосымша дайындалған оқу-әдістемелік құралдар пәнінен берілетін білім сапасын арттыруға көмектесті. Республикада шетел тілінің оқытылу тарихын қарастырудың басты идеялары мен ғылыми-әдістемелік қорытындылары оқулықтар, әдістемелік құралдар мен нұсқауларда жүзеге асырылды, сондай-ақ қырықтан астам ғылыми-әдістемелік еңбектерде, республикалық басылым

беттерінде баяндалған. Зерттеу қорытындылары Алматыда, Астанада, Ташкентте, Бішкекте жарық көрген ғылыми-әдістемелік жинақтарда, «Қазақстан мектебі», «Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері», «Білім», «Дала» сияқты т.б. журналдарда жарияланды.

Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық ғылыми-практикалық конференцияларда, семинарларда, кеңестерде, педагогикалық оқуларда, орталық, облыстық, қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында баяндамалар жасалып, лекциялар оқылып, зерттеу қорытындысының басты-басты тұжырымдарын мұғалімдерге, ғалымдарға, білім саласы мамандарының талқылауына ұсынылған болатын.

**Шетел тілін оқытудың негіздері төмендегідей үш кезеңге бөлініп қарастырылды:**

**Бірінші кезеңде** (1998-1999 ж.ж.) әдістемелік, педагогикалық, психологиялық, дидактикалық әдебиеттер оқылып, талданды, жалпы білім беретін орта мектептегі пәндердің білім мазмұнын жаңартуға байланысты қабылданған ресми құжаттардағы басым бағыттар айқындалды, отандық, алыс және жақын шет елдердегі шетел тілі пәнін оқытудың тарихы зерделеніп, пәнді оқыту ісіндегі кемшіліктер, проблемалар нақтыланды; эксперимент материалдарының нұсқалары дайындалып, оны сыннан өткізудің жоспары жасалды.

Зерттеу міндеттері мен бағыттарын белгілеу мақсатында зерттеліп отырған мәселенің теория мен практикадағы жағдайы қарастырылды; республикадағы жалпы орта білім беру жүйесінің даму барысы басты назарда болып, педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалынды.

**Екінші кезеңде** (2000-2001 ж.ж.) зерттеудің теориялық бағыттары нақтыланды; дидактикалық ұстанымдары негізінде шетел тілінің білім мазмұны анықталды; білім мен біліктілікке қойылатын талаптар сұрыпталып, оларды жүйелеу жұмыстары жүргізілді; оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындалды және де олар тәжірибеден өткізілді.

Зерттеу мәселесіне байланысты педагогикалық, психологиялық т.б. еңбектерге талдау жасалынды; шетел тілін оқытудың елімізде қалыптасу, даму мәселесін зерттеудің

әдіснамалық тұрғылары нақтыланды; тұжырымдама мен білім стандарты талаптарына сараптама жасалып, шетел тілін оқыту бағдарламаларының жаңалануы мен олардағы білім мазмұны, оқушылардың білімі мен білік, дағдыларына қойылатын талаптар анықталды.

**Үшінші кезеңдегі** (2002-2003 ж.ж.) зерттеудің басты мақсаты осы кезге дейін жүргізілген зерттеулер барысында анықталған факторларды ескере отырып, шетел тілін оқытуды жетілдірудің тиімді жолдары мен әдіс тәсілдерін, білім мазмұны мен құрылымына ендірілген мазмұндық компоненттерді тәжірибе арқылы дәйектеу, оны қорытындылау болды. Жүргізілген педагогикалық тәжірибе нәтижелерін мектеп тәжірибесіне кеңінен енгізуге көңіл бөлінді. Мектептегі шетел тілі пәнінен берілетін білім мазмұнын жаңарту жүйесі ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделді. Зерттеу нәтижелері жинақталып, қорытынды жасалды.

Жұмыс кіріспеден және төрт бөлімнен тұрады. Кіріспеде жұмыстың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, негізгі нәтижелері баяндалды.

Бірінші бөлімде шетел тілдерін мектепте оқыту әдістемесі мен практикасының қалыптасып, дамуының негізгі кезеңдері, Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстандағы қазақ тілді мектептерде шетел тілін оқыту барысы мен одан кейінгі жылдарда кеңестік мектептерде білім берудің жетекші ұстанымдары айқындалып, білім берудің ғылыми-педагогикалық бағдары, ақпараттық технологияларды қолдану жайы қарастырылды.

Екінші бөлімде Қазақстан өз алдына егеменді ел болғаннан кейінгі жылдардағы шетел тілінің оқытылуына негіз болған басты тұжырымдар сарапталып, білім берудің жаңа оқу-әдістемелік аспектілері, тілді оқытудың педагогикалық алғышарттары, лингвистикалық және психологиялық негіздері, білім берудің жаңа бағыттары қамтылды.

Үшінші бөлімде шетел тілін оқытудың ғылыми-тұжырымдамалық негіздеріне, қазіргі мектептегі шетел тілінің білім мазмұнындағы жаңалықтар мен оқу - әдістемелік құралдарға ғылыми - әдістемелік тұрғыда талдау жасалды.

Төртінші бөлім шетел тілін оқытуды нәтижеге бағдарланған білім моделі тұрғысынан жетілдіруге, базалық құзырлылыққа сай күтілетін нәтижелерді анықтауға, оқыту технологиялары мен жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелеп, шетел тілдерін оқытудың стратегиялық бағытын белгілеуге мән берілді. Сондай-ақ, бұл бөлімде шетел тілінің білім мазмұны мен оқыту кешендерін жетілдіру мақсатында жүргізілген тәжірибелік бақылау жұмысының нәтижелері дәйектелді.

# **1 ҚАЗАҚСТАНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТАРИХИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (1918-1990 ж.ж.)**

## **1.1 Жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқыту үдерісінің қалыптасып, даму тарихы (1918-1944 ж.ж.)**

Бұл бөлімде бүгінгі таңда шетел тілі пәнінің оқытылу тарихы бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулер нәтижесіне және де мектеп мұғалімдерінің үздік тәжірибелеріне сүйене отырып, оқытудың тиімді әдістемелік жүйесінің дамуы мен қалыптасу жолдарын дәйектеу мақсаты қойылады.

Жүз отыздан астам ұлт өкілдері мекендейтін Қазақстанда олардың санының аз, көптігіне қарамай, өз ана тілдерін сақтап дамытуына барлық мүмкіндіктер жасалып отыр. Мекені ортақ халық өкілдерінің бір-бірімен қоян-қолтық араласып, мәдениет, әдебиет, өнер, шаруашылық, техника жаңалықтарын алмасуы үшін де көп тілді меңгеру заман қажеттігіне айналды. Оның үстіне қазіргі ғаламдану үдерісінің күн сайын кең қанат жая түсуі де жер жүзінде болып жатқан саяси, әлеуметтік өзгерістерге орай адамдардың бірнеше тіл үйренуге деген ұмтылыстарын, ынтасын арттыра түсуде. Оның айқын дәлелі ретінде Қазақстанда жас ұрпаққа шетел тілін үйрету, тіпті, балабақшадан басталып, орта мектеп пен жоғары оқу орнында жалғасын тауып отырғанын айтуға болады.

Қазіргі кездегі қазақ тілді мектептерде шетел тілінің оқытылу үдерісіне толыққанды талдау жасап, баға беру үшін осы пәннің Қазақстанда оқытылу тәжірибесі мен оның әдістемесінің қалыптасып, даму тарихын саралауды қажет етеді. Өйткені педагогикалық тарихи жәдігерлер пәннің білім мазмұны мен оқыту жүйесіне байланысты бүгінгі қордаланған проблемаларды ғылыми тұрғыда шешуге оң ықпал етеді.

Қазіргі мектептерде қолданылып жүрген инновациялық технологиялардың қай-қайсысы да әлем елдеріндегі алдыңғы қатарлы педагог жұртшылықтың үздік тәжірибелері мен әдіскер ғалымдардың өміршең идеяларынан, тұғырлы тұжырымдарынан бастау алғаны белгілі. Сондықтан да осы зерттеу жұмысымызда өткен ғасырдың орта шенінен бастап бүгінге дейінгі кезеңде Қазақстанда шетел тілін оқытудың жетілу, даму, толығу



мәселелерін жан-жақты талдау көзделіп отыр. Ол үшін, алдымен, әдістеме ұғымын таратып алған жөн.

Шетел тілдерін оқыту әдістемесі дегеніміз – оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, формасы мен әдістерін, құралдарын және де шетел тілінің материалдары арқылы оқыту мен тәрбие берудің тәсілдерін зерттейтін ғылым болса, онда оның пән ретіндегі қалыптасу тарихын зерделеуде де осы мәселелерге баса назар аударылуы заңды.

Германияның «Лангеншайдт» баспасынан шыққан түсіндірмелік сөздігінде әдістеме сөзіне – «die Methodik – die Wissenschaft von den Methoden, die in einem bestimmten Bereich angewandt werden» деп түсініктеме берілген. Яғни “әдістеме – белгілі бір аумақта қолданылатын тәсілдер туралы ғылым”.

Ғалым С.Ә. Әбдіғали мен Т.А. Ильина шетел тілдерін оқыту әдістемесінде “әдіс” термині екі түрлі мағынада қолданылатынын айтады. “Әдіс”, біріншіден, оқытудың негізгі ұстанымы, тілді белгілі бір мақсатпен оқытудың жалпы үлгісі дегенге барабар қолданылса, екіншіден, бұл термин тар мағынаны, яғни мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеу тәсілі деген ұғымды білдіреді. Ал грек, латын тілдерінде “Метод/методика” деген сөз “methodos” – белгілі бір мақсатқа барар жол / кірер есік дегенді білдіреді екен. Сонымен “әдіс белгілі бір нәрсеге қол жеткізу үшін істелетін іс-әрекет”.

“Методика-әдістеме” дегеніміз, тар мағынасында алғанда, белгілі бір пәнді нақты оқыту үдерісі. Крум мен Фройденштайн, Г. Нойнер секілді ғалымдар әдістемеге “оқытуды басқару үрдісі баяндалуын және оқу жоспары мен оқу материалдарының жетілдірілуін” жатқызады. Ал кең мағынасында алғанда “метод” деген сөздің аясында оқу материалдарын сұрыптап алу, бөлу және сатылап талдау да қамтылады. Бірақ батыс Еуропа ғалымдарының, яғни Герман Демократиялық Республикасы ғалымдарының (Дессельман, Хельмих, 1986) пікірі бойынша “әдіс” сөзі осындай кең мағынасында өте сирек қолданылады делінген.

Герман Федеративтік Республикасында алпысыншы жылдардан бастап “дидактика” мен “методика” бөлек қарастырылды. Осы аталған кезеңнен бері дидактика оқыту

мазмұнымен (не оқытылуға тиіс екендігімен), методика тілді қалай оқыту мәселесімен айналысады.

Шетел тілін орта мектепте оқытудың әдіс, тәсілдері заман, уақыт ағымына қарай, білім мен ғылымдағы жетістіктер мен өзгерістерге сай үнемі жетілдіріліп отырылады. Соған орай тіл үйрету мәселесіне де әр кезде әр түрлі талаптар қойылып, ол талаптар әрдайым толықтыруды қажет етеді. Зерттеу мақсатымызға сай өткен ғасырдағы бұрынғы Кеңестер Одағының орта мектептерінде шетел тілдерін оқыту әдістемесінің даму жолына, тілді үйретудің тиімді тәсілдері мен талаптарына, сондай-ақ еліміз егемендігін алғаннан кейінгі кезеңде өріс алған әдіс-тәсілдерге талдау жасадық.

Қазақ халқы қашан да өз балаларына жан-жақты білім беруге баса көңіл бөліп отырған. Біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты қазақ тілді мектептерде шетел тілін жеке пән ретінде оқыту болғандықтан, осы мәселеге қатысты тарихи, педагогикалық, әдістемелік, т.б. еңбектер мен мұрағат деректерімен танысу қажет болды. Осы орайда Қазақстанның өткен, жиырмасыншы ғасырда Кеңес Одағының құрамына енген он бес республиканың бірі болғандықтан, оның да кеңестік мектептердің бірі ретінде орталықтан, Мәскеуден, басқарылғаны белгілі. Аталған кезеңдегі Қазақстан мектептеріндегі оқыту, білім беру, білім саласының түрлі бағыттарындағы зерттеу ісі де осы орталықтандырылған саясатқа тәуелді болып отырды. Сондықтан тек шетел тілі ғана емес, барлық пәндердің оқытылуын Кеңес Одағының Мәскеудегі Педагогика Ғылымдары Академиясы басқарып отырды. Орта білім беретін мектептердегі пәндердің түрлі ұлттар мен ұлыстар аудиториясында оқытылуының жай-күйі де сол Педагогика Ғылымдары Академиясының ғалымдарының құзыры арқылы шешіліп, негізгі бағдарлары белгіленіп, жоспарланып отырды. Шетел тілінің жеке пән ретінде оқытылуын Кеңестік мектептердің құрылуы мен оларға басшылық етіп, ықпал жасаған саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлардан, пәндердің белгіленуі мен оларды оқытудың әдіс-тәсілдерінің ғылыми тұрғыда зерттелуінің дамып, жетілуінен бөліп қарау мүмкін емес.

Әр елдің білім беру жүйесінің өзіне тән ерекшелігі, қалыптасып, жетілу тарихы болады. Мектептерде шетел тілі жеке пән ретінде қашаннан бастап, қалай, қандай кезеңдерде оқытылған? – деген сұраққа біз өз еңбегімізде жауап іздедік. Осы мақсатта педагогика, әдістеме саласына қатысты ғылыми еңбектерге сараптамалар жасалды.

Оқу, білім беру ісі қоғаммен бірге үнемі дамып, жетілдіріліп отыратыны баршаға аян заңдылық. Кеңес Одағы кезінде шетел тілін оқыту тарихы мен оның әдістемесінің дамуы жайлы кезінде белгілі әдіскер-ғалымдар И.А.Грузинская, И.В. Рахманов, М.В. Ляховицкий, Н.М. Гез, И.Л.Бим т.б. жан-жақты талдаулар жасап, еңбектер жазған болатын.

Шетел тілдерін оқытудың тарихы жайлы А.А. Миролубов, М.В.Ляховицкийден басқа да ғалымдар кезінде Кеңес Одағының құрамына енген кейбір республикалардағы іс-тәжірибелерді талдау мақсатында зерттеу еңбектерін ұсынған еді. Мысалы, 1975 жылы В.А. Иванов “Шетел тілдерін Чуваш Кеңестік мектебінде оқытудың тарихы” деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғаса, 1979 жылы Татарстанда Т.В. Панцырева “Татарстанда шетел тілдерін оқытудың тарихы” атты тақырыпқа педагогика ғалымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертациялық еңбегін қорғады.

Ал Қазақстанда Кеңес Одағы кезінде шетел тілін оқытудың барысы жайлы ағылшын тілінің маманы А.Х.Қасымова “Қазақ Кеңестік мектебінде ағылшын тілін оқыту тарихынан” тақырыбына ғылым кандидаты дәрежесін иемдену үшін диссертация қорғаса, Г.Каймекин “1917–1972 жылдарда Қазақ Кеңес Социалистік Республикасында жалпы орта білім беретін мектептер үшін шетел тілі мамандарын дайындау” тақырыбын зерттеді. Дегенмен де қазақ тілді мектептерде шетел тілін оқыту мәселесіне арналған зерттеулер саусақпен санарлық қана еді.

Әдістеме саласындағы белгілі ғалымдар жалпы шетел тілдерін Кеңес Одағы кезінде оқытуды бірнеше кезеңдерге бөлді. Кезеңдерге бөлуге оқыту мақсаты мен білім мазмұнына түбегейлі өзгерістер енгізілуі, көптеген проблемаларды қайта қарау қажеттігі туындаған қоғам дамуындағы тың өзгерістер

мен серпілістер әсер етіп отырды. Кеңес дәуіріндегі көрнекті педагог ғалым М.В. Ляховицкий т.б. шетел тілін оқыту әдістемесінің даму кезеңдерін былай бөлді: бірінші кезең – 1917-1923 жылдар, екінші кезең – 1924-1931 жылдар, үшінші кезең – 1932-1946 жылдар, төртінші кезең – 1947-1959 жылдар, бесінші кезең – 1960-1980 жылдар. Біз білім беру саласындағы көп жылғы тәжірибемізге сүйене отырып, Кеңес Үкіметі кезіндегі, яғни 1980-1990 жылдар аралығындағы он жыл мерзімді де осы соңғы бесінші кеңестік кезеңге қосып, Кеңес Одағы кезінде шетел тілдерін оқытудың соңғы бесінші кезеңі 1960-1990 жылдарды қамтиды деген тұжырым жасадық. Өйткені Кеңес Одағы ыдыраған 1991 жылдан бастап бұрынғы одақтас республикалар өз алдына тәуелсіз ел болғандықтан, олардың білім, ғылымының дамуы, толығыуы, жетілуі, зерттелуі қазіргі кезде әр түрлі деңгейде болуы заңды. Әсіресе, біздің республикамызда еліміздегі оқу, білім беру саласының өзіне тән ерекшеліктеріне орай, оң өзгерістердің іске асырылуы, шетел тілін оқытудың әдіс-тәсілдеріндегі, білім мазмұнын жаңалаудағы жүргізіліп жатқан өзгерістер, реформалар 1991 жылдан бергі шетел тілін оқыту мәселесін ерекше бөліп қарауды талап етті.

Ілгеріде көрсетілген кезеңдерге келер болсақ, кезінде әр кезеңнің өзіне тән қиындықтары мен жетістіктері бар болғанына ғылыми, әдеби, әдістемелік, педагогикалық еңбектермен танысу барысында көз жеткіздік. Шетел тілін оқыту әдістемесі дамуының М.В. Ляховицкий белгілеген кезеңдерін негізге ала отырып 1991 жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңді біз шетел тілін оқытудың алтыншы кезеңі деп белгіледік. Осы алтыншы кезеңнің соңы 2003 жылмен белгіленіп отырған себебі республикамызда жалпы орта білім беретін мектепке шетел тілі пәні бойынша қажетті барлық оқу-әдістемелік кешендер дайындалып бітіп, осы пәннен оқу, білім беру ісі өзіне тән бір кезеңнен өтті. Ал бұдан былайғы шетел тілін оқыту бағытында болатын жаңалықтар мен өзгерістер болашақта өзге қырынан зерттелді деп санаймыз.

Сонымен, жоғарыдағы аталған ғалымдар пікіріне қосыла отырып және өз тәжірибемізге сүйене келе, Қазақстандағы қазақ

тілді мектептерде шетел тілінің жеке пән ретінде оқытылуын Кеңес Одағы кезіндегі және Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейінгі оқытылуы деп басты – басты екі дәуірге бөлдік. Оқытудың тарихи қалыптасу үдерісі де осы негізгі екі дәуірдегі оқыту әдістемесі дамуына талдаулар, сараптамалар жасау арқылы талданды.

Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстан мектептерінде шетел тілін оқыту барысында қалыптасқан жағдайлар Кеңес Одағының алғашқы күнінен бастап-ақ Кеңес Үкіметі политехникалық еңбек мектептерге ерекше назар аударғанын танытады. Халыққа білім беру комитетінің 1918 жылғы “Аз ұлттар мектебі” атты қаулысында “Ресей Социалистік Федеративтік Республикасында тұратын барлық ұлттар мен ұлыстар Жалпыға бірдей еңбек мектебінің екі сатысында және жоғары мектептер өз ана тілінде оқу құқығын пайдаланады” делінген. Осы құжат негізінде Кеңес Одағының мектеп жүйесінде мынадай ережелер кезінде негізге алынды:

1. Он жеті жасқа дейінгі ұлдар мен қыздарға ақысыз және жалпыға міндетті политехникалық білім беру.

2. Ясли, балабақша іспеттес т.б. қоғамдық тәрбие мекемелері жүйесін ашу көзделеді. Әйелдерге еркіндік беру мақсатын жүзеге асыру.

3. Діни көзқарастардан тыс, өнеркәсіптік еңбекпен тығыз байланыс орнататын, ана тілінде сабақ беретін жалпыға міндетті еңбек мектебінің ұстанымдарын толық іске асыру.

4. Білім берудің жаңа мамандарын даярлау.

5. Жалпы политехникалық кәсіби білімге байланысты, он жеті жастан жоғары жастар үшін кәсіптік білім беруді кеңінен дамыту.

Осы ережелер барлық Кеңестік Республикалардың мектептеріндегі білім беру жүйесін құруға негіз болды. Мектептің түрлі ұлттар мен ұлыстардың ерекшелігінен тыс, интернационалды сипатта болуына айрықша мән берілді. Бірақ формальды түрде оқушылардың ана тілінің, ұлтының ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет, ол ең басты методологиялық ұстаным болуы тиіс деген қағида да көрсетіліп отырды.

Ресей Кеңестік Федеративтік Республикасының Халық Ағарту комитетінің құрамында 1919 жылы аз ұлттарға білім беру бөлімінің ашылуы, ондағы он төрт бөлімшенің ішінде қырғыз (қазақ) бөлімі болуы айтарлықтай оң саяси факт еді.

Шетел тілі пәндерін оқыту әдістемесінің дамуы бірнеше кезеңдерден өткенін біз ілгеріде атап өттік. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының басына дейін шетел тілін оқытуда аударма-грамматикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс бойынша шетел тілінің оқу материалдары грамматиканы оқытуға негізделді. Яғни басты мақсат грамматика мен сөздерді игеру болып табылды. Тіл үйренушілер негізінен грамматикалық ережелерді бекітуге арналған жаттығуларды орындап, мәтіндерді аударумен айналысты. Грамматикалық материалдар көбінесе ана тілінде түсіндіріліп, сол материалдарға сай мәтіндер таңдалынды. Мәтінді оқушылар мұғаліммен бірге аударуға жаттықты. Жұмыс барысында грамматика үнемі басты орында тұрды.

Аударма-грамматикалық әдістің тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- шетел тілі грамматикасын жақсы меңгеруге, білуге көмектесті,

- оқушылар тілді грамматикалық ережелер ретінде қабылдағандықтан, олар логикалық білім алуға дағдыланды.

Ал бұл әдістің кемшілігі сол, тіл үйренушілер еркін сөйлеуге үйретілмеді, ал жалаң жаттап алынған грамматика іс жүзінде, практикада қолданылмағандықтан, тез ұмытылды. Тек қана грамматикалық ережелер бойынша сөйлемдер құрастыру шәкірттерді шетел тілінде еркін қарым-қатынас жасауға, өз пікірін, ойын жеткізуге дағдыландырмады, бірақ бұл әдіс сол кездегі заман, уақыт талабына сай болды. Уақыт өте келе аударма-грамматикалық әдіс білім беру саласындағы өзгерістерге байланысты және оқыту мақсатының басқаша қойылуына және тіл білімі мен психологияның жаңа бағытта дамуына орай жетілдіріле түсті.

Кеңестік көрнекті ғалым И.В. Рахманов шетел тілін меңгертуде аударма-грамматикалық әдістің кейін пайда болғаны жаңа тәсілдерге оң ықпалын тигізгенін, оның оқыту үдерісін

дамытуда өзіндік алар орны бар екенін атап айтқан болатын. Аударма-грамматикалық әдіс мүлде пайдаланылмай қалған жоқ, ол тек бірте-бірте айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Тіл үйрету үдерісі мүлде аудармасыз ұйымдастырылуы мүмкін емес еді. Аударма-грамматикалық әдістен кең қолданыс тапқан оқыту әдісі – тура әдіс. Бұл әдіс отызыншы жылдарға дейін қолданылды. Әдістемелік әдебиеттерде бұл әдіс көбінесе тура немесе табиғи әдіс деген терминмен аталады.

Л.М. Вайсбургтың пікірінше, табиғи әдіс тура әдістің бір түрі болып табылады әрі оның ғылыми түрдегі негіздемесі бар. Тура әдіс өкілдерінің (М.Берлиц, Карэ т.б.) пікірі бойынша оқушыға шетел тілін үйрету кезінде ана тілін оқуға қажетті жағдайларға пара-пар келетіндей мүмкіндіктер, жағдайлар тудырылуы керек.

Тура әдістің көздейтін мақсаты оқушыларды шетел тілінде сөйлеуге үйрету еді. Білім беруде практикалық мақсат көзделіп, тілдік материалды аударма арқылы емес, тікелей қабылдау талап етілді. Грамматикалық түсініктер контекст арқылы түсіндіріліп, екінші тілі меңгеру үдерісінде ана тілі мүлде қолданылмады. Жаңа сөздердің мағыналары түрлі көрнекіліктер арқылы түсіндірілді. Мұғалім тілдік материалдарды толығымен ауызша түсіндіріп отырды.

М. Берлицтің пайымдауынша, оқушылар мұғалімнің шетел тіліндегі ауызша түсіндірмесін күнделікті ести отырып соған еліктейді, содан бара-бара шетел тілінде ойлауға дағдыланады. Ал И.Л. Вайсбургтың пікірінше, тілді тура әдісті қолдана үйреткенде, оқушының сөйлеу дағдылары төмендеп, ишара, мимиканың рөлі өсіп, аударма мен грамматикаға көңіл көбірек бөлінеді. Тілді тура әдіспен оқыту мұғалімге де, оқушыға да үлкен талаптар қойды, әсіресе, оқушыны белсенді іс-әрекет етуге жетеледі. Сонымен кеңестік мектептерде шетел тілдерін оқыту үдерісінің бірінші кезеңі 1918-1923 жылдарды қамтыды. Ал 1924 жылдан бастап шетел тілі пәндерін оқытудың екінші кезеңі басталды. Бұл кезең 1924-1931 жылдар аралығында өтті.

1924 жылы Кеңес Одағы Халық Ағарту Комиссариатының ғылыми педагогикалық бөлімінде қаулы қабылданып, онда шетел тілінің мектепте толық құқылы пән ретінде ендірілді.

1923-1924 оқу жылында Қазақстандағы жазудың араб тіліндегі жүйесі латын әліпбиіне ауыстырылды. 1929 жылғы қаңтарда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясы “латын алфавитін мемлекеттік” деп мәлімдеп, қазақ алфавиті латын графикасы негізінде бекітілді, бірақ кейбір кемшіліктеріне байланысты латын алфавиті қазақ халқының қарқынды түрде дами түскен қажеттігін өтей алмады, сондықтан да 1940 жылы 1 тамызда Қазақстанда орыс алфавиті негізінде қазіргі кезге дейін өзіміз қолданып жүрген алфавитті енгізді. Мектептер көбінесе өздері дайындаған пән бағдарламалары бойынша жұмыс істеді. Оларды Академиялық Халық Ағарту Комиссариатының орталығы бекітіп отырды. Академияға сол кездегі ең үздік мұғалімдер мен әдіскерлер жұмысқа тартылды. 1924 жылы ҚазАССР мектептерінің жаңа бағыт-бағдарын белгілеген “Қырғыз (қазақ) Республикасының білім беру қызметкерлерінің алғашқы методикалық хаты” жарық көрді. Ол хатта Қазақстан мектептерінде оқу бағдарламасын іске асыру мәселесі көтерілді. 1924 жылы 14 қазанда Ресей Халық Ағарту Комиссариаты Мемлекеттік Ғылыми Кеңесінің арнаулы қаулысы бойынша орта мектепте шетел тілдерін екінші сатыдан, яғни бесінші сыныптан бастап оқыту ұсынылды. Осы кезеңде шетел тілдерінен “Алғашқы баршаға ортақ еңбек мектебінің” бағдарламасы жасалынды. Ол бағдарлама “I-II саты баршаға ортақ (жалпыхалықтық) еңбек мектебінің бағдарлама минимумы” деп аталды.

Осы хат негізінде Халық Ағарту Комиссариаты осы жылы жеті жылдық қазақ мектептерінің оқу жоспарын жасады. Ол оқу жоспарына мынадай пәндер міндетті түрде оқытылатын болып енді:

Кесте 1 – Оқу жоспарындағы міндетті пәндер

Пәндер	Апталық сағат саны								
	1 сы-нып	2 сы-нып	3 сы-нып	4 сы-нып	5 сы-нып	6 сы-нып	7 сы-нып	8 сы-нып	9 сы-нып
1 Орыс тілі мен әдебиеті			6 с.	6 с.	6 с.	6 с.	6 с.		
2 Ана тілі мен әдебиеті	6 с.	6 с.	6 с.	6 с.	6 с.	6 с.	6 с.		



3 Жаңа шетел тілі				2 с.	2 с.	2 с.	2 с.		
4 Математика	5 с.	5 с.	4 с.	4 с.	4 с.	5 с.	5 с.		
5 Физика (химиямен)						2 с.	2 с.		
6 География және Отантану			2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.		
7 Әлемтану және саяси сауаттылық				1 с.	1 с.	1 с.	1 с.		
8 Тарих			1 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.		
9 Қоғамтану және саяси сауаттылық						1 с.	1 с.	1 с.	1 с.
10 Сурет			2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.
11 Сызу							1 с.	1 с.	1 с.
12 Физикалық жаттығу			2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.	2 с.
13 Ән			2 с.	2 с.	2 с.	1 с.	1 с.	1 с.	1 с.
14 Міндетті емес факультатив пәндері			1 с.	1 с.	1 с.	1 с.	1 с.	1 с.	1 с.

1924 жылы 14 қазанда Ресей Халық Ағарту Комиссариаты Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің арнаулы қаулысы бойынша орта мектепте шетел тілдерін екінші сатыдан, яғни бесінші сыныптан бастап оқыту ұсынылды. Осы кезеңде шетел тілдерінен «Алғашқы баршаға ортақ еңбек мектебінің» бағдарламасы жасалынды. Ол бағдарлама «I-II саты баршаға ортақ /жалпыхалықтық/ еңбек мектебінің бағдарлама минимумы» деп аталды.

Бұл бағдарлама аясындағы шетел тілін оқытудың мақсаты оқушылардың шетелдіктердің сөйлеген сөзін түсінуі, газет, журнал, кітаптардағы мәтіндерді оқи алуы, олардың мазмұнын сөздіктің көмегімен түсіне алуы болды. Сол кезеңдегі әдістеме саласында алдыңғы қатарлы әдіскерлердің бірі болып саналған К.А. Ганшинаның пайымдауынша, шетел тілін оқытуда жетекші орын мәтіндерді оқуға берілді. Ал лексика тек сол мәтіннің мазмұнын түсіну құралы ретінде ғана пайдаланылып отырды. Жеке сөздер сөйлем арқылы түсіндіріліп, керекті құралдармен әрі қарай пысықтау, бекіту жұмыстары жүргізілген. Ол кезде орта мектепте өтілетін лексикалық минимум көлемі нақты белгіленбеген болатын. Сондай-ақ, тіл ұстарту материалдарын еліктеу жолымен меңгеруге баса көңіл бөлініп, семантизация құралы ретінде ана тілі пайдаланылды. Кеңес мектебінде шетел тілдерін оқытудың негізін қалауға Л.В. Щерба, Е.И. Спендияров, В.М. Сергиевский, К.А. Ганшина сияқты ғалымдар

атсалысты. Әсіресе, шетел тілдерінің орта мектептерде өз алдына жеке пән ретінде оқытылуына Л.В. Щербаның сіңірген еңбегі зор болды. Бұл кезеңде лексиканы оқытуға шетел тілін оқытудың қосымша құралы ретінде біршама көңіл бөлінген болатын.

Жиырмансыншы жылдардың екінші жартысында шетел тілін оқытудың жағдайы біршама жетілдіріліп, орныға түсті. Отандық өнеркәсіп пен өндірісті дамытумен қатар Кеңес Одағының шет мемлекеттердегі технологиялық жаңалықтарды игеруіне тура келді, ал ол үшін ғылым мен техника саласындағы мамандар шетел тілін білуі қажет болды. 1927 жылғы Кеңес Одағы Ғылым Академиясының үндеуінен кейін “Шетел тілдері баршаға” деген шара қолға алынды. 1929 жылы Коммунистік Партияның Орталық Комитеті партия белсенділерінің шетел тілін меңгеруі әлеуметтік қажеттілік әрі басты міндет деп жариялады. Халыққа білім беру орындары шетел тілі пәнінің мектептерде, жоғары оқу орындарында, түрлі курстарда оқытылуына аса мән беріп, оны нығайта түсті.

“Шетел тілі баршаға” атты ұйым кеңестік әдістеме ғылымының дамуына қомақты үлес қосты. Түрлі жағдайда, әр түрлі мамандық иелері кең ауқымда “табиғи экспериментке” қатысты. Бұл әдістеме саласындағы үлкен ізденістерге жол ашты, батыстың көптеген оқыту, білім беру жүйесіндегі ұстанымдарынан бас тартып, жаңаларын қалыптастыруға жетеледі.

Осы кезеңдегі оқу бағдарламаларында мектепте сөйлеуге үйренуге мүмкіндік жоқ екені анық айтылды, ауызша сөз оқытудың құралы ретінде қарастырылды, жалпы білім беру мақсаттары өмірмен және тілін үйреніп жүрген елдің экономикасымен танысу, сондай-ақ ана тілінен білімін тереңдету сипатында құрылды.

Бұл кезеңдегі оқыту мазмұнының ерекшелігі грамматикалық материалдардың аса көп берілуі болды және де ол материалдардың басым көпшілігі алғашқы үш жылда меңгертілді. Оқытудың қалған кезеңдерінде негізінен қайталау мен өткенді жүйелеу мақсаты қойылып, жаңа материалдар аз-аздан ғана қосылып отырды. Сол кездегі мамандардың

пікірінше, белсенді және белсенді емес деген түрлерге бөлінген лексикалық минимум материалдары тақырып бойынша анықталып, белгіленді. Лексиканың ауқымы бағдарламада 5-сынып үшін (алғашқы оқу жылы үшін) тұңғыш рет 1926 жылы белгіленді: белсенді түрде 300-500 және 700 сөз белсенді емес деп ажыратылып берілді, олар қолданылу үшін сұрыптап алынды. Келесі сыныптардағы сөздердің көбейтілуі, сол кездегі әдіскерлердің пікірінше, анықтауға жатпады. Бағдарламадағы айтарлықтай жаңалық тақырыптардың анықталуы болды. Біріншіден, бағдарлама тақырыптары тілін үйреніп жатқан елмен танысуға бағытталды, бұл, әрине, алға жылжу еді. Екіншіден, тақырыптар еңбекшілердің тұрмыс-тіршілігін, экономикасын, жұмысын т.б. жайлы оқуға, танып, білуге оқушыларды интернационализм рухында тәрбиелеуге бағытталған еді. Бірақ тақырыптар өте күрделі әрі не тілдік материалдарға, не оқушылардың мүмкіндігіне сай емес, “интернационалдырылған” сипатта болды.

Жиырмамыншы жылдары қайтадан тікелей әдіс кеңінен қолданыла түсті (К.А.Ганшина, Э.А.Фехнер, Е.И.Спендияров, Д.Шестаков), бұл әдіс грамматика-аударма әдісіне қарсы тұра алды. Бұл әдістің ерекшелігі сол, біріншіден, ол оқушылардың ана тіліне аудару жұмыстарын кеңінен қолдануға мүмкіндік тудырды. Екіншіден, оқытушылар шетел тілінің жүйесіне неғұрлым бойлай ену үшін ана тілі мен шетел тілін салыстыру әдістерін қолданды. Үшіншіден, кейбір авторлар оқу барысында ана тілін қолданбауды жақтады. Төртіншіден, оқуға баса назар аударылып, грамматикаға белгілі бір деңгейде ғана көңіл бөлінді. 1930 жылы Бүкілодақтық шетел тілдері оқытушыларының конференциясында мұғалімдер мен ғалымдар тікелей әдістен бас тартып, оқу орындарында “Құрама әдісті” қолдануды белгіледі.

Мектептерде әр қилы оқулықтар қолданылды: олардың бірі революцияға дейінгі кітаптардың қайта түзетілген нұсқасы болса, екіншілері жаңадан жазылған жұмыс кітаптары болды. Жаңа оқулықтардың ерекшеліктері сол, олар белгілі бір мектепке немесе жұмысшылар факультетіне арналмады, сондықтан да оларда оқушылардың саны, қабылдауы

ескерілмеді. Ол оқулықтардың жақсы, тиімді жағы олардағы лексикалық тақырыптардың берілуі болды. Тақырыптар оқушыларды өздері үйреніп жүрген тіл елінің өмірімен таныстыруға бағытталды. Сондай-ақ мәтіндер көлемі жағынан кіші болса да, оларда аз қолданылатын, белсенді түрде меңгеруге қажетсіз сөздер көп болды, сондықтан да олардың оқушыларды шетел тіліне үйретуі кемшіндеу түсіп жатты. Оқулықтарға арнайы әдістемелік нұсқаулар, қосымша оқу-әдістемелік құралдар болмады. Тілдік жаттығулар ретінде аудармалар, сұрақтар мен жауаптар, грамматикалық жаттығулар қолданылды.

Оқу жоспарында көрсетілгендей, Қазақстан мектептерінде шетел тілі пән ретінде 1924 жылдан бастап оқытыла бастады. “Жаңа шетел тілі” деп оқу жоспарына енген бөлікте ағылшын, неміс және француз тілдері болды.

1926 жылы “Жаңа мектеп” журналында ҚазАССР Халыққа білім беру комиссариатының ғылыми-методикалық кеңесінің жаңа бағдарламасы жарияланды. Ол бағдарламада ауыл шаруашылығына байланысты материалдарға көбірек көңіл бөлінді. Бірақ бағдарламаны көптеген аймақтардың мектептері ала алмады, сондықтан олар өз бағдарламаларын жасауға мәжбүр болды.

Сол кездегі бағдарламалар әр түрлілігіне қарамастан оларға тән мынадай ерекшеліктерді атап айтуға болады:

1. Кешенді жүйесінің болуы.
2. Негізінен ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге бағытталуы.
3. Байқау әдісінің басым болуы.

Ол кезде мемлекеттік құжат болып табылатын оқу бағдарламаларының бүкіл мектептер үшін оқу сапасын көтеруге көмегі шамалы болды, өйткені оларды көп мектептер ала алмады. 1927 жылы Ресей Халық Комиссариаты баршаға ортақ жаңа оқу жоспарын жасады. Бағдарламада жаратылыстану мен ғылыми пәндерге көңіл көбірек бөлінді. Бағдарлама бойынша барлығы 12 пән қамтылды. Шетел тілі 5-сынып пен 7-сынып арасында оқытылды, курстың барлық сағат саны 408 болып белгіленді.

Ұлттық мектептердің қалыптасуымен бірге тілдерді оқыту әдістемесі де жетілдіріліп отырды. Әдістеме саласында еңбек еткен ғалымдар өткен кезеңдердің ең үздік деген ғылыми-әдістемелік мұрасын да үнемі ескеруге тырысты. Ол жылдарда И.А. Грузинская, А.К. Ганшина сияқты т.б. ғалымдардың оқулықтары мен еңбектері жарық көрді.

1930 жылы “Жалпыға міндетті білім беру туралы” Заң қабылданды. Сол Заң негізінде Қазақстанда жарты миллион бала мектепке барды.

Кеңестік әдістеме дамуының бірінші кезеңін Кеңес Одағы құрылған кезде жалпыға бірдей еңбек мектептерінде шетел тілінің жалпы білім беретін пән ретінде сақталуы үшін болған күрес кезеңі ретінде қарастыруға болады. “Бірегей еңбек мектебінің негізгі ұстанымдары” деген Кеңес Үкіметінің алғашқы құжаты шетел тілі пәндерін мектептің оқу жоспарына қосылып, мектептердегі білім беру ісіне игілікті бастамалар енді. Әйткенмен де сол кездегі соғыс т.б. ауыр жайлардың әсерінен Ресейдің басқа мемлекеттермен байланысы үзіліп, елдің шетел тіліне деген ұмтылысы кеміді. Сондай-ақ, ол кезде шетел тілдерін оқытатын маман мұғалімдер де жетіспеді.

Кеңес Одағының алғашқы жылдарында халық ағарту орындарының жергілікті ұйымдары оқытылатын пәндерді, бағдарламаларды және оқулықтарды өздері белгілеп, шешіп отырды. Соған байланысты әр облыс, әр аймақта шетел тілдерінің оқытылу жағдайы әр түрлі болды. Жергілікті жерлердегі бар оқулықтар мен мүмкіндіктерге байланысты аударма-грамматикалық әдістер қатар қолданылды.

Шетел тілі бұрынғы буржуазиялық өмірдің көрінісі деген пікірдің арасалмағы артқандықтан, ол шетел тілін оқыту ісіне теріс көзқарасты ұлғайта түсті.

Шетел тілін оқыту әдістемесін зерттеуді кеңестік ғалым әдіскерлер К.А.Ганшина, Е.М. Рыт т.б. өткен ғасырдың отызыншы жылдарында бастады. Оған дәлел К.А. Ганшинаның “Методика преподавания иностранных языков” атты еңбегі, ал Е.М. Рыттың “Основы преподавания иностранных языков” деген еңбегі “Учпедгиз” баспасынан 1930 жылы жарық көрген. Бұл еңбектерде мектептерде шетел тілдерін оқытудың маңызды

мәселелері зерттелді. Авторлар өз еңбектерінде шетел тілін оқыту негізіне не жататынын, тіл үйрету барысында қандай жайларды ескеру қажет екендігін қарастырды.

Отызыншы жылдарға таяу шетел тілін ана тіліне сүйене оқыту бағыты күшейе түсті де, мәтін шетел тілімен істелінетін бүкіл жұмыстың ұйытқысына айналды. Мәтінмен жұмыс істеуде түсініктемелік және курсорлы оқу (К.А.Ганшина, А.А. Любарская, Н.Э. Мамука) қолданылды. Оқу барысында мазмұнның қиындық келтіретін тұстарын оқытушының алдын ала түсіндіруі қажет болды, одан соң мазмұнды талдау мен есте сақтау жұмыстары жасалды. Жалпы оқу жүйесі мәтіннен ақпарат алуға емес, тілдік материалды меңгеруге бағытталды.

Отызыншы жылдардың басында ауызша кіріспе курс (Н.Э. Мамука, К.А.Ганшина) қалыптасты, оның міндеті транскрипцияны, дұрыс айтуды және қарапайым ауызша сөйлеуді үйрету еді.

Шетел тілдерін оқыту үдерісінің даму тарихының үшінші кезеңі болып саналатын отызыншы жылдардың басы мен қыркыншы жылдардың ортасында оқыту әдістемесі бойынша зерттеулер жүргізіліп, көптеген ізгі істер қолға алынды. Оған орталық Комитеттің 1932 жылдың 25 тамызында шыққан «Бастауыш және орта мектептердегі оқу бағдарламалары» атты Қаулысында: «орта мектеп бітірушілерінің әрқайсысы бір шетел тілінен білім алып шығатын болсын» деген талаптың өткір қойылуы шетел тілінің мектептің оқу жоспарында тұрақты оқытылатын пән ретінде енгізілуіне себеп болды. Шетел тілінің оқу бағдарламасы, біріншіден, шетел тіліндегі жалпы саяси, әдеби және ғылыми мәтіндерді оқып, түсінуін; екіншіден, оқушы өзі алған білімі көлемінде ойын жазбаша түрде көрсете біліп, белгілі бір тақырыптар бойынша хабарлама жасап, әңгімелесе алуын талап етті.

Коммунистік Партияның Орталық Комитетінің мектеп туралы осы қаулысы шетел тілдерін оқыту тарихында ерекше оң бетбұрыс жасады. Ол қаулының әмбебап әдісті іздеуге тоқтау салып, орта мектеп бітірушілеріне міндетті түрде бір шетел тілін білуді қажетті талап деңгейіне көтеруі нәтижесінде, осы

қаулыдан соң білім беру мекемелерінде шетел тілінің жағдайын жақсарту мақсатында ұйымдастыру жұмыстары басталды.

Аталмыш Қаулы әкелген жаңалық мектептегі шетел тілі сабақтарында тек қана оқуға үйретіп қоймай, оқушыға ауызша сөйлеу мен жазуды қоса меңгертуді, яғни тілдік іс-әрекеттердің барлық түрін меңгертуді міндеттеді де, бұл білім мазмұнын қайта қарауға мүдделілік тудырды. Отызыншы жылдардың бірінші жартысындағы бағдарламаларда лексиканың көлемі тек бір-екі сыныптарда көрсетілсе, олардан кейінгі бағдарламаларда барлық сыныптарға арналған лексикалық минимум көлемі белгіленді. Бұл жылдары лексикалық та, грамматикалық та материалдарды оқыту жағдайларын ескерілгенмен, олардың ауқымын шектеу тенденциясы байқалды. Грамматиканы оқыту курстары күшейе түсті. Лексикалық ақырыптарды беруде нақтыландыру байқалды. Олар сыныптың ерекшелігіне қарай анықталды: төменгі сыныптарда негізінен тұрмыстық тақырыптар, ал жоғарғы сыныптарда бірте-бірте қоғамдық-саяси тақырыптар енгізілді. Отызыншы жылдар әдіскерлерінің басты жетістігі сол, олар алғаш рет оқушы меңгеруге тиіс білік пен дағдыға нақты талаптар қойып, оларды сыныптар бойынша белгілеп, тілдерді меңгеруге арналған жұмыстардың практикалық бағдарда болуын ерекше көңіл бөлді. Әйтсе де бағдарламалардағы нақты талаптар кейде нақты жұмыстар түрлерімен араласып та кетіп жатқан кезі болды.

Осы жылдары саналы-салыстыру әдісі пайда болып, дами түсті. Ол аралас және құрама әдістердің негізінде қалыптасты. Бәрінен де бұрын оқытудың саналы түрде меңгертілуі бірте-бірте арта түсті. Оқытудың саналы түрде қалыптасуын психологиялық және педагогикалық зерттеулерінде “дағдының дұрыс болуы үшін білімді саналы меңгеру кезеңінің үлкен маңызы бар” деп көрсетті ғалымдар.

Оқытудың саналы меңгертілуіне бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Біріншіден, грамматикалық ережелер бастапқы сатыда да қолданыла бастады (Г.В. Гольдштейн, И.А. Грузинская), ал бұрын осы кезеңде оқушылар грамматиканы интуитивті түрде үлгіге қарап меңгереді деп есептеліп келген болатын. Екіншіден, оқу мен жазу техникасына нақты ережелер

енгізілді. Бұл кеңестік әдіскерлер Е.Н. Драгунова, Г.И. Краснощекова, З.М. Цветкова т.б. еңбектерінің жемісі еді.

Шетел тілін оқытуды үш кезеңге бөлуді алғаш рет 1933 жылы әдіскер ғалым И.А. Грузинская ұсынған болатын. Ол оқыту әдістемесі төмендегідей бірнеше объективті жағдайларды ескермейінше, нәтижелі болмайтындығына назар аударды:

- оқыту мақсаттарының оқыту кезеңдеріне байланысты болуы;

- оқушылардың жас ерекшелігінің ескерілуі;

- оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылардың ерекшеліктерін біліп, оларды нақтылау.

Осы жағдайларды ескере келіп, И.А. Грузинская шетел тілін оқытудың әр кезеңіне сай мақсаттарды, оқыту әдісінің ерекшеліктерін көрсетіп берді. Ғалым оқытудың бастапқы кезеңінде шәкірттердің есте сақтау қабілетіндегі ерекшеліктердің бірі ретінде механикалық және логикалық есте сақтау элементтерінің қатар болатынын жатқызады, сондықтан да ауызша сөйлеу, сөздерді дұрыс айту мен оқу дағдыларын қатар қалыптастыру қажет деп есептеді. Оқыту әдістемесін жетілдіру барысында осы жылдарда ғалымдар бастапқы кезеңдегі ауызша кіріспе курсқа үлкен мән берді. «Бұл курс сөздерді қатесіз айту, дұрыс сөйлеу, оқу және белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын өзара байланысты тілдік материалдарды дұрыс меңгерту үшін қажет» деген И.А. Грузинскаяның пікірі сол кездегі ғалымдар мен мұғалімдер тарапынан қолдау тапты. Оқушылардың ана тілі семантизация құралы, екі тілді салыстыру үшін қажет деп саналды. К.А. Ганшина, И.А. Грузинская, сияқты ғалымдар шетел тілін оқыту теориясы мен практикасын байыта түсуге өздерінің қомақты үлестерін қосты.

Қазақ мектептерінде пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық негізін салуда ҚазАССР-ының Халық Ағарту комиссариатының Аймақтық ғылыми-әдістемелік кабинеті үлкен рөл атқарды, 1933 жылы осы кабинет негізінде педагогикалық ғылыми-зерттеу институты құрылды. Ал 1936 жылы ол «Мектепті ұйымдастыру және педагогика институты» болып құрылды. 1938 жылы институттың аты ҚазССР Халық



Ағарту Комиссариатының «Мектеп ғылыми-зерттеу институты» болып өзгертілді. Бұл зерттеу институтында оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқытудың ғылыми ұстанымдары жайлы көптеген жұмыстар жүргізілді.

1934 жылдан бастап шетел тілдері пәндеріне бөлінген сағат саны көбейді, мұғалімдерді дайындау ісі реттеліп, кеңейе түсті.

Отызыншы жылдардың ортасында шетел тілдерінің алғашқы тұрақты оқулықтары жарық көрді. Оқулықтарда жаңа педагогикалық және әдістемелік идеялар көрініс тауып, фонетика-орфоэпиялық кіріспе курстар берілді. Аталмыш курстарда дұрыс оқу техникасына баса назар аударылып, транскрипцияны қолдана отырып оқу мен жазуды қатар жүргізу қарастырылды. Бастапқы сынып оқулықтарында мәтіндер негізінен кеңестік өмірмен байланысты тақырыптарды қамтыды, онда жаңа лексика көп қамтылды. Грамматиканы саналы түрде меңгеруге ұмтылыс пайда болды да, нақты теориялық ережелер, оқу ережелері мен орфографиялық түсіндірмелер берілді. Лексикаға деген көзқарас та өзгерді: оқулықтарда сөзжасам, сөздерді қолдану, арнайы лексикалық жаттығуларға да түсіндірмелер беріліп отырды.

Практикалық жұмыстардың ықпалымен ауызша кіріспе курстан осы жылдары бас тартып (1938 жылдың бағдарламасында тек 2-3 қана ауызша сабақ болды), ол орфографиялық курспен алмастырылды (И.А. Грузинская, Н.И.Теннова, А.В. Монигетти). Курста оқу мен ауызша сөйлеуге қатар үйрету қолға алынды. Әдіскерлердің еңбектерінде шетел тілін оқушылардың ана тілімен салыстыруға бара-бара көңіл көп бөліне бастады. Г.В. Гольдштейн, А.А. Любарская сияқты әдіскерлер шетел тілін ана тілімен салыстыру арқылы оқушылар шетел тілінің қыр-сырын тереңірек түсіне түседі деп есептесе, енді біреулері (Л.В. Щерба, И.А. Грузинская) салыстырудың оқушылар үшін қиындық тудыратынын алға тартып, оларды қолдануды шектеуді қолдады.

Осы кезеңде Л.В. Щерба шетел тілін оқытудың жалпы білімдік маңызын түбегейлі белгілеп берді. Ол шетел тілін ана тілімен салыстыру арқылы тілдің қарым-қатынас құралы

екендігін саналы үйретуге болатынына көз жеткізді. Әдістеме саласында белгілі деңгейде ауызша сөйлеуге үйретудің алғашқы қадамы жасалды.

З.М. Цветкова үлгі арқылы сөйлемдер құру жеткіліксіз екендігін, сөйлемдерді шығармашылықпен құра білу қажеттігін дәлелдеді. И.А.Грузинская, З.М. Цветковалар осы орайда шығармашылық жаттығулардың қажет екендігіне де жұрт назарын аударды.

1919-1939 жылдар арлығында Қазақстанда білімсіздікпен белсенді түрде күрес жүргізіліп, Үкімет бұйрықтары бойынша қырқыншы жылдарға дейін бастауыш мектептерде білім беруді дұрыс жолға қоюға үлкен мән берілді.

Мектептер мен жоғары оқу орындарының энтузиаст мұғалімдері мен оқытушылары жұмысты жемісті атқарып, шығармашылық еңбекпен де айналысты. Солардың бірі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының оқытушысы Ф.Турумов қазақ тілді мектептердің 5-сыныбына арнап неміс тілінен алғаш оқулық жазды. Мектептерде шетел тілі пәндерінен білім берудің жағдайы, халық ағарту ұйымдары тарапынан инспекторлық тексерулер дұрыс жолға қойыла бастады.

Республиканың мектептерінде пән мұғалімдерінің жетіспеуі салдарынан шетел тілдері оқытылмай қалатын жайлар да болды. Көптеген мектептерде арнайы мамандығы жоқ мұғалімдер сабақ берді. Соған байланысты республикада шетел тілі пәндерінің мұғалімдерін дайындайтын арнайы институт ашу аса қажет болды.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерді дайындау жергілікті жерлердегі халық ағарту орындарында ашылған қысқа төрт және алты айлық курстар арқылы жүзеге асырылды.

1937 жылдың 19-ақпанындағы Халық Комиссариаты Кеңесінің шешімі бойынша 1938-1939 жылдары осы курстарды барлығы 160 адам бітірсе, соның 20-сы қазақ болды.

Бертін келе мұғалімдер дайындайтын екі жылдық курстар ашылды. Ол курстарды бітірген мұғалімдердің орта мектептің 5-7 сыныптарына сабақ беруге құқығы болды. Осы 2 жылдық

курстар республикада өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін жабылмай, шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерді дайындап келді.

Қазақстанда орталау және орта мектептердің өсуіне байланысты шетел тілі пәндерінен сабақ беретін мұғалімдер дайындау қажеттігі арта түсті. Соған байланысты 1938-1939 оқу жылында С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында Орал педагогика институтында шетел тілі бөлімдері ашылды.

1940 жылы ССРО Халық Комиссариаты шетел тілі мұғалімдерін дайындау туралы арнайы қаулы қабылдап, мұғалімдер дайындау ісі күрт алға басты. 1942-1943 оқу жылында шетел тілдерін Одақтың барлық мектептерінде оқыту қолға алынды; эксперимент ретінде шетел тілдерін 3-4 сыныптарда оқыту іске асырыла бастады. Бірақ бұл шараның өркендеуіне соғыс кедергі жасады да, 3 және 4 сыныптардан бастап шетел тілін оқыту тек 50 мектепте, оның ішінде 1943-44 оқу жылында Москва, Ленинград сияқты Ресейдің ірі-ірі қалаларында ғана басталды. Соғыс жылдарының ауырпалықтарына қарамай ілгеріде аталған республиканың жоғары оқу орындары шетел тілі мамандарын дайындау ісіне жігерлене күш жұмсады. 1945 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті мен Алматы шетел тілдері педагогикалық институты 100-ден астам маман мұғалімдер дайындап шығарды.

Бұл кезеңдегі жетістіктерге мыналарды жатқызуға болады:

1. Шетел тілін оқытудың бастапқы, ортаңғы, жоғары кезеңдеріндегі ерекшеліктер ескеріліп, психологиялық және педагогикалық тұрғыда білім берудің мақсат, міндеттері белгіленіп, оның әдістемесінің негізі қаланды.

2. Ауызша сөйлеудің шетел тілін оқытудағы алатын орны, оған қойылатын талаптар ғылыми түрде белгіленді.

3. Грамматиканың шетел тілін оқытудағы қажетті құрал болуы қажет екендігіне мән берілді.

Жаттығулар жүйесін жасау жолға қойылды.

4. Шетел тілін оқытудың білімдік, тәрбиелік жағының да басым болуын күшейту қолға алынды. Орта мектепте үйретілетін лексика көлемі 3500 сөз болып белгіленді.

## **1.2 Мектепте 1945-1990 жылдары шетел тілін оқыту үдерісінің ұйымдастырылуы**

Кеңес Одағы мектептерінде шетел тілін оқыту үдерісі дамуының үшінші кезеңінің аяғы, төртінші және бесінші кезеңдері 1945-1990 жылдар аралығын қамтиды. Бүкіл Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында 1944-1945 оқу жылынан бастап балаларды жеті жастан бастауыш мектепте міндетті түрде оқыту енгізілді. Бұл үлкен мемлекеттік және халықаралық маңызы бар іс болды. Қазақстан мектептерінде, оның ішінде қазақ тілді мектептерде шетел тілдерін оқыту ісінің қарқынды түрде алға басқан шағы Ұлы Отан соғысы аяқталған кез болатын.

1945 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталып, бүкіл Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы соғыс кезінде бүлінген халық шаруашылығын, экономиканы, білім, ғылым т.б. қалпына келтіріп, бейбіт өмір қалыптастыруды жоспарлап, белгіледі. Ғылым, білім, мәдениет, өнер т.б. саланың қайраткерлері елдегі жағдайды түзеу мақсатын алға қойып, шығармашылықпен қарқынды түрде еңбек етті. Білім, ғылым салалары коммунистік партия белгілеген жоспарларды жүзеге асыруға тиіс болды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда кеңестік мектептердің жаңа қарқынды даму кезеңі басталды. Қазақстанда оқыту әдістемесінің аса қажетті деген мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу кеңінен қолға алына бастады. Білім министрлігі мен ғылыми-зерттеу институттары қазақ тілді мектептерге әдістемелік көмек көрсету үшін түрлі шаралар ұйымдастырды. Әдістеменің көкейкесті мәселелерін зерттеуге мұғалімдер мен ғалымдар бірлесе жұмылдырылды. 1945-1950 жылдардағы әдістемелік зерттеулердің ерекшелігі сол, олар, әсіресе, орфоэпия, морфология сияқты салаларды кеңірек қамтыды. Осы жылдардағы зерттеу еңбектерінде балалардың психофизиологиялық және жас ерекшелігіне байланысты ғылыми тұжырымдар жасау мәселесіне кеңірек көңіл бөлінді.

Сонымен, соғыстан кейінгі жылдар әдістеменің жетілу, даму кезеңі ретінде тарихқа енді. Шетел тілін оқытудың жай-күйін зерттеу, тілді практикалық тұрғыда меңгерту жолға қойыла бастады. Осы орайда айта кететін бір жай, шетел тілін қазақ тілді аудиторияда оқыту әдістемесін зерттеу алпысыншы жылдардан бері қарай ғана қолға алынды.

Соғыс салған ауыртпашылықтарға қарамай Қазақстанда жоғары оқу орындарында білім беру, әсіресе, оқытушыларды, мұғалімдерді дайындау ісі қарқынды түрде жүргізілді, 1945-1946 оқу жылында Қазақ Советтік Социалистік Республикасында 24 жоғары оқу орны болып, онда 15 мыңнан астам студент оқыды. Шетел тілдерінен сабақ беретін мұғалімдер дайындау ордасына айналған Алматы педагогикалық шетел тілдері институты ұзақ жылдар бойы еліміз үшін шетел тілінен мұғалімдер дайындаған үлгілі жоғары оқу орны болды. Алматы педагогикалық шетел тілдері институтында 1956 жылы неміс тілі факультетінің қазақ бөлімі ашылды, ал 1957 жылы қазақ бөлімі ағылшын тілі факультетінде, кейін француз тілі факультетінде ашылды. Қазақ бөлімін ашуға сол кездегі институт ректоры Төлеш Ысқақов, профессор Рақыш Сәтұлы Әміров, филология ғылымының докторы Шора Сарыбаев, сол кездегі доцент Петр Гурьянович Козловтар көп еңбек сіңірді.

1942-1956 жылдар аралығында институтқа жыл сайын 50-70 қазақ балалары студенттер қатарына қабылданғанмен, бірақ барлық сабақ орыс тілінде жүретіндіктен, қазақ мектебін бітіріп келіп, орыс тілін әлі де дұрыс меңгере алмаған жастар үлгере алмай, жартысынан көбі оқудан шығып кетуге мәжбүр болған жайлары жиі кездесіп отырды. Сондықтан сол студенттердің тек бес-алтауы ғана институтты тәмамдап отырған. Елуінші жылдардың ортасында институтта филология ғылымы бойынша санаулы-ақ ғылым кандидаты бар еді, олар Н.Ғ. Құрманбаев, Ә. Хасенов, Е.А. Мессерле, А.П. Комаров, М.М.Копыленколар еді.

1946 жылы (4-ші бесжылдық кезі) қазақ мектептеріндегі жағдай біршама дұрысталды. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің “Қазақ орта мектебін жетілдіру” атты

Қаулысы білім саласының өркендеуіне өзіндік жаңа леп ала келді.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін мектептердің оқу-материалдық базасы мен мұғалімдердің мамандық білік деңгейін көтеруге көңіл бөліне бастады. Советтік Социалистік Кеңестер Одағының Министрлер Кеңесінің 1947 жылы 4-қазандағы “Орта мектептерде шетел тілдерін оқытуды жақсарту” атты № 3488 Қаулысы шыққанға дейінгі кезде республикаға барлығы 1600 шетел тілінің мұғалімдері қажет болды. Ал еңбек етіп жүрген мұғалімдер саны 840 еді, олардың тек 370-і ғана жоғары білімді болды.

Шетел тілінің мұғалімдерін дайындаумен қатар, кейбір пәндерді шетел тілінде оқытатын мектептер ашылып, оқулықтар мен оқу - әдістемелік құралдар шығару ісі ұлғайды, яғни 1945-1950 жылдар аралығында қазақ тілді орта мектептерде білім беруді жетілдіру ісі қарқынды түрде алға басты.

Республикада оқытылатын әрбір шетел тілін оқыту ауқымы ол кезде қоғам мен әлеуметтік қажеттілікті ескере отырып, Министрлер Кеңесі арқылы белгіленетін. Мысалы, 1948 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Министрлер Кеңесі республикада ағылшын тілін оқытуды 45 пайыз, неміс тілін оқытуды 40 пайыз, француз тілін оқытуды 15 пайыз етіп белгіледі.

КСРО мектептерінде неміс тіліне басқа шетел тілдеріне (ағылшын және француз тілдеріне) қарағанда көп көңіл бөлінді. Мысалы, 1972-1973 оқу жылы мектептерде оқытылатын шетел тілдері мынадай ауқымда болды:

ағылшын тілі – 10,8 пайыз ( 40-45 пайыздың орнына),

неміс тілі - 84,6 пайыз (40-45 пайыздың орнына),

француз тілі – 4,5 пайыз ( 10-15 пайыздың орнына).

Өкінішке орай, қазіргі кезде республикада шетел тілдерін оқытудың ауқымы жіті қадағаланып отырған жоқ. 2003 жылы республикадағы оқушылардың 80 пайызы ағылшын тілін, 14 пайызы неміс тілін, 3 пайызы француз тілін, 3 пайызы араб тілін т.б. оқуда.

Соғыс аяқталғаннан кейінгі елуінші жылдардың басында білім беру саласында оқушылардың біліктілігі мен икемділігін

жетілдіруге баса назар аударылды. 1950-1954 жылдары қайтадан ауызша сөзден бас тартып, грамматиканы меңгеруге көп көңіл бөліне бастады. Дегенмен, елуінші жылдардың екінші жартысында оқытудың таза рецептивті мақсатты көздеуі өзін-өзі ақтамайтындығына ғалымдардың көздері жете бастады, өйткені басқа елдермен қарым-қатынасқа тек грамматиканы, тіл жүйесін ғана жақсы білетін емес, жақсы сөйлей алатын да мамандар қажет болды.

1949 жылы жарық көрген бағдарламада білім мазмұны рецептивті және репродуктивті түрде меңгерілетін етіп бөлінді, яғни материалдарды жүйелеу тілдік коммуникация тұрғысынан қарастырылды. Соған байланысты білім мазмұнын анықтауда көптеген өзгерістер болды. Айта кетерлік жай, сол жылдарда меңгерілуге тиісті лексика көлемі 3500-4000 болып белгіленді, бірақ сол кездегі мүмкіндіктердің жеткіліксіздігіне байланысты оларды толық меңгерту жүзеге аспады, кейін сөз ауқымы 2400-ге түсірілгенмен, грамматикалық материалдар көлемі азайтылмай сол қалпында сақталды. 1954 жылғы оқу бағдарламасының талабы бойынша мұғалім тіпті жұрнақтың не үшін қажет екендігіне дейін арнайы түсінік беруге тиіс болды. Осы кезде мәтіндерді оқу мен аударуға қойылатын талаптар анықталып, аудару мен оқу жылдамдығы, мәтінде кездесетін таныс емес сөздердің көлемі (пайызы) нақты көрсетілді.

Елуінші жылдарда ғалымдардың өзара қызу айтысынан кейін саналы салыстырмалы әдістің алғашқы нұсқасы дайындалды. Бұл әдістің басты ерекшелігі материалдарды рецептивті және репродуктивті меңгерудің өзіне тән жайттары мен айырмашылықтары туралы ережелердің анықталуынан көрінеді.

Көрнекті ғалым Л.В. Щербаның идеясын оның ізбасарлары И.В. Рахманов, В.Д. Аракин, А.В. Монигетти, А.А. Миролубов, З.М. Цветкова, В.С. Цетлиндер жалғастырып, олар шетел тілін рецептивті және репродуктивті меңгерудің ерекшеліктерін көрсетті. Олардың идеялары сол кезде жеткілікті түрде дәлелденбеген еді, өйткені психология саласында сөйлеу механизмі әлі зерттелінбеген болатын. Әйтсе де аталған ғалымдардың шетел тілін оқытуға деген осы көзқарастары

оқыту әдістемесіне қосылған үлкен үлес еді, себебі олар оқыту әдістемесінің негізгі құрылымы мен жүйесін жасады.

Жаңа идеяның ғылыми түрде негізделмеуі көптеген қайшы пікірлерді туындатты. Әдіскер ғалымдар Ч.К. Чаплина, И.Д. Салистра, Г.В.Гольдштейндер тілдік материалдарды меңгеруге тек ауызша сөз арқылы ғана қол жеткізуге болатынын айтты. Ал В.А. Звягинцев, А.И. Смирницкий, О.С. Ахмановалар бұл теорияның лингвистикалық тұрғыда негізсіз екендігін дәлелдеп бақты, сол себептермен оған қатысты теориялық тақырыптар оқу бағдарламаларынан алынып тасталды. Әйткенмен бірнеше жылдан кейін лингвистика мен психолінгвистикалық ғылым салаларында сөйлеу әрекетінің зерттелуіне байланысты аталмыш теория қайтадан жанданып, жетілдіріліп, дәлелденіп, оны барша ғалымдар мойындады.

Оқытудың саналы түрде болуы психология мен педагогика саласындағы жаңа зерттеулердің ықпалымен және де Л.В. Щербаның ұсынысымен ары қарай жалғастырылды. Л.В. Щербаның шәкірттері мен ізбасарлары саналы түрде оқыту үрдісін жетілдіру жолы ретінде сөйлеу әрекетінің түрлері мен тілдің барлық аспектілерін оқытуға көңіл бөлді, бұл кеңестік әдістеменің үлкен жетістігі болды.

Елуінші жылдары саналы салыстыру әдісі жетілдірілді, ол ана тілі мен шетел тілінің айырмашылықтарынан туындайтын қиындықтар мен кедергілерді болжау, ескеру және ол қиындықтарды жою, оларды болдырмау үшін алдын алу сияқты мәселелерді қарастырды. Бұл да кеңестік әдістеменің айта қаларлықтай үлкен жетістіктерінің бірі болды. Алғашқыда бұл тәсілді көптеген әдіскерлер дұрыс түсінбей, салыстырудың практикалық пайдасын ескермеді. Олар бұл әдісті шетел тілін ана тілінің кез келген материалдарымен салыстыра беру деп қарады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу мен ауызша сөзді қатар, өзара жалғастыра жүргізу болатын. Алғашқыда мамандар арасында екі ұдай көзқарас, пікір болды. Кейбір әдіскерлер, мысалы А.В. Монигетти, бастапқы сатыда ауызша сөз бен оқуды жарыспалды түрде жүргізуде ауызша сөзге басымдылық беріліп, алдымен ауызша жұмыстар жүргізілуі тиіс деп санады. Ал М.А.Бахарева, З.М. Цветковалар т.б. бастапқы сатыда сөйлеу



әрекетінің екі түріне де орын берілгенімен, оқу техникасына басымдылық берілуі керек деген пікірде болды. Әуелгі кезеңде осы аталған ғалымдардың пайымдаулары жеңіске қол жеткізіп, мектептердің басты міндеті оқуға үйрету болып белгіленді.

Елуінші жылдардың екінші жартысында И.В. Рахманов, В.Д. Аракин, И.М. Берман, А.А. Миролубов, З.М. Цветкова, В.С. Цетлин т.б. зерттеушілер саналы салыстыру әдісінде жіберілген қатені түзетуді қолға ала бастады. Яғни сөйлеу әрекетінің түрлерін бір мезгілде қатар дамытуға арналған жұмыстар жүргізілді; жұмыстардың аудармалы және аудармасыз түрлерінің өзара қатынасы белгіленді, бірақ бұл теориялық ережелер көп жағдайда практик мұғалімдерге жетпеді әрі мұғалімдердің көбісінің арнайы білімі болмағандықтан, ол кезде сол теорияларды меңгеріп кетуге шамалары, біліктіліктері де жетпеді.

Осы кезең кеңестік әдіскерлердің оқыту тәсілі саласында үлкен-үлкен жаңалықтар ашқан өте бір жемісті жылдар болды. Кеңестік әдіскер ғалымдар В.Д. Аракин, А.В. Монигетти, И.В. Рахманов, В.С. Цетлиндер т.б. орта мектепте меңгерілуге тиісті сөздер мен грамматикалық материалдардың көлемін және оларды белгілейтін ұстанымдарды анықтады. Сондай-ақ, фонетикалық материалдарды жинақтау, жүйелеу де қолға алынды. Ілгеріде аталған ғалымдардың мәтіндерді түсініп оқу жүйесі барысында атқарған зерттеу жұмыстары елуінші жылдардағы ең басты жетістік болғанын А.А.Миролубов пен С.К. Фоломкина атап көрсетті. Өйткені осы кезге дейін мәтін сөйлеуге қатысты істелінетін әр тарапты жұмыстардың ұйытқысы ретінде қаралып келген болатын.

Лексика-грамматикалық талдау бұрынғыдай білімді бекіту, пысықтау тәсілі емес, оқушының ойына неғұрлым терең бойлау құралына айналды. Өйтсе де аналитикалық оқу іс жүзінде көбінесе дұрыс жүргізілмеді, өйткені аударма мен талдаудың рөлі тым асыра бағаланды. Осы елуінші жылдары әдістемені ғылым ретінде қалыптастыратын маңызды-маңызды еңбектер жазылып, эксперимент жайлы зерттеулер жүргізілді.

Бұл кезеңдегі оқулықтар қырқыншы жылдың соңы мен елуінші жылдардағы әдістеме саласындағы әдістемелік

ағымдардың көрінісі болды. Оқулықтарда ережелерге баса назар аударылып, ол ережелер тіпті оқушылардың ана тілімен салыстырыла отырып берілді. Мәтіндер шағын күйде берілді де, оқуға үйретуге жеткілікті түрде жарамды бола алмады, ал ауызша сөзге арналған жаттығулар жоқтың қасы еді. Ортаңғы сыныптарға арналған оқулықтарда оқуға үйретуге деген ұмтылыс көрініс тапты, сондықтан да оларда аналитикалық және синтетикалық оқуға арналған мәтіндер, рецептивті бағыттағы жаттығулар көп берілді. Жоғарғы сыныптарға арналған оқулықтарға елуінші жылдардың соңында елтану материалдары, оқуға арналған мәтіндер, ауызша сөзді жетілдіруге бағытталған жаттығулар енді. Сөйтіп, ол оқулықтар түрлі бағыттағы құралдар жиынтығы іспеттес дайындалғандықтан, оқытудың тиімділігіне нұқсан келтірді.

1957 жылы Қазақстан Үкіметінің “Қазақ Кеңес Социалистік Республикасында балаларға жалпыға міндетті жеті жылдық білім беру” туралы бұйрығы шықты. Осы бұйрық негізінде жастарды жеті жылдық білім ауқымында оқыту міндеттеліп, ауылдық жерлердегі жастар мен жұмысшылар оқитын мектептерді жетілдіруде көптеген ауқымды жұмыстар жүргізілді. Ауылдық жерлерде оқушылар санының аздығына байланысты шағын мектептер ашылды. 1950-1960 жылдарда жалпыға міндетті жеті жылдық білімге көңіл бөлінді. Оқытудың білімдік жағын қолдап, “шет мемлекеттің мәдениетімен, филологиясымен танысып, жазуға, саналы түрде оқуға, ойлауға жаттығады” деген сол кездегі ғылыми қорытынды әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Бұл кезеңде ауызша сөзге, лексикаға жеткілікті көңіл бөлінбеді, керісінше, грамматикаға оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын құрал ретінде үлкен орын берілді. Сөздерді үйретуге осы кезеңнен бастап жоғары талаптар қойыла бастады. Мысалы, орта мектеп қабырғасында үйретілетін сөз көлемі 2600 болып белгіленіп, оларды рецептивті және продуктивті түрде меңгертуге үлкен мән берілді. Бесінші және алтыншы сыныпта 500 сөз меңгеру белгіленді.

Жаңа сөзді меңгеруде оқушылардан мынадай нақты іскерліктер талап етілді:

- таныс емес сөздерді ережелерге сай оқи алу;
- өтілген грамматикалық және лексикалық материалдар негізінде құрылған мәтіндерді сөздіктің көмегінсіз оқу, түсіну және ауызша аудару /I академиялық сағатта 500 белгі/;
- мұғалімнің шетел тілінде қойған сұрағына жауап бере алу;
- ана тілінен шетел тіліне ауызша және жазбаша түрде /сұраулы және хабарлы/ сөйлемдерді аудару алу;
- сыныпқа, ондағы заттарға байланысты айтылған мұғалімнің сөзін түсіне алу;
- өтілген материалдар бойынша құралған мұғалімнің кішігірім әңгімелерін түсіне алу;
- баспа әрпімен жазылған мәтіндерді көшіре алу;
- шағын диктанттарды сауатты жаза білу.

Шетел тілін меңгертудің бастапқы кезеңінде оқу мен аудару басты мақсат болып белгіленді. Бұл мақсаттар республика мектептері мен жоғары білім орындарында тікелей басшылыққа алынды. Бүкілодақтық білім мен ғылымдағы жаңалықтар Қазақстан білім ордаларына терең жайылып, білімге деген ұмтылыс жастар арасында күшейе түсті.

Шетел тілін кеңестік дәуірде оқыту үдерісі қалыптасуының бесінші кезеңі өткен ғасырдағы алпысыншы жылдардың басында басталып тоқсаныншы жылмен аяқталды. 1961 жылы Мәскеуде шыққан КСРО Министрлер Кеңесінің «Шетел тілдерін оқытуды жақсарту» атты қаулысының шетел тілдерін оқытудың жетілдірілуіне тигізген әсері айтарлықтай болды. Аталмыш қаулы пәнді оқытуды жақсартуға байланысты бірнеше шараларды белгілеп, шетел тілдерін оқытудың мақсатын қоғам талабы тұрғысына сай анықтады.

Қаулыда шетел тілдерін оқытудың басты мақсаты ретінде ауызша сөздің практикалық дағдылары мен біліктеріне, икемділіктеріне үйрету, сөйлеуге төселдіруге баса көңіл бөлу қажеттілігі көрсетілді. Осы жылдары сыныптағы оқушы саны жиырма бестен асса, оқушыларды екі топқа бөліп оқыту, ата-аналар қалауымен балабақшалар мен бастауыш сыныптарда шетел тілін ақылы оқытатын топтар ашу, кейбір пәндерді шетел

тілінде оқытатын мектептерді көбейту халыққа білім беру мекемелеріне тапсырылды.

Қаулыда орта мектеп пен жоғары оқу орындарында шетел тілін пән ретінде оқытудың басты мақсаты сол тілдерді практикалық түрде меңгерту екені атап көрсетілді. Оқытудың жаңа әдіс, тәсілдері іздестіріліп, бұрынғы әдістер толықтырыла түсті. Бұл іске енді ғалым әдіскерлермен бірге алдыңғы қатарлы мұғалімдер де белсене атсалысты.

1962 жылы шыққан Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің “Мектептің өмірмен байланысын жетілдіру және Қазақ ССР халыққа білім беру жүйесін ары қарай жетілдіру” атты Қаулысы бойынша республикадағы білім мен тәрбие беру ісін жан-жақты жетілдіру, дамыту іске асырылды. Жалпыға міндетті сегізжылдық білім беру ісі 1961-1962 оқу жылы толығымен аяқталды.

1968 жылдан бастап орта мектепке арналған жаңа оқулықтар шығарылып, оған қоса оқу-әдістемелік құралдар кешені арнайы дайындалды.

Шетел тілдерін оқытудың бесінші кезеңінде орта мектепте шетел тілдерін оқыту әдістемесі саласына көптеген жаңалықтар қосылып, әсіресе, бастапқы сатыда оқыту мәселелеріне арналған зерттеулер көп болды. Бұл жылдары шетел тілін оқытуға бөлінген сағат санының азаюына байланысты бастапқы кезеңде үйретілетін материалдар көлемі кемітілді. Ауызша сөзге баса назар аударылды. Яғни тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға алғашқы қадамдар жасала бастады. Лексиканы оқытудың маңыздылығына баса көңіл бөлінген зерттеулер жүргізілді.

Шетел тілдерін оқыту мақсатының өзгеруі білім мазмұнына тікелей әсерін тигізді. Біріншіден, лексикалық және грамматикалық материалдар қысқартылды. Екіншіден, сөздердің үлкен топтарына қатысты грамматикалық материалдар ғана оқыла бастады. Үшіншіден, сыныптар бойынша ауызша сөзді жетілдіруге арналған тақырыптар енгізілді. Төртіншіден, сыныптар бойынша ауызша қарым-қатынасты жетілдіру дағдылары мен біліктеріне деген талаптар толықтырылды.

Алпысыншы жылдардың басында оқытудың саналы болуы мен ана тілінің шетел тіліне тигізетін ықпалы, олардың салыстырыла оқытылуы жайлы қызу айтыстар болды, өйткені олар мектеп практикасында дұрыс қолданыс таппады. Сондай-ақ бастапқы сатыда оқу мен ауызша сөзді дамытуға қажетті дағдылар мен біліктерді бірге дамыту да қолға алынды. И.Е. Аничков, И.М. Горелов т.б. осы әдістің негізгі ережелерін қайта дамытуға талап қылды: яғни жалаң аудармадан бас тартып, бастапқы сатыда оқуға үйретудің тиімді жолдарын қарастырды. Дегенмен аталған ғалымдардың тікелей әдісті жандандыруға деген талпыныстары жетістікке жете алмады, өйткені олардың бағдары әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтармен сәйкес келмеді.

И.М. Берман, В.А. Бухбиндер, Г.М. Уайзер, А.Д. Климентенко, А.А.Миролубов, С.К. Фоломкиналар оқу мен ауызша сөз дағдыларын жетілдіру барысында зерттеулерін одан әрі жалғастырды.

Лексиканы оқыту, ереже нұсқауларды қолдану т.б. туралы әдістемелік бағыттар өзара жақындаса түсті. Тек ауызша кіріспе курс пен ана тілінің ықпалының алар орны туралы пікірлер, көзқарастар айырмашықтары сақталды.

Қазақ орта мектебі үшін 1961 жылы арнайы “Қазақ мектептерінде шетел тілі пәнінен оқушылардың білім деңгейін бағалау”, 1965 жылы “Қазақ мектебінің 6-8 кластарында шетел тілінде ауызша сөйлеу дағдысын дамыту” сияқты ғылыми-әдістемелік еңбектер жарық көрді. Өз еңбектері арқылы қазақ орта мектептерінде шетел тілін оқыту проблемаларын көтеріп, көрнекі құралдар, әдістемелік нұсқаулар жазуды Алматыда алғаш Р.Ә. Сәрсенбаева бастады. Ғылыми қызметкер Ш. Мәуленов те қазақ аудиториясында шетел тілін оқыту әдістемесін жетілдіру ісіне кезінде өз үлесін қосты.

Алпысыншы жылдар аса қажетті әдістемелік проблемалар шешімін тапқан жемісті кезең болды. Осы кезеңде әдіскер ғалымдар Н.И. Гез, А.Д.Климентенко, А.П. Старков, Г.М. Уайзер, С.Ф. Шатиловтар ауызша сөздің қазіргі кездегі қолданылып жүрген тәсілдерін ғылыми негіздеді, монолог және диалог сөздің дағдылары мен біліктерін қалыптастырудың,

оқытуда техникалық құралдарды қолданудың жолдары зерттелді. С.М. Ляховицкий, К.В. Карпов т.б. типтік фразалар немесе модельдердің негізінде грамматиканы меңгеруді қолдады. И.Л. Бим, С.Ф. Шатилов, В.С. Цетлин, А.П. Старковтардың қатысуымен шетел тіліндегі мәтіндерді саналы оқу жүйесі белгіленді.

Мектепте тілді оқыту практикасын жетілдіру бұл кезеңде жаңа оқулықтарды ендіру жолымен іске асырылды. Бұл жолы оқулықтар жалаң түрде емес, толық кешен ретінде, яғни мұғалімге арналған кітап, оқушыға арналған оқу кітабы және аудио-визуалды құралдар толығымен мектептерге ұсынылды. Оқулықтар да өзгерді. Олардағы грамматикалық ережелер мен түсініктемелер алынып тасталды, тілдік жаттығулар көбейді. Оқулықтардағы мәтіндерде елтану аспектілері көрініс тапты. Тілдік іс-әрекеттердің түрлерін жетілдіруге аудио-визуалды құралдар көбірек қолданылып, шетел тілін неғұрлым тиімді меңгеруге жағдай жасалды.

1966 жылдың 10-қарашасында Коммунистік Партияның Орталық Комитетінің “Жалпы білім беретін мектептің жұмысын ары қарай жақсарту шаралары” атты қаулысы шығып, соның негізінде мектептер жаңа бағдарламаларға, жоспарлар мен білім мазмұнына көшуді бастады. 1960-1970 жылдар аралығында сегіз жылдық орта білім беру жүйесін жетілдіру қарқынды түрде іске асырылды.

Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты 1933 жылы ашылғанымен, онда шетел тілдерін оқыту секторы 1958 жылдың 5 сәуірінде ғана Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігінің №71 бұйрығы бойынша құрылған-ды. Құрылған кезінен бастап сектор шетел тілін оқыту әдістемесі мен оқыту мазмұнын жетілдіру ісімен айналысты. Сектор меңгерушісі В.Н. Костылов орыс тілді мектептерде шетел тілдерін оқытуға арналған бағдарламаны қазақ мектептеріндегі сағат санына оңтайландырды. Бөлім Білім министрлігінің нұсқауы бойынша Қазақстандағы мектептерге арналған бағдарламаларды оңайландырып, сегіз жылдық мектеп ауқымына шақтап шығарып, қазақ тілді мектептерге жіберіп отырды. Ал Москвадан шығатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік

құралдар қазақ мектептері үшін аударылмаған, өңделмеген қалпында қолданылды. Соған байланысты қазақ тілді мектеп түлектері шетел тілдерін орыс тілді мектептерге арналған бағдарламаның сегіз жылдық білімі көлемінде ғана игерді. Пәнді орыс тілі негізінде оқып, мектеп бітіргенде олардың аттестаттарына шетел тілін сегізінші сынып көлемінде оқыды деп жазылды. Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген он бес одақтас республиканың ішінде шетел тілі пәндерінен не бір арнайы бағдарламасы, не арнаулы оқулықтары дайындалмаған бірден-бір республика болды.

Шетел тілін қазақ тілді мектеп оқушыларына орыс тілді мектептерге арналып жазылған оқулықтар мен оқу құралдары арқылы сегіз жылдық сынып ауқымында ғана үйретудің қазақ балалары үшін келеңсіз зиянды жақтары және белгілі бір деңгейде бірнеше қиындықтары да болды. Біріншіден, қазақ мектептері кеңес дәуірі кезінде түгел дерлік ауылды жерлерде болғандықтан, ауыл балалары орыс тілін онша жақсы білмеді. Олар мектеп қабырғасында шетел тілін орыс тілді мектептерге арналған оқулықтар арқылы оқыды. Бұл оларға шетел тілін меңгеруде көптеген қиындықтар тудырды. Орыс мектебіне арналып жазылған оқулықтарда қазақ аудиториясының ерекшелігі ескерілмеді. Соған байланысты шетел тілі пәнін оқу, сөйлеу тілін жан-жақты меңгеру қазақ тілді мектеп оқушылары үшін мүмкін болмады.

Екінші қиындық шетел тілінің тек қана сегіз жылдық бағдарлама ауқымында оқытылуымен байланысты болды. Мәселен, “шетел тілін сегіз жылдық мектеп деңгейінде оқыған” деп аттестатта жазылған анықтамалық жазу қазақ тілді жоғары білім алған жастардың кейін аспирантураға оқуға түсуіне үлкен кедергі болды.

Дегенмен Қазақстандағы мектептерде оқытылатын шетел тілі пәндерінің білім мазмұнын, оқыту тәсілін зерттеу уақыт өте келе бірте-бірте жандана бастады. Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының маманы Раиса Федоровна Исаева 1963 жылдан бастап қазақ тілді аудиторияда балабақша мен бастауыш сыныптан бастап неміс тілін оқыту мәселесін зерттеді. Зерттеу барысында (жетекшісі М. Мұқанов) “Қазақ

балаларын шетел тіліне алты және сегіз жастан бастап оқыту” атты тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғады. Бұл Қазақстанда қазақ балаларына неміс тілін оқыту әдісін зерттеген тұңғыш еңбек болды. Р.Ф. Исаева – балаларға балабақша мен бастауыш мектепте шетел тілін үйрету мәселесін, яғни шетел тілінен үздіксіз білім беру, ана тілінің негізінде оқыту, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеруді зерттеген ғалым. Аталған мәселе ол кезде Қазақстанда алғаш зерттеу нысанына алынған еді.

Раиса Федоровна Исаева өзінің зерттеу тақырыбының мақсатына қарай қала мектептері мен балабақшаларда ғылыми-зерттеу, эксперимент жұмыстарын жүргізіп, дидактикалық, көрнекі құралдар жасап, мақалалар жазды. Раиса Федоровнаның ғылыми-зерттеу жұмысының негізінде бірнеше еңбектері жарық көрді. Өкінішке орай, И.Ф. Исаеваның бұл зерттеуі ары қарай жалғасын таппады. Зерттеу нәтижелері республика мектептеріне жетпеуіне байланысты мектеп мұғалімдері ондағы тиімді идеяларды кеңінен жүзеге асыра алмады.

Шетел тілін оқыту әдіс-тәсілдерінен ғылыми диссертацияларды қорғау орталығы тек Москвада ғана болғандықтан, әсіресе, әдістеме саласынан диссертациялық жұмыстар Қазақстан бойынша өте аз жазылды, аз қорғалды.

Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми – зерттеу институтының шетел тілі бөлімі орыс тілді мектептерге арналған оқулықтарды екі не үш жылға бөліп оқытылатындай етіп жинақтап, қазақ тілді мектептер үшін ыңғайлап отырды. Оны министрлік орталықтан басқарып отырды. Бөлімнің жетекші ғылыми қызметкері Райхан Әбуғалиқызы Сарсенбаева мен Алматы педагогикалық шетел тілдері институтының ғалым оқытушылары С.Ә.Әбдіғали, т.б. бірнеше мәрте қазақ тілді мектептерге арналған төл бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар кешенін талай рет дайындағандарымен, сол дайын бағдарламалар, оқу құралдары министрліктегі жауапты мамандар тарапынан қолдау таппай, кері қайтарылып отырылған. Соның салдарынан еліміз тәуелсіздігін алғанға дейін республикада оқушылардың ана тілінің ерекшелігін ескерген



бағдарлама мен оқулықтар дайындалған күнде де субъективті жағдайларға байланысты баспаға жіберілмеген.

Ал Кеңес Одағы кезінде Москвада жасалған бағдарламалар бүкіл одақтас республикаларға шетел тілі пәндерін оқытудың типтік бағдарламасы ретінде ұсынылған болатын. Бұл бағдарламалар жалпы орта білім беретін мектептердегі реформаларды жүзеге асыруға арналды.

Бағдарламаларда бастапқы сатыда меңгерілетін лексика көлемі 500 сөз болып белгіленді. Жалпы бұл кезеңде лексикамен істелетін жұмысқа жеткілікті жағдайлар туғызылғанымен /оқытудың жаңа әдістері енгізіліп, лингафондық кабинеттер ашылды, т.б./, орта мектепте меңгерілетін лексика көлемі 1000-ға дейін қысқартылды.

1994 жылы қазақ орта мектептерінде шетел тілдерін ана тілі негізінде оқытуға арналған тұңғыш бағдарламалар дайындау кезінде белгілі әдіскер ғалымдардың /Н.И. Гез, И.Л. Бим, И.В. Рахманов, Е.И. Пассов, Г.Р. Рогова, И.Н.Верещагина, С.Ә. Әбдіғалиев т.б./ ғылыми еңбектері басшылыққа алынды. Қазақ орта мектептерінде шетел тілдерін оқыту әдісін жетілдіруді мақсат ете отырып, ең алдымен, жалпы білім беретін мектепте шетел тілі пәндерінен меңгерілетін лексикалық минимум көлемі белгіленді. Лексикалық минимумды белгілеуде әдістеме саласындағы ұстанымдар негізге алынды. Шетел тілінің сөз байлығы мол, ал ол сөздердің бәрін орта мектеп қабырғасында өтілетін шектеулі сабақтарда үйретіп шығу мүмкін емес, өйткені орта мектепте шетел тілі пәніне уақыт өте аз көлемде берілді. Осы шектелген уақытта оқушыларды сөйлеу әрекетінің әр түріне дағдыландыратын лексика қалай, қандай жолмен, қандай ұстанымдар негізінде іріктеліп алынады деген мәселеге келсек, шетел тілін оқытудың дүниежүзілік әдістемесінде қалыптасқан белгілі көзқарастар, ғылыми ұстанымдар бар.

Бертін келе тіл үйретудің жеделдетіп оқыту әдісі мен коммуникативтік тәсілін зерттеу қолға алынды. Бұл зерттеулерге ғалымдар Е.И.Пассов, Г.И.Китайгородская, т.б. атсалысты. Аталған ғалымдардың зерттеулерінің басты мақсаты шетел тілінде оқушыларды қарым-қатынасқа, яғни сөйлеуге үйрету еді. Осы орайда оқыту тәсілін түрлендіру, жаттығулар

мен тапсырмаларды коммуникативтік ұстанымдарға сай жетілдіру жолдары зерттеліп, нәтижелері мектептерге, жоғары оқу орындарына енгізілді.

Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері сексенінші жылдардан бері ғана орта мектепте шетел тілдерін оқыту әдістемесін, білім мазмұнын оқушылардың ана тілінің ерекшеліктерін ескере отырып оқыту бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, білім мазмұнын анықтады.

1987 жылы институтта ағылшын, араб, неміс және француз тілдерін оқыту мәселесімен айналысатын топ ашылды. Онда Ш.Б. Бәйнеш, Г.С. Бейсенбаева, Ұ.К. Мұсабаева “Қазақ орта мектебінде шетел тілдерін оқыту әдістемесін жаңарту” атты тақырып бойынша жұмыс істеді. Осы топ мектепте шетел тілі пәндерін оқытудың тұжырымдамасын, бағдарламасын, әдістемелік нұсқау, шетел тілдерін оқытудың алғашқы сатысында ағылшын және неміс тілі пәндерінен бақылау жұмыстарына арналған жаттығулар жинағын, сондай-ақ неміс және француз тілдері сабақтарында жеделдетіп оқыту әдісінің кейбір элементтерін пайдалануға арналған әдістемелік нұсқаулар, мақалалар дайындап, олар баспасөз беттерінде жарық көрді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейінгі шетел тілдерін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми жұмыстар жайлы сөз еткенде С.Ә. Әбдіғали, И.Л. Бим, А.К. Артықбаева, Е.И. Пассов, Р.Ф. Исаева, И.И. Амразакова, Н.И.Гез, П.Г. Козлов сияқты ғалымдардың зерттеулерін айналып өту мүмкін емес. Ал алыс шет мемлекеттер ғалымдары И.О. Вельке, С. Виллис, П.Туннияла, Х.И. Лийметс, В.Лейбур, Е.Линдвет, Р.Т. Таза, С. Еелерс, Р.П.Сельг сынды т.б. көптеген ғалымдар шетел тілдерін оқыту мәселесін жан-жақты зерттеп, талдап, қалай және қайткенде алдын-ала жоспарланған түпкі нәтижеге қол жеткізу жолдарын қарастырды. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі ғылымы да, басқа ғылым салалары сияқты, түрлі кезеңдерден, жетістіктер мен қателіктерді бастан өткерді. Бүкіл Кеңес Одағы ғалымдарының зерттеулеріндегі жетістіктер тікелей біздің

республика мектептерінің оқу ісін жандандыруда басшылыққа алынып, озық үлгілер үнемі енгізіліп отырылды.

Оқып, талданған ғылыми еңбектерді негізге ала отырып Кеңес Одағы кезінде жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілдерін оқыту әдістемесі бойынша көптеген зерттеулер жүргізіліп отырды. Онда жетістіктер мен кемшіліктер болғанымен, көптеген тәжірибелер жасалынып, нәтижесінде түрлі жаңа тәсілдер пайда болып, олардың тиімді дегендері білім беру саласына практика жүзінде ендірілді.

Сонымен, шетел тілін оқыту тарихы мен қалыптасу кезеңдеріне қатысты талданған материалдарды жинақтай келгенде 1918-1990 жылдар аралығындағы кезеңдерді А.А.Миролюбов былай топтайды:

1 кезең –1917-1923, аударма әдіс;

2 кезең – 1924-1931, тікелей әдіс;

3 кезең –1932-1946, аралас әдістер;

4 кезең – 1947-1959, аударма, аралас әдістер;

5 кезең – 1960-1990 саналы-салыстырмалы, тікелей әдістер, тәсілдер плюразимі.

Ал біз 6 кезең деп белгілеп отырған 1990 жылдардан бері қарайғы кезеңде оқытудың көп салалы әдістері мен жаңа технологиялары қолданылуда. Бұл кезеңде Қазақстанда шетел тілінен білім беру ісін жаңалау, толықтыру, жетілдіру жолға қойылды.

### **1.3 Шетел тілін оқыту барысында оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйрету бағыттары**

Білім – адамзат қазынасы, халықтың білім деңгейі – мемлекет дамуының басты көрсеткіші. Тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде меңгертілетін білім арқылы оқушы бойында ең озық мәдениет пен дүниетаным қалыптасады. Мәдениет, дүниетаным, білім молайған сайын халық байлығы артып, өркениетті елдер қатарынан орын алады. Ал, керісінше болған жағдайда еңбек ету мен тәртіп төмендеп, экономика әлсіреп, әлеуметтік тұрақсыздық өріс алатыны – адамзат тәжірибесінде сансыз мәрте дәлелденген ақиқат.

Сонымен, жүргізілген зерттеулер нәтижесі шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін заман талабына қарай жаңалау қажеттігін алға тартып отыр. Өткен ғасырдың соңында көптеген оқулықтар мен оқу құралдары коммуникативтік ұстаным негізінде жасалып, ондаған ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрді. Кеңес дәуірінің соңында кеңестік ғалымдардың әдістеме саласындағы қол жеткізген үлкен жемісі болып саналатын тиімді табысының бірі – шетел тілін оқытудың коммуникативтік бағдарының басымдылыққа ие болуы. Бұл шетел тілін оқытуда өз маңызын әлі де жойған жоқ, сондықтан да оған арнайы тоқталған жөн.

«Коммуникативтілік» деген сөздің мағынасы немісше үлкен энциклопедиялық сөздікте: «Қарым-қатынас жасай алуға, сөйлесуге дайын болу» деп көрсетілген.

Ал осы терминнің мәнін, яғни шетел тілін оқытудағы коммуникативті біліктік деңгейдің рөлін Германияның мектептері үшін оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: «коммуникация тіл және вербалды емес (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы да мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көңіл көп бөлінеді. Оқушылардың сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуникативтік біліктілік деп аталады».

Ғалымдардың пайымдауынша, коммуникативтік біліктілік төмендегідей оқу мақсаттарымен ұштасады:

1. Когнитивті мағыналық мақсат, яғни оқушы коммуникативтік жайттарды, әңгімелесу, сөйлесу, қарым-қатынас туындайтын жағдайларды таба білу керек. Ол өзінің коммуникативтік іс-әрекетінің, сөйлесуінің, қарым-қатынас жасауының барысында осы жайттарды ескеруге дағдылануы, үйренуі қажет.

2. Әлеуметтік мақсат, оны жүзеге асыру кезінде оқушы өзін қалай ұстайтынын біле отырып, өз іс-әрекетіне жауап

бере алады. Алға қойған мақсатына басқалармен бірге жетуге ұмтылады, сондай-ақ, қарым-қатынас жасайтын әріптесімен жеке тұлға ретінде тең жағдайда болуға тырысады.

3. Лингвистикалық біліктілік мақсаты. Бұл мақсатқа сәйкес оқушы өз ойларын, іс-әрекетін тілмен жеткізе алуға ынталы болады.

Бұл үш компонент бөлек-бөлек емес, керісінше өзара тығыз байланыста болады.

Осы аталған коммуникативтік біліктілікке қол жеткізу жолын зерттеген әдіскерлердің бірі Е.И. Пассовтың пікірі бойынша, шетел тілін оқыту мына жайттарды ескергенде, коммуникативтілік бағыт жүзеге асырылады:

1) коммуникативтік сипаттағы оқыту тәсілдерін пайдалану;

2) арнайы жаттығулар жасау;

3) бүкіл оқу үдерісін мақсатты түрде ұйымдастыру.

Коммуникативтік әдістің жаңалығы мен оның оқыту ісін ұйымдастырдағы атқаратын мынадай қызмет ерекшеліктері бар:

1. Коммуникативтілік оқу процесіндегі білік, дағдыны жетілдіруге бағытталады. Шетел тілінде үнемі сөйлеу оқушылардың тілді білмеймін-ау деген қорқынышын, күмәнін сейілтіп, оқуға қызықтыра түседі. Ол үшін барлық жаттығулар сөйлеуге жетелейтін мақсатты көздеуі керек.

2. Коммуникативтік бағытта оқыту оқушының жеке бас ерекшелігін ескеруді көздейді, яғни шәкірттің бойындағы барлық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Бұл оқушының белсенділігін арттырып, оқуға ұмтылу үшін ең басты, нақты құрал болып саналады.

Шетел тілін оқыту барысында оқушыны сөйлету үшін сабақта берілетін тапсырма оқушының қызығушылығына сай болуы тиіс. Сондықтан оқушының жеке басындағы қызығушылығын, неге бейім екендігін ескеру керек. Дәл осындай пікірді германиялық ғалым У.Бранд-Клайдер де айтады. Тек осындай жағдайда ғана оқушының ішкі белсенділігін арттыруға мүмкіндік туады. Оқушының ішкі белсенділігі артқан кезде ол өзі-ақ сөйлеуге, сөйлесуге, қарым-қатынас жасауға бейім тұрады. Оқушының жеке басындағы

қасиеттерін ескеруді аталған ғалымдар оқытудың заңдылығына жатқызады.

3. Коммуникативтілік функционалдықыпен де байланысты, өйткені кез келген сөз қарым-қатынас үдерісінде белгілі бір қызмет атқарады.

Қазақ орта мектебін бітірген оқушылар сөздерді, грамматиканы біле тұра оларды сөйлегенде еркін пайдалануы әлі де өз деңгейінде емес. Оның себебін оқыту тәсілдеріндегі кемшіліктен, сөздерді меңгеріп, оларды сөйлегенде қалай қолдануды үйрету ісінің нашарлығынан іздеген абзал. Оқушы тілді үйрену үдерісінің басынан бастап сөздерді күнделікті сөйлеу барысында қолданып жаттықпаса, кейін оларды есіне түсіре алмайды, сондықтан да дұрыс қолдана алмайды.

Коммуникация жағдайына сай материалдарды таңдап алу төмендегі ұстанымдарға сүйене отырып іске асырылады :

а) материалдар оқушыға қажетті коммуникация аумағына сай көлемде таңдалады;

ә) лексика минимумға жиі қолданылуы бойынша емес, белгілі бір ситуацияға қажетті сөйлеу мақсатына қарай енгізіледі;

б) тіл материалдары белгілі бір тақырыптарға ғана байланысты тар ауқымда емес, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынас проблемаларын талқылау үшін таңдалып алынады;

в) тілдік материалдар негізінен шетел тілі еліне байланысты емес, оқушының еліне, жеріне байланысты проблемалар жайлы айтуға, әңгімелесуге сай таңдап алынғаны дұрыс. Яғни тілдік құралдар жүйесі мен материалдарды тақырыптар мен грамматика төңірегінде емес, ситуация мен сөйлеу мақсатына қарай пайдаланғанда ғана коммуникативтілікке қол жеткізіледі.

Лексика, грамматика және фонетика - тілдің бөлінбес үш аспектісі. Ал сөздің лексикалық, грамматикалық және айтылу сияқты үш жағы бар. Бұл үшеуі өзара тығыз байланысты. Олардың бірінсіз бірі жеке-дара меңгерілуі тілді функционалдық бірлігінен айырады. Сөз де, сөз тіркесі де тілдік бірлік ретінде меңгеріледі.

4. Коммуникативтілік, коммуникативті бағытта оқыту әдісі оқытудың жағдаяттық сипатта болуын талап етеді. Себебі, жағдаяттылық сөйлеу дағдысының табиғи қасиеті болып табылды. Жағдаяттылық болмаған жерде үйренген сөздер мен грамматикалық материалдар қажетті кезде қолданылмай, оқушының есінен тыс бір қалтарыста қала береді. Жағдаяттар сөйлеуге ынталандырудың бір түрі ретінде, сөйлеу біліктілігін жетілдіретін әдіс ретінде әрі белгілі бір мақсатқа, нәтижеге жетуге бастайтын қасиетімен де құнды тәсіл сипатында бұрыннан-ақ әдіскер ғалымдардың еңбектерінде қаралып келеді.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті жағдаяттарды мынадай жолдармен жасауға да болады:

а) «көз алдыға елестетіп көр» және «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы жағдаяттар құру;

ә) белгілі бір жағдаятты жасайтын сурет немесе жағдаятты дамыта, күшейте түсетін суреттер тізбегін қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) оқушыны қоршаған күнделікті өміріндегі болып жатқан жағдайына ұқсас, сәйкес келетін нәрселерді сипаттау. Жағдаятты бұлайша шектеу оны оқушыны ойландыратын тапсырмаларға айналдыруға мүмкіндік береді. Ал бұрынғы оқыту әдісінде оқушылардың өздерін ойланту мәселесі көбінесе ұмыт болып қалып келгені аян.

И.В. Рахманов «заттық жағдаят» пен «қарым-қатынасқа байланысты жағдаятты» бөліп қарау керек деген пікір айтқан. Ол негізінде осындай жағдаяттарды тақырыптарымен бірге бағдарламаға енгізуді ұсынған болатын. Заттық жағдаяттар оқушылар өз жанұясын, үй ішін т.б. өзіне жақын нәрсені суреттегенде пайда болса, қарым -қатынас жағдаяттары бала бір нәрсеге, біреуге өзінің жеке көзқарасын, қатынасын білдіргенде жасалынады. Бұндай жағдаяттар бір нәрсе жайлы ойлап, өз ойын білдіргісі келген жағдайда құралады. Сабак үстінде жағдаяттар құру, әсіресе, қарым-қатынас жағдаяттарын пайдалану, практикалық міндеттерді іске асыруға мүмкіндік жасайды, өйткені олар белгілі бір проблеманы қозғап, соған арнайы құрылады. Бұл қазіргі неміс ғалымы С.Еелерстің

“Lesen als Verstehen” атты еңбегінде толық дәлелденген. Ол жағдаяттарды «заттық, қарым-қатынастық» деп бөліп қана қоймай, оларға қатысты тақырыптарды да нақты көрсетіп берген.

Ғалым И.В. Рахмановтың көзқарасын кеңестік ғалымдар ішінде Е.Пассов жетілдіре түседі. Ол оқытудың жағдаяттық сипатта болуы сабақ үстінде айтылатын сөздердің барлығы оқушы мен оқытушыға, оқушыларға олардың қарым-қатынасына байланысты қарастырылуын талап етеді. Оқытудың жағдаяттық болуын дұрыс түсініп, дұрыс қолдану қажеттігін айта келе Е.Пассов: «жағдаят – өзара әңгімелесетін, сөйлесетін кісілердің бір-бірімен қарым-қатынас» екендігіне назар аударады. Яғни қарым-қатынас неғұрлым терең әрі жан-жақты болса, соғұрлым сөйлеуге дайындалу үдерісі жеделдетіліп, оңайлана түседі, өйткені сөйлеу негізінде белгілі бір контекст тұрады. Ол контекст – қарым-қатынас жасайтын адамдардың іс-әрекеті. Әдетте оқулықтарда қолданылатын «көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойындар», «етістіктерді қажетті шақта қойындар» деген сияқты жаттығуларда ешқандай жағдаят жоқ, олар, әрине, сөйлеуге жетелемейді, дағдыландырмайды.

Ал, сөйлеу үшін, ең алдымен, оқушыларды тіл арқылы қарым-қатынас жасауға жағдаяттар арқылы үйрету керектігін негізге ала отырып, Е.Пассов мынадай байлам жасайды: біріншіден, оқушылардың өзара іс-әрекет жағдайын ескергенде ғана сөз әрекеті іске аса алады; екіншіден, жағдаяттарды үнемі өзгертіп жаңалап отырғанда ғана оқыту нәтижелі болады; үшінші, жағдаят оқушыны өз бетімен ізденуге мәжбүр етеді, себебі ол ес, ойлау сияқты жеке бас қабілетіне сүйенеді.

Оқытудың жағдаяттылығы оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов өзінің ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «жағдаят» пен «жағдаяттылықты» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Жағдаят – дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі»; ал «жағдаяттылық дегеніміз – осы



қарым-қатынастармен байланыс» деген қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді: а) статустық; ә) рөлдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік.

Статустық (дәрежелік) фактор өзара қарым-қатынас жасайтындар қоғамның түрлі саласында еңбек ететіндер (жұмысшы, дәрігер, студент т.б.), әр-түрлі жастағы кісілер т.б. болуы мүмкін. Осында әлеуметтік дәрежелер олардың қарым-қатынасын қандай бағытта, не жайында болатынын анықтайды.

Қарым-қатынас пен іс-әрекет тығыз байланысты екендігін айта келе А.А.Леонтьев сөзді «мынау қасық», «мынау нан» деп емес, киіндіру, ішіндіру сияқты эмоциялық іс-әрекет арқылы үйрету керектігін айтады. Яғни оқытуда іс-әрекеттің барлық түрін пайдалану қажет.

Қарым-қатынас үдерісі оқытудың мақсатына, жағдайына мүмкіндігіне қарай үнемі өзгеріп отырады. Сөйлеушінің сол жағдайларға байланысты қарым-қатынастағы барлық өзгерістерді ескеріп отыруына тура келеді. Оқушыларды қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды әрдайым түрлендіріп отыру керек. Осы ұстаным бойынша тілдік дағдылар өзгертіліп отырылуы тиіс. Бұл оқушылардың сөйлеу біліктілігін жетілдіріп, айтқысы келгенін басқаша жеткізуге, тез сөйлеуге көмектеседі. Сонда ғана оқушылар жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек төселеді. Материал жаңа болуға тиіс, сонымен қатар қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде түрлендіріп берілуі керек, солай еткенде ғана оқушылардың білік, дағдылары бірте-бірте дамып отырады.

Соңғы жылдары шетел тілінде сөйлеуді продуктивті түрде меңгеруге, басқаша айтқанда, мәдениетаралық коммуникацияға, арнайы дайындықсыз сөйлеуге дайындау ісіне ғалымдар көп көңіл бөлуде. Оған қол жеткізу үшін оқу материалдары әрі жаңа, әрі қызықты, аутентті болуы тиіс. Жаңа материалдар бір жағынан, оқушыларды қызықтырса, екінші жағынан, тиімді тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқыту да олардың ынтасын арттырады. Қызығушылық

пайда болу үшін материалдардың жаңа болу жағдайына мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) материалдар мазмұнының жаңа болуы;
- 2) сабақ түрлерінің жаңа болуы;
- 3) сабақ үстінде істелінетін жұмыстардың жаңа түрінің көп болуы;
- 4) сабақта сөйлесетін әріптестердің өзгеріп отыруы;
- 5) жұмыс тәсілдерінің жаңа болуы;
- 6) жұмыс түрлерінің жаңа болуы: сабақтан тыс, үйірме, дәстүрлі емес сабақ, факультатив т.б.;
- 7) оқытудың ақпараттық технологияларының жаңа әрі түрлендірілген болуы.

Материалда әрқашан жаңа бір ақпарат болуы өте пайдалы. Бір материалды бірнеше рет өзгеріссіз қайталау жаңалық әкелмейді, әрі коммуникацияға жатпайды. Осы пікірді неміс тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесімен айналысатын әлем ғалымдарының еңбектерінен де кездестіреміз. Коммуникативтік оқыту Ресей мен Германияда, әлемнің дамыған басқа да елдерінде өткен ғасырдың ортасынан бастап, әрі қарай дамытылуда. Бұл мәселеге өте үлкен көңіл бөлініп, кейін көптеген оқу-әдістемелік құралдар дайындалды. Шетел тілі коммуникация құралы болуы үшін оқушыға не қажет деген тақырыпта қызу пікірталастар болып, коммуникативтік оқыту әлі де түрлі аспектіде әрі қарай зерттелу үстінде. Қазір білім беру, оқыту ісі, негізінен, мәдениетаралық коммуникация бағытында жүргізілуде.

Коммуникативтіліктің нәтижелі болуына және білім сапасына да мұғалімнің тигізер ықпалы үлкен, сондықтан пәнді оқыту барысында бұл ұстанымның сақталуына мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды. Шетел тілі пәнін оқыту коммуникативті және мәдениетаралық коммуникация бағытында болуы үшін оқу мен оқыту белгілі бір талпындырушы күшке иек артпаса, оқытуда нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. «Талпындырушы күшсіз іс-әрекет болмайтынын» А.Н. Леонтьев те айтады. Ал ондай ұмтылыс жоқ жерде коммуникативтілік, мәдениетаралық коммуникация бар деп айтуға да болмайды. Шетел тілін оқытуды бастаған

алғашқы күннен-ақ білімнің түпкі нәтижеде оқушының ақыл-ойын, есін, сөйлеуін жетілдіруі ескеріліп отырған жағдайда ғана оқыту сапалы болмақ.

Шетел тілін оқуды бастағанға дейін-ақ оқушылар ана тілін меңгеріп, олардың сөйлеу механизмдері жетіліп келеді. Бірақ бұл жағдайды мұғалімдер орта мектепте кейде ескермей, ана тілі мен шетел тілін меңгеру арасында көп айырмашылық бар деп қателеседі. Оқытудың коммуникативтік тәсіліне зерттеу жүргізген А.А.Леонтьев бұл тәсілдің бұрынғы Кеңестер Одағында орта мектептерде орыс тілін коммуникативті бағдарда оқыту 1982 жылдан бастап қарқынды іске асырылғанын айта келе, осы коммуникативтік әдіс өзіне артылған сенімді толығымен ақтап шыққанына, орыс тілін шетел тілі ретінде оқытудың нәтижелі болғанын атап көрсетеді. Бірақ ол осы әдісті ғана бірден бір дұрыс жол деп, басқа әдіс-тәсілдерді жоққа шығаруға болмайтынын айтады. Бұл пікірді коммуникативтік оқыту әдісіне арнайы зерттеу жұмысын жүргізген М.К. Кабардов та мақұлдайды.

Қазіргі кезде ақпараттық хабарлар ағымы және оларды беретін, халыққа жеткізетін әдіс-тәсілдері, техникалық құралдары өте көп. Орта мектепте хабарлар негізінен ауызша және жазбаша түрде беріледі де, ақпараттық технологиялар хабарларды жеткізуге көмектеседі.

Хабарларды беру, жеткізу үдерісі коммуникация деп, ал оған пайдаланылатын, қолданылатын заттар жиынтығы коммуникацияның (жүйесі) құралдары деп аталады. Коммуникация өзінің пайда болуы, шығуы, дамуы жағынан қоғамдық құбылысқа жатады. Коммуникацияның мақсаттары әлеуметтік болып табылады, ал қоғамдағы түрлі өзгерістер оған ықпал етіп, әсерін тигізіп отырады дейді О.Л. Каменская. Бұл көзқарасты Д.Т.Турсунов та өз еңбегінде толықтыра түседі. Қарым-қатынас жасау, өзара сөйлесу барысында кім сөйлеп тұр, кіммен сөйлесіп тұр, не жайлы айтып тұр, қай тілде, не үшін, қандай жағдайда сөйлесіп тұр, оның нәтижесі қандай деген сияқты факторларды ескерудің маңызы үлкен деп есептеледі.

Сөйлеуші белгілі бір жағдаятта өз ойын айту арқылы тыңдаушының көзқарасын немесе тәртібін т.б. өзгертуге, оған ықпал етуге талпынады. Айтылған сөздің негізінде сөйлеушінің коммуникативтік көзқарасы жатады. Сөз белгілі бір адресатқа, тыңдаушыға бағытталады, яғни сөйлеуші тыңдаушыға ақпарат хабар беріп қана қоймайды, сондай-ақ оған ықпал етуді де көздейді. Адамдардың сөйлеу мәнеріне олардың әлеуметтік жағдайы, мәдениеттік деңгейі, адамгершілік, этикалық нормаларды игеруі, жасы, мінезі т.б. сияқты жеке бас қасиеттері, ал кейде белгілі бір жағдаятта адамдардың сол кездегі психикалық және физикалық жағдайы, көңіл-күйі, қызығушылығы т.б. да әсер етеді екен. Осы жайттарды ескере келіп коммуникацияның тиімділігін арттыратын мынадай жағдайларды атап көрсетуге болады:

1. Автордың интенциясы – яғни сөйлеуші ақпарат хабарды жәй ғана айта салмайды, ол өз сөзін, айтар ойын белгілі бір мақсатты көздеп барып құрастырады. Яғни сөйлеушінің коммуникативтік қарым-қатынасы тыңдаушының коммуникативтік деңгейіне сай болуға тиіс.

2. Прагматикалық бағдар бойынша айтылатын ой, сөздің дұрыс берілуі тыңдаушыға дұрыс жетуіне, сөздердің қаншалықты дұрыс немесе бұрыс тандалып алғанына тікелей байланысты болады.

3. Коммуникация өзара сөйлесушілердің, қарым-қатынас жасаушылардың жалпы білім, білік деңгейіне әлеуметтік тәжірибесіне, тілді қаншалықты білетіндігіне негізделеді.

Г.В. Колшанский коммуникативтік интенцияларды төрт түрге бөледі:

1. Белгілі бір тақырыпқа бағытталған (өз дәлелдерін келтіріп, әріптесінің көзін жеткізу, хабарлар айту, өз пікірін білдіру);

2. Іс-әрекетке бағытталған (тыңдаушының белгілі бір іс әрекетті тудыруы, өзінің іс-әрекетін түсіндіру);

3. Көңіл-күйіне бағытталған (көңіл-күйін білдіруге ұмтылу: жек көру, қуану, ашулану, т.б.)

4. Қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

О.Л. Каменскаяның пікірінше, коммуникация екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа – бұқаралық ақпарат құралдары: радио, теледидар, түрлі басылымдар, әдеби шығармалар жатады.

Коммуникацияның екінші тобына ол адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты жатқызады. Бұған телефон, телеграф, почта қызметі, әңгімелер, емтихандар, сөйлесу т.б. қарым-қатынастар жатады. Осы пікірді басқа да ғалымдар өз зерттеулерінде қолдайды. Коммуникация көбінесе ауызша (радио, теледидар, кино) және жазбаша (пресса) түрде іске асады. Екі жағдайда да коммуникацияның негізіне мәтін жатады.

Жаңа қоғамда коммуникацияның тағы бір түрі пайда болды. Ол – «адам –ЭЕМ» немесе, толығырақ айтсақ, «коммуникацияның адам мен машиналық жүйесі». Көптеген ғалымдар коммуникациялық хабарлар негізінен мәтіндер арқылы берілетінін айтады. Мәтін көпшілік коммуникация да, өзара қарым-қатынас коммуникациясында да қолданылатын универсалды құрал болып табылады. Ал орта мектеп жағдайында оқушылардың сөйлесуі, хабарлар алмасуы, әңгімелер айтуы т.б. көпшілік коммуникация түрінде де, өзара қарым-қатынас коммуникациясы түрінде де, сондай-ақ «адам-ЭЕМ» түрінде де жүзеге асырылады.

Сонымен, ілгеріде көрсетілген көзқарастарды талдап, қорыта келгенде, оқытудың коммуникативтік әдісінің мынадай тиімді жақтарын атауға болады екен:

- оқытудың сөйлеуге жетелеуі;
- баланың әлеуметтік және жеке бас ерекшелігін ескеруі;
- оқытудың адамгершілік қасиетке негізделуі;
- шетел тілінің балаға күнделікті өмірде керек екендігін түйсіндіруі.

Елімізде білім беру саласын, мектептерді қайта құру, жаңалау ісі жүріп жатыр. Мектептегі демократия мен ізгілік, ынтымастық, педагогтардың кәсіби шеберлігі мен мамандық дәрежесін арттыру, шығармашылық ізденісіне жол ашу – кезек күттірмейтін шаралар. Мектеп тәжірибесінде шетел тілін оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың, оқыту түрлерін жетілдірудің әдістері кеңінен қолданыла бастады. Сол

әдістердің бірі – оқытудың коммуникативтілігі. Біз өз зерттеу жұмысымызда тілді коммуникативтік мақсатта қолдануға қандай талаптар қойылатынын да назардан тыс қалдырмауды жөн көрдік. Осы мақсатпен атақты әдіскер ғалымдардың осы мәселеге арналған зерттеу еңбектерімен таныстық.

И.В. Рахманов оқушы өзі оқып жүрген шетел тілін коммуникация құралы ретінде қолдануына мынадай кедергілер бар екендігін айтады:

Біріншіден, оқушы шетел тілін өз ана тілін толық меңгергеннен кейін оқи бастайды. Ал ана тілі шетел тіліне оқушының еркінен тыс тиімсіз ықпал ететіні белгілі.

Екіншіден, шетел тілін табиғи ортадан тыс жерде үйренген жағдайда оқушыда сол тілді үйренуге деген талпыныс тым әлсіз болады.

Шын мәнінде, қазіргі орта мектепте табиғи емес ортада шетел тілін үйреніп жүрген оқушының өз білімін болашақта қолдана алатынына кейде нақты көзі жете бермейді, анық білмейді. Бұл жағдайдан шығар жолды табуды ғалымдар іздестіруде. Олар сабақты неғұрлым қызықты ету үшін оқу-әдістемелік кешендердің, түрлендіріле ұсынылатын оқыту тәсілдерінің, әсіресе, бастапқы сатыда, ауызша сөйлеуге арналған жаттығулардың көптігі көмектесетініне баса назар аударуда. Ал шетел тілін табиғи ортада үйренген жағдайда сөйлеуге деген шынайы талпыныс еріксіз пайда болады.

И.Л. Бим мен А.А. Голотина және т.б. көптеген ғалымдар, орта мектепте сабақ беретін мұғалімдер де шетел тілін меңгеруге кедергі келтіретін тағы бір себеп оған бөлінетін сағат санының аздығынан деп санайды. Өзі табиғи ортадан тыс оқылып жатқан пәнге бұл жағдайдың нұқсан келтіретінін ғалымдар үнемі айтып келеді. Тілдің табиғи ортасында тіл үйренуші уақыт жағынан шектелмейді, күні бойы сол тілдегі сөзді естиді, сол тілде сөйлеседі. Ал табиғи ортадан тыс, мектептегі сабақ арқылы ғана тіл үйренуші аптасына екі-төрт сағаттан артық бұл тілді қатынас құралы ретінде қолдана алмайды. Бірқатар ғалымдар (И.В. Рахманов, Н.И. Гез, В.Л. Скалкин т.б.) орта мектепті бітірген оқушы жеткілікті сөз қорын игеріп, білім, білік дағдыларын дұрыс пайдалана алуы

үшін көп жаттығулары керек деп ой түйеді. Ауызша сөзді жетілдіру үшін жасалатын жаттығулардың көбісі тіл және сөз жаттығулары ретінде беріледі және ондай жаттығуларсыз оқушыларды еркін сөйлеуге үйрету мүмкін емес.

Шетел тілінде меңгерілетін лексикалық материалдардың бағдарламаларда рецептивті және репродуктивті болып бөлінуінің маңызы зор. Оқушылар ана тілін жақсы білетіндіктен, тілдік материалдар рецептивті меңгеруден репродуктивті меңгеру сатысына қиындықсыз өте алады, бірақ шетел тіліндегі тілдік білім, білік, дағдылардың жетіспеуінен бұл құбылыс өзінен-өзі бола салмайды, арнайы жаттығуларды қажет етеді. Алайда, бара-бара білік, дағдылары жетіле келе, дұрыс сөз үлгілерін көптеп ести келе оқушы өзінің сөз қорын байытады да, рецептивті түрде меңгерген сөздері репродуктивті түрде қолданылатын сөздерге айналады.

Оқушылардың сөйлеген сөзі жатық болуы үшін олар тақырыптардан тыс басқа сөздерді де меңгере білулері керек. Ондай сөздер қатарына сәлемдесу, әдептілік ишараттарын, өтінішті, баға беруді білдіретін сөздер жатады. Мысалы, «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы кеш», «Рұқсат етіңіз...», «Бұл қызық екен, түсінікті, жақсы...» т.б.

Коммуникативтік қарым-қатынас үшін оқушының сөздік қорында зат есімдер мен етістіктердің, есімдіктер мен көмекші сөздердің болуының маңызы үлкен. Бұндай сөздердің көмегімен көп нәрсе жайлы білуге, түрлі ойды білдіруге болады. Сондай-ақ, көмекші сөздердің, жоққа шығаратын сөздердің; заттың қайда екенін шамамен білдіретін, іс-әрекеттің санын немесе мезгілін білдіретін сөздердің, модальды сөздердің, сондай-ақ істің, қимылдың басталуын, аяқталуын, жалғасуын білдіретін сөздердің және т.б. атаулардың алар орны ерекше.

Ал осы сөздерді қамтитын ілгеріде аталған тақырыптарға келсек, оларға қатысты жағдаяттарға тоқталмай кету мүмкін емес. Жағдаяттар негізінен мынадай болады: Барлық әңгімелер біздің елімізде болады да, ал сөйлесетін әріптестер – шетелдіктер болады. Мұндай жағдаяттар заттарға

және қарым-қатынастарға байланысты болуға тиіс. Сонымен бірге суреттеу пікірталас жағдаяттарын да атаған жөн. Мысалы:

1. Заттарға байланысты жағдаяттар: а) Мектепте: шетелден келген оқушылар біздің оқушылардан қандай кітаптар, пәндер оқитындарын сұрайды. Бұған табиғат, т.б. туралы суреттеу де кіреді. ә) Көшеде: шет елдік қонақпен көшеде, метрода кездесу. Шетелдік қонақ біздің қалада алғаш рет болғандықтан, жол сұрайды.

2. Қарым-қатынас (пікірлесу) жағдаяттары: а) Мектепте: отбасы туралы фильмді талдау. ә) Көшеде: автобуста шетелдікпен әңгіме.

3. Суреттеу жағдаяттары: 1. Оқушы шетелдікке көшеде жол сілтеп, қаланы суреттейді. 2. Өзге елден келген мұғалім оқушылардан мектеп туралы сұрайды.

4. Пікірталас жағдаяттары: 1. Оқушы қызыл шамға қарамай көшеден өтеді. 2. Оқушы үш күн бойы сабаққа келмей қалады.

Оқытудың бастапқы сатысына арналған жағдаяттар арнайы құрылуы тиіс. Ол келешек зерттеулердің міндеті.

Лексиканы коммуникативтік мақсатта қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ең әуелі оларды қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйрету керек деген сұрақ туады.

Е.И. Пассов сөздерді коммуникативтік мақсатта қолдану үшін мынадай жайттарды ескеру керектігін айтады:

а) қажетті сөзді еске түсіру;

ә) сөзді өзіне қажетті ситуацияға сәйкес басқа сөздермен байланыстыра сөйлем құрап, дұрыс қолдана алу.

Енді осы аталғандарды ескере келе жаңа сөздерді пайдалану дағдыларын қалыптастыруда кездесетін кедергілерге тоқталайық:

Бірінші, оқушы басқа сабақтан шетел тілі сабағына келгенде ол әлі де сол сабақтың әсерінде болғандықтан, жаңа сөзге мән бермейді.

Екіншіден, алдымен жеке сөздерді жаттап, оларды содан соң қолдануға үйрету оқушылардың белсенділігін арттырмайды. Оның үстіне сөздерді сөз әрекеті түрлерінде қолданып, жаттығуға мүлде аз ғана уақыт қалады. Ал



сөздерді есте сақтай отырып, бір мезгілде қолданса, дағды жеңілрек қалыптасады.

Үшіншіден, сөзбен істелетін жұмыс оның мағынасын ашумен шектелмеуге тиіс. Өйткені сөзді қолдануда оның мағынасын емес, өзге сөздермен тіркесуінің атқарар қызметі үлкен. Сөзді дұрыс меңгере алу оның міндетін, қызметін жетік білуді талап етеді.

Бір жағынан, оқытудың бастапқы кезеңінде оқушылардың өз беттерімен өздерінің күнделікті өмірлеріне байланысты проблемаларға, саяси және моральдық мәселелерге қатысты көзқарастарын өз тілінде айтып жеткізу қабілеті онша дамымаған, жетілмеген болып келетіні де рас. Ал, шетел тілі мұғалімі бұл жағын жетілдірсе, сөз қоры жетіспей жатады. Осы қиындықтан шығатын жолды іздестірген В.С. Коростелевтің пікірінше, тілді коммуникативтік мақсатта қолдану үшін ең әуелі екі проблеманы шешіп алу керек: бірінші, оқушы жаңа сөзді қажет ететіндей жағдай туғызу, екіншісі ол сөзді оқушы қолдана алатындай ыңғайлы етіп беру қажет.

Бұл аталған проблемаларды шешу үшін біз Н.П. Бехтереваның және В.С.Коростелевтің зерттеуіне сүйендік. Н.П. Бехтерева зерттеуінің нәтижесіне қарағанда, оқушы бір сөзді есте сақтау үшін сол сөз оның эмоциясына әсер ететіндей аса мәнді болуы керек. Сонда ғана оқушы сөздерді есінде сақтап, оларды өз ойын жеткізу барысында дұрыс қолдана алады. Осы міндетті шешу үшін Н.Бехтерева сабақтың басында үш, төрт минуттық үзінді фильм көрсетіп, содан соң жаңа сөздерді таныстырады. Сол арқылы сөздерді меңгерудің талпындырғыш негізін жасайды. Егер арнайы фильмдер жоқ болса, балалар мен жас өспірімдерге арналған фильмдерден үзінділер алуға болады немесе сюжетті суреттер тізбесін пайдаланады. Үзінділер балалардың жас ерекшеліктеріне сай, оларға әсер ете алатындай, өз пікірін, ойын айтуға итермелейтіндей, қызықтыратындай болғаны жөн деп есептейді ғалым.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы басшылығының СОРОС – Қазақстан қорымен тікелей

жүргізілген байланысы арқасында бірталай Қазақстан ғалымдары бельгиялық ғалым К.Рожьенің біліктілікті оқушы бойына қалай қалыптастыруы жайлы, Австралия ғалымы С.Виллистің, Финляндия ғалымы П.Тунниаяның 2002-2003 жылдардағы сөйлеуге үйрету хақындағы ғылыми семинарларына қатысып, олардың еңбектерін, мақалаларын және интернет сайттарындағы шетелдік оқыту әдістемесі бойынша жинақталған материалдарды талдап, зерттеу барысында әлемдегі шетел тілін оқытудың жаңа тәсілдерін өз елімізде қолданылып жүрген жаңа әдістермен салыстыруға мүмкіндік туды. Осы әдебиеттерді, тәжірибелерді талдау барысында көз жеткізгеніміз, бүгінгі ғалымдар оқыту үдерісінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді формаларына бет бұрды. Сондай-ақ, ілгеріде аталған шетел ғалымдарының түпкі нәтижені алдын ала жоспарлай отырып оқытуды көздейтін зерттеулерімен танысуға мүмкіндік болды. Ол зерттеулер жас жеткіншектерді алған білімін өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда қалай дұрыс қолдану, дұрыс әрекет етуге құзырлы болуға баулу қажеттігін мақсат еткен.

Құзыреттілік немесе біліктілік:

– жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасады;

– тіл мен психолінгвистикада тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру арқылы қалыптасады.

Бұл жерде құзыреттілік пен сөйлеуде тілді қолдану дегенді айыра білу керек.

Қазіргі заман талабы кез-келген оқушы әр сабақ үстінде жаңа білім алып қана қоймай, соны көбіне өзі игеріп, ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, үнемі даму үстінде білікті болуын қалайды. Соған сай әлемдегі озық педагогикалық бағыт дамыта оқыту идеясын басшылыққа алу керектігін міндеттейді.

Ілгеріде аталған міндеттерді орындау мақсатында біз алдымен зерделі зерттеулерге теориялық тұрғыда талдау жасауды көздедік. Ол үшін отандық және шетелдік ғалымдардың әдістемелік, педагогикалық, психологиялық

еңбектерімен танысып, оқыту мәселесіндегі ғылыми жаңалықтарды, бағдарларды анықтауды қолға алдық. Осы орайда өз еліміздегі, ТМД елдеріндегі және де алыс шет мемлекеттердің білім, ғылым саласындағы озық үрдістер, білім берудегі көзделер түпкі нәтиже, білім сапасы мен сатылары сияқты т.б. мәселелерге баса көңіл бөлінді.

#### **1.4 Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологиялардың қолданылу жайы**

Ғылым мен білім ғарыштап дамып отырған жиырма бірінші ғасырда шетел тілдерін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың қажеттілігі, шетел тілінен білім мен біліктіліктің қолданылу аясының күн өткен сайын кеңеюі еліміздегі әрбір оқушының тілдік қана емес техникалық та толық білімі болуына баса мән берілуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім берудің және тәрбиелеудің сапасын жақсарту әр пәнді ғылыми негізде, заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту талаптарын қойып отыр. Білім беруді ақпараттық технология жаңалықтарымен толықтыру елімізде білім беру сапасын арттырудың басты бағыттарының бірінен саналады. Кеңес Одағы кезінде шетел тілін оқыту ісінде Қазақстанда оқу бағдарламасынан бастап оқулықтардың, кешендердің, ақпараттық технология құралдарының тек қана Ресейден шығарылып, одақтас республикаларға таратылып отырғанын біз ілгеріде атап өткенбіз. Кеңестік мектептерде ақпараттық құралдардан ең әуелі радиодондар, одан соң барып грампластинкалар шығарылып, қолданылды.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін кеңестік мектептерде шетел тілін үйретуде қолданылған техникалық құралдардың бірі радиодон болды. Радиодон арқылы алдын ала дайындалған фонограммалар арқылы мәтіндер тыңдатылды. Өзі қалаған материалдарын фонограммаға жазуға кез келген мектеп мұғалімінің мүмкіндігі болмады, бұл радиодонның кемшілігі еді. Өйткені радиодондағы фонограммалар тек қана шет елдік диктордың оқуымен жазылуы тиіс еді. Радиодондар тек қана үлкен қалалардағы мектептердің мұғалімдерінің қолына тиді,

ауылдық мектептерде радиофонды қолдану мүмкіндігі болмады.

Шетел тілі пәндерін оқытуда сексенінші жылдарға дейін мектептерде ұзақ жылдар бойы түрлі жаттығулар, мәтіндер, әндер т.б. жазылған грампластинкалар пайдаланылды. Грампластинканы сабақта қолдану оқушыларды шетел тілін жақсы меңгеріп, оған деген қызығушылығын, ынтасын арттыру мақсатын көздеді. Сабақ үстіндегі тәсілдерді түрлендіру арқылы білім берудің тиімділігін негіздеген Д.Д. Остапенко грампластинкалардағы жазбаларды, фильмоскопты, эпидиоскопты, диапроекторды қолдану барысында мынадай мақсаттарды орындауға қол жететінін айтады:

- 1) оқушыларды шет елдіктің сөзін түсінуге үйрету;
- 2) жеке дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін т.б. дұрыс айтуға жаттықтыру;
- 3) оқушыларды дұрыс оқуға төселдіру;
- 4) шәкірттерді ән айтуға үйрету;
- 5) өзге елдің музыкалық және т.б. мәдени мұралармен таныстыру.

Сонымен, жоғарыда айтылған техникалық құралдардың шетел тілін оқытудағы мынадай тиімді жақтары болды:

- техникалық құралдарды қолдану мұғалімнің оқушылар алдындағы беделін арттыра түседі;
- техникалық құралдар мұғалімді көптеген механикалық түрдегі жаттығу жұмыстарынан босатады;
- техникалық құралдарды сабақта тиімді қолдану арқылы мұғалімнің уақыты үнемделіп, ол бос уақытын нашарлау оқитын оқушыларға жұмсауға мүмкіндік алады;
- мұғалімнің жұмысының тиімділігі артады.

Кеңестік мектептердегі неміс тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер өткен ғасырдың сексенінші жылдары қайта толықтырылып, жаңартылды. Неміс тілінен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау Мәскеудегі Педагогика ғылымдарының академиясында (АПН) профессор И.Л. Бимнің жетекшілігімен жүргізілді. Ол кешендер әрине, бүкіл Кеңес Одағының сол кездегі құрамында болған он бес одақтас республикалардың мектептеріне бір ғана орталықтан таралып отырылды. 1980

жылдан бастап жасалған жаңа оқу-әдістемелік кешеннің құрамы мынадай болды:

1. Мұғалімге арналған кітап;
2. Оқушыға арналған кітап;
3. Оқу кітабы;
4. Грампластинкалар топтамасы (жаттығулар, мәтіндер);
5. Оқу-көрнекілік құралдар топтамасы (тақырыптық суреттер және заттық суреттер);
6. Фланелеграфқа арналған тапсырма материалдары;
7. Грамматикалық кестелер топтамасы;
8. Диафильмдер;
9. Кинофрагменттер;
10. Кинокольцовкалар;
11. Лингафондық практикум;
12. Мұғалім құралы;
13. Оқушыларға арналған көркем суретті материалдар;
14. Үзілісті жаттығулар жазбасы.

Дайындалған кешен құрамындағы он бір құралдың бесеуі техникалық құрал болды. Бұл, әрине, сол кездегі кеңестік ғалымдардың шетел тілінен білім беруді мүмкіндігінше сол кездегі уақыт талабына сай етуді көздегендерін танытатын мағлұмат.

Мәскеудегі Педагогика ғылымдарының академиясы (АПН) Кеңес Одағы кезінде шетел тілі пәндерін оқытуға арналған техникалық құралдарды, олар арқылы қолданылатын ұнтаспа жазбаларын шығаруға рұқсат еткеннен кейін ғана бұл құралдар түрлі студиялар мен музыкалық қорларда жазылып, мектептерге жолдама алатын. Магнитті ұнтаспа жазбалары лингафон кабинеттерінде немесе жай сыныпта магнитофонмен жұмыс істеуге арналып дайындалады. Ұнтаспа жазбаларының тиімді жағы сол, онымен оқушылар, сыныпта да, үйде де жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, әрі ұнтаспа жазбаларын грампластинка жазбаларына қарағанда ұзағырақ қолдануға болады. Магнитті ұнтаспа жазбаларына қосымша әдістемелік нұсқау бірге шығарылып отырды. Әр сыныпқа арналған ұнтаспа жазбалары үш немесе төрт магниттік ұнтаспадан тұрды, әр ұнтаспаға 17-18 жаттығу енді. Оларға мектеп қабырғасында қолданылатын

жаттығулар, мәтіндер және сабақтан тыс пайдалануға болатын материалдар, сондай-ақ, әндер де енді. Сабақтан тыс жұмыстарға арналған жаттығуларды факультатив сабақтарында да қолдануға болатын. Жаттығулар лексикалық материалдарды, грамматикалық жүйені есте сақтауды автоматтандыруға арналды. Үнтаспа жазбалары мұғалімге оқу үрдісін белсенді етіп, оқушылардың сөйлеу біліктілігін тиімді қалыптастыруға көмектесті.

Ресейдің «Школфильм» атты арнайы студиясы мектеп оқулығындағы материалдарға сай лексика-грамматикалық материалдарды түсіндіріп, пысықтауға, қайталауға арналған транспоранттар сериясын жасап, мектептерге ұсынып отырды. Бұл жұмыс, әсіресе, 1980-1990 жылдар аралығында жан-жақты жүргізілді.

Транспорант материалдары жүйелі түрде грамматикалық және лексикалық материалдарды неғұрлым жеңіл меңгеруге бағыттанып, сюжеттер мен көріністер интеграцияланып берілді. Сол арқылы оқушының белсенді сөздік қорын молайту басты назарда болды. Сынып тақтасында немесе экранда көрсетілетін транспоранттар үлестірмелік материалдар ретінде де қолданылды.

Шетел тілін үйретуде мектептерде кеңінен қолданылған, қазір де қолданыста бар техникалық құралдардың бірі – диафильмдер. Диафильмдер белгілі бір тақырыпқа арналып дайындалады. Диафильмнің пән мұғаліміне ыңғайлы жағы мұғалімнің өз қалауынша диафильмге арнайы үнтаспа жазып қолдануына мүмкіндігі болуы еді. В.М. Глушкин мұғалім мұнда әр сынып оқушыларының білім деңгейін, мүмкіндіктерін ескеретіндіктен, бұл фонограммалардың тиімділігі жоғары болатынын айтады.

*Диафильмдер* мектептегі барлық сыныпқа арналған оқулықтардағы тақырыптарды қамтыды. Олардың авторлары И.Л. Бим мен А.А. Галотина болатын. Диафильмдерді қолдану тәсілі бүкіл Кеңес Одағына «Мектептегі шетел тілі» журналы арқылы таралып отырды. Диафильмдер негізінен оқушының сөйлеу тілін ұштап, коммуникацияға жетелеуді мақсат етті.

*Диапозитивтер*, әсіресе, 1980 жылдан бастап арнайы түрде дайындалып, жан-жақты қолданыла бастады. Бұл кезге дейін кеңес мектептері оқулыққа арнайы қосымша жасалған диапозитивтерді емес, қолда бар диапозитивтерді пайдаланған болатын. Ал жаңа диапозитивтер мазмұны оқушылардың тыңдап түсінуі мен сөйлеуіне, күрделі мәтіндерді оқуға, білім беру арқылы тәрбиелеуге бағытталды.

Диафильмдерді Ресейдегі «Диафильм» студиясы дайындады. Оларды жасауға А.В. Кузина, И.И. Серебряников, Е.В. Писаренко сияқты т.б. мұғалімдер мен ғалымдар атсалысты. Диафильмдерде шет елдік ғалымдар мен атақты музыканттар, ақындар, жазушылар т.б. өмірі мен еңбегінен өнеге, тәлім берерлік материалдар қамтылды. Мысалы, неміс ақындары Г. Гейне, И.В. Гете, өнер шеберлері Ф.Шуберт, Ф.Лист, Л.Бетховен т.б. өмірі мен шығармалары туралы материалдар берілді.

Өзге тілді үйретуде кеңінен қолданылатын ақпараттық құралдардың бірі – оқу фильмдері. *Оқу фильмдерін* жасауға қатысқан авторлардың бірі Б.С.Лебединская болды. Неміс тілінен ол дайындаған Л.Н. Толстойдың «Үш аю» ертегісі негізінде жасалған оқу фильмінде «sein» және «haben» етістіктерінің өткен шақта қолданылуы қарастырылса, «Қызыл телпек» ертегісі желісінде түсірілген оқу фильмінде бірнеше неміс әндері қамтылды. «Мамыр келді», «Қыс келді», «Лорелай» т.б. немісше әндерді Е.Г. Онгемах дайындады.

Кеңес Одағы кезінде тілді үйретудің дәстүрлі тәсілдерін неғұрлым тиімді ету үшін проекционалдық және дыбыстық техникалық құралдар да қолданылды. В.М. Глушкин өзінің «Шетел тілін оқытудағы техникалық құралдар» атты зерттеуінде бұл құралдарды қолданудың практика жүзіндегі мынадай пайдалы жақтарын атап көрсеткен:

– мұғалімнің ақпараттық мәліметті беру мүмкіндігін молайтады;

– сабақ барысында оқушылардың атқаратын іс-әрекеттерін реттеп, оларға бағыт-бағдар беруге көмектеседі;

– ауызша іс-әрекеттердің кейбір түрлерінен жасалатын жаттығуларды қызықты әрі белсенді етеді.

Шетел тілін оқытуда дыбысты техникалық құралдар ішінде бүкіл Одақтас республикалар мектептерінде ең кеңінен қолданыс тапқаны магнитофон болды. Магнитофонға мұғалім алдын-ала өзіне керек сабақ материалдары бойынша фонограмма дайындады немесе диктордың оқуындағы фонограммаларды пайдаланды. Әсіресе, фонетикалық жаттығуларды жасау үшін шетелдік диктордың оқуындағы жазбалардың шетел тілін дұрыс меңгертуге тигізген пайдасы өте үлкен болды. Жеке дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді, сөз тіркестерін және мәтіндерді оқушылар үйреніп жатқан тіл елінің дикторының оқуы оқушыға шетел тілінде дұрыс сөйлеудің үлгісін көрсетіп әрі сабақты әдістемелік тұрғыда түрлендіріп, қызықты ете түсуге сеп болады. Фонетикалық жаттығулардың хормен жасалуы шетел тілін үйретуде өте тиімді, нәтижелі екендігін ғалымдар күні бүгінге дейін мойындайды, оған дәлел ондай фонетикалық жаттығулар қазір де мектептерде кеңінен қолданылады. Бертін келе мектептерде лингафон кабинеттерін магнитофон қондырғыларымен жабдықтап, арнайы кабинеттер жасалынды.

Мұғалімдер лингафон кабинетінде қажетті лексиканы пысықтауға және ауызша сөйлеуге жаттықтыруға қажетті өздерді қалаған материалдарды жаттығу ретінде ұнтаспаға жазып, «оқушы-лингафон» тәртібінде жұмыс жүргізіп, тақпақтар, мәтелдер қолдану арқылы дұрыс оқу техникасы мен екпіндерді шетел тілінде дұрыс айтқызуға, сөздердің ырғағын жақсы меңгертуге мүмкіндік алады.

Шетел тілі пәнінде түрлі жаттығулар лингафонның көмегімен орындалып, балаларды шетел тілінде дұрыс сөйлеуге үйретіп, сөйлер алдындағы психологиялық кедергілерді жоюға көмектесті. Ол жаттығулардың түрлері мынадай болды:

- сұрақ-жауап жаттығулары;
- ұмтылыс-реакция-жауап кілті-қайталау;
- топ болып хабарлама жасау-үзілісті жаттығу.

Лингафон кабинетінің тиімді жағы сол, оқушылардың бір-біріне кедергі жасамай, жеке-жеке өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Мұғалім кезек-кезек өзіне керек оқушыны тыңдап, сұрақ қойып, жауап алады. Лингафонды қолдану, білік,



дағдыларды тезірек қалыптастыратынын айта келе Г.М.Глушкин лингафон кешенінің бірнеше тиімді жақтарына тоқталады:

– лингафонмен жұмыс істеудегі көзделетін ең басты мақсат – тыңдағанын

түсіне алу және сөйлей алу;

– қиын материалдарды меңгертуге мұғалім алдымен сыныпта дәстүрлі түрде жаттықтырады да, одан кейін барып, лингафон кабинетінде пысықтайды;

– оқушылар бір-біріне кедергі келтірмей бір мезгілде бәрі дауыстап сөйлей алуға мүмкіндік алады;

– лингафон кабинетінде оқушылар тілді үйренумен қатар өз бетімен еркін, ешкімнен қымсынбай, ұялмай сөйлеуіне, белсенді болуына жағдай туады;

– оқушылардың барлығының шет елге барып, шет елдіктермен араласып,

қарым-қатынас жасап, сөйлесуге мүмкіндіктері жоқ екендігі ақиқат, ал олардың өз елінде жүріп-ақ шетел тілін дұрыс үйреніп, дұрыс сөйлеу дағдысының қалыптасуына лингафон кабинетінің қосар үлесі үлкен-ақ;

– лингафон кешенінің көмегімен дұрыс сөйлеуге қол жеткізе отырып, тіл

үйренуші оқушының сөз мәнері мен сөйлеу жылдамдығының шет елдіктің сөйлеу нормасына жақындауына тікелей себеп болды;

– лингафонға арналған жаттығулардың көмегі арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады әрі шетел тілін оқып, үйренуге дағдыланып, белгілі бір деңгейде білігі артады.

Дыбыстардың қысқа немесе созылыққы айтылуы, сөздердегі екпіннің және сөйлемдердің дауыс ырғағы, т.б. бәріне техникалық құралдар қолдану тиімді деп есептеледі. Дей тұрғанмен барлық істелетін жұмысты қадағалайтын пән мұғалімінің алар орны ерекше.

Шетел тілін оқытуда мұғалімге ең қиын тиетіні тіл үйренушілерді тыңдап түсінуге дағдыландыру. Оқушы үнемі күнде өзіне сабақ беріп жүрген мұғалімнің шетел тілінде сөйлеген сөзін түсініп, дағдыланып алады, ал шет елдікпен

сөйлесе қалатын жағдайға кез келсе, оны бірден түсінуі қиынға түсетіні практикадан белгілі. Осындай жағдайды болдырмау үшін оқушыларға түрлі ұнтаспа жаттығуларын, мәтіндерді, түрлі әндер мен жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді мақсатты түрде тыңдатып, түсіну дағдыларын жан-жақты қалыптастыру керек. Техникалық құралдардың көмегімен жасалынатын тыңдап түсінуге арналған түрлі жаттығулардың жүйелі түрде, үнемі жүргізілуі білімді сапалы етері сөзсіз.

Білім беру саласындағы техниканың соңғы жаңалықтарын енгізу қай елде болмасын ғылыми-техникалық прогресс деп саналады. Кеңестер одағында ЭЕМ-ді мектептегі пәндерді оқыту үрдісінде қолдану өткен ғасырдың сексенінші жылдары көп зерттеліп, оң нәтижелері практикада пайдаланыла бастады. Кеңес Одағы Комунистік партиясы өзінің XXVII съезіндегі «Кәсіптік және жалпы орта мектептердегі реформаның негізгі бағыттары» деген Қаулысында мектептердегі пәндерді оқытуды оптимизациялап, оқу-тәрбие үрдісіне компьютерді кеңінен қолдануды мақсат етіп қойды.

Сонымен, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы мектептерде компьютерді шетел тілін оқытуда қолдану ең әуелі Ресей мен Прибалтика республикаларында өткен ғасырдағы сексенінші жылдардың басынан бастап қолға алынды. Сол жылдарда кеңестік ғалымдар компьютердің қолдану ауқымын, міндетін т.б. енді ғана зерттей бастаған болса, АҚШ-тағы оқу орындарының 99 пайызы компьютермен қамтамасыз етілген еді. Оқу үрдісіндегі компьютерге арналған жаңа бағдарламаларды, қолданылатын тәсілдерді, мақсат-міндеттерді, білім мазмұнын т.б. КСРО ғалымдары Е.Азимов, В.Н. Алалыкин, А.В. Зубов, И.А. Дьяченколар, т.б. зерттесе, Германияда Е. Бухгальц, Венгрияда А. Дебречене, т.б. зерттеді. Ұлыбританиялық ғалым К. Джонс, М. Кеннинг, т.б. компьютерге арналған ойындық және диалогтар түріндегі еліктіру-модельдеу бағдарламасын жасады.

Оқушының өз бетімен істейтін жұмысының бағдарламасын Ұлыбритания ғалымы М. Кеннинг жасаса, осы елдің ғалымдары Б. Джонс, Д. Фокс аудиториялық жұмыстарды компьютерге сәйкестендіру бағдарламасын ендірді. Бұл

бағдарламалар оқушыларды когнитивтік коммуникацияға неғұрлым тезірек баулып, сабақтағы іс-әрекеттерді мүмкіндігінше оқушының жеке басына бағытталған әрі шығармашылық сипатта болуын қарастырды.

Ресейлік ғалым М.Д. Рыбаков компьютерді шетел тілі пәні сабағында қолданудың төмендегідей тиімді жақтарына тоқталады:

- компьютер тіл үйренушінің коммуникативті бағыттағы әріптесі болады
- тілін үйреніп жатқан ел туралы кең мәліметтер береді;
- балаға шетел тілінің түрлі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық т.б. ерекшеліктерін көрсетеді;
- оқушы мектептен тыс жерде де компьютер арқылы шетел тілін оқуды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік алады;
- оқушының өз бетімен жұмыс істеу біліктілігін арттырады;
- компьютерді қолдану оқу-тәрбие үрдісіндегі музыкалық, түр-түстік, сандық, ойындық т.б. мәліметтерді жеңіл шешуге қолайлы жағдай тудырады.

Осы аталған жайттарға қоса М.Д. Рыбаков 1986 жылы шетел тілі сабағында компьютерді қолданудың мынадай болашағын атап айтқан болатын:

- 1) оқушылардың компьютермен сабақта және сабақтан тыс өз бетімен істейтін жұмыстарына оқу-әдістемелік және бағдарламалар дайындау қажеттігі;
- 2) шетел тілі сабағына арналған компьютерлендірілген практикумдар жасау;
- 3) факультатив сабақтарға арналған компьютерлік жұмыстардың жоспары;
- 4) шетел тілін өз бетінше үйренуге арналған компьютерлік курстар;
- 5) шетел тілінің мұғалімдері мен әдіскерлеріне арнап оқу-әдістемелік құралдар шығару.

Сондай-ақ, М.Д. Рыбаков шетел тілі пәндерінің сол кездегі білім мазмұнын компьютерді қолдану үрдісін ескере отырып қайта жасауды ұсынды.

Шетел тілін оқу үрдісінде жаңа мультимедиалық технологиялар үздік әдістемелік тәсілдермен шебер әрі дұрыс ұштастырылса өте тиімді нәтиже берерін уақыт өзі көрсетіп отыр.

Шетел тілі сабағында компьютер арқылы атқарылатын жұмыстарды екі түрге бөлуге болады. Танымдық, білімдік бағдарламаларды және материалдарды түсіндіру, пысықтау, тексеруге мұғалімнің өзі құрған қосымша бағдарламалары.

Компьютерге арналған танымдық әрі білімдік бағдарламалар сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді қолдануға өте қолайлы. Ойын элементтері бар бағдарламаларды қолданып мұғалім оқушылармен жеке және топтық жұмыстарды жасай алады. Төменгі сынып оқушылары заттарды атау, суреттердегі сөздерді оқу, қысқа әндерді айту арқылы жаңа тілді табиғи әрі жеңіл түрде меңгереді.

Ойындар арқылы шетел тілін меңгерту білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі болып есептеледі. Түрлі мультимедиалық ойындар тіл үйренушінің сөздік қорын молайтуға, грамматиканы меңгеруге, тілді естігенде түсінуге, дұрыс жазуға көмектеседі.

Компьютерді тіл үйренуге пайдалану шетел тілінің сөздерін дұрыс тыңдауға, сөздерді жеке-жеке бөлуге, сөздердің жазылуы мен айтылуын қатар салыстыруға мүмкіндік береді. Сөздердің айтылуын тыңдау мен микрофонды қолдану фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға жағдай туғызады. Әр бағдарламада белгіленген тапсырмаларды орындау тіл үйренуге деген ынта, ықыласты тудырады.

Бүкіл сынып оқушыларымен істелетін жұмысқа арналған бағдарламалар оқушылардың оқу үдерісіне белсене араласуына ықпал етеді. Мұғалім бағдарламаны көрсетіп, оқушылар компьютер экранынан көргендерін онымен бірге талдайды. Ал мұндай жұмысты қазіргі компьютерлік тақта арқылы жүргізу жұмысты балалар үшін ерекше қызықты етеді әрі мұғалім оқушылар білімінің нәтижесін компьютерге шығарады. Осындай бағдарламалар арқылы (Multimedia Teacher 3) балаларды шетел тіліндегі сөзді тыңдауға, оқуға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға үйрету жеңіл әрі нәтижелі болады.

Компьютерлік ойындар мектеп қабырғасында өтілетін тақырыптардың барлығын да қамтиды. Оқушылар өз беттерімен оларды орындай отырып салыстыруға, өзін-өзі тексеруге, сөз қорын молайтуға үйренеді. Ресей Федеративтік Республикасының Білім министрлігі бекіткен «Профессор Хиггинс» атты бағдарлама фонетика мен грамматиканы оқушылардың жеке жұмыс істеуі арқылы меңгеруіне арналған.

Компьютерге алдын ала жазылған бағдарламаны қолданып мақал-мәтелдердің, жаңылтпаштардың дұрыс айтылуын қалыптастыруға, сондай-ақ өтілген грамматикалық тақырыптардан түрлі нұсқада жеке сынақ өткізуге де болады. Дискіге жазылған сабақтарда диалогтар, ойындар, елтануға байланысты видеороликтер т.б. беріледі. Оларды мұғалім субтитрмен немесе субтитрсыз да көрсете алады.

Компьютерлік бағдарламалар бастапқы, ортаңғы және жоғарғы болып үш деңгейге бөлінеді. Тапсырмалардың бұлай үш деңгейлі болуы балаларды бір деңгейден екінші деңгейге өтуге талпынтып, ынталануға жетелейді. Тапсырмалардың алуан түрлі болуы оқушыларды қызықтырады әрі мұғалім жеке тапсырмалар беру арқылы олардың білім деңгейін нақты анықтай алады.

CD дискілеріне жазылған бағдарламалар әрі арзан, әрі мұғалім үшін қолдануға оңай, тиімді. Пән мұғалімі белгілі бір мақсатты көздеп өз бетімен арнайы бағдарлама құратын болса, онда ол өзінің дәріс беріп жүрген оқушыларының әрқайсысының жеке ерекшеліктерін, білім деңгейін ескереді. Яғни мұндай бағдарлама арқылы оқушының жеке басының ерекшелігін ескере отырып білім беру жүзеге асады.

CD бағдарламаларын қолдану барысында сабақ үстінде қажетті суреттерді ауыстыруға, кейбір ерекше элементтерді бөлектеп көрсетуге, көлемін үлкейтуге немесе кішірейтуге т.б. жұмыстар жасауға ыңғайлы. Мысалы, шетел тіліндегі сұраулы сөйлемдерді өткен кезде хабарлы сөйлемді қалай сұраулы сөйлемге ауыстыруға болатынын оқушылар өздері жасайды. Түрлі сызбалардың, кестелердің түрлі-түсті бояумен берілуі т.б. компьютер арқылы шетел тілін оқып, үйретудің тиімділігін арттыра түседі әрі материалдардың жақсы меңгерілуіне септігін

тигізеді. Әрине, арнайы компьютерлік бағдарламалар жасау мұғалімнен белгілі бір деңгейде шеберлікті, біліктілікті талап етеді. Дегенмен де шетел тілінің материалдарын компьютерлік бағдарлама көмегімен түсіндіру, пысықтау, жаттықтырудың мынадай тиімді жақтары бар:

- жаңадан түсіндірілетін материалдарға оқушылардың көңіл қоюы өте жоғары болады;

- тақырыпты оқушылардың меңгеруі әрі тез, әрі сапалы болып, олар келесі сабақта-ақ жаңа материалдармен қатесіз жұмыс жасай алады;

- оқуға деген шәкірттердің жауапкершілігі арта түседі.

Кез келген қиын материалдармен жұмыс жарыс түрінде ұйымдастырылған жағдайда оқушылар оларды еш қиындықсыз-ақ меңгере алады. Оқу материалдарын Microsoft Word-та да, Microsoft Power Point-та да жасауға болады.

Сабақтан тыс кезде компьютер мен мультимедиалық технологияларды шетел тілін үйрену үшін қолданудың пайдасы деп мыналарды айтуға болады:

- мультимедиалық технологиялар оқу үрдісін жеделдетеді;

- оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарының өсуіне сеп болады;

- материалдың меңгерілу сапасын арттырады;

- оқу үрдісінің оқушының жеке басына арналуына мүмкіндік береді;

- білімді бағалаудың субъективті болуына жол бермейді.

Компьютерлік технологияларды шетел тілін үйрету үрдісіне ендіру білім беруді жеделдетуге тікелей ықпал етеді. Олар іс жүзінде психологиялық-педагогикалық мәселелерді қолдануға жағдай тудыру арқылы білімді механикалы түрде меңгеруден өз бетінше жаңа білім алуға қажетті білік, дағдыларды қалыптастырады. Компьютерлік технологиялар білім алушылардың жеке басының қабілеттерін ашып, сақтап және жетілдіре түседі. Шетел тілін үйрену барысында техникалық құралдар мен әдістемелік тәсілдерді қатар, кешенді түрде қолданған жағдайда ғана ойдағыдай білім нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Ілгеріде аталған компьютерді білім беруде қолданудың артықшылықтарына Семей мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушылары А.Тілеубаева мен А.Жеңсехановалар да өз мақалаларында тоқтала келіп, білімді ақпараттандыруды мынадай талаптар орындау арқылы қалыптастыруға болатынын көрсетеді:

- қоғамның әрбір мүшесіне мәлімет пен білімнің берілуі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуы;
- ынтымақтастығы (айырбастау, тілектестік);
- біліктілігін үздіксіз көтеру немесе әрбір қоғам мүшесінің өмір бойғы кәсіби қызметін өзгертуі;
- жалпы білім мен тәрбиені ізгілендіруі;
- білім алуды жеделдетуі;
- ақпараттық технология мен жалпы компьютерлік сауаттылықты байланыстырып оқытуы;
- білім беру мен оқытуды қарқынды етуі.

Аталған мамандар білім беруді ақпараттандыруды толықтай өмірдегі ақпараттық қоғам шартына сай адам дайындау үрдісі ретінде сипаттауға болады дей келе, ақпараттық технология тек қана жеке даралықты қарастырмайтынын, бірдей жастағы балалардың ортақ қабілеттерін жүйелей, жинақтай отырып оқу ақпаратын меңгерудің бірыңғайлылығына да көңіл бөлуге болатынын да айтады.

Кеңес Одағы кезінде Ресей ғалымдарының шетел тілін оқыту саласы бойынша әлемде болып жатқан жаңа зерттеулермен, үрдістермен, жаңалықтармен танысып, ақпараттар алып, шет мемлекеттерге шығып ғылым мен білім саласының озық жаңалықтарымен танысуға мүмкіндіктері болды. Өткен ғасырдың сексенінші, тоқсаныншы жылдары Ресейде электрондық оқу сөздігін, оқулықтарды, оқу құралдарын пайдаланып, шетел тілі пәндерін оқыту мәселесі зерттелініп, олардың нәтижелері іс жүзінде қолданысқа ендіріле бастады. Соның бірі Л.Н. Филимонова мен Г.Г. Нуриахметовтер жасаған ағылшын тілінің электронды сөздігі.

Л.Н. Филимонова мен Г.Г. Нуриахметовтер компьютердің мәтінмен жұмыс істеу үрдісіндегі мүмкіндігінің шексіздігін

ескеріп, оқушылардың жеке жұмыс істеуіне өте қажетті дағдыларды қалыптастыратын әдістемелік нұсқаулар берген.

Тіл жүйесі өзара тығыз байланысты лексика мен грамматикадан тұрады. Сөздер туралы семантикалық, грамматикалық және стилистикалық ақпараттар мен мәліметтер бар лексиканың негізгі құрамы сөздікте беріледі. Сөздік тілдің барлық аспектілерін қамтиды, сондықтан да ол компьютер арқылы оқытудың орталық ядросы бола алады.

Оқу сөздігі керек сөздің мағынасын тауып алуға арналған анықтама ғана емес, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдайтын және лексикалық материалдарды меңгеруін жеңілдететін құрал. Электрондық сөздік – ЭЕМ-ның есінде сақтаулы тұрған жүйелендірілген лексикалық ақпарат (сөздер базасы) және ол ақпаратты өңдеуге, экранға шығаруға арналған бағдарламалар кешені. Электрондық сөздікте арнайы жаттығулар жүйесінің көмегімен оқу материалдарын меңгеруге мүмкіндік беріліп, тілдік заңдылықтар көрсетіліп, іздеу функциясы жинақталады.

Оқу сөздігін жасағанда ол қанша сөзді қамтитыны алдын ала белгіленіп, қажетті білім арқылы оқу бағдарламасы мен сабаққа берілген сағат санына байланысты құрылады. Электрондық сөздіктің бағдарламаға сай жасалуы мұғалімге лексиканың керекті көлемін түзіп, өз бетінше жаңа сөздерді қосып, қажет еместерін алып тастауға мүмкіндік жасайды.

Электронды сөздікте лексика алфавит ретімен беріледі. Бұл қажет сөзді тез тауып алу үшін керек. Бірақ сөздердің бұлай орналасуы тілдің даму заңдылығының логикасын түсінуге көмектеспейді. Сөздердің өзара байланысы мен өзара құрылымын лексиканы жасалу заңдылығына қарай шоғырландырып жасалған сөздік қана көрсете алады. Дегенмен бұл жүйеде қажет сөзді іздеп табу қиын. Осы қайшылықтарды электронды сөздік шеше алады, өйткені ол тіл үйренушіге қажет кезінде сөз қандай түрде керек болса сондай етіп көрсете алады. Сөздердің экранда шоғырландырылып орналастырылуы сөздікті оқу құралы ретінде қолданылатын жағдайда өте ыңғайлы болады. Шоғырландыру тәсілімен жасалған сөздіктер арқылы сөздерді үйрену барысында оқушылар жаңа сөзді тез есте



сақтайды, туынды сөздерді сөздікте берілген жүйеге қарап өздері жасауға жаттығады. Мысалы, шетел тіліндегі приставка сөзге жалғану арқылы басқа мағына беретінін нақты тәжірибеде өздері түйсінеді, т.б.

Сөздерді шоғырландыру арқылы жасалған электронды сөздікте бәрінен де бұрын сөзжасам үдерісінің жүйелілігі мен мағыналылығы жағына баса көңіл бөлінуі тиіс. Яғни тілдегі синхронды сөзжасам байланысының маңызы үлкен. Өйткені электронды сөздікпен жұмыс істегенде оқушы қажет болған жағдайда кез-келген сөздің сөзжасам жүйесін экранға шығарып қарай алады. Электронды сөздікте керекті ақпараттың мәліметі басқа түрмен, түспен көрсетіліп, қажетті жағдайда ерекше бөліп жазуға, т.б. болады. Бұл жайт оқушының сөздік материалды оңай әрі тез қабылдап, сөзжасам жүйесін жақсы меңгеруіне көмектеседі.

Сөздікте сөздердің синонимдері де беріледі, сондықтан сөздерді түрлі жағдаяттарда дұрыс тандап алуға болады. Электронды сөздіктің тағы бір пайдалы жағы онда терминдер анықтамасының, тиімді жаттығулардың да болуы. Жаттығулар мынадай негізгі үш түрде болады: жеке сөздер, сөз тіркестері және сөйлемдер. Мысалы, оқушы тұрақты сөз тіркестерін үйренгенде алдымен оның мағынасын дұрыс табу үшін сөз тіркестерінің тізімі беріледі. Оқушы сөз тіркестерін дұрыс қоймайынша жаттығудың келесі деңгейіне өте алмайды.

Электронды сөздікпен жұмыс оқушы мен компьютер арасындағы диалог ретінде болады. Оқушы компьютердің тапсырмасын орындайды, сұрақтарға жауап береді, жаттығуларды орындайды, сондай-ақ компьютерге өзі де белгілі бір әрекетке тапсырмалар береді. Оқушы экранда тұрған тақырыптардың ішінен өзіне керегін тандап алады да, жаттығу жасауға кіріседі. Сонымен электронды сөздік шетел тілін үйренуді жеделдетіп, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне жаңа мүмкіндіктер ашады.

Шетел тілі сабағында Интернет жүйесін қолдану қазіргі кезде дүние жүзінің дамыған елдерінде дұрыс жолға қойылған. Интернет сөзі «халықаралық жүйе – international net» дегенді білдіреді. Кибернетика саласын оқу, білім мақсаттарына

пайдалану жалпы дидактика мен әдістеме ілімінің ең жаңа бағдары болып отыр. Өзге тілді үйренудегі басты мақсат – балалар бойында мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру болғандықтан, Интернеттің атқарар қызметі өте үлкен. Өйткені интернет халықаралық көпұлтты қоғамды қамтып, ол арқылы әлемнің миллиондаған адамдары электрондық қарым-қатынасты жүзеге асыруда. Ал шетел тілін меңгерген адамға әлемнің ақпараттар ағымындағы түрлі мәліметтер есігі кеңінен ашылып отыр.

Интернет арқылы оны қолданушылар электронды почта, телеконференция, бейнеконференциялардан мәліметтер алып, өзінің мақалаларын, еңбектерін жариялап, өзіне керегін Web-серверге жинап, анықтама каталог жасап, іздеу (Alta Vista, Hot Bob, Open Text т.б.) және желідегі сөйлесу (Chat) жүйесіне ене алады. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің оқытушысы Е.В. Сычаева өз тәжірибесімен бөлісе келе, Интернет желісін қолдана отырып, оқу үрдісін интеграциялап, шетел тілін оқытуда төмендегідей бірнеше дидактикалық міндеттерді шешуге болатынын айтады:

а) оқушылар бойында Интернеттегі түрлі мәліметтерді қолдану арқылы оқуға қажетті білік, дағдылар қалыптасады;

ә) жүйеден алынған материалдар арқылы монолог және диалог түріндегі сөз біліктілігін жетілдіруге болады;

б) әріптестерімен қарым-қатынас жасай отырып оқушылар рефераттар дайындауға, шығармалар жазуға төселеді, яғни жазу шеберлігін ұштайды.

Әлемнің барлық беделді газеттерінің Интернетте арнайы Web-беттері бар, сондай-ақ ВВС ақпарат агенттігі тарататын әлемдегі адам баласының өміріне байланысты жаңалықтарды оқып қана қоймай, тыңдауға да мүмкіндік бар.

Электронды почтаны қолдану барысында балалар өзара достық қарым-қатынас орнатып, шетел тілін түрлі салада, түрлі деңгейде қолдануға жаттығады. Электронды почта кәдімгі почтаға қарағанда тез, ыңғайлы және арзан. Электронды почтаны қолданудың шетел тілін үйренуде мынадай тиімді жақтары бар:

1) электрондық коммуникация тіл үйренудің өте тиімді практикасы;

2) хат жазу арқылы оқушылар өз қателерін түзетуге дағдыланады;

3) e-mail қолдану шетел тілін үйренуге деген қызығушылықты арттырады.

Ал Интернет арқылы жер шарындағы басқа ел өкілдерімен біріккен жоба жұмыстарын орындау кезінде оқушылар сөз қорын байытып, өзге ел мәдениетін үйреніп, әлеуметтік және қоғамдық ерекшеліктерді танып біледі, тілдік әдеби этикетке, түрлі халықтардың салт-дәстүрінің ерекшеліктерін біліп, өздерін қызықтыратын мағлұматтарды ала алады.

Коммуникативтік және мәдениетаралық біліктілікке қарым-қатынас жасау тәжірибесінсіз қол жеткізу мүмкін емес. Интернетті қолдану арқылы ғана әлемнің кез келген елімен, түрлі ұлт өкілдерімен, түрлі мамандық иелерімен аутенттік қарым-қатынас жасай алуға қол жетеді.

Егемендігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2002 жылғы 28 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2001 жылғы жұмыс қорытындысы және 2002 жылғы міндеттері» атты №1 А қаулысында сол кездегі министр Ш.К. Беркімбаеваның нұсқауымен республиканың білім беру саласын ақпараттандыруды міндеттеп, мынадай нақты тапсырмалар көрсетілді:

1) 2002 жылдың 1 сәуіріне дейін электрондық оқулықтар мазмұны, көркемдік безендірілуі, техникалық орындалу сапасы бойынша берілген сын ескертпелерді ескере отырып жетілдірілсін;

2) 2002 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстанда біріңғай ақпараттық білімділік орталығын құрудың және дамытудың жобасы әзірленсін;

3) жаңа ақпараттық технологиялар негізіндегі электрондық оқу басылымдарын пайдалану бойынша әзірленетін әдістемелік құралдардың сапасы жақсартылсын.

Аталған Қаулы негізінде мектептер мен жоғары оқу орындарында барлық пәндерден электрондық оқулықтар

шығару Ғ.Қ. Нұрғалиева басқаратын республикалық «Білім беруді ақпараттандыру республикалық ғылыми-әдістемелік орталығына» жүктелді. Шетел тілі пәндерін ақпараттандыруға байланысты соңғы жылдары жаңа зерттеулер жүргізіліп, игі істер атқарылуда. Ағылшын тілінің маманы Б.Қ. Исабаеваның атсалысуымен қазір ағылшын тілінен 5-9 сыныптарға арналған электрондық оқулықтар жасалып, республикаға таратылуда.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Ә.Т. Чакликова 2009 жылы «Шетел тілінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық - коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты тақырыпта қорғаған докторлық диссертациясы қазіргі кезде өте көкейкесті мәселеге арналған. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысында ғалым алдына электрондық білім беру ресурстарын қолданып, оларды орта білім берудің әдістемелік жүйесінде жүзеге асыру негізінде мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың теоретикалық негізін анықтауды мақсат етіп қойған.

«Шетел тілінде білім берудің әлеуметтік-технологиялық дамуы» мәдениетаралық коммуникацияның субъектісін қалыптастыру мақсатында ақпараттандыру шартында шетел тілінде білім беру жүйесін қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін көпфакторлы және күрделі үрдістің ұғымы ретінде негізделіп, шетел тілінде білім берудің әлеуметтік-технологиялық дамуының мақсаты ретінде «мәдениетаралық коммуникативтік біліктілік» қазіргі педагогикалық категория ретінде талдап, оның компоненттік құрамын анықтаған. Әлеуметтік-технологиялық парадигма шетел тілінде білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың әдістемелік реттегіші ретінде ұсынылады. Сондай-ақ, шетел тілінде білім беруді дамытудың әлеуметтік-технологиялық үлгісінің мәні айқындалып, «ақпараттандыру», «шетел тілінде білім беру» концептілерінің бірлігі мен өзара байланысын көрсететін шетел тілінде білім берудің әлеуметтік-технологиялық заңдылықтарының жүйесі жасалған. Шетел тілінде білім берудің электронды ресурстарының стандарты ұсынылады.

Ә.Т.Чакликова мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру әдістемесі ұғымдық-рефлексивтік, ұғымдық-шоғырлану, интегративтік-репрезентациялаушы, коммуникативтік-үлгі сатыларының сабақтасы ретінде көрсетіліп, мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың диагностикасы, халықаралық танылған тесттер негізінде мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың диагностикасы педагогикалық диагностика ретінде беріледі. Мәдениетаралық-коммуникативтік біліктілікті педагогикалық технологиялардың диагностикасы ретінде жасалуын өз зерттеуінің практикалық құндылығы деп есептейді.

Білімді ақпараттандыру мәселесін ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан ғалым Е.Ы. Бидайбеков өзінің «Білімді ақпараттандыру хақында» атты еңбегінде ақпараттың философиялық категория ретінде материя семантикалық қасиетін төмендегіше сипаттайды:

– ақпарат материяның қасиеті бола тұра әр материалдық нысанға тән;

– материяның семантикалық қасиеті бола тұра әр материалдық нысанның мағыналық жағын көрсетеді;

– материяның бар болуының жалпы түрі оның қозғалысы болып табылатындықтан, ақпарат осы қозғалыстың бағытын, оның мақсатын беретін материя қасиеті болып табылады.

Ақпараттың мағыналық (семантикалық), мәнерлік (синтаксистік) және бағалық (прагматикалық) құрамдас бөліктен тұратынын көрсете келе Е.Ы.Бидайбеков жалпы әлемдегі ақпараттың пайда болу жүйесіне төмендегідей сипаттама береді:

Бірінші ақпараттық революция тіл мен адамның анық сөйлеуінің пайда болуымен байланысты жасалды.

Екінші ақпараттық революция жазудың ойлап табылуына байланысты болды.

Үшінші ақпараттық революция XV ғасырда ақпараттық технологиялардың алғашқыларының бірі болып саналатын кітап басып шығаруды ойлап табудан туындады.

Төртінші ақпараттық революция XIX ғасырда ақпаратты жіберу мен таратудың телеграф, телефон, радио және теледидар сияқты құралдары ойлап табылды.

Бесінші ақпараттық революция адамзат есептеу техникасын белсенді пайдалана бастаған кезде, XX ғасырдың ортасында болды.

Ауқымды телеқатынастық компьютерлік желілердің пайда болуы және олардың мультимедиа технологиялары мен виртуальды шындықпен интегралдануына байланысты алтыншы ақпараттық революция қазіргі кезде білім және ғылым саласында кеңінен қолданылуда.

Профессор Е.Ы. Бидайбеков білімді ақпараттандыруға былай деп түсініктеме жасайды:

Білімді ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында ақпараттың (мағлұматтардың (білімнің)) барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамзат қызметінің (іс-әрекетінің) ғылыми-практикалық саласы.

Сондай-ақ, білімді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді дейді ғалым:

– **біріншісі** ақпараттық және телеқатынастық технологияларды пайдалану негізінде білім қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру;

– **екіншісі** ақпараттық қоғам талаптарына сай, ойлауы жаңа деңгейдегі мамандарды дайындаудың сапасын арттыру.

Практик ғалым ретінде Е.Ы. Бидайбеков білімді ақпараттандырудың тек тиімді, пайдалы жағын ғана емес, сондай-ақ теріс жақтарын да нақтылап көрсетеді: «Білімді ақпараттандыру құралдарын білім қызметі саласының қайсысын да болмасын пайдалану әрқашан дұрыс болатындай әсер қалдыруы мүмкін. Айтары жоқ, көп жағдайда бұл тура осылай. Сонымен бірге білімді ақпараттандырудың бір қатар теріс қырлары да бар. Әр педагогтың білімді ақпараттандырудың оң және теріс факторларын біліп, практикалық жұмыста ескеруі қажет».

Сонымен білімді ақпараттандырудың оң жақтары – «білім үдерісін, пәндік салалар мен қоршайтын ортаның заңдылықтарын танудың интегралдық беталысын қолдай

отыра, оқушы тұлғасының дамуы үшін ақпараттық технологиялардың зор мүмкіндігін пайдалануға тәсіл-амалдар жасауды көкейкесті етуі» екен. «Бұл үдеріс оқушының белсенділігі мен пәрменділігінің деңгейін арттырып, балама ойлау, оқу есептерінің, сол сияқты практикалық есептердің де шешімін іздеу стратегиясын жете зерттеу дағдыларын қалыптастыру қабілеттіліктерін дамытады, зерттеліп отырған нысандарды, құбылыстарды, үдерістер мен олардың арасындағы әрекеттестікті моделдеу негізінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді».

Білім беруді ақпараттандырудың теріс жақтары да жоқ емес. Олардың қатарында:

- оқытуды дараландыру;
- әлеуметтік байланыстардың тежелуі;
- әлеуметтік әрекеттестік пен қарым-қатынас практикасының қысқаруы, даралаушылық болып табылады;
- ойдан әрекетке көшу мәселесі;
- ақпаратты іздеу мен пайдалануда елеулі еркіндік;
- назарды аландаттыруы.

Әлемдегі ғылым, білім саласында болып жатқан кез келген жаңалықты ендіруде оның тиімді, оң ықпалын немесе тиімсіз, теріс ықпалын бірдей ескеріп отыру қажет деген профессор Е.Ы. Бидайбековтың пікіріне біз де қосыламыз. Бұл мәселенің республикада күні бүгін зерттеліп, білім саласына кеңінен ендірілуінің білікті маман дайындаудағы маңызы орасан зор болып отыр.

Республика Үкіметінің жіті қадағалауының арқасында білім беру саласы қарыштап алға басып келеді. Мектептер ақпараттық техникалық құралдармен қамтамасыз етілуде. Күні бүгін республиканың мектептерінде шетел тілі пәнін оқытуда мұғалімдер қауымы жаңа ақпараттық технологияларды мүмкіндігінше кеңінен қолдануда, өйткені ақпараттық технологияларды қолдану қоғам мен уақыт талабы болып отыр. Компьютерлік телекоммуникативтік жүйені қолдану арқылы дистанционды түрде білім алу да іске асырылуда. Білім алудың мұндай жолын қазір білім беру

саласындағы басты реформаның бір түрі деп те айтуға болады, себебі қашықтықтан білім берудің тигізер пайдасы жан-жақты. Олар мыналар:

- ересек адам немесе жас түлектердің өз жеке басын, көзқарасын, ұстанымдарын қалыптастыру;

- қоғамда азамат ретінде өзінің идеалын, саяси көзқарасын т.б. өмірде жүзеге асыра білу;

- ата-ана болып, әлеуметтік индивид ретінде еңбекте де өзін көрсете алу;

- өзі қалаған қоғамдық қажеттіліктерді болашақта пайдалана алуына мүмкіндік туады.

Қашықтықтан білім берудің тағы жетістігі – оның тездігі, әрі уақыт жағынан шектелмеуі, алынатын білім ауқымының әр түрлі, әрі мол болуы.

Компьютерлік технологияның тағы бір жаңалығы – интерактивті бейнетаспа. Оқушылар мұнда оқу фильмінің іс-әрекетіне қарай жауап беріп, сөйлеп үйренеді.

Электронды почта (E-mail), телеконференция, видеоконференция, хабарландырудың электронды тақтасы да телекоммуникациялық жүйенің ұсынатын қызметтері шетел тілінен білім беруде кеңінен қолданылуда.

Қазір біздің республикамызда оқулықтарға қосымша аудиоматериалдарды «Мектеп» баспасы дайындап, таратып отыр. Жаңа төл оқулықтардың авторлары дайындаған оқулыққа қосымша аудиомәтіндер Қазақстанға Германиядан келіп жұмыс істеп жүрген неміс мұғалімдерінің атсалысуымен жазылды.

Күні бүгін республикамызда түрлі әдістемелік құралдарды, оқу фильмдерін кешенді жүйелі түрде дайындап, мектептердің құзырына ұсынатын арнайы студиялар, фабрикалар т.б. әлі күнге дейін жоқ. Болашақта дамыған елу елдің қатарына қосылу мақсатына жету жолында білім беру саласының мамандары күні бүгін аянбай еңбек етуде. Болашағы жарқын, аспаны ашық, жан-жақты білімді, елі үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеп өсіру игі мақсат болып отыр. Осы мақсатқа жету жолында республиканың мектептері қарқынды түрде жаңа ақпараттық



технологиялармен қамтамасыз етілуде. Ал ақпараттық техникалық құралдарды шетел тілін оқытуда қолданудың тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- сабақты сапалы әрі қызықты ету;
- шетел тілінің грамматикасын, лексикасын және фонетикасын балалардың дұрыс меңгеруіне көмектесу;
- оқушыларға да техникалық құралдарды қолдануға үйрету;

- жаңа ақпараттық технологияларды дәстүрлі сабақтарда пайдалана отырып берілетін білімнің түпкі нәтижесін неғұрлым тиімді ету;

- оқушыларды өзге тілді үйрену барысында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өз беттерімен зерттеу жұмыстарына дағдыландыру;

- балаларды электронды оқулықтарды, автоматтандырылған білім беру жүйелерін, компьютерлік тесттерді т.б. пайдалануды жаттықтырып, білімі мен білігін дамыту, жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технологияларды шетел тілін оқыту үрдісіне ендіру арқылы білім мазмұны жүйесін жаңалау;

- түрлі мәліметтер, ғылымдағы жаңалықтарды, т.б. мағлұматтар банкін жасау жүзеге асады.

Сонымен, бұл тарауда Қазақстанда шетел тілінің жеке пән ретінде жалпы орта білім беретін мектептерде оқытылуының тарихына, оқыту мақсаттары мен міндеттерін, білім мазмұнын тиімді етіп оқытуға қатысты зертеулермен танысып, тілді оқыту әдістемесінің қалыптасып, дамуы қарастырылды:

1. Шетел тілін оқыту тарихын зерттеу арқылы осы пәндердің методологиялық, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік негіздері оқыту кезеңдеріне бөліне отырып қарастырылды. Өткен жиырмамыншы ғасырдың басынан бастап қазірге дейінгі мектептегі шетел тілі курсының оқытылу тарихын зерттеу оны оқытуды болашақта әлемде тіл білімі саласында болып жатқан жаңалықтармен байыту, уақыт талабына сай ету мақсатымен астасып жатады.

2. 1917-1990 жылдарда Қазақстандағы қазақ тілді мектептерде шетел тілі пәндерін оқыту кеңестік дәуірде өзінің білімдік, тәрбиелік, жетілдірушілік міндеттерін жан-жақты, жүйелі, жоғары деңгейде орындамады. Қазақ тілді мектептерде бұл пәндердің ұзақ жылдар бойы тек орыс тілі негізінде оқытылуы көптеген қиындықтар туғызып, республиканың білім саласының өзіне тән ерекшеліктерінің ескерілмеуі, оларды зерттеулердің өте аз, мардымсыз жүргізілуі оқыту ісіндегі проблемаларды шешуге дәрменсіз болды. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап шетел тілі пәндерін оқытудың мақсаты, міндеттері, білім мазмұнының құрылымы, т.б. біздің елдегі тарихи өзгерістерге байланысты зерттелді.

3. Қазақстанда өткен ғасырдың басында орнаған социалистік қоғамның кейбір саяси, қоғамдық ұйымдастырушылық шаралары салдарынан болған қиын жағдайларға байланысты қазақ тілді мектептерде Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңде шетел тілі пәндерінің оқытылуы өте төмен деңгейде болды. Одан сабақ беретін жоғары білімді мұғалімдер жоқтың қасы еді. Москвадан бертін келе шыға бастаған оқу құралдары орыс тілінің негізінде жазылды. Барлық Кеңес Одағына қарасты республикалардағы мектептерге шетел тілдерінен бір ғана бағдарлама мен оқулықтар жіберіліп отырылды. Қазақ тілді мектептердің материалдық базасы Кеңес Одағы жылдарында толық болмады. Осының бәрі мұғалімдердің және оқушылардың бұл пәннен кең ауқымда білім беріп, білім алуын және шығармашылықпен жұмыс істеуін шектеді.

4. Шетел тілі пәндері мектепте түрлі кезеңдерде түрлі әдістер арқылы оқытыла келе жан-жақты толық мектеп курсы болып қалыптасты. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі дамуының басты кезеңдері, республика мектептерінде осы пәндерді оқыту барысында қалыптасқан тәжірибелер бойынша алынған деректердің пәндерді күні бүгін шығармашылықпен оқытуға, үйретуге септігі тиері сөзсіз.

5. Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологиялардың өткен ғасырдағы кеңес мектептерінде қолданылуы мен

дамуы, қазіргі кездегі өріс алып отырған арналарына ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау жасалды.

## **2 ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **2.1 Мектепте шетел тілі пәнінен білім берудің оқу-әдістемелік аспектілері**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы бізге мемлекетіміздің білім саласындағы саясатын жүзеге асырудың басты бағыт-бағдарын көрсетіп отыр. Республикада білім мен ғылымда болып жатқан өзгерістердің бірі – жалпы орта білім беретін мектептердің жаңа тұрғыда білім беруге бет бұруы. Осыған орай орта мектепте оқытылатын қоғамдық-гуманитарлық пәндердің білім мазмұнын жаңалау алда тұрған аса бір маңызды, көкейкесті іс болып отыр. Басқа пәндер сияқты шетел тілі пәндері арқылы жас жеткіншектерге білім, тәрбие беру және олардың жеке бас қабілеттерін жетілдіру, мәдениетаралық коммуникацияға үйрету іске асырылады.

Еліміздің өз тәуелсіздігін алғаннан кейін түрлі мемлекеттермен әр саладағы қарым-қатынастарының қарқындап өсуі, жоғары мәдениетті деңгейде сөйлей білетін, жан-жақты білімді адамдардың көбейе түсуін қажет етті. Әрбір тіл – біздің аса құнды қазынамыздың бөлінбес бір бөлігі, сондықтан да оларды оқытуды тереңдете зерттеуге, тіл үйретудің тәсілдерін жетілдіре түсуге бүгінгі таңда зор талап қойылуда. Бұл талап орта мектептердің оқу жоспарларындағы пәндерді оқыту әдістемесіне де тікелей қатысты.

Білім мазмұнын анықтауда, толықтыруда, оқу-әдістемелік тұрғыда жаңалауда, алдымен, оның теориялық негіздері айқындалады. Ол үшін қоғамның мектепке, ондағы білім мазмұнына қоятын талаптары анықталып, жүйеленіп, педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерді белгілеуге тірек болады.

Республикамызда қоғамдық-гуманитарлық пәндердің, соның ішінде неміс тілі пәнінің білім мазмұнын, оқытудың әдіс-тәсілін жетілдіріп, толықтыруға мынадай себептер болды:

1. Еліміздің өз тәуелсіздігін алғалы бері әлемнің алдыңғы

қатарлы өркениетті елдерімен қарым-қатынасы дамып келеді. Бұл шетел тілі пәндерін меңгерудің әлеуметтік қажеттіліктен туындағанын дәлелдейді.

2. Әлеуметтік, саяси, экономикалық үдерістер білім саласына да әсер етуде. Мемлекет, ата-ана шетел тілі пәндерінен білім беруге ерекше ықыласты, мүдделі болып отыр.

3. Мектептердегі білім беруді гуманитарландыру қолға алынды, сол себепті оқушының жеке бас қасиеттерін жан-жақты дамытуға, жалпы білім беру саласын ізгілендіруге баса назар аударылуда.

Республикамызда ілгеріде аталған пәндерді оқытуды ұйымдастыру ісінде төмендегідей өзгерістерді атап айтуға болады:

1. Қоғамдық- гуманитарлық пәндерден жалпы білім беру ісі вариативтік, көп қырлы бола түсті. Яғни:

а) мектептерде түрлі оқу курстары ашылды;

б) шетел тілі пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер, сыныптар саны көбейді;

в) жеделдетіп оқыту, факультатив, жексенбілік мектеп курстары, түрлі бағыттағы арнайы курстар көбеюде;

г) мектеп оқушылары шет елдерге барып, Қазақстан мен басқа елдердің мектеп арқылы оқушылар алмасу курстары және т.б. білім берудің түрлері пайда болды.

Республикамыздың «Білім туралы» Заңына сәйкес жалпы орта білім беретін мектептердің басты міндеттері тек жоғары дәрежелі, сапалы білім беру ғана емес, сондай-ақ, ұлттық және әлемдік мәдениетке сай тәрбиеленген, еркін әрі қажырлы іс-әрекет етуге бейім, жан-жақты ойлай алатын дара тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерден берілетін білім шәкірттің өзін қоршаған ортада дұрыс бағыт-бағдар тауып, әлеуметтік тәжірибелер жинақтап, оны басқаға үйретуіне, өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Тілді меңгеру әркімнің өз жеке басына, мамандығы мен әлеуметтік жағдайына қажет болуымен қатар, түрлі салада кең ауқымда іс-әрекет етуіне жол ашады, жағдай жасайды. Мұндай

жағдайда қоғамдық- гуманитарлық пәндерден білім беру оқушыға оның өзінің жеке бас тәжірибесінің негізінде биік талғам мен мәдениетке жол ашып, рухани байи түсуіне себеп болады.

Тіл пәндерінен арнайы пән ретінде білім беру және дамыту, жетілдіру арқылы оқушылардың тек өзін қоршаған әлемге деген көзқарасын ғана байытып қоймай, сондай-ақ, олардың жалпы білім деңгейін арттырып, дүние жүзі мәдениетіне есік ашып, өз халқының мәдениетін терең түсінуіне, оның адамзаттық рухани және материалдық дамуына ықпал етеді. Сондықтан да республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде неміс тілі пәнін оқыту үрдісін оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету барысында ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп отыр. Тілді оқытудың сөйлеуге үйрету, қарым-қатынас мәдениетіне төселдіру сияқты негізгі қызметіне баса назар аударылуда.

Осындай факторларды ескере отырып, зерттеу барысында шетел тілі пәндерін оқытудың жаңа бағыттары айқындалды. Атап айтқанда, шетел тілдерін оқытуда жалпы коммуникативтік білікті дамыту және сөйлеу этикетін игерту негізге алынды. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуда басшылыққа алынған ғылыми-теориялық негіздер отандық және өзге де өркениетті елдердің озық тәжірибелері мен педагогика, оның ішінде әдістемелік саладағы қол жеткен табыстарының үздік нәтижелерін өзіміздің білім беру жүйеміздегі мүмкіндіктермен сәйкестендіру бағытына сай сараланды. Онда білім өзегіне алынып отырған білім беру тарихына лайық мазмұндық әдістемелік жүйедегі жаңа бағыттарды жүзеге асыру жолдары қарастырылды. Атап айтқанда, оқушыны субъект деп тани отырып, оның интеллектуалдық мәдениетінің дамуына қажетті алғышарттарды жүзеге асыру, ең алдымен, оқу процесіндегі оқушы мәртебесіне деген жаңа қатынасты қажет етеді. Олай болса, білім беру жүйесінде әлі де кең өріс алып отырған биховиаристік оқыту әдісінен арылудың жолдарын нақтылау күн тәртібіне қойылған-ды. Ал бұл мәселе оқу процесінде оқушының өздік әрекетіне басымдылық беріп, білім

философиясында соңғы жылдары жиі көтеріліп жүрген рефлексия талаптарына жол ашумен өзектесіп жатыр.

Білім берудің әдістемелік жүйесін жаңартудың қажеттігін дәйектей түсетін екінші себебі, яғни соңғы жылдарға дейін зерттеу жұмысының тақырыбы етіп шетел тілі пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың ғылыми-педагогикалық негіздері деп алуымыздың басты себебі:

1) осы тақырыптың соңғы уақыттарға дейін зерттеу нысанасына алынған тақырыптардың ары қарай жалғастырылуының логикасына толық сәйкестенетіндігінде;

2) білім беру жүйесін реформалау талаптарының оқытудың барлық компоненттерін толық қамтығанда ғана нәтижелі болатындығында;

3) қазіргі қоғамдағы қалыптасқан жаңа көзқарастар мен сұраныс талаптарының оқытудың әдістемелік жүйесін түбегейлі өзгертуді талап етіп отырғандығында;

4) білім берудің жаңа тұжырымдамалары мен бағдарламаларында, білім стандарттарында айқындалған идеяларының нақты жүзеге асырылуы үшін оқытудың әдістемелік жүйесінің жаңартылуының қажеттігінде болып отыр.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңарту өз бетінше жеке-дара қарастырылмайтыны анық. Өйткені бұл жүйенің барлық компоненттері: білім мақсатынан бастап мазмұн, оқыту түрлері мен оқыту әдіс-тәсілдері, ең соңында білім нәтижелері өзара тығыз байланысып сабақтастырылғанда ғана шын мәніндегі жаңару деңгейіне қол жеткізіледі.

Дәстүрлі жүйеге білім берудің тірегі етіп, негізінен білім мазмұнына қатысты "нені оқыту қажет" деген мәселе қойылды да, ал оны "қалай оқыту керек" деген мәселе нақты шешілмеді. Соның нәтижесінде "білім-білім үшін" принципі өзгеріссіз қала берді. Оқушы білімі тек потенциалдық күш деңгейінде қалыптасты да, ал оның дара тұлға өмірі үшін мәні ескерілмеді. Оның нақты мысалы социализм кезінде шетел тілдерінен берілетін білім негіздері оқушының тіл туралы жалпы білімін кеңейтуге қызмет еткенмен, оның тілді қолдана білу іскерлігінің дамуына, өмір қажетіне жарамсыз болды.

Себебі білім мазмұны оқушының тілдің қоғамдық мәнін, әлеуметтік маңызын ерекше құбылыс деп тануына мүмкіндік тудырудан гөрі тіл білімінің теориялық мәселелерін жаттанды түрде меңгертуге негізделді. Білім мазмұнын айқындауда жіберілген бұл қателіктің салдары жалпы оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесінің әр компонентінің бөлек-бөлек қалып қоюына әкелді. Мәселен, білім нәтижесінде көрсетілген "оқушының тілдік қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамыту" деген талаптың орындалмауы, әрине, сол дағдыны қалыптастыруға қажетті алғышарттың не мазмұнының, не әдістемелік жүйенің оқыту түрі, әдіс-тәсілдері секілді компоненттерінің қамтылмауынан туындағаны сөзсіз.

Қазіргі қоғам талабы мектеп бітірушілердің жаңа ортаға лайық жаңа сұранымдарға сай білім мен білікті қатар меңгеруін талап етуде. Бұл да тек білімділікті емес, өмірге бейім коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлғаны даярлауды мектеп қабырғасында негізгі бағыт етіп ұстанудың маңыздылығын көрсетеді. Ал, қандай болмасын біліктілік, іскерлік, дағдылар оқу процесінде оқушы әрекетін белсендіріп, оны орындаушы деңгейінен әрекет субъектісі дәрежесіне көтеруде қалыптастырылатыны ақиқат. Ол үшін оқытудың түрлерін де, әдіс - тәсілдер жүйесін де, оған қоса білім нәтижелері талаптарын да өзгерту табиғи қажеттілік. Бұл орайда әлемнің көптеген ғалымдары көтеріп жүрген конструктивизм әдісіндегі бізге қолайлы, тиімді дүниелерді өз мүмкіндігімізге лайық деңгейде кіріктіру қажет.

Шетел тілі пәндерін оқытуға республикамызда көңіл бөлініп, жеке оқу бағдарламасы, оқу әдістемелік кешендер дайындалып жатқан жаратылыстану және математика, физика, химия, биология, информатика, т.б. пәндерден алған білім, біліктері негізімен астаса берілуде.

Мәтіндерді оқи отырып, оқушы сол пәндерден түрлі мағлұматтар алады. Тіл пәндерінен берілетін білім мазмұнының жаратылыстану және математикалық бағыттағы пәндермен пәнаралық байланыста ескеріледі. Бұл бағыттағы мектептерде білім мазмұнының басты бөліктеріне арнайы сөйлеу және жалпы оқу біліктері жатады.



Жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектептерде қалыптасты-рылуы тиіс іскерліктер үш түрлі сипатта болады:

1. Оқу және ақыл-ой шеберлігі. Тыңдап түсіну және оқуда тілдік құбылыстарды дәлелдей, саралай алу.

2. Оқу және ақпараттық білік. Берілген хабарлардан ең қажетті, керекті дегендерін таңдап, бөліп ала білу. Математикалық және жаратылыстануға байланысты анықтама әдебиеттерді қолдана білу. Түрлі сызбалар, диаграмма, графика, т.б. математикалық белгілерді білу, түсіну.

3. Оқу және коммуникативтік білік. Топ болып талқылауға қатысып, белгілі бір мәселені шешу, ауызша айтылғандардан жоспар құра білу, тезис, рефераттар, баяндамалар жазу біліктілігі.

Арнайы біліктер бойынша бағдарлы оқытуда сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу талаптарымен қатар аударма және жазу талаптары міндетті түрде беріледі. Гуманитарлық және жаратылыстану, математикалық бағыттағы мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік пен білімділікті жетілдіру мақсаттары төмендегідей бағытта нақтылана түседі:

– мамандық таңдауға оқушының саналы түрде қатынасын қалыптастыру;

– өзінің болашақ мамандығында тілдерді іс жүзінде қолдана білу қажеттігін сезінуге тәрбиелеу;

– оқушының болашақ мамандығына қажетті жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту;

– таным үрдісіне оқушының сараптамалық ойлауы, логикалық есте сақтау қабілетін дамыту;

– тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылымы саласына қызығуы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану бірлігі, сөйлеу мәдениетін дамыту;

– оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланысты өзара мәдени қарым-қатынас жасай білуге дайындау.

Тіл пәндері мектептерде білім, тәрбие берумен қатар жас өспірімдердің жеке бас қасиеттерін дара тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Гуманитарлық пәндер, оның ішінде шетел тілі сабақтарының басты мақсаты – шәкірттерге басқа пәндерден, күнделікті өзін қоршаған орта мен қоғамнан алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс-тіршілігінен хабардар болып, мағлұматтар алып, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге мүмкіндік туғызу. Тілдерді меңгеру арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтарды, ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, жеке пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді. Сондай-ақ, өз бетінше білім алуға, интермәдениет коммуникациясын бойына сіңіруге де шетел тілдері ықпал етеді.

Жалпы шетел тілі пәндерінің жоғары сыныптардағы басты міндеті –шәкірттердің қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының жеке бас қабілеттерінің дамуына ерекше көңіл бөлу. Яғни баланың өзін қоршаған әлемнің қарқынына сай өзінше әрекет етуі, өз шама-шарқын көруі, өз бойына білім қорын жинақтауы әрі оларды пайдалануы іске асырылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары мәні мен маңыздылығы айқындалып отырған оқу мотивациясын қалыптастырудағы жаңа ұстанымдар да шетел тілі пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың негізіне алынды. Олар:

1. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуды қазіргі қоғамдық- әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкестендіру ұстанымы. Мұнда білім жүйесі мен қоғам дамуының бір-бірімен тығыз бірлікте болуы ескерілді. Мәселен, гуманитарлық пәндерден игерілетін білім мен біліктер оқушының дара тұлға ретіндегі өмір қажетіне жарарлықтай деңгейде берілуі ескерілді. Бүкіл әдістемелік жүйе осы білім мен біліктің бірге, өзара сабақтас берілуін қамтамасыз етуге қызмет етеді.

2. Білім беруде жаңа педагогикалық парадигма – оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тануды негізге алу ұстанымы. Бұл оқу әрекетінің мотивациялық аспектісін күшейту арқылы жүзеге асырылады. Әдетте, мотивацияның қалыптасуына әсер ететін үш фактор да осы оқытудың

әдістемелік жүйесіне енетін компоненттермен тығыз ұштасып отырылады. Олар: білім мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері және әрекет нәтижесі. Олай болса, бұл ұстаным оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың ең басты өзегі болып саналады.

3. Оқытудың белгілі бір нәтижеге бағыттала жүргізілуі ұстанымы бойынша атқарылатын барлық оқыту процесінде мақсат пен нәтиже арасындағы жалғастырушы бөліктердің әрқайсысының рөлі мен орнын нақты көрсетудің мәні зор.

4. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың негізі етіп білім мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді ұштастыру ұстанымы да алынып отыр. Бұл тілдің табиғи қызметін оқушының жалпы дүниетанымымен бірлікте қарастырудың маңызын көрсетеді.

5. Дәл осы кезеңде оқытудың әдістемелік жүйесін зерттеудің негізгі ұстанымы пәннің өзге ғылымдармен сабақтастығы болып саналады. Әдістеменің педагогикамен, оқушы психологиясымен, мәдениеттанумен бірлігіне сүйену ғана жүйелі зерттеуге тірек болады.

Күні бүгін қоғамның барлық саласында адам факторының алға шығарылуы, әсіресе, ел болашағын қалыптастыратын білім беру жүйесінде, оның ең маңызды буыны болып саналатын - жалпы білім беретін мектептің білім мен тәрбие үрдісін жаңаша құруды талап етіп отыр. Осыған орай, осы жүйені реформалаудың негізі болып саналатын басты тенденцияларды демократияландырудың, ізгілендірудің ерекше ескерілуі бұл саладағы барлық деңгейдегі мазмұндық-құрылымдық іс-шаралардан айқындалып отыр. Мәселен, білімді, тәрбиені жаңа уақыт талабымен үндестіру **тұжырымдамалық құжаттарда:** "Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасында", "Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұны тұжырымдамаларында", "Мектеп пәндерін оқыту тұжырымдамаларында" негізделіп, білімді реформалаудың **нормативтік құжаттарында,** "Пәндердің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарында", "Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында"

**анықталып, оқытудың оқу-әдістемелік жүйесінде:** оқулықтарда, оқу-әдістемелік кешендерде, сабақтарда **нақтыланып** жүзеге асырылып келеді. Бір-бірінен туындап, бірден бірге кеңейтіліп, дәйектеліп отыратын пәндік мазмұнның бәріне ортақ мәселе – оның гуманистік сипатының күшеюі, ал білімді меңгертудегі басты талап – оқушының жеке бас қасиеттері мен қабілеттерін дамытуға барынша мүмкіндіктің берілуі. Бұл жерде демократияландырудың алатын орыны айрықша. Себебі оқушы - оқушы, мұғалім - оқушы қатынасы арқылы оқыту үдерісіне енуі тиіс бұл тенденция, ең бірінші, қазіргі жаңа педагогикалық парадигмамен толық сәйкес келеді, яғни оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тануға жол ашылады. Міне, осындай өзгеріс гуманитарлық пәндердің барлық аясында кешенді қамтылуы күн тәртібіне қойылып отыр.

Гуманитарлық пәндерді оқыту жүйесі құрылымының барлық компоненттері: оқыту мақсаты, білім мазмұны, оқыту әдістері, оқыту түрлері, оқушы білімінің нәтижелері тіл – дүниетаным құралы, ойлаудың формасы, адам болмысының айнасы деген концептуалдық негізге сүйене отырып жетілдірілуде. Бүгінгі әлемдік тәжірибе де, отандық әдістеме ғылымындағы жаңа бастамалар да тілдің ең әуелі адам тіршілігіндегі мәнін сезіндіру арқылы оған деген ішкі қажеттілікті оятудың мүмкіндігін бекіте түседі. Бұл, неміс тілі пәнінің ғылыми, яғни тілдің білімдік арналарымен қатар, лингвокультурология, әлеуметтік лингвистика, психологиялық лингвистика ғылымындағы жетістіктерді, білім философиясындағы басты тұжырымдарды бір-бірімен ұштастыруды, сол бағыттағы нәтижелерді білім мазмұнын жаңартудың тетігі етіп алуды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде тіл пәндерінің оқытылу жүйесінде қойылатын талап та әмбебаптық сипатта өріс алып отыр.

Шетел тілі пәндерін оқытудың жаңа міндеттері де осы талаптармен ұштастырылып отыр. Онда тек терең грамматикалық білім, я сауатты сөйлеу мен жазу дағдыларын дамыту меселесі ғана емес, ендігі жерде тілдің әлеуметтік мәнін түсінуге, тіл қызметінің заңдылықтары мен деңгейін,

дүниетанымдық рөліне, сөз мәдениетін жеке тұлға мәдениетінің бөлшегі деп тануына қол жеткізетіндей білім, біліктерді жетілдіру көзделеді. Сондықтан гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі де өзінің ғылыми-практикалық негіздерін ғылымның бірнеше салаларымен байланыстыруға, тақырыпты қамтудан гөрі, тілдік білімнің оқушының сөйлеу білігін қалыптастырудағы мәні ескеріледі; екіншіден, мектептік білім мазмұнында тіл біліміндегі жаңалықтар мен өзгерістерді де қамтуға көңіл бөлінеді. Себебі пәндік білім мазмұнын жетілдірудің басты бір факторы қашан да сол пәнге сәйкес ғылымның даму деңгейі болып қала берері сөзсіз.

Тілдік білім мен білікті жаңа талапқа сай анықтаудың келесі бір негізі ұлттық философиялық қағидалар болып саналады. Себебі тіл – әр ұлттың танымының айнасы, рухани дамуының көзі. Олай болса, тілдегі әрбір ерекшелік халықтың өміртанымымен, ұлттық болмысымен өзектес.

Тілді оқыту үдерісі этнопедагогикамен де тығыз ұштастыруды қажет етеді. Бұл, әсіресе, сөз мәдениетін қалыптастыруда ұлттық әдеп нормалары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды тілдік білім мазмұнында ұштастыруға келіп тіреледі. Мұнда тілдің табиғи болмысындағы тереңдік, тазалық, кеңдік сипаттардың бүгінгі іскерлік, биік мәдениет талаптарымен үндесуі арқылы жүзеге асыруды керек етеді.

Тілді оқытудағы ендігі бір ғылыми негіздер психологиямен, оның ішінде бала психологиясымен де шектесіп жатыр. Жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңде тым жоғары айтылып, оқытудың өзекті бір принципі ретінде қойылғанмен, аса бір көп ескерілмеген мәселе осы психологиялық ерекшеліктердің жүйесінен туындап отырды. Жас ерекшелік, психология мәселелері аз зерттелгендіктен грамматикалық тақырыптарды жүйелеуде де, оқыту үрдісін ұйымдастыруда да нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болмады. Жаңа бағыт бұл салаға да барынша дұрыс назар аударуды талап етуде. Қазіргі жаңа мазмұнды анықтауда оның алғашқы қадамдары да сәтті болып отыр.

Әлеуметтік лингвистика саласындағы жетістіктер, ізденістер тілдің әлеуметтік дамудағы рөлін, тіл мен

қоғамдық сананың арасындағы байланысты, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырудағы ана тілінің мәнін дұрыс түсінуге ден қоюға әкеліп отыр.

Тіл пәндерінен оқыту әдістемесі тілді оқытуда оның мәні мен әлеуметтік қызметі – адамдардың өзара қарым-қатынастарының ең маңызды құралы болуы екендігіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Мектеп пен ғылыми әдістеменің міндеті – әр оқушының тілдік қабілетінің қарым-қатынас жасаудың мейлінше жетілген құралы болуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тілдің адам болмысының айнасы екендігін танытатын бір арна – тіл, сөйлеу мәдениеті болса, бұл ұғым соңғы жылдары бүкіл қоғамның назарын өзіне бұрып отырған лингвомәдениеттанымның жаңа арналарымен тоғысып жатыр. Гуманитарлық пәндерді оқытудың, жаңа бағыттағы бұл мәселенің ең өзекті, ең көкейкесті тетік ретінде қарастырылуы білім мазмұнында сөз мәдениетіне арнайы көңіл бөлінуінен көрініп отыр. Шетел тілі курстарының мазмұнын қарым-қатынаспен ұштастыра меңгертуде бұл мәселе оң шешімін табуда.

Сонымен, гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың осындай негіздері мен олардан туындайтын жаңа талаптар қоғамдық сұраным мен мектептік білімнің арасын әрі байланыстырушы, әрі дамытушы фактор болып қала береді. Іскерлік қабілет, өркениетке ұмтылыс, сөз бен ой еркіндігіне сай білім мен біліктерді игеру осы арналардың тілді оқыту жүйесінде тұтас қамтылуы арқылы жүзеге асырылады. Біз осы бағытта тіл пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруге қатысты құжаттарды негіздеуде басшылыққа алдық. Сонымен, шетел тілі пәндерінің білім мазмұны жалпы білім беретін мектептің әр сатысының негізгі мақсат-міндеттеріне сәйкестендірілді. Мәселен, бастауыш сатыда шетел тілі жалпы мәдениеттің бір бөлшегі ретінде оқушы бойында оқу әрекеті мәдениетін қалыптастыруға, яғни сауатты жазуға, сауатты тілдесуге дайындық түрінде меңгертіледі. Ал, негізгі сатыда шетел тілі оқушылардың жалпы лингвистикалық дүниетанымын

қалыптастыруды көздейді. Мұнда пәннің негізіне алынатын ғылым саласы – шетел тілі білімінің ішкі салалары туралы толық әрі жүйелі білім беруді негіз ете отырып, осы білім базасы аясында оқушының тілдік қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады. Негізгі сатыда тілдік білім – сөйлеу біліктілігін қалыптастырудың тетігі болып саналады.

Жоғары сатыда, яғни 10, 11, 12-сыныптарда оқушының аталған білім сатыларында алған білімдеріне сүйеніп, олардың сол білімдерін өзінің өмірлік тәжірибелерінде мәдениет талаптарына сай қолдана алу іскерліктерін жетілдіру мақсаты көзделеді. Тілдік білік сөз мәдениеті негізінде жетілдіріледі. Сонда ғана оқушының өзі меңгерген тілдерін ұлттық мұра ретінде қастерлеуіне де, оны өз мәртебесіне лайық деңгейде қолдануына да мүмкіндік туады.

Тілдің мектептік дәрежесіне сай қолданылуына жол ашу, соған сәйкес іскерлік дағдыларды жетілдіру - жалпы білім беретін мектептердегі тіл пәндерінің негізгі мақсаты. Олай болса, тіл пәндерінің ең басты ұстанымы коммуникативтік ұстаным деп белгіленуі заңды. Шетел тілі пәндерінің білім мазмұны да осы ұстанымға сай түбегейлі өзгертілді. Яғни оқушының тілдік қарым-қатынас біліктілігіне басымдылық берілді де, ал теориялық материалдар соның ауқымында түсіндірілуі ескерілді. Жаңа мазмұнда лексикалық тақырыптар ірі модульдер бойынша жүйеленіп, оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда сөйлеу әрекетінің бес бөлігі - айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйлесім - біртұтас, өзара бірлікте алынды. Бұл білім мақсаты мен білім нәтижесі аралығындағы барлық бөліктердің сабақтастырылуына негізделеді.

## **2.2 Шетел тілін оқытудың лингвистикалық және психологиялық негіздері**

Мектепте белгілі бір пәнді оқыту барысында педагогикалық психологияны басшылыққа алу қажеттігі жайлы көптеген елдердің ғалымдары өз еңбектерінде жазып, қызықты дәлелдеулер келтіреді. Өз зерттеуімізде біз де шетел тілдерін мектепте оқыту мәселесін қарастыру

барысында педагог, психологтардың еңбектеріндегі тұжырымдарды басшылыққа алдық. Шетел тілі пәндерінің жүйелі курсы оқып, тілді меңгеруге шәкірттерді дайындауда, олардың пәнге деген ықылас, ынтасын арттыруда балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп отырудың маңызы зор. Педагог әрі психолог Л.В. Занковтың төменгі сынып оқушыларын оқыта отырып дамыту қағидасын білікті мамандар басшылыққа алуда. Ол – теориялық білімдердің жетекшілік рөлі, оқытуды жоғары деңгейлі қиындықта ұйымдастыру, бағдарламадағы материалдарды жедел қарқынмен оқыту, дамытудағы барлық оқушыларды қамтитын жұмыстарды әрқашан қолдану, дәстүрлі емес сабақтарды қолдану, үйге берілетін тапсырмаларды түрлендіріп отыру, сабақ құрылымын шығармашылықпен өзгерту, жаңадан берілетін білімді бұрынырақ өтілгендерімен тығыз байланыстырып отыру. Ғалым психологтардың мұғалім мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық, әсіресе, әр оқушының жеке басына құрметпен қарау, әр шәкірттің жеке дамуына жағдай жасау, сыныптағы барлық оқушыға сенім арту, оқушылардың да өмірлік тәжірибелеріне көңіл аударып, соған сүйену, оқылып жатқан материал жайлы олармен үнемі кеңесіп, пікірін, бағасын ескеру, сабақ үстінде жағымды атмосфера жасау арқылы шығармашылық жағдайға жетелеу, оқушылар түрлі оқу қызметін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әдіс, тәсілдерді қолдану.

Кеңес жылдары ғалымдар дамыта оқыту проблемасына ерекше көңіл бөлді. Дамыта оқыту теориясының негізін салған Л.С. Выготскийдің зерттеулеріне шетел тілдерінің білім мазмұны мен оқыту әдістемесін жаңалауда ерекше мән берілді. Психологтар Н.А. Менчинская, Д.Н.Богоявленский, Е.Н. Кабанова-Меллер, З.М. Калмыкова т.б. оқушының ойлау қызметін дамытуға оқыту тәсілін жетілдіру арқылы, ал Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов т.б. білім мазмұнын өзгерту арқылы нәтижеге жетуді көздей отырып, бұл зерттеулердің бәрі осы бағыттағы ғылыми ізденістерді одан әрі толықтырды. Олардың зерттеу жұмысының нәтижелері оқушыларды оқыту



мен олардың жеке бас қабілеттерін жетілдіру арасындағы өзара байланыстардың түрлі бағыттарын зерттеп, шешуге мүмкіндік берді. Оқушылардың ақыл-ой іс-әрекеттерінің олардың даму, өсу кезеңдеріне сай қалыптасатыны (П.Я. Гальперин), проблемалық оқыту-дамыта оқытудың негізгі жолы (З.И. Калмыкова), оқу мен жеке бас дамуының байланысы (Я.В. Занков) туралы теориялар жасалды. Теориялардың мектептерде оқытылатын пәндердің меңгерілу сапасын арттыруға пайдасы елеулі болды. Оқушылардың ойлау, таным қызметін дамыту, олардың оқу белсенділігін арттыру жайлы Б.Г. Ананьевтің, П.Я. Гальпериннің, В.В. Давыдовтың, А.Н.Леонтьевтің, Д.И. Фельдштейннің, Н.Ф. Талызинаның, Г.И. Щукинаның т.б. еңбектерінің практикалық, ғылыми-әдістемелік пайдасы айтарлықтай болды. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты баяндаған И.С.Конның, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің проблемаларын зерттеген В.А. Крутецкийдің еңбектерінің кез келген педагог басшылыққа алатын терең ойлары, тұжырымдары баршылық. Л.А.Аристов, И.А. Редковецтер оқушылардың таным қызметін дамыту туралы, Л.В. Занковтың, А.Н. Леонтьевтің, И.Я. Лернердің проблемалық оқыту жайлы, Л.С. Виготскийдің, Ш. Сарыбаевтың, т.б., саралап оқыту туралы зерттеулерінің нәтижелерін біз шетел тілі пәндерінің тұжырымдамасын, бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын жасағанда ескерілді. Өйткені білім мазмұнын іріктеуде, білімді меңгертуде де әр ұлттың психологиялық, өзіне тән ерекшеліктерін ескеру керек.

Ұлт мектебінің тарихи негіздерін анықтап, оларды жаңа жағдайда қолдану мақсатында қазақ мектептерінің даму тарихын, қазақ ағартушыларының, педагогтардың, қоғам қайраткерлерінің оған қосқан үлесін, олардың прогресшіл ойларын оқыту-тәрбиелеу үрдісінде пайдалану әдістемесін өз алдына бір зерттеу бағыты деп айтуға болады. Бұл, әсіресе, қазіргі кезде, яғни біздің жас мемлекетіміз өсіп-өрлеп келе жатқан кезде, құндылық бағдарларымызды қайтадан зерделеп жатқан кезде көкейкесті мәселе болып табылатыны аян.

Шетел тілі пәнінің білім мазмұнының әдіснамалық, педагогикалық негіздерін анықтауда Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан психолог ғалымдардың адам психологиясы туралы ілімдері де ескерілді. Қазақ халқының мақтанышы Әбу Насыр әл-Фарабидан бастап Шығыс пен Орта Азияның көптеген ойшыл ғұламаларының да білім мен тәрбие беруде психологияға мән беруді айтқаны белгілі.

Әбу Насыр әл-Фараби «Жан туралы», «Жанның мәні туралы», «Ақыл және ұғым», «Темперамент туралы», «Жас өспірімдер туралы кітап» атты психологиялық еңбектерінде жастардың психикалық ерекшеліктеріне қатысты қиял, адамның тану үрдісі, қайраты, ерік-жігері туралы айтылған. Бұл тұжырымдар шетел тілін оқытуда оқушылардың танымдық әрекеттерін дамыту мақсатында басшылыққа алынады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» адамның мінез-құлқы, оның өз ортасы мен қоғамдағы орны, атқаратын қызметтері жайлы мәселелерге едәуір орын берілген. Адам жаман істерден аулақ болып, тек жақсы істерді ғана артында қалдыруға тиіс. Ғұлама ғалым ақылды адамға тән мінез-құлықты және де ақылы аз адамға тән жағымсыз әрекеттерді тізіп бере отырып, нашар қылықтардан сақтандырады. Ж.Баласағұн білімді болсаң ғана ақылды боласың дей келе, білімді адамның бойында болатын жақсы адамгершілік қасиеттерді тізіп көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин арнайы психологиялық еңбек жазбаса да, өзінің оқу құралдарында, әдістемелік еңбектерінде, әдеби шығармаларында адам психологиясының қыр-сырын ашатын материалдар мол. Ы.Алтынсарин педагогикалық шығармаларында баланың білімді тек жаттап қана қоймай, тиянақты меңгеруін, үйретілетін материалдарды меңгеруге оқушының барлық сезім мүшелері қатысуы қажеттілігін атап өтеді. Қазақ мектептерінің шәкірттеріне арналған оқу құралдарына материал іріктегенде көрнекті ұстаз қазақ балаларының ұлттық психологиялық ерекшеліктерін ескеріп отырған. Ол, әсіресе, мұғалімнің өз шәкірттерінің психологиялық

ерекшеліктерін жақсы білуі қажет екендігіне баса назар аударады.

Өткен жиырмамыншы ғасырда білім беру саласында қазақ ұлт мектебін зерттеген ғалымдардың бірі – Қошке Кемеңгерұлы.

Қошке Кемеңгерұлы – артына ондаған мақала, бірнеше пьесалары мен ғылыми-зерттеу еңбектерін қалдырған әрі жазушы, әрі журналист, әрі тарихшы, әрі әдіскер, тілші ғалым. Оның «Қазақ тілі грамматикасы», «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар» атты ғылыми-зерттеу еңбектері, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ауыл мәдениетін көтеру, ауылды отырықшыландыру, т.б. мәселелер жайында жазған мақалалары – бүгінге дейін өзінің әлеуметтік мәнін жоймаған құнды еңбектер.

Қ.Кемеңгерұлының әсіресе, «Жат тіл оқыту әдісі» атты еңбегі қазақ тілді мектепте шетел тілін оқыту барысында неге баса көңіл бөлу керектігіне арналған. Ғалым шетел тілін оқыту әдісі ана тіліндегідей болмауын, жат тілдің аса қиын жерлерін ғана ана тілінде түсіндіру керектігін, өлең-тақпақтар үйретіп, шетел тілінің әдебиет тарихын толық оқытудың қажет еместігін көрегендікпен жазып кеткен.

Қ.Кемеңгерұлы «Мектеп қай тілде болу керек?» деген еңбегінде де қазақ тілді мектептердің болашағын анық, дұрыс көрсете білген. Өкінішке орай, 1937 жылы озық ойлары үшін «халық жауы» деген жаламен атылып кеткен ғалымның идеялары әрі қарай жалғасын таппады.

Жүсіпбек Аймауытов кезінде психологияға ерекше ден қойған. «Психология» атты кітабында адамның мінез-құлқын, жан-дүниесін зерттеуге тоқталады. Адамның дене құрылымының негізгі қызметіне қоса олардың эмоциясы мен сезімін, көңіл – күйлерін, т.б. қалыптастыру жолдарын көрсетеді. Осы еңбектегі түйсік пен қабылдау, ынта мен ілтипат, ес пен елес, қиял туралы айтылғандардың да зерттеу тақырыбымызға қатысы бар. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысына қатысты ерік-жігер, қажыр-қайрат, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр т.б. жайлы ғалым назар аударарлықтай мәселелерді көтерген. Ж.Аймауытовтың «Жан

жүйесі мен өнер таңдау», «Кешенді оқыту жолдары» деген еңбектерінде де психологияның маңызды қырлары жан-жақты баяндалған.

Мағжан Жұмабаев психологиялық мәселелерге «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» деген өз еңбегінде ерекше орын береді. Сыртқы сезімдерді көру, есту, иіскеу, тату, ет сезімі т.б. бөле келе, оларды жетілдірудің дұрыс жолдарын көрсетеді. Осы сезімдердің толық, берік қалыптасуына ерекше назар аударады. Сезімдерді тәрбиелеуде ұлттық салт-дәстүрлерге сүйену қажеттігіне баса назар аударады. Адамның ес, қиял, суреттеу, ойлау сияқты психикалық қасиеттерінің маңызы, атқаратын қызметі, оларды ары қарай дамытып, қалыптастыру жолдары туралы ғалымның баяндауы, ақыл-кеңесі әлі күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

Ұлы Отан соғысынан кейін Қазақстанда психология ғылымының дамуына Т. Тәжібаев қомақты үлес қосты. «Жалпы психология» деген еңбегінде адамның басты жан қуаттарына, олардың атқаратын қызметтеріне, даму әрі қалыптасу жолдарына ғылыми сипаттама береді. Түйсіну мен қабылдау, ес пен елестеу, ойлау мен сөйлеу, қиял мен сезім, ерік-жігер, мінез, қабілет т.б. сияқты адамның қасиеттері өмірден алынған нақты мағысалармен, дәлелдермен баяндалады.

Қазіргі кездегі белгілі ғалым психологтардың бірі Қ.Жарықбаев Қазақстандағы психология ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Оның «Психология» атты белгілі оқулығында мектеп жасындағы балалар мен жалпы адамдардың психологиясына байланысты жағдайлар жан-жақты қамтылған. Ес, ойлау, сөйлеу, қиял, ерік, мінез, қабілет, қабылдау, түйсіктер сияқты жан қуаттары туралы жазған талдаулары республикадағы мұғалімдер қауымының ағартушылық қызметтерінде өзіне лайықты орын алуда.

Басқа пәндер сияқты шетел тілін үйрету барысында да психологияға сүйенбеу мүмкін емес, өйткені психология – адам сана-сезіміндегі шындықтың психикалық заңдылықтарының,

адамның рухани жан сезімдерінің, ойлау іс - әрекетінің көрінісі.

Сөйлесім әрекетінің құрылымымен айналысатын ғылым саласы –психолінгвистика. Психолінгвистика тіл бірліктері қандай тәртіп бойынша орналасатынын, тіл жүйесі қандай ретпен меңгерілетінін, қалай іске асатынын қарастырады.

Белгілі бір тілді оқытудың объектісі – сөз. Ал, психологиялық еңбектерде сөз адамның тілдік қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануы деп қарастырылады. Психологтар сөздің екі түрін ажыратады: ішкі сөз және сыртқы сөз.

Б.Ф.Баев ішкі сөз арқылы адам сыртқы сөзге дайындалатынын айтады. Оқушы сөйлегенде, сөзін белгілі бір тыңдаушыға, құрдастарына, мұғалімге т.б. бағыттайды. Сөйлеу үшін адам алдымен не туралы айтатынын анықтап алады да, сол жайлы сөзін сабақтайды. Психологтар В.А. Артемов, С.Л.Рубинштейн шетел тілін үйренушіні еркін, мәнерлеп сөйлеуге қол жеткізу үшін оны алғашқы күннен бастап-ақ оқу материалдарына, тіректерге, үлгілерге сүйене отырып, өз ойын жинақы, мәнерлі, жүйелі етіп айтуға дағдыландыру керектігін ескертеді.

Сөз әрекеті жүзеге асу үшін тілдік материалдардың бәрі оқу-тәрбие ісін жүргізу барысында іскерлік пен дағдыға айналдырылуға тиіс. С.Л.Рубинштейн дағдыны саналы түрде орындалатын іс-әрекеттің жаттығулар арқылы автоматтандырылған компоненті деп қарайды.

Психологтар дағдыларға қоса оқушы өз ойын дәл жеткізуге септігін тигізетін іс-қимыл, дауыс ырғағы т.б. да қолдану қажет деп есептейді. Оқушылар өз ойын жүйелі түрде жеткізе алуы үшін оларда алдымен ой туады. Ал ой мен сөз бір-бірімен өте тығыз байланысты процесс. Неғұрлым жан-жақты терең ойланған сайын адамның айтпақ болған ойы соғұрлым нақты, айқын болып шығады.

Ойлаудың заңдылықтарын зерттей келе психологтар оның анализ /талдау/, синтез /жинақтау/, жалпылау сияқты процестерін бөліп қарайды.

Оқушыда өз бетімен жұмыс істей алу, тез ойлау, бейімділік, икемділік сияқты қасиеттері жақсы дамыған жағдайда ойланудың осы аталған үш процесі нәтижелі болмақ. Өз бетімен ойлау сөйлеушінің жаңа бір проблеманы көре біліп, оны өз күшімен шешуге тырысуына байланысты болады. Ойлаудағы икемділік, бейімділік бастапқыда айтайын деген ойды өзгерту қабілетінен көрінеді. Ал ойлаудың тездігі адамға қысқа мерзімде белгілі бір шешім қабылдауы үшін қажет.

Сөйлеудің негізі ой болып табылатынын айта келе И.А. Зимняя шетел тілін үйретуде оқушыларды әуелі қызықтыру, талпындыру арқылы ойландыруға жағдай жасау керек екендігін айтады. Ол үшін түрлі таяныштар, суреттер, жағдаяттар, т.б. қолданылады.

Жеке сөздерді тіркестіріп сөйлеуге жеткізетін жүйені алғаш рет Л.С.Выготский көрсетті. Сөйлеу жүйесін ол мынадай кезеңдерден тұрады деп есептейді: – талпыныс – ой – ішкі сөз – семантикалық жоспар – сыртқа шығарып сөйлеу.

А.А. Леонтьев Л.С. Выготскийдің жүйесіне сүйене отырып, оны толықтыра түсті. Сөз әрекетінің ерекшеліктерін талдай келе ол «қандай іс-әрекет болмасын талпыныстан, жеке жоспардан тұратынын, соңында белгіленген бір нәтижемен аяқталатынын» айтады. Ал оның ортасында мақсатқа жетуге бағыттайтын нақты іс-әрекеттердің жүйесі жатады.

Психологтар, психолінгвистер шетел тілінде сөйлеу әрекетінің ерекшелігін ескере отырып, сөз тудырудың мынадай жүйесін береді:

1) талпындыру; 2) айтылатын ойды жоспарлау; 3) қалыптастыру; 4) ойды іске асыру. Сөйлеуге талпындыру кезеңі талпыныс, мақсат, қажеттіліктің өзара бірігуі арқылы іске асады. Талпыныс, мақсат, қажеттілік біріге келе сөздің тууына әсер етеді. И.А. Зимняяның пайымдауынша, қажеттілік пен талпыныс адамды белгілі бір іс-әрекетке итермелейді. А.А.Алхазисвили «оқушы шетел тілінде сөйлей алуы үшін, сөйлеуге мәжбүр болатын жағдаятқа тап болуға тиіс» екенін айтады. Сонымен, шетел тілінде сөйлеу үшін

талпыныстың, қызығудың маңызы өте зор, ал оның пайда болуына жағдаят қажет деген қорытынды жасайды А.А.Леонтьев.

Ал тілдік білік, дағдыларды қалыптастыру кезеңінде тіл үйренушінің бар тәжірибесі іске асырылады. Ол сөздерді қалай пайдалану керектігін түгел еске түсіреді, яғни бұл ой мен тілдің байланыстылығын көрсетеді.

Сөз тудырудың үшінші кезеңі – іске асыру. И.А. Зимняя бұл кезеңді дұрыс сөйлеу кезеңі деп есептейді. Бұл кезеңде сөздің екпініне көңіл бөлінеді, бұл сөйлеудегі ой жемісін көрсетуге септігін тигізеді. Сөйлеу әрекетінің осы үш кезеңінде де оқушы ұзақ мерзімдік немесе қысқа мерзімдік ес қабілетін пайдаланады. Ұзақ мерзімдік ес арқылы оқушы алған білімін ойында сақтап қалады, ал қысқа мерзімдік ес арқылы ол бұрын ойында сақтап қалған білімді жаңғыртып қолданады. Оқытудың бастапқы кезеңінде осы қысқа мерзімдік ес механизмін жетілдіру үшін жаттығулардың алатын орны үлкен деп есептейді ғалымдар.

Бастапқы кезеңде оқушыда шетел тіліндегі білік, дағдылардың барлығы оның ана тіліндегіден төмен болып келеді. Оларды жетілдіру үшін суреттер, мәтіндер сияқты т.б. түрлі таяныштарды, көрнектіліктерді қолдану керек.

Шетел тілін меңгеру – сөз дағдыларының жүйесін игеру. Тіл адам психикасында қажет бола қалған сәтте пайдалана алатындай дағды түрінде болады. Біз А.А. Леонтьевтің «қарым - қатынас жасау үшін қалыптасқан сөз дағдылары жеткіліксіз, ол үшін сөйлеу іскерлігі де қажет» деген пікірін құптаймыз. Іскерлік шығармашылық іс-әрекетке жетелейді, өйткені ол ойлаумен, эмоциямен, қиялмен байланысты.

Сонымен, шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеру үшін оқушылар сол тілдегі сөз дағдылары мен іскерліктерін меңгеруге тиіс. Оларды меңгеру барысында кейбір жайттар белгілі мөлшерде кедергі келтіретінін білеміз. Мұндай жайттарға мыналарды жатқызуға болады:

1. Баланың бойында оны екінші тілге ұмтылдыратын талпыныс жеткіліксіз болады. Оның талпынысын арттыру үшін басқа елдің мәдениетіне, өміріне қатысты қызықты мәліметтерге деген қызығушылық тудыру, тілдің әдемілігін көрсете отырып, сол тілде сөйлеуге ұмтылдыру қажет. Пайда болған талпыныс сол қалпында тұрып қалмауы үшін сабақты түрлендіру арқылы талпынысты үнемі одан әрі күшейтіп, дамыта түсу керек.

2. Екінші қиындық – оқушының өз ана тілін меңгеруіне байланысты. Баланың есінде қалыптасып қалған ана тілінің білік, дағдылары, құрылымы кедергі жасайды. Сондықтан оқыту барысында ана тілін жиі қолданбай, оның тиімді ықпалын ескере оқытқан дұрыс.

3. Үшінші қиындық – оқушылардың сөзді меңгеруіне олардың шетел тілінде сөйлей алмаймын-ау, нашар баға алып қаламын-ау деген жүрексінуі психологиялық кедергі болады. Мұғалім сабақтың әдіс- тәсілдерін жақсы меңгеріп, кеңесші болып, оны жылы ықпаласпен оқытқанда, Ш.Амонашвилидің пікірінше, осы ілгерідегі аталған қиындықтардан құтылуға болады. Ш.Амонашвили шетел тілін оқытудың бастапқы сатысында төмендегідей педагогикалық және психологиялық жағдайлардың қажет екенін көрсетеді: оқыту процесінің оқушының жеке бас ерекшелігін ескеретін гуманды болуы; білім бағасының баланы алға ұмтылдыра түсетіндей болуы.

Ілгерідегі ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамаларды басшылыққа ала, солардың дәлелдеулеріне сүйене отырып қазақ орта мектебінде шетел тілінен меңгерілуге тиісті білім мазмұнын белгілеген кезде сыныптар бойынша оқушылардың жас ерекшелігі, білім деңгейі де ескерілді. Осылай деп айтуымызға Алматы облысының шетел тілі пәні мұғалімдері арасында таратылған сауалнамалар қорытындысы әрі Алматы қаласындағы №62 Ш.Смаханұлы және №159 Б. Алтынсарин атындағы орта мектепте жүргізілген практикалық сабақтарымыз негіз болды. Сауалнамалардағы мұғалімдердің пікірлерін қысқаша қорытсақ:



1. Оқытудың бастапқы сатысында шәкірттерде шетел тіліне деген қызығушылық, көп білсем деген ұмтылыс өте үлкен болады.

2. Мектептердегі сағат сандары бұл сөздерді үйретуге жеткілікті. Тағы бір айта кететін жай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 1994 жылы бекіткен базистік оқу жоспарында оқытуға түрлі нұсқалардың берілуі және орта мектептегі шетел тіліне апталық сағат санының жиырма бес болып белгіленуі /13-түрі/ де оқыту нәтижесіне кезінде оң ықпалын тигізді.

Шетел тілін оқытуға жағдай жасау, анығырақ айтқанда қажетті нұсқаны таңдап алу мектеп басшыларына да тікелей байланысты. Базалық білім минимумын белгілеу барысында қазақ тілі мен орыс тілі пәндерінен берілетін білім минимумын қарап салыстыру, республиканың ел, жер ерекшелігін ескере отырып, соған сай жұмыстар жүргізілді. Білім мазмұны Алматы қаласының, Алматы және Талдықорған облысының орта мектепте шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерінің талқысынан өтті. Шетел тілі пәнінің мұғалімдері мен Абылай хан атындағы Алматы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің әдіскер ғалымдарының пікірлері де ескерілді.

Адамдар өзара қарым-қатынас үшін тілді пайдаланады; тілдің көмегі арқылы коммуникация болады. Ал шетел тілін оқытуды зерттегенде тілдерді зерттеумен айналысатын ғылым ретінде лингвистикаға соқпай кету мүмкін емес. Өйткені лингвистика тілдің нормасын, яғни сөйлегенде қолданылатын тілдік құралдардың пайдаланылуын, оның ережелерін, қолданылу тәртібін, тілдегі стильдік құралдарды дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік т.б. жағын қарастырады.

Сөз – тілдің негізгі бірлігі, дыбыстық таңбалар мен мағынаның көрінісі. Тіл мен сөз бір құбылыстың екі жағы болғанмен де біртұтас құбылыс екенін ғалымдар дәлелдеп берді.

Шетел тілін оқытуда білім мазмұнын анықтаған кезде неге үйретеміз, тілге ме, сөйлеуге ме деген сұрақ туады. Жүйе ретінде тілге үйретуден бастаймыз ба әлде тілді

коммуникативтік мақсатта қолдану процесіне үйретеміз бе? Г.В. Рогова мен И.Н. Верещагинаның көзқарасы бойынша, тілді оқытуды бастағаннан-ақ қарапайым хабарды түсінуге, белгілі бір ауқымдағы мәліметтерді айта алуға үйрету қажеттігіне баса назар аударылады.

Оқушылар алған білімін белгілі бір ситуацияда өздері саналы түрде, ережелерге сүйене отырып, жүйелі пайдалана алғанда ғана іс жүзінде коммуникацияға жаттығады. Демек, оқушыларды шетел тілінің жүйесін меңгеруге емес, сол тілдегі сөзді меңгеруге, сөйлеуге төселдіру керек дейді Р.Рогова мен И. Верещагина.

Лексиканы қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға байланысты зерттеулер жүргізген ғалымдар М.К. Кабардов, В.С. Коростелев, В.Л. Скалкин өз зерттеулерінде сөйлеуге қажетті лексиканы стилистикалық жағынан бейтарап және функционалды стилистикалық реңктегі сөздер деп екіге бөледі:

1. Стилистикалық жағынан бейтарап лексика сөйлеудің барлық түрлеріне негіз болады. Оған жалпы қолданылатын, күнделікті өмірде қажетті нәрселерді, құбылыстарды білдіретін сөздер жатады.

2. Екінші топқа айтылатын ойға ерекше бір рең беретін, көңіл-күйді, бір нәрсенің мәнді, аса қажетті екенін көрсетететін сөздер жатады. Олар – синонимдер, модаль сөздер, үстеулер, тұрақты сөз тіркестері.

Оқытудың бастапқы сатысында негізінен стилистикалық жағынан бейтарап сөздер алынады, әйтсе де стилистикалық реңдегі сөздер де біраз алынуға тиіс. Әрине, оларды қолданудың ерекшелігін мұғалім жан-жақты түсіндіруі қажет. А.А. Леонтьев айтылатын ойдың жүйелі, логикалық жағынан бір-бірімен сабақтасып жатуына үстеулер, сан есімдер, есімдіктер т.б. ықпал ететінін дәлелдеп берді. Сөйлеу түрлеріне қажетті дағдыларды қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар жасалуы тиіс дейді ғалым. Ал мектеп қабырғасында сөйлеудің қандай түрлеріне үйрету керектігіне тоқталсақ, В.Мюллер шетел тіліндегі сөйлеу түрлерін әңгіме, суреттеу, түсіндіру, мінездеме беру деп бөліп, оларға баға берді. Сөйлеудің бұндай түрлеріне қазіргі кезде Қазақстанда шетел тілі пәнінің

мұғалімдерін дайындайтын үлкен оқу орны Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің белгілі профессоры А.К. Артықбаева өз зерттеуінде жан-жақты талдау жасаған. Ғалымның зерттеуі бойынша әңгіме дегеніміз болып жатқан жағдайдың мағынасын айтып беру, бір зат немесе бір іс-әрекеттің мән-жайы жайлы хабарлау. Хабарлауды ғалым әңгіменің бір түрі деп қарайды. Оның әңгімеден айырмашылығы сол айтушы болып жатқан жай туралы өз пікірін, көзқарасын қоспай жеткізеді.

Мінездемеде де әңгіменің элементтері бар деп есептейді В. Мюллер. Өйткені кітап кейіпкерлеріне, олардың іс-әрекеттеріне мінездеме бергенде сөйлеуші әңгіменің элементтерін пайдаланады. Ал мінездеменің бір түрі ретінде бағалау қаралады. Бағалауда сөйлеуші мінездеме берілетін кісінің іс-әрекеті туралы өз пікірін, көзқарасын білдіреді.

Суреттеуде суреттелетін заттар мен іс-әрекетінің басты қасиеттерінен хабар беріледі. Егер ол қасиеттер сөйлеушінің өзінің жеке байқауларымен толықтырылса, онда олар суреттеудің бір түрі мінездемелік суреттеу болады.

Түсіндіру ғалымның көзқарасы бойынша жазбаша жұмыстарға байланысты болады.

Зерттеу мақсатымызға байланысты бізді сөйлеу түрлерінде қандай лексикалық материал қолданатыны да қызықтырады сөзсіз. Соған байланысты неміс тілі пәнінен мектеп қабырғасында үйретілуге тиісті білім мазмұнын белгілеуде әңгімелеу, суреттеу, хабарлама жасау, түсіндіру, мінездеме беру барысында қандай тілдік материалдар қолданылатынын көрсеткен зерттеу нәтижелеріне де сүйендік.

Әңгімеде модаль етістіктер, модаль сөздер көп пайдаланылады деп есептейді аталған ғалымдар. Яғни басқа сөздерден де етістіктер басым орын алады.

Түсіндіру үшін үстеулер, жалғаулықтар және түрлі сөз тіркестері көбірек қолданылады. Ал мінездеме беруде сын есімдер басым түсіп, одан кейінгі орынға зат есімдер ие болады.

Орта мектептегі шетел тілі бағдарламасында оқушылардың хабарлама жасай алуға және біреудің іс-

әрекетіне баға беруге дағдылануы, қысқаша мәтіндердің мазмұнын айта алуын А.А. Леонтьев пен С.Ч. Нефедовтар өз еңбектерінде нақты көрсетеді.

Оқылған мәтіннің мазмұнынан түсінгенін өз ана тілінде не шетел тілінде айтуға, кино және диафильмдердің мазмұнына, достарының т.б. іс-әрекеттеріне хабарлама жасауға, баға беруге дағдыландыру оқушыларды жоғарғы сыныптарда қалыптастырылатын түсіндіру, иландыру, сендіру, көзін жеткізу сияқты сөйлеудің біліктеріне жетелер алғаш баспалдақ деп есептейді ғалымдар А.А. Алхазисвили, Б.И. Рубинская, М.Л. Вайсбург, А.И. Мучник.

Тіл үйренуде типтік сөйлемдер, үлгі диалогтар және монологтардың атқарар рөлі үлкен. Олар бір нәрсе туралы хабарлайтын, бір нәрсені мақұлдайтын, жоққа шығаратын, түрлі көңіл-күйді білдіретін болып бөлінеді. Бұндай тілдік топтармен жұмыс істеу жүйелік-семантикалық жобаның оқушылардың санасында қалуына сеп болады, яғни тіл жүйесі қалыптасатынын А.А. Мироллюбов, И.В. Рахмановтар зерттеді. Тіл белгілі бір халықтың тыныс-тіршілігінің, салт-дәстүрлерінің, мәдениетінің көрінісі, айнасы іспеттес. Сондықтан тілге ойды білдіру құралы ретінде ғана емес, халықтың мәдениетінен хабар беретін мәліметтер көзі деп те қаралады. Бұл туралы К.Д. Ушинский өзінің “Родное слово” деген еңбегінде былай деп көрегендікпен жазған: “Тілде халық пен Отанның бүкіл рухани келбеті бар: тіл арқылы халықтың рухы шығармашылықпен ойға, санаға, оның Отанының суреті мен дыбысына, ауасына, даласына, тау мен төбесіне, өзені мен орманына, боран мен найзағайына айналады... Халық тілінің жарық тұңғиығында оның туған Отанының тек табиғаты ғана емес, барша рухани өмірінің бүкіл тарихы көрінеді”.

Шетел тілін оқытқанда, сол үйретілетін тіл елінің мәдениетімен тығыз байланыста оқытудың еларалық, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тигізер үлесі өте үлкен. 1975 жылы Европада, атап айтқанда Хельсинкиде, отыз бес елдің бірігіп құрған Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық туралы Кеңесінде қабылданған “Шетел тілдері және цивилизация” деген құжат бар. Құжатта отыз бес елдің халықтар арасындағы

қарым-қатынас пен достықты жетілдіру, кеңейту ісінде, ел елдің бір-бірінің мәдениетімен танысуына, араласуына өте бір қажетті құрал ретінде шетел тілдерін оқытуды қолдау қажет деген шешім қабылданған.

Ілгеріде аталған ғалымдардың, психологтардың пікірлері мен зерттеулерін басшылыққа ала отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: халыққа білім беру саласында дүние жүзінің көптеген елдерінде, біздің республикада болып жатқан өзгерістер мектепте шетел тілдерін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері үнемі жаңалап отыруды талап етеді. Шетел тілдерінен берілетін білім мазмұнын, әдістемелік жаңалау қазіргі кезде ғылым, білім жаңалықтарын іздеп, тауып, басшылыққа алып, оқытудың ізгілікті болуын, адамзаттық (дүниежүзілік) құндылықтарға басты орын беру қажеттігін ғылым мен мектеп тәжірибесі дәлелдеп берді.

Бұл проблеманы зерттеудің нәтижесі, мектепте шетел тілін оқытуда өткен ғасырдан бастап қазірге дейінгі кезеңде білім саласында зерттеулер жүргізіп, адамзатқа пайда келтірген ғалымдар, педагогтар, ойшылдар, ағартушылар, психологтардың еңбектеріне үнемі сүйену, оқыту барысында оларды талдай отырып пайдалану қажет деген тұжырым жасалды.

### **2.3 Шетел тілін оқытудың қазіргі алғышарттары**

Жаһандануға бет бұрған бүгінгі заман талабы жалпы білім беретін мектептердің өміріне елеулі өзгерістер енгізіп отыр. Мектептік білім жүйесінің түбегейлі өзгерістер жасауға мүдделі болуы педагогика ғылымы практикасында дүниежүзілік деңгейде кейінгі кезде әлемдік білім кеңістігінде қалыптаса бастаған жаңа ғылыми ашылымдармен сабақтасып жатыр. Өйткені әрбір жаңа қадам өркениетті елдер тәжірибесіндегі озық үлгілерді әр елдің өз ерекшелігімен ұштастыра қабылдауын талап етеді.

Бәсекелестік айрықша мәнге ие болып отырған қазіргі уақыт дүниежүзі елдерінде білім беру жүйесіне ерекше мән берілуіне, оқытудың жаңа белестеріне көтерілудің барлық

мүмкіндіктерін қолдануға мүдделі етіп отыр. Мұндай жаңа қадамның жасалуының ішкі және сыртқы факторлары бар. Мысалы, біріншіден, әр елдің жалпы білім беретін мектептерінің оқыту деңгейі әр түрлі болуынан жас ұрпақты өмірге бейімдейтін мамандыққа баулудың түрлі проблемалары туындаса, екіншіден, жаңа ғасырда адамзат қоғамын күтіп тұрған ғаламат ерекшеліктерге сай келетін мамандар дайындап шығаруға байланысты болып отыр.

XX ғ. 80-жылдарының соңында, 90-жылдың басында Англия, Голландия, Норвегия, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, т.б. елдерде білім беру жүйесін реформалау үрдісі басталды. Соның басты көрінісі– білім стандарттарының жасалуы болды. Білім беру стандарты әрбір оқушының зердесіне жететін білімнің ең төменгі міндетті деңгейін көрсететін көрсеткіш ретінде ұсынылады. Басқаша айтқанда, шәкіртті “машина” десек, оны құрайтын бөлшектердің ең жоғары талапқа сай болуы шарт емес, тек өз міндетін атқару үшін, яғни, қозғалып, жүріп тұратындай болуы қадағаланады. Рас, “шәкірт – машина” әрі қарай дамып, жақсарып, жетіліп, ең биік талаптарға сай білімді болуына стандарт ешбір кедергі келтірмейді, керісінше, оған өзі жол ашады. Экономикасы дамыған елдердің білім жүйесіндегі ерекшелік – әрбір оқу орнының өзіндік билікке ие болып автономиялануы, соған сай білім беру саласын басқаруды орталықтандырудың бәсеңдеуі (децентрализация) – оқушылардың алған білімін тексерудің көпке ортақ ұстанымдарының болмауына әкеліп соқты. Сондықтан бұл елдер қайтадан орталықтандырудың құралы ретінде білім стандарттарын дайындауға мәжбүр болды. Мысалы, АҚШ-та арнайы “Білім беру стандарты мен тестілеу жөніндегі Ұлттық Комитет” құрылып 1992 жылдан бастап Ұлттық стандарттарды жасап шығарып, оқыту жүйесіне енгізу жоспарланды.

Білім берудің қазіргі жүріп жатқан әлемдік реформасы алғашқы рет батыс Еуропа елдерінде басталды. Голландияда 1987 жылы “Базалық білім беру туралы Биль” (ереже) қабылдаса, оны 1988 жылы Англия қолдап, “Білім беруді реформалау туралы акт” ұсынды. Бұл құжаттардың бәрі де оқушыға берілетін білімнің сапасын көтеру мақсатын көздейді.

Олар білім мазмұны мен оқытудың нәтижесін бірге қарау керектігін алға тартады. Дұрысында да білімнің кілті осы екі мәселеге тірелетінін педагогика ғылымы бұрыннан анықтап берген. Алдымен, оқушыға нені оқыту керектігін біле отырып, оның соған сай алып шығатын білім деңгейін, яғни оқушының міндетті білімін күні бұрын анықтай алмасақ, жалпы білімнің сапасы туралы айту да мүмкін болмай қалады. Сондықтан АҚШ-та ұсынылып отырған білім стандарты үш параметрді қамтиды, олар: білім мазмұны, оқушының білім сапасы, мектептерді материалдық жағынан жабдықтау.

Ресейдің білім стандартын жасауға әкелген себептер бұған мүлде қарама-қарсы. 70 жылдан аса әкімшілдік пен әміршілдіктің туын тіккен тоталитарлық жүйе қирап, тәуелсіздікке ұмтылған елдер қатары көбейіп, олардың білім беру жүйесінде сан алуан жаңалықтар туып, өмірге ене бастады. Ресейде 1993 жылдан бастап біршама жаңа бетбұрыстар көрініс тапты. Көптеген жаңа типті мектептердің ашылуына орай бұрыннан қалыптасқан оқу бағдарламаларына сай білім мазмұнына оңды-солды өзгерістер енгізіліп, оқушының білім сапасын көтеретін жолдар іздестірілді. Алғашқыда ата-аналар қауымы білім беру саласындағы жаңалықтардан үлкен үміт күтіп, оның тиімділігін көзбен көргісі келгені заңды. Алайда, істің нәтижесі ойлағандай бола қоймады. Білім мазмұнына енген азғана жаңалықтар мен өзгерістер білім деңгейін көтеретіндей табыстарға қол жеткізбеді. Оның үстіне орынсыз енген жаңалықтар бұрыннан қалыптасқан бірыңғай білім, білік, дағдыға қойылатын талаптардың шеңберінен тысқары кетті, яғни, үйреншікті орталықтандырылған басқару және тексеру әдістері сырт қала бастады. Сондықтан білім беру жүйесін қайтадан реттеу мақсатымен білім стандартын жасауға тура келді. Ресейде білім беру стандарты үш кезеңді бастан өткеріп отыр: 1994 жылы алғашқы білім беру стандарттары дайындалып, сынаққа түсіп, ол келесі жылы мемлекеттік деңгейде бекітілді, оның өмірге енуі 1996 жылдан басталмақ болып жоспарланған еді.

Қазақстан өзінің білім беру стандартын дүниежүзілік нормаға сай етуді ниет еткенімен, әзірше ондай қалыптасқан,

бар елдерге бірдей ортақ құжаттар жоқ болатын. Алайда білім беру стандартымен айналысқан алыс-жақын елдердің ғалымдарының жарияланған еңбектерімен танысқанымызда, олардың белгілі бір білім мазмұнының тұрақты бөлігін игеруді мақсат еткендігін және оқушылардың осыған сай дайындығына қойылатын талаптардың болатындығын ескеріп, соны үлгі ретінде қабылдау қажет болды.

Қазіргі орта білім беретін мектептердің өзінде жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартының құрамына кіруге тиісті мәселелер аз емес. Олар: оқу жоспарлары мен бағдарлары, соларға сай сан алуан нормативтер. Бірақ кеңестік дәуірдегі орта білім жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісі түгелдей дерлік қатаң қадағаланатын ережелер мен талаптар арқылы жүзеге асқаны мәлім. Ал тізгіні өз қолына тиіп, білім саласында ізгілендіру мен демократияландыру талабы туғаннан бастап, өмірге енген соңғы өзгерістердің ішінде жаңа оқу жоспарлары мен авторлық бағдарламада дүниежүзілік нормадан ауытқу байқала бастады. Оқушыны ертерек мамандыққа бағдарлаудың салдарынан бұрынғы оқу жоспарындағы біраз пәндердің білім мазмұны күрт қысқарып, тіпті оқудан түгелдей алынып тасталған жайлары да бар. Жер-жерде білім мазмұнына көптеген заңсыз толықтырулар енгізіле бастады. Осыдан барып республикадағы жалпы орта білім жүйесінің қалыптасқан бірыңғай педагогикалық кеңістігінде өзгерістер бола бастады. Жалпы алғанда, орта мектептердегі ретсіз жүріп жатқан үрдістерді белгілі бір тәртіпке келтіру үшін дәстүрлі көзқарастардың жетімсіздігі айқын байқалды. Осыдан соң Қазақстан ғалымдары Ресей мамандары сияқты дүниежүзілік озық елдер ұстаған бағытқа бет бұрып, білім стандартын жасап шығаруға кірісті. 1994 жылғы 4 мамырда Министрлер Кабинеті қабылдаған “Қазақстан Республикасында мемлекеттік білім беру стандартын жасап шығару және бекіту тәртібі туралы” № 477 қаулысына және Білім министрінің 1994 жылы 2 маусымдағы №227 бұйрығына сай бұл міндет жалпы орта білім беретін мектептерді ғылыми- әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан білім проблемалары институтына (ҚазБПИ) тапсырылды. Мемлекеттік білім



стандарты тәрізді бұрын-соңды болмаған жаңа құжаттарды жасап шығару үшін институт ғалымдары жаңа қадамды ең әуелі білім стандарты қандай педагогикалық мәселені қамтып, нендей дидактикалық мақсатты көздейтінін анықтап алудан бастады. Нәтижесінде Қазақстанның білім беру жүйесіндегі және оның болашақ даму жолындағы ерекшеліктер толық ескерілген құжат “Жалпы орта білімнің мемлекеттік стандартының ережесі” дайындалды.

Мемлекеттік білім стандартының атқаратын қызметін ескере келіп соған сай дайындалатын құжаттар үшке бөлініп қаралды. Солардың бастысы – алғашқы тұжырымдамалық құжаттар. Қазақстан Республикасында «Білім беру» Заңына сай «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің даму тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасы» жасалды. Ол құжат талқыдан өтіп, көпшілікке танылып, білім беру жүйесіндегі болашақтағы өзгерістерге жол ашты. Балабақшадан бастап жоғары оқу орындарын қамтитын ана тілінде біртұтас үздіксіз оқытудың жаңа жүйесі ұсынылып, өмірге енгізілді.

Жалпы білім беретін қазақ мектебінің басты мақсаты бұрынғысынша дара тұлғаны дамыту болып саналғанымен, оны жүзеге асыру жолында істелетін істерге деген көзқарас өзгерді. Дәстүрлі оқу жүйесінде оқушыны белгілі көлемдегі білім, білік, дағдылармен қаруландыру жеткілікті деп ұғындырылып келсе, ендігі жерде олар баланың ой-өрісін өсіріп, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтіндей мүмкіндік беруі керек деп танылды. Сөйтіп, әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына, бойындағы қабілетіне сай білімін тереңдетуіне толық мүмкіндік туғызу міндеті тұрды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының 4-тармағына сай «Білім беру» Заңының жаңа талаптарына орай дайындалған мемлекеттік білім стандарты (МБС) жалпыға бірдей міндетті құжаттар жиынтығын құрады.

Білім стандарттаудың негізгі төрт объектісі – оның құрылымы, мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі және оқушы

дайындығының деңгейі болып есептеледі. Осыған сай жалпы білім беретін пәндер жиынтығы, оның базалық білім мазмұнының өзегі, ең жоғары оқу жүктемесінің мөлшері, оқу бітірушінің білімі мен білігіне қойылатын талаптар анықталды.

Мемлекеттік білім стандартын жалпы білім беру жүйесіне енгізу – оқу үрдісін белгілі бір қалыпқа салып қою емес, керісінше, әрбір пәнді базалық білім мазмұнын басшылыққа ала отырып, әртүрлі вариациялы бағдарламалар дайындап ұсынуға, соған сай сан алуан оқыту технологиясын қолдануға және оқу әдістемелік құралдарын жасап шығаруға негіз болды.

Білім стандарты – мемлекеттің әрбір азамат алдындағы, өз кезегінде азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершіліктерінің басын біріктіретін басты құжат. Мемлекет әрбір жас азаматынан стандарт бойынша анықталған білім деңгейін игеруді талап етеді, ал өзі соған қажетті мүмкіндіктердің бәрін жасауды мойнына алады. Тұжырымдамалық құжаттар өз аттарынан көрініп тұрғандай, бүкіл жалпы орта білім беру жүйесінің дамуының стратегиялық бағдарын негіздеп, мемлекеттік базистік оқу жоспарын құрастырудың, оның мазмұнын анықтаудың ішкі логикасын анықтап береді, осыдан барып әрбір пәннің базалық білім аумағының стандартын жасауға жол ашылады. МБС-ның негізі оның нормативтік құраушылары болып саналады, өйткені олар тұжырымдық құжаттардағы негізгі идеяларды іске асыруға бағдарлап, бүкіл мектептегі білім беру үрдісін дамытудың жолдарын анықтап береді. Нормативті құраушылар: мемлекеттік базистік оқу жоспарындағы, базалық білім аумағының стандартындағы талаптарды барлық білім мекемелері бұлжытпай орындауға міндетті. МБС-ның әдістемелік құраушылары дара тұлғаны дамытуға бағдарланған оқу үрдісін ұйымдастырудың негізін қалайды. Сондықтан да ол пәнді оқыту тұжырымдамасын, оның оқу бағдарламасын, соған сай келетін оқулығын, сан алуан оқу құралдарын қамтиды. Әдістемелік мәні бар бұрын-соңды болмаған ерекше құжат оқушылардың міндетті білімін, біліктілігін тексеруге арналған тексеру тапсырмаларының жүйесі. Олар: МБС-ның өлшеуіштерін жасаудың талаптарына бағындырылып, пәннің базалық білім мазмұнын толық

қамтитын, стандартты білім деңгейіне сай келетіндей етіп құрастырылған сұрақтардың, жаттығулардың, есептердің т.б. тапсырмалардың жиынтығынан тұрады. Әдетте, мұндай пәндік жүйе 500-1000 аралығында тапсырма енетін жабық не ашық тестер түрінде беріледі. Оқушылардың жыл соңындағы білімінің сапасын тексеру үшін осы тапсырмалардың ішінен 30-50 дейі белгілі бір ұстаныммен таңдалып алынып, бақылау сұрақтары түрінде ұсынылады. Сол сұрақтарға түгелдей дерлік оң жауап берген жағдайда ғана оқушы өзінің мемлекет алдындағы міндетін ақтап, ал ұстаз мемлекеттік тапсырысты орындап шыққан болып есептеледі. Айта кетерлік жайт: тексеру тапсырмаларының жүйесі бүкіл орта мектептің базалық білім мазмұнын ескере отырып жасалатындықтан, оны әрбір сыныптан не бастауыш, негізгі, жоғары сатылардан соң қолдануға мүмкіндік береді. Білім беруді әрі қарай стандарттау оның сан қырлы функцияларын аша түсуге тиіс. Мәселен, ең алдымен ұстаздардың аттестациясы мен мектептің сертификациясына тікелей әсер ететіндей құжаттар дайындалуы қажет. Бұл айтылғандар МБС-ның жалпылама бейнесі ғана болғанымен, оның іске асып жатқан бөліктері аз емес. Айталық, қазіргі жалпы орта білім беретін мектептердің құрылымына да, түрлеріне де айтарлықтай өзгерістер енгізіледі. Анық айтсақ, баланың ер жетуінің жас ерекшеліктері ескеріліп, білім берудің 3 сатысы ұсынылды: әрбір азамат балалық шақта бастауыш мектепті (1-4 сыныптар), жасөспірім кезінде негізгі мектепті (5-9 сыныптар), жастық шағында бағдарлы мектепті (10-11 сыныптар) аяқтап шығуға құқы бар. Бірақ жалпыға бірдей ортақ білім беретін оқу 9 жылдықпен шектеледі. Басқаша айтқанда, қазіргі 11 жылда оқылатын білімнің негізі 9 жылда өтіліп, әрбір оқушының базалық деңгейде білім алып шығуына мүмкіндік берілетін болды.

Жалпы білім беретін жүйенің жоғарғы сатысы: гимназия, лицей, кәсіптік-техникалық мектептер түрінде жалғасуда. Гимназия гуманитарлық-эстетикалық пәндерден, ал лицей жаратылыстану-математика пәндерінен бағдарлы терең білім беруге тиіс. Лицей мен гимназия жеке мектеп түрінде де, не кез келген орта мектептің жоғарғы сатысында бөлек сынып ретінде

де құрыла алады. Кәсіптік-техникалық мектеп (КТМ) деп аталатын жаңа құрылым, өздерінің тілегіне орай, көбіне негізгі мектепті бітіргендегі оқу үлгеріміне байланысты жоғарғы оқу орнына бірден түсуге ниет етпегендерге арналған. Оның басты ерекшелігі бастапқы кәсіби мамандықты игеруге мүмкіндік берілген, өйткені олар жұмыстың бір не бірнеше түріне сай білім алып, білік пен дағды қалыптастырып, қажетті практикадан өтіп, мектеп бітіргеннен соң бірден еңбекке араласа алады. Әрбір мектептің өзінің аймағының мұқтажынан туатын мамандық түрлерін беруіне мүмкіндік бар.

Бағдарлы мектептің үш түрін бітіргендердің бәрі де кәмелеттік аттестат алады. Алайда, гимназия мен лицей түлектері өздерінің бағдарына сай келетін жоғары оқу орындарына түсуге еркі бар, ал КТМ-ді бітірушілер алдымен колледжге баруына болады, қажет болса, олардың кейіннен институт, университеттерге де ауысуына жол ашылады.

Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы жоғарыда келтірілген МБС-на енетін жұмыстарды игерді. Мәселен, бастауыш мектепте оқытудың біртұтас тұжырымдамасы, соған сай жаңа оқу бағдарламасы өмірге келді. Ол бұрын-соңды республикада жасалмаған кешенді дүние. Оның өзіндік құрылысы бар, атап айтқанда, әрбір пәннің алдымен базалық білім мазмұны айқындалып, содан тікелей сыныптарға жіктелген, тақырыптары айқындалған бағдарлама шығады: ол пәнішілік және пәнаралық байланысты ескере отырып жасалған: содан соң бүкіл базалық білім мазмұнына сай берілетін деңгейлер болса, соңғысы соның ішінен туатын міндетті, яғни стандартты білім деңгейі; міндетті білім деңгейін тексеретін тапсырма-сұрақтардың үлгісі қоса берілді; пән бағдарламасының соңында ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдарының тізімі келтірілген.

Негізгі мектептегі барлық инвариантты пәндердің оқыту тұжырымдамасы мен оқу бағдарламасы дайындалып талқыланды. Оның жоба түріндегі нұсқасы Білім министрлігі Алқасында бекітілді. 1997 жылдан бастап жаңа бағдарлама, мектептің білім стандартын жасау басталды.

МБС талаптарына орай, жаңа құрылымды мектептердегі оқу мазмұны түбегейлі өзгеріске ұшырады. Оның басты себептерінің біріншісі – жаңа 9 жылдық жалпыға бірдей міндетті оқу жүйесіне ауысудан туындады, екіншісі – оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартып, оқулықтардың жаңа буынын дайындап шығарып, жаңа ақпараттық технологиясын енгізу қажеттілігінен шықты.

Базистік және типтік оқу жоспарының негізінде жеке мектеп ұжымына жергілікті жер ерекшеліктері мен сұранысын ескере отырып, өз оқу жоспарын құру құқын жүзеге асыру мүмкіндігін беруі, бүкіл үздіксіз білім беру жүйесін демократияландыру, ізгілендіру сияқты ұстанымдарының шын мәнінде іске асуының көрінісі болып табылады.

Базистік оқу жоспары – әр түрлі варианттағы оқу жоспарларының моделін құруға негіз болатын ресми құжат. Жаңа оқу жоспарына сай жаңа бағдарламалар 1998-2003 жылдар аралығында дайындалды. Оны іске асыру үшін әр пәннің оқу-әдістемелік кешенін жасау қажет болды. Сондықтан бұл проблеманы шешуде бүкіл Қазақстан Республикасындағы майталман ғалым-педагогтар, әдіскер-ұстаздар атсалысты. Қазақ тілінде жазылған әрбір төл оқулықтар арнайы эксперименттік мектептерде сынақтан өткізіліп, жан-жақты талқыланып, қажет болса, түзетіліп барып көпшілікке ұсынылды. Әрбір пәннің оқу-әдістемелік кешенін жазған авторлар ұжымы өз туындыларын өмірге енгізуге міндеттенді. Бұл да бұрын-соңды оқыту жүйесінде болмаған құбылыс еді. Отандық ғалымдар осындай төл оқулықтарды жасаудың және оны бүкіл білім беру саласына енгізудің ғылыми негізделген жолдарын қоса ұсынды.

Төл оқулықтар бірден орыс, ұйғыр т.б. қажетті тілдерге аударылып, бүкіл республикамыздағы үздіксіз білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыруға қызмет етті. Қазіргі заман талабына орай ақпараттық және жеделдету технологиясына жауап беру үшін оқулықтарға қойылатын басты талап оқушылардың табиғи мүмкіншіліктері мен даму деңгейін толығырақ ескеретін көп деңгейлі болуы еді. Сонда ғана әрбір оқушы өз мүмкіндігінше бір деңгейден екіншісіне өтіп

отырады. Ал ең төменгі міндетті деңгейдің өзі мемлекеттік білім стандартына сай сол пәннен қажетті білім бере алатындай дәрежеде жасалды.

Республикамыздың шетел тілдері бойынша жаңа буын төл оқулықтарына халықтық педагогиканың ұмыт болған, қазіргі кезде қайта жанданып жатқан асыл қазынасы кеңінен енгізіліп, олар аймақтық ерекшеліктерді ескеретіндей етіп дайындалды.

Республиканың мамандары жазған төл оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап шығару кең ауқымда алғаш рет көтеріліп отырғандықтан, бұған Үкімет тұрғысынан үлкен мән берілді. 1997 жылдың 26-қыркүйегінде Үкіметтің №1173 “Жалпы білім беретін мектептердің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін дайындау және шығарудың мақсатты бағдарламасы” қабылданды. Осыған сай Білім және ғылым министрлігі болашақта жасалатын жұмыстардың жоспарын ұсынды. Оның басты ерекшелігі — барлық істелетін шаралардың бірыңғай тәртібі айқындалып, оқу-әдістемелік кешендерді жасап шығаруға қажетті тұжырымдық-мазмұндық сипаты, нормативтік-реттеуші бағыттағы құжаттардың аты көрсетіліп берілуі. Олардың ішінде авторлар ұжымын конкурстық жолмен таңдау, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешенге қойылатын талаптар, сараптау т.б. туралы ережелер бар болатын. Авторлар бүкіл оқу кешенін жазып қана қоймай, оны баспаға ұсынуға қажетті макет деңгейіне дейін жеткізуді өздері қадағалап отырды.

Күні бұрын жүргізілген есептеулер бойынша бұрынғы орта мектептегі 150-ден астам оқулықтардың орнына 170-тей оқулықтар және олардың оқу-әдістемелік кешенін дайындау қажеттігі белгіленді. Тек бастауыш мектептің бірінші сыныбына ғана 8 жаңа, 10 аударма оқулық және бұған қоса 100-ден астам атаумен оқу құралдарын жасап беру көзделді. Оқу құралдарының ішінде оқушыға, мұғалімге, мектепке, ата-анаға деген бөліктері жеке-жеке берілген.

Жоғарыдағы көрсетілген мақсатты бағдарламаға сай 1 сыныптың оқу-әдістемелік кешенін жасау қызу қолға алынды. 12 авторлар тобы (70-тен астам ғалымдар мен мамандар) қазақ,

орыс және ұйғыр тілдерінде әліппе, туған тіл, математика, дүниетану, еңбекке баулу, бейнелеу өнері, дене шынықтыру пәндері бойынша 60-тан астам атаумен оқу-әдістемелік кешенін дайындады. Бұл оқулықтар мен оқу құралдарында білім беру стандартының жаңа талаптары ескерілді.

Бұл жұмыстардың заңды жалғасы ретінде оқу үрдісін жаңа мотивациялық идеяға құрудың ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік негіздерін дайындайтын уақыт келді. Басқаша айтқанда, мектептегі оқу үрдісін Мемлекеттік білім стандартынан туындайтын жаңа талаптарға сай келетіндей етіп ұйымдастыруды жан-жақты қарастыру проблемасы тұрды. Бұл түптеп келгенде дәстүрлі оқыту теориясының басты мәселелері мен оған үндес келетін ғылыми-әдістемелік проблемаларды түгелдей қайтадан қарап, көптеген жаңалықтар енгізуді қажет етті. Мектептегі білім беру ісінің даму жағдайын анықтайтын басты бағдар мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталды. Оқушыны сабақ үстіне мұғаліммен бірдей жауапты субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдау – оқу үрдісіне енуге тиісті ең негізгі талап болып саналды.

Білім беру стандарттарын өмірге енгізудің жалпы стратегиясының бірінші кезеңі Білім беру стандарттарының жалпы тұжырымдамалық идеяларын жасап, олардың жобасын көпшіліктің талқылауына ұсынумен аяқталды. Анығын айтқанда бұл үш жылдың ішінде, яғни 1994-1997 жылдарда іске асырылды. Екінші кезеңі – мемлекеттік стандарттарды практикаға енгізіп, сынақтан өткізумен байланысты болғандықтан, үзбей жалғасып отырды. Басқаша айтқанда бұл кезең білім беру стандарттары қолданылып отырған мезгілді түгелдей қамтыды.

Жұмысын жаңаша құрайтын жалпы білім беретін мектептерге нормативті әдістемелік құжаттарды енгізу білім беру стандартына сай ең алдымен 1997-1998 оқу жылы басталды. Білім беру стандарты қазіргі орта мектептердің жұмыс практикасына енгеннен бастап олар өз жұмыстарының негізіне айналатын сындарлы, жаңа нормативтік құжаттарды басшылыққа алды.

## **2.4 Қазақстан Республикасы мектептеріндегі білім берудің жаңа бағыттары**

Жаңа мыңжылдықта біздің мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастықпен бірге өркениетті өмірдің өріне қарай нық қадам басты. Осынау тарихи кезеңде білім беру мен тәрбие ісінің бұрынғыдан да маңызы, қажеттілігі арта түсуде. Елімізде жаңаша қалыптаса бастаған қоғамдық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға байланысты білім беру саласы соны өзгерістермен жаңғыру үстінде екені баршамызға аян. Білім беру саласын реформалау және дамыту үшін жаңадан құқықтық, ғылыми-зерттемелік, т.б. жағдайлар жасау білім беру жүйесінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде жүзеге асырылуда. Мемлекетіміз өз азаматтарының ғылыми, рухани және кәсіптік деңгейінің үздіксіз дами беруіне мүдделі. Бүгінгі таңда білім беру мәселесі егемен Қазақстан саясатының басты қағидаларының бірі болып табылады. Сондықтан да білім беру тұжырымдамасы, мемлекеттік стандарты, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар жаңадан дайындалды. Қоғамымыздың әлеуметтік тапсырысы оқулықтар мен әдістемелік, дидактикалық құралдардың концептуалдық негіздерін айқындап, ол құралдардың мазмұнын таңдаудың теориялық тарихын терең зерттеуді алға мақсат етіп қойды. Мектепте оқытылатын басқа да пәндер сияқты неміс тілі пәнінің де оқу-әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибеге енгізілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мұндай кешен Қазақстанда тұңғыш рет жасалды. Қазір мектепте шетел тілін оқытудың мақсаты өзгерді, оны бір сөзбен айтсақ, ел елдегі бүкіл адамзат жинаған тәжірибедегі құндылықтарды оқытып, үйрету негізгі бағытқа айналды.

Жалпы білім беретін мектептердегі пәндерді оқытудағы және басқа да әдіснамалық өзгерістерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» [«Егемен Қазақстан», 26 тамыз 1994ж.],



«Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» («Егемен Қазақстан» 20 маусым 1995ж.), «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы», («Егемен Қазақстан», 7 тамыз 1996 ж.), Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы сияқты құжаттарда көрсетілді.

Оқыту, білім беру мақсатының жанаруы оны оқытудың міндеттеріне де өзгерістер енгізіп отыр. Бұрынғы коммунистік партияға, социалистік жүйеге, дүние жүзілік революцияшыл пролетариатқа, т.б. сүйіспеншілік рухына тәрбиелеу, дінді, буржуазиялық идеологияны жек көруді дәріптеу міндеттері алынып тасталды. Олардың орнына барлық халықтар арасындағы ынтымақтастыққа, бейбітшілікке тәрбиелеу оқушылар бойында ұлтшылдықты, нәсілшілдікті, теңсіздікті, әділетсіздікті, зорлықты, соғысқұмарлықты болдырмауға күш салып, жағымсыз қасиеттерге қарсы күресе білу қабілетін қалыптастыру; адамзат прогресінің ауқымды мәселелерін шешу ісіне үлес қосу; әрбір ұлттың ана тілін, мәдени-эстетикалық тұрмыс-салт ерекшеліктерін, ұлттық рухани игіліктерін қорғай білу сияқты қасиеттерді меңгерту міндеттері қойылып отыр. Шетел тілін меңгеру қашан да жоғары мәдениеттіліктің, білімділіктің көрсеткіші болып саналады. Екі немесе үш тіл білудің арқасында сан алуан ақпарат негіздерінен хабардар болып, бірнеше тілде ұжымдар арасында өз ойын, пікірін білдіру қазіргі қоғамда біздің елімізде қажеттілік әрі табиғи жай болып отыр. Көп тіл білу, меңгеру мен белгілі бір шетел тілінен білімді болу екеуі екі түрлі нәрсе деп пайымдайды эстондық ғалымдар В.Лейбур, Р.Сельг.

Қос тілділік адамның күнделікті өмірінде екі тілде сөйлеуіне тура келіп, тілдердің өзара қатынаста болуынан туындайды. Қос тілді деп екі тілді де бірдей меңгерген, бір тілден екінші тілге еркін ауысып сөйлей алатын адамды айтамыз. Қос тілділіктің туындау себебінің ауқымы өте кең. Қос тілді адам аралас отбасында туып өскен немесе этникалық ортада өмір сүріп, тілді үйреніп, оны кез келген жағдайға байланысты қолданады. Біздің республикамызда

өмір сүріп жатқан көптеген ұлттар өкілінің қос тілді болуына, әрине, социалистік саясаттың, миграциялық процестердің тікелей ықпал еткені белгілі. Ал бұл жағдайдың лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік және саяси проблемалары өз алдына арнайы зерттеуді қажет еткені сөзсіз. Адам тіл мен интеллект арқылы ұлттық мәдениетпен тікелей байланысты болады. Мәдениет, салт-дәстүрі астасып жатқан, жүзден астам ұлт өкілдері бар республикамыздағы тілге қатысты қалыптасқан жағдайды ескере отырып біз көп тілділікті емес, қазақ баласы үшін үшінші болып саналатын шетел тілінен білім беру жолдарын зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық. Жалпы орта білім беретін мектеп жағдайында шетел тілінен білім берудегі мақсат оқушылар сол өздері үйренетін тілде ауызша және жазбаша түрде өз ойын, пікірін білдіре алып, ақпараттық хабарларды түсініп, қабылдай алатын дәрежеге қол жеткізу болып табылады.

Тіл – күрделі құбылыс. Сондықтан да оны оқып, үйренудің түрлі аспектілері бар екендігі белгілі. Тіл арқылы бір дәуірден келесі дәуірге адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі беріледі, сондықтан да ол – белгілі бір халықтың мәдениетінің сақталу әрі даму құралы, мәдениеттердің өзара алмасу құралы. Белгілі бір адам үшін тіл қарым-қатынас құралы бола отырып, ол адамның басқа ел, ұлт мәдениетін танып, біліп сол арқылы өз жеке басындағы қасиеттерін, қабілеттерін байыта, кеңейте түсуіне болысады, сондай-ақ басқа ұлт өкілдерін өзінің ұлттық мәдениетінің жетістіктерімен таныстыру қызметін атқарады.

Шетел тілі пәндерін оқытуда назар аударатын басты ұстанымдар интеграция, дифференциация мен жеке бас ерекшелігін ескеру. Өйткені бұл ұстанымдар ұрпақтар сабақтастығын, дәстүр сабақтастығын, қоғамдық ой мен тәуелсіздікке талпыныс сабақтастығын қамтып, сондай-ақ бізді қоршаған әлем, табиғат, мәдениет, өнер, ұлттық ой, көзқарасты қалыптастырып, жас жеткіншектеріміздің көкірегіне өз елінің азаматтық сезімін оятып, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді толықтыруға, ұштауға бағытталған, шетел тілі пәндерінің, оның ішінде шетел тілі

бойынша, жаңадан жасалған оқу-әдістемелік кешендердің әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік міндеттері талапқа сай жүзеге асырылды. Атап айтсақ, солардың бірі – ең алдымен оқу-тәрбие жұмысын реформалаудың басында дайындалған «Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде шетел тілін оқытудың тұжырымдамасы». Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептердегі шетел тілін оқыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің Мемлекеттік білім стандарты сияқты маңызды құжаттар жасалып, осы аталған құжаттар негізінде шетел тілдерін оқыту бағдарламалары дайындалды. Ол бағдарламалардың бұрын пайдаланылып келген бағдарламалардан елеулі айырмашылықтарына талдау жасалды.

Ең басты өзгеріс республика мектептерінің негізгі тоғызжылдық және де бағдарлы толық орта (10-11 сыныптар) мектеп болып бөлінуінен басталды. Тоғызыншы сыныпты бітірген оқушы бар пәннен аяқталған білім алса, ал бағдарлы мектептерде қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика ғылымдары саласынан тереңдетілген білім алады. Мектеп құрылымында жүріп жатқан өзгерістер пәндердің білім мазмұнын, оның ауқымы мен жүйесін, оқу әдіс-тәсілдерін де жаңартуға әкелді. Соңғы жылдары, әсіресе, еліміз егемендігін алғаннан бері біздің республикада да басқа дүние жүзі мемлекеттеріндегі сияқты ағылшын тілінің оқытылу, қолданылу ауқымы ұлғайып отыр. Соған байланысты неміс тілін бірінші шетел тілі ретінде оқытатын мектептердің саны азая түсуде. Дегенмен де қазір сол ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылатын мектептерде, лицейлер мен гимназияларда неміс тілін екінші шетел тілі ретінде оқыту тенденциясы ұлғая түсуде. Неміс тілін жалпы орта білім беретін мектептерде екінші шетел тілі ретінде оқыту мәселесі біздің республикада әлі де ғылыми-әдістемелік тұрғыда толық зерттелген жоқ. Демек, қазір республикамызда неміс тілінің ағылшын тілінен кейінгі екінші қатарда тұрған шетел тілі ретінде оқытылу проблемаларын болашақта ғылыми тұрғыда зерттеу қажеттігі бүгінгі уақыт талабынан туындап отыр деп айтуға әбден

болады. Өйткені орта мектепте оқытылатын шетел тілі пәнінен берілетін білім оған қойылатын талаптарға сай болуға тиіс: оқушылар шетел тілін оқу арқылы тарихи оқиғаларды, жекелеген адамдардың қызметін, жасөспірімдердің тыныс-тіршілігін, мемлекеттердің түрлі нысандарын түсініп және оларды бағамдай біліп, демократиялық және экономикалық кеңістікте өмір сүру нормаларын үйренеді, әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлай білуге дағдыланады. Оқушылар адамзаттың өркениетті дамуының негізгі кезеңдерін біле келе ұлттық сана-сезімі қалыптасып, жан-жақты ойлай алатын деңгейдегі саналы азамат болып өседі. Орта мектептерде оқушының рухани дүниесі белгілі бір әлеуметтік бағдарды, жан дүниесінің сапасын, идеялық бағытты, саналы қажеттілік жүйесі арқылы көрініс беретін зиялылық, құқықтық, экологиялық, саяси-экономикалық, адамгершілік, көркемдік, философиялық мәдениеттің бір-бірімен астасып жататын жиынтығын білдіретін деңгейге көтерілуін мұрат тұту қажет. Сонда ғана еліміз халықаралық өлшеммен алғанда үздік прогрестің жетістігі мен жалпыадамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, әлеуметтік негізі жетілген тең құқықты әріптес ретінде әлемдік қауымдастық мойындайтын мемлекет болады. Ал оған қол жеткізу үшін еліміз білім саласындағы әлемдегі озық тәжірибелерді, ғылыми жаңалықтарды білім саласына ендіру арқылы білім беру ісін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Тұрлығұл 1991 жылдан бері республикамызда орта білім жүйесінде жүргізілген реформалау үдерісін төменгідей кезеңдерге бөліп, сараптама жасаған:

1. Тәуелсіз Қазақстанда білім берудің заңдық негіздерінің орнығып қалыптасуы (1991-1993 ж.ж.). Бұл кезеңдегі негізгі міндеттер оқу-тәрбие үрдісін саясатсыздандыру, әрбір азаматтың білім алуға деген мемлекеттік кепілдігін бекіту, білім беруді экономикалық жағынан жаңа тұрғыда қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін жасау болды. Осыларды жүзеге асырудың нәтижесінде

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1992 ж.) мен «Жоғары білім туралы» Заңы (1993 ж.) қабылданды.

2. Білім беру саласын тұжырымдамалық-бағдарламалық жаңалау (1993-1996 ж.ж.). Білім саласындағы қайта құрылулардың жолдары мен бағыттары қабылданған заңдылық негізінде нақтылана түсті. Бұл жылдарда бірнеше тұжырымдамалар, солардың арасында білім беру саласындағы Мемлекеттік саясат тұжырымдамасы да қабылданды.

3. Білім беру саласын басқару мен қаржыландыруды орталықсыздандыру (1996-1997 ж.ж.). Бұл екі жылда білім мазмұнына кезекті өзгерістер жасалды, жүйені қаржыландыру мен басқаруға жаңалықтар енгізілді, жаңа нормативтік, құқықтық база қалыптасты, білім берудің балама ұйымдары көбейе түсті, мемлекеттік оқу орындарын қолданудың жаңа көздері пайда болды.

4. Білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағдарын анықтау кезеңі (1998-2000 ж.ж.). Жалпы орта білім жүйесін дамытудың негізгі басым бағыттары анықталды, оның тұжырымдамалық, заңдылық негіздері дайындалды, білім беру жүйесін дүниежүзілік білім кеңістігімен интеграциялауға қажетті жағдайлар жасалды, мектептер ақпараттандырыла бастады, жаңа буын оқулықтары оқу-әдістемелік кешендері жарыққа шықты. Мектеп жасындағы барлық оқушыларды түгел оқуға тартуға қажетті дайындық жұмыстары кең көлемде жүргізілді.

1991-2000 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының білім беру саласына қатысты оннан астам мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Олардың бірқатарын атап өтуге болады.

«Дарын» мемлекеттік бағдарламасын алсақ, оның мақсаты – дарынды балаларға қолдау көрсетіп, шығармашылық қабілетін одан әрі дамыту. Осы бағдарлама негізінде 1997 жылы республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығы ашылып, ол республиканың дарынды балаларымен жұмыс істеуді жылдан жылға ұлғайтып келеді. Қазір облыстарда осы орталыққа қарайтын 23 мамандандырылған және 6 эксперименттік мектептер бар. Республиканың үш аймағында

«Дарын» орталығының филиалдары жұмыс істеп жатыр. Барлық облыстардағы білім департаментінде «Дарыннан» бөлінген бір-бір өкіл дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмысқа басшылық етеді.

Шет елдерде тұратын отандастарымызды қолдау мемлекеттік бағдарламасы бойынша тарихи Отанына қайта оралған отандастарымызды оқыту және қайта оқыту жұмысы қайта ұйымдастырылды.

1997 жылы орта оқу жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның мақсаты – мектептерді мультимедиялық-компьютерлік сыныптармен қамтамасыз ету, компьютермен оқу бағдарламаларын жасау, электронды оқулықтар дайындау, білім беруді ақпараттандыру жүйесі арқылы басқару.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған «Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасының» да маңызы зор. Оның негізгі мақсаты – жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау. Бұл бағдарлама толық жүзеге асты.

Тілдерді қалыптастырып, дамытудың Мектептік бағдарламасы тілдердің түпнұсқалы бағдарламалары мен оларды оқытудың жаңа технологиясын жасауды, қазақ тілінің интенсивті курстарының оқулықтарын, аудио-визуалдық, компьютерлік бағдарламаларын дайындауды көздеді.

Экологиялық білім беру бағдарламасы білім беру ұйымдары мен республиканың басқа да мемлекеттерінің үздіксіз экологиялық білім беруге бағытталған қызметін қолдап, үйлестіруді мақсат етеді.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алуға бағытталған 1998-2000 ж.ж. кешенді бағдарламасы» және т.б. бар.

Білім беру саласы бойынша қабылданған осы және басқа да бағдарламалардың орындалуын Білім және ғылым министрлігі жіті бақылауға алып, олардың орындалу

барысына мониторинг жүргізуде. Білім, ғылым ісі елімізде мемлекет тарапынан қадағаланып, үлкен қамқорлық көрсетіліп отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» атты еңбегінде еліміздің болашағын бүгінгі жас жеткіншектермен, олардың саналы да білімді азамат болып қалыптасуымен тікелей байланыстырады:

«Мен өзіме 33 жыл өткеннен кейінгі Қазақстанды қалай елестетемін? Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білімді, ересі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады.

Біздің балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, биржа делдалдары және спортшылары болады. Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіретін әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз ететін болады. Көпшілігі халық тұтынатын жоғары технологиялық тауарларды және әлемдік рынокта өзінің арзан бағасы мен үздік сапасына орай жоғары сұраныспен пайдаланылатын өнімнің көптеген басқа да түрлерін өндіруші болады.

Біздің жас ұрпақтың кей өкілдері мемлекеттік қызметке тұрады. Олар жоғары ақы төленетін, жақсы оқытып үйретілген, Қазақстан мен Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен жоғары қоятын мамандар бола отырып, жаңа дәуір жағдайында жұмыс істейтін болады».

Қазақстанның Президенті бүгін сонша үлкен үміт артып отырған жетілдірілуге тиісті білім саласындағы өзге пәндермен қатар шетел тілі пәндері де жатады.

Мектепте оқытылатын шетел тілі пәндерінің оқушыға жалпы білім беруде өзіндік үлесі бар. Шетел тілі де оқушылардың жалпы білім деңгейін көтеруге атсалысады. Бұл пәннің оқушыларға жалпы білім берудегі маңызын академик Л.В. Щерба былай тұжырымдап берген болатын: «Шетел тілін оқу нәтижесінде адам ойды тіл арқылы жеткізудің әр түрлі тәсілдері барына көзі жетеді, бір ойды ана тілінің өзінде әр

түрлі тәсілмен беруді түсінеді, сөйтіп ой мен тілдің арақатынасын дұрыс ұғады: шетел тілін оқи отырып өз ана тілін тереңірек түсінеді, оны жақсы меңгеріп алады; өзі бұрын білмейтін тіл жүйесі туралы, тілін оқып отырған елдің тарихы, географиясы, әдебиеті, мәдениеті туралы жаңа мағлұматтар алады».

Шетел тілін оқыту оқушылардың жан-жақты дамып, жетілуіне, дүниеге көзқарасының, ойы мен есінің, сезімі мен эмоциясының, рухани және эстетикалық көзқарасының, мінезінің қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасайды.

Оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың дара тұлғалар болып қалыптасуына тілдік материалды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгерудің маңызы үлкен. Шетел тілін оқып-үйрене отырып, оқушылар өз ойын жүйелі түрде айтып жеткізе білу, шетел тілінен алған білімін, үйренген іскерліктері мен дағдыларын жаңа ситуацияларда шығармашылықпен қолдану іскерлігін меңгереді.

Шетел тілі пәндері, басқа да жалпы білім беретін пәндер сияқты, тәрбиелік, білімдік және жетілдіру сияқты адамзаттың басты байлықтарын беру міндетін атқарады. Оқушыларға шетел тілінде сөйлеуді, оқуды, жазуды, шетел тілінде айтылған сөзді тыңдап түсінуді, бір тілді екінші тілге аударуды және тағы сол сияқты шетел тілін үйреткенде, оларға басқа халықтың мәдениетіне әрі дүние жүзі мәдениетіне жол ашылады. Яғни басқа халықтармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріледі. Сөйтіп, орта мектептегі шетел тілі пәні қазіргі кезде біздің қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени прогресінің іс жүзіндегі негізгі факторына айналуға. Бүгінгі таңда шетел тілінің жалпы білім беретін пән ретінде орта мектепте атқарар қызметі оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністікке, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беру әрі жеке басын, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамыту болып саналады.



Тіл – адамзаттың рухани мұрасының ең күшті құралы. Белгілі бір тілді басқа халыққа үйрету, тарату барысында сол тілден білім беріп қана қоймай, тілдік және мәдени әдет-ғұрыптармен таныстыру жүзеге асады, халықтар арасында өзара түсіністікке жетелейтін бірлік, диалог, достық қарым-қатынас, т.б. нығая түседі.

Қазір Қазақстан Республикасы өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыда қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Соған байланысты еліміздің орнықты даму факторы ретінде білім беру ерекше рөл атқарады.

Білім беруді реформалаудың мақсаты – халықты сапалы біліммен қамтамасыз ететін білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру. Бұл мақсат Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсанындағы №735 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында» көрсетілген. Білім беру саласы бойынша басты назар адамға алған білімді қолдануға қажетті және үздіксіз оқуға мүмкіндік беретін біліктер мен дағдыларды қамтитын сапалы білім беру жүйесін құруға бағытталуы тиіс. Стратегиялық жоспарда қойылған мәселені шешудің оңтайлы жолында білім беру үдерісінің түпкі нәтижесіне бағдарланған, мүдделі адамдардың қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ескеретін білім стандартына көшу ұсынылды.

Білім сапасы оқытудың мақсатына, мазмұнына, педагогикалық мамандардың біліктілігіне, оқу үдерісінің оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуіне, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оның ішінде ата-аналардың да өзара қарым-қатынасына) және т.б. көптеген факторларға тәуелді.

Республиканың білім беру саласындағы қазіргі заманғы үрдістер оның түрлі деңгейлері алдында тұрған міндеттері мен орнын ой елегінен өткізудің, оны одан әрі дамытуда жаңа көзқарасты тұжырымдаудың қажеттілігін тудырады.

Білім берудің тиімді, жоғары деңгейде болуы ел экономикасы мен Қазақстан қоғамының тұрлаулы ілгерілеуін

қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Қоғамдағы серпінді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында білім беруге сапалық реформа жүргізу білім беру саласында қалыптасқан нақты жағдайлар, өскелең үрдістер мен іс жүзіндегі қатынастар, сондай-ақ, қоғам мен мемлекеттің болашақтағы дамуының мүмкін жолдарын ескеретін егжей-тегжейлі жасалған стратегия болғанда ғана мүмкін.

Қазақстан егеменді ел болғалы бері республика ғалымдары алыс шет мемлекеттерде болып жатқан зерттеулермен де танысуға мүмкіндік алды. Мысалы, неміс тілін оқыту саласын зерттеп жүрген Германия ғалымдары Г.Нойнер, Х.Хунфельд, И.Оомен-Вельке, П.Биммель, Х.Омнус т.б. білім берудің жаңа тұжырымдамасы талданды. Бұл тұжырымдама қағидаларына сәйкес шетел тілін оқып, үйрену оқушыны білім алу барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге, оны өз әлемімен салыстырып, айқынырақ түсініп, білуге төселдіру мақсат етіледі. Яғни әдістемені сала-салаға бөліп тексере келе мәдениетаралық коммуникацияны заман талабына сай қалай дұрыс жолға қоюға болады деген мәселе көтеріледі.

Мәдениетаралық коммуникация оқушы бойына білім беру барысында қалыптастырылып, олардың қоғамда дұрыс жол таба білуі, өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстырып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын танып, пайымдай алуын әртүрлі жағдайда іс-әрекет жасауға дайын болуын қамтамасыз етеді. Шетел тілін мәдениетаралық қатынас концепциясына сүйеніп оқыту, өз мәдениетінің жүйесін, өзі тілін үйреніп жүрген ел мәдениетімен салыстыру арқылы оқушыларды рухани білікті болуға баулудың бірден бір жолы болып табылады.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде біздің үнемі есте сақтап отыратын тағы да бір қажетті мәселеміз шетел тілін меңгеруге ана тілінің тигізетін тиімді (тасымал) және тиімсіз (интерференция) ықпалдары.

Шетел тілін оқыту үдерісінде мұғалімдердің баса көңіл бөліп, әрдайым қадағалап отыратын ең басты міндеті оқушылардың сол тілде сөйлеуін дамыту, қалыптастыру.

Әрбір пәнді оқыту оқушыға білім берумен қатар, олардың мәдениетін көтереді, дүниеге көзқарасын қалыптастырып, қоғам жаңалығын меңгертіп әрі тәрбие береді. Мұның бәрі сөйлеу, коммуникация арқылы танылып, тіл заңдылығы бойынша шешіліп отырады. Біздің сөз еткелі отырған мәселеміз, осы тіл заңдылығының бір қыры, яғни шетел тілін меңгеруге ана тілінің тигізетін ықпалы.

Шетел тілі мен ана тілінің ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, бұрыннан-ақ ғалымдардың назарын аударған мәселе болып табылады. Шетел тілін оқытудағы ана тілінің ерекшеліктерін ескеру ұстанымының маңызы үлкен екендігі жайында академик Л.В. Щерба кезінде «сабақ үстінде тек шетел тілінде жаттығулар жасау арқылы сабақтан ана тілін аластауға болғанмен, оны оқушылардың санасынан аластау мүмкін емес»-деп кезінде өте дәл анықтама берген болатын. Бұл мәселе, әсіресе өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы мен алпысыншы жылдардың басында «Ұлт мектептеріндегі орыс тілі» журналында жан-жақты талқыланды. Қазақ орта мектептерінде орыс тілін оқытуда ана тілі мен орыс тілі салыстыра оқыту жайлы егжей-тегжейлі зерттеу жұмысын жүргізіп, жеке әдістемелік еңбек жазған ғалым Д.Т. Тұрсынов. Екі тілді салыстыра оқыту туралы зерттеулерге /Л.З. Якушина/ талдау жасай келе, ол оқушылардың ана тілінде жоқ, шетел тілінде бар материалдарды оқығанда шәкірттер қандай жағдайларда болып, қандай қиындықтар кездестіретінін біліп алу қажет екенін айтады. Ал екі тілде салыстыруды тек оқушыларға қиын тиетін жайттарды ғана нақты біліп барып, қолданған жөн деп есептейді ғалым.

Қазақстанда шетел тілдерін оқытуды дұрыс жолға қою мәселесіне келсек - оқыту барысында оқушылардың ана тілінің жаңадан үйретілетін шетел тіліне тигізетін ықпалы әрқашан есте тұруы керек. Сондай-ақ, оқушылардың ана тілі – қазақ тілінің дамуын, елімізде оны оқыту, ғылыми түрде зерттелу ісінен шетел тілінің мамандары, ғалымдар, мұғалімдер де үнемі

хабардар болып отырулары тиіс. Өйткені мұғалімдер өз оқушыларына әманда олардың ана тілі қандай бай, көркем, қажет тіл екенін басқа тілдермен салыстыра отырып түсіндіру арқылы ана тілінің мәртебесін көтере, көрсете білулері керек деп ойлаймыз.

Әлемдегі адамзат алты мыңға жуық тілде сөйлейді, оның жартысының қазір жоғалып, жойылып кету қаупі бар. Соңғы үш ғасырда тілдердің жоғалып, жойылып кету жылдамдығы арта түсуде, әсіресе, мұндай қауіп Америка континенті мен Австралиядағы кейбір тілдерге тән. Мұндай мысалдар әлемдегі тілдер Атласының кеңейтілген мәжілісінде келтірілді. Бұл жайлы түрлі баспаларда сан алуан сараптамалар жарық көрген. Арнайы мамандардың пікірінше, егер кез келген тілді сол тілді ана тілім деп есептейтін балалардың 30%-дан астамы оқымайтын болса, онда ол тілге құрып кету қаупі төнді деп есептеу керек екен.

Шетел тілін оқыту әр халықтың өз ана тілін негізге ала отырып жүргізілуі, ана тіліне байланыстыра отырып зерттелуі, осы бағытта оған қажетті құралдар дайындалуы және болуы тиіс деген пікірді өзбекстандық және прибалтикалық ғалымдар да өздерінің республикаларында орта мектептегі шетел тілі пәндерін оқыту әдісін жаңалау ісінде басты қағида етіп отыр.

Бұрын айтып өткеніміздей, қазақ орта мектептеріндегі жалпы шетел тілі пәндерін ана тілі негізінде оқыту ісі республикада аз зерттеліп келді. Бұл мәселе жөнінде бірнеше ғылыми еңбектер жазған ғалымдар арасында С.Ә.Әбдіғали, А.Е. Карлинский секілді профессорлар бар. Аталған еңбектер еліміздің ғылымы үшін өте қажетті, қашан да өзінің көкейкестілігін жоймайтын дүниелер болып қала берері хақ.

Халқымыз қашан да жастардың білімді сапалы меңгеруін қалайды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, қоғамымызды барлық жағынан қайта құру жөніндегі Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауларын біздің республиканың мұғалімдері, оқу ісінің мамандары түгелдей шын жүректен қолдап, ықыласпен қуаттап отыр.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылдың 28 ақпанындағы Қазақстан халқына Жолдауы қоғамды жаңартудың

жолдарын ары қарай нақтылады, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің көкейкесті міндеттерін шешуге қажетті бағдарлама ұсынды. Елбасының қазіргі ұстанған бағыты білім саласы мамандары мен мұғалімдердің, ғалымдардың ынтасын арттырып, шығармашылықпен жұмыс істеп, білімділік пен біліктілік көрсетуіне шынайы алғышарттар жасап, шығармашылықпен еңбектенуіне мол мүмкіндіктер туғызып отыр.

Білім беру саласы қызметкерлерінің әрбір еңбек күні таусылмас энтузиазмның, парасатты еңбектің үлгісі болуды талап етеді. Мемлекетіміздің Президентінің халыққа Жолдауының бағдарына сай білім мазмұны жаңаланып, оқыту әдістері мен түрлері байып, жетілдіруде. Жастармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарына да мемлекет, «Отан» партиясының қоғамдық ұйымдары белсене араласуда. Президент Жолдауын басшылыққа ала отырып жастардың тәрбиелі, еңбекқор, елі үшін адал болуына көңіл бөлінуде. Аға ұрпақ өсиетінен нәр алған жастар, бүгінгі ел ағаларының ізбасарлары ақылды, қабілетті, бұрынғыдан да білімдірек болуға талпынуға тиісті. Олар Қазақстанды болашақта дамыған елу елдің қатарына қосылуға, болашаққа лайықты түрде қадам басып, бәсекеге қабілетті болуға бастап барар ел азаматтары болмақ.

Жас ұрпақты тәрбиелеуге, жастарды белсенді саяси істерге тартуға, ел тағдырына деген жауапкершілік сезімін арттыруға қазір ерекше көңіл бөлінуде. Жастар проблемаларына, болашағына лайықтап «Отан» партиясының жастар қанаты арнайы шаралар ұйымдастырып, бағдарлы түрде жұмыстар атқаруда.

Осы орайда істеліп жатқан оң істердің бірі ретінде жыл сайын шет елдерге «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастардың білім алуға жіберіліп жатқанын айтуға болады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өзі жастарға көмек беріп, әрқашан білім мен ғылым саласының мамандарын қандай мәселелер толғандыратынына ынта қойып отыр. Білім беру ісіне үнемі көңіл бөлу, қолдау мен талап қою – мамандарға жауапкершілік артып отыр.

Н.Ә. Назарбаевтың жастардың дұрыс білім алуына жауапты мұғалімдер мен оқытушылардың міндеттері туралы айтылған терең мағыналы сөздері аса маңызды дер едік. Жолдаудың білім саласы жайлы айтылған әрбір сөзінен болашаққа деген қалтқысыз сенім сезіледі. Білім саласы қазіргі даму кезеңінде жаңа сапалық мазмұнмен толықтырылуда. Жас ұрпаққа, жаңа қоғамның құрылысшыларына білім арқылы тәрбие де берілуде. Аға буын оқытушыларға деген сенім бұрынғыдан да арта түсуде. Білім саласының қызметкерлері, мамандары қоғамның саяси жүйесінде маңызды орын алып, экономиканы, ғылым мен мәдениетті дамытуға, ел қуатын нығайтуға белсене қатысуда.

«Отан» партиясы мен оның жастар қанаты жас ұрпақ тәрбиесіне, оның саяси-идеялық, кәсіби және мәдени дәрежесін арттыруға шығармашылық, интеллектуалдық мүмкіндігінің өсуіне арнайы мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалар бар. Үкіметіміздің бағдарламасы бойынша Қазақстан жастарының құқықтары барынша кеңейтіліп, оларды жүзеге асыруға қажетті материалдық, әлеуметтік-экономикалық, саяси кепілдіктер қамтылып, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға, саяси, шаруашылық, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуға мүмкіндіктер жасалуда.

Күні бүгін білімдар, саналы жастар мемлекеттік өкімет пен басқару орындарына кеңінен сайлануда. Соңғы жылдары Отан партиясы қатарына өтіп жатқан жастар саны арта түсуде. Ал бұл жастардың еліміздің саяси өміріне тікелей қатысуын тәрбиелейтін негізгі ұйым. Жастардың мамандық таңдауының қоғам қажеттігімен сәйкес болуының, барлық саланың маман кадрлармен қамтамасыз етілуінің маңызы қазір ерекше. Мемлекетіміз жеке адамның жан-жақты дамуына қамқорлық көрсете отырып, бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, оларды пайдалы еңбекке даярлауды, қоғамның лайықты мүшелері етіп өсіруді міндеттеп отыр.

Бүгін республика ғалымдары мен мұғалімдері үшін білімді, үлгілі жеке адамды қалыптастыру үдерісіне қойылатын талапты мүмкіндікпен өлшей білуге, қоғам өміріне саналы түрде араласуға тәрбиелеудің маңызы зор. Бұл орайда

жастардың бойында шаруаға қырсыздықты, басқа елдің жөнсіз істеріне құмарлықты, елден өзге болып ерекшеленуге ұмтылатын мінез-құлықты айыптай алатын, сыни тұрғыда ойлайтын жоғары адамгершілік қасиеттері бар азаматтар тәрбиелеуіміз керек.

Қазіргі кезеңде нағыз білімдарлық пен ұқыптылық үшін жаппай жұмылмайынша бәсекелік заманында көшке ілесу мүмкін емес. Өскелең экономика көлемінде білім саласындағы әрбір қадам, әрбір ізденіс пен ұмтылыс, шын мәніндегі жаңа адам тәрбиесі үшін күрес қажет. Білім беру арқылы ғана біз жастар бойында өз елінің қожасы болу қасиетін, өз еңбегінің нәтижесіне жоғары жауапкершілікпен қарау сезімін қалыптастыра аламыз. Осы мақсатқа жету жолында шетел тілін игерудің алар орны ерекше.

Болашақ Қазақстанның азаматтарын тәрбиелеудің міндеттері, қоғамның бүкіл адамгершілік ахуалы бүгінгі мұғалімдер, профессор-оқытушылар қауымын рухани даму жолында үздіксіз еңбек етуін талап етеді. Әрбір азамат осы кезге дейін аталар жасап кеткен мұраны, еліміздегі барлық құндылықтарды, рухани байлықтарды талмай меңгеруі керек. Қазақстанда жүріп жатқан реформалардың негізгі бағыттары адамның үйлесімді дамуын қалыптастыру ісін ілгерілетуге зор үлес қосуда. Білім беру саласында соңғы жылдары жасалып жатқан оң өзгерістер, ғылыми зерттеулер т.б. жастар мен білім беру ісі мамандарының көңіл күйіне үлкен әсер етіп, олардың бойында әлеуметтік оптимизм мен қоғамдық белсенділіктің арта түсуіне ықпал етуде. Бұл өз кезегінде жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеп, олардың биік мұраттарға ұмтылуына жәрдемдесуде. Ал идеялық, адамгершілік тәрбиесі қашанда эстетикалық тәрбиемен ұштасып жатады. Бүгінгі оқушы мен студенттің идеялық өсуіне, жоғары мәдени сұраныстары мен талғамдарының қалыптасуына жағдай жасалуы білім бере отырып тәрбиелеу арқылы жүзеге асуда.

Жер шарының бірнеше мемлекеттерінде өзара қақтығыстар болып жатқан қазіргі кезде патриоттық және интернационалдық тәрбие беру де ерекше назарда болуы қажет. Интернационализм адамдардың достығы мен мәдениетіне,

тіліне, дәстүріне құрметпен қарауға дағдыландырады. Ұлттар мен басқа халықтың өкілін құрметтеу, басқа халықтан үйрене білу, өзінің өмірін өзгенің құнды тәжірибесімен байыта түсу қазақстандықтардың басты қағидасы болып отыр. Көптеген тілді меңгеріп, отандық және әлемдік мәдениеттің, өркениеттің, ғылымның, техниканың, т.б. жетістіктеріне жетудің жолын кеңейтеді.

Еліміздің ұлттық құрамында белсенді демографиялық, этикалық және этникалық үрдістер болып жатыр. Бұл өзгерістер бір ұлт халқының екінші ұлт халқымен үнемі араласуының және оның тілін, мәдениетін, тұрмыс салтын үйрену, оқып білу арқылы жүзеге асуда. Сондай-ақ, елімізде жастардың қоғамдағы рөліне жаңаша көзқарас орнықтыру ісі де арта түсуде. Бұл жаңа көзқарас, тек сенім, жаупкершілік қана зор мемлекет міндеттерді, саяси мәселелерді иеленуге, ел экономикасын, шаруашылығын т.б. басқаруға, адамгершілік тәртіп мәселелерін шешуге нақты қатыстыру ғана жастарымызды белсенді, елбасы идеяларына неғұрлым саналы түрде қарайтын азамат ете алады. Осы игі істерді жүзеге асыру жолында республикамыздың мұғалімдер қауымы белсене атсалысуда.

Адам баласының табиғатынан білсем, танысам деген құмарын қандыру үшін «мұны білуге тыйым саламыз, әлі қоя тұр» деген тежеулерді алып тастап, балаға бостандық берген дұрыс. Біріншіден, бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет. Мұны баланы білімге жетелеудің бір арнасы деп ұғу қажет.

Екіншіден, жас ұрпақты адамға тән табиғи, адами сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге тәрбиелеу керек. Тегінде жанды-жансыз жаратылысты өз дәрежесінде, өз орнымен бағалауға үйрету арқылы тіршілік деген тұтас әлемнің қадір-қасиетін танытқан жөн.

Үшіншіден, жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсеткен, ұғындырған дұрыс. Ендігі мектеп – шындықты үйрету мектебі болуы керек.

Осы басты әрі негізгі қағиданың үшеуі де қазақ халқының ұлттық тәрбие үрдісінен алынып отыр. Халқымыз ұрпағын осыларды басшылыққа ала отырып тәрбиелеген. Ата дәстүрінен



алшақтап, бүгінгі дәуір талабына ғана иек артуға болмайды. Қазір ұлтымыздың мәдени, рухани жолын танып-білуге үлкен орын берілуі керек. Бұл орта ғасырға шегіну емес, ұлттық сана мен нанымды қайта қалыптастыру деген сөз. Ұлттық рухани қазыналар арқылы тәрбиелеп, әлемдік мәдениет пен жан-дүниесін одан әрі байытуға ұмтылу деген сөз.

Республикада педагогикалық қызмет жаңа көзқараспен қайта құрылуда. Әрине, ақиқатты айту, еркіндік беру, гуманизм деген ұғымдар жаңа сөздер емес. Бұлар бұрыннан бар және неше қырынан айтылып, жазылып та жүр. Сондықтан осы ойларды педагогикалық кеңесте айтып, талқылап, талдау керек. Әр мұғалімнің мұны қабылдап, бірден іске кірісуі де қиын. Сондықтан мұғалімдер арасында педагогикалық оқулар, семинарлар, пікір алысулар жүргізіліп, тұтас ұжымның ортақ пікірге келуіне мән берілуде.

Мұғалімнің ұлттық мәдениетті кеңінен білуін, қарым-қатынас этикасын меңгеруін ұйымдастыру – өз алдына бір төбе мәселе. Біз мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ұлттық адамгершілікке негізделген этикалық үрдістерге орай қалыптастыруға ерекше ден қоюдамыз. Осы мақсатта мұғалім, ата-ана, оқушы үшеуінің біріккен қарым-қатынас нормасы белгіленеді. Бұл норманың негізі сүйіспеншілікке, мейірілімділікке, инабаттылыққа, сенімге, әділеттілікке, қамқорлыққа негізделеді. Осы үштік одақтың қарым-қатынасы түзелмей, жұмыс табысты болмайды. Ұлттық тәрбие үрдісін беру үшін жер тарихын, дәстүрін, салт-санасын, этнографиясын білудің мәні зор. Негізінде ұлттық психология, таным, мәдениет, сана қалыптастыру міндетін шешуге жәрдемдеседі, әлемдік мәдениеттің асыл қазынасымен таныстырып, баланың танымдық көкжиегін кеңітеді, жаңа елдің ұрпағын тәрбиелеуді мұрат тұтады.

Біздің қоғам жастарды халқымыздың ұлттық бай мәдениеті негізінде тәрбиелеп, ғылым негіздерін биік игерген, ой-өрісі кең, шығармашыл, іске әрқашан әзір, азаматты, қоғамды сүйе білетін, дені сау азаматтарды тәрбиелеуді мақсат етеді. Мұндай міндетті шешу үшін, ең алдымен балалардың білім алуын дұрыс ұйымдастыру қажет екені түсінікті. Елбасы

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Білімді ұрпақ – тәуелсіздік тірегі» деген ұлағатты сөзі білім беру ісінің бүгінгі даму бағдарын білдіретін қағида іспеттес.

Президент Н.Ә. Назарбаев Астанадағы Л.Н. Гумилёв атындағы Евразия университетінде 2006 жылы сөйлеген сөзінде былай деген болатын: «Бізде үлкен өршілдік болуы керек. Сендер өз мамандықтарыңда үздік болуды тілеп, бәсекелестікке әзір болуға тиіссіңдер десе, 2012 ж. 5 қыркүйекте Астанадағы Н.Назарбаев университетінде сөйлеген интерактивті дәрісінде жастарды қазіргі заман талабына сай жан-жақты білімді, білікті болуға шақырды.

Бұл тұрақты түрде жаңа білімді игеру, өзінмен жұмыс жүргізу қажеттілігін білдіреді. Осы себепті білімнің үздіксіздігі мен біліктілікті жүйелі арттыру барған сайын маңызды бола түсуде. АҚШ-тың ғылыми әдебиетінде, мысалы, маманның ескірген білімінің айрықша бірлік өлшемі – «біліктіліктің жартылай ыдырау кезеңі» деп аталатын өлшем бірлігі көрсетіледі.

Ядролық физикадан алынған бұл термин аталған жағдайда жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейінгі уақыттың ұзақтығын, алған білімнің жаңа ақпараттың пайда болуына қарай ескіруі салдарынан маманның біліктілігі елу пайызға төмендейтінін білдіреді.

XX ғ. 80-90-шы жылдардың шегінде бұл кезең озық технологияны кәсіпорындарда инженерлер үшін 5-6 жылды, ал медицина қызметкерлері мен биологтар үшін бар-жоғы 3-4 жылды құрайтын. Ал бүгінде жаңа білімдерді үздіксіз меңгеру мамандар үшін біліктілікті сақтаудың бірінші дәрежелі шартына айналуда.

Ақпараттық қоғамда компьютерлер немесе байланыс сызықтары емес, станоктар да емес, қайта білім мен творчестволық ойлау әулеті шешуші рөл атқаратынын АҚШ Президенті Джон Кеннеди айтқан болатын: ”Бізге ешқашан болмаған нәрсе туралы армандауға қабілетті адамдар керек“. Әлемдегі адамзат білімінің көлемі үнемі еселене түсуде. Соның нәтижесінде білім барынша құнды және әрдайым талап етілетін ресурсқа айналып отыр.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті, егер оны ғылымды көп қажет ететін технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономикада бағдарлана алатын жоғары білікті мамандар іс жүзіне асыратын болса ғана шешілетін болады. Мәселен, осы заманғы инженердің жұмысын қарастыратын болсақ, ол техникалық білімдердің ғана емес, сонымен бірге менеджерлік қабілеттердің кең ауқымына ие болуы тиіс екендігі бірден түсінікті болады. Өйткені ол техникалық идеяның туындауынан, оны талдап-жасау, жобалау, экономикалық негіздеу, экологиялық салдарынан бағалаудан – дайын өнімді шығарғанға дейін өзіне қандай жолдан өтуге тура келетінін білуі тиіс.

Техникалық саладағы жақсы кәсіби әзірлік өндіріс экономикасы мен оны басқару саласындағы сенімді білімге негізделуі керек. Бұдан басқа шет тілдерін, макроэкономиканы және өзге елдердің құқықтарын білу талап етіледі. Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан да күні ертең ғалымдар және қазақстандық компаниялардың менеджерлері болатын сендер, бүгінгі студенттер, мұны өте жақсы түсінуге тиіссіндер.

Кім дамымаса, алға қарай жүрмесе, өз орнын басқаға, әлдеқайда бәсекеге қабілетті маманға беруіне тура келеді. Жетекші халықаралық консалтингтік «Мак Кинси» компаниясының консультанттары айтатындай: ”Алға қарай жүр немесе жол бер“. Қазіргі бәсекелі дүниеде дәл осы қағидат басшылық етеді. Және бұл қағидат көп ретте сендердің де өмірлік ұстанымдарыңды анықтауға тиіс.

Мен әрдайым біздің реформалардың алдыңғы шебінде жастар болуы тиіс деп санадым және санаймын да. Нақ осы жастардың күш-жігері мен бастамашылдығы, олардың болашаққа ұмтылысы көп ретте біздің бастамалар табыстылығының кепіліне айналады.

Жас ұрпақ жаңа идеяларға ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды. Қазақстанның жаһандық дүниеде даралануы туралы біз

байыпты түрде ойлай бастаған бүгінгі таңда жастардың бұл қасиеті қай кездегіге қарағанда да қажет болып отыр.

Жаңа міндеттерді іске асыру жаңаша ойлайтындардың, ескірген қасандықтар, жөнсіз қауіптер мен шектеулерден ада адамдардың ғана қолынан келеді. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты.

Мен сендердің әрқайсыларыңның жанарыңнан жаңаны білуге, эксперименттерге, жасампаздыққа деген құмарлықты және жауапкершілікті өз мойнына алуға деген әзірлікті өте көргім келеді.

Сендер, сондай-ақ, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі материалдық баюға ғана емес, сонымен бірге ұлттың рухани баюына жеткізуі тиіс екенін түсінсендер деймін“.

Елбасының күні бүгінгі жас ұрпаққа білім беруге айрықша көңіл бөлуі республика ғалымдарын да жаңа бағыт, бағдарда еңбек етіп, шет елдердегі оқу үрдісінде болып жатқан бетбұрыстарды зерттеп, олардың тиімді дегендерін өз еліміздегі білім саласына ендіруге бағыт беруде. Осы мақсатта аянбай еңбек етіп жүрген республикаға белгілі ғалымдар Н.Н. Нұрахметов, С.Ә. Әбдіғали, М.Ж. Жадрин, С.С. Құнанбаева, Ф.С. Оразбаева, Т.О. Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, М.К. Исаев, Ж.Т. Дәулетбекова т.б. бар. Қазақстанның білім саласында бүгін құлшына алға ұмтылу бар. Әлемдегі дамыған елдер белгілі бір салада білім беруді күтілетін нәтиже тұрғысынан алып карауда, яғни бұл жаңаша білім беру үрдісі. Біздің республиканың ғалымдары да осы бағытта зерттеулер жүргізуде.

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін мектептерде шетел тілі пәндерін оқыту ісі педагогикалық, әдістемелік тұрғыда төмендегідей бағыттар бойынша жетілдірілді:

1. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға сәйкес айқындалды.

2. Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа педагогикалық парадигмаға – оқушыны оқу әрекетінің субъектісі деп тануға басымдылық бере отырып өзгертудің жолдары анықталды.

3. Осыған сәйкес стандарттағы оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар «Білімдік» және «Біліктік» параметрлері бойынша нақтыланып, ажыратылып белгіленді.

4. Білім мазмұнындағы оқу материалдарының үлес-салмағы:

а) оқушының сөйлеу қабілетін дамытуға, сөз мәдениетін жетілдіруге;

ә) теориялық білімін жүйелеуге, білімнің сапалық деңгейін көтеруге;

б) оқушының тарихи-танымдық көзқарастарын қалыптастыруға, қатынасына қарай қайта сарапталып толықтырылды.

Гуманитарлық пәндерді оқытудағы қоғамдық реформа талаптары ескеріліп, білім мазмұнын жаңартуда отандық дәстүрлі мектептің озық тәжірибелері мен әлемдік білім жүйесіндегі демократияландыру, ізгілендіру, гуманитарландыру тенденцияларының ұштастырылуына басымдылық берілді.

Шетел тілі пәндерін оқытудың ғылыми-дидактикалық негіздерін белгілеуде ең басты үш фактор басшылыққа алынды:

а) пәннің өзге де ғылым негіздерімен тығыз байланыстылығы;

ә) пәндік білімдердің оқушы дүниетанымын қалыптастырудағы алар орны;

б) әдістеме, педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану ғылымдарының бірлігіне қол жеткізу.

Шетел тілдерін оқыту мазмұны, міндеттері мен талаптары, мақсаттары әр кезеңде өзгеріп отырған. Білім мазмұны мен оны оқытуға қойылатын талаптардың ішіндегі ұзақ жылдар бойы өз маңызын жоймай, уақыт, заман талабына үндес болып қалғандары мыналар деп есептеледі:

1. Базалық мазмұнның бағдарламаға сай болуы.

2. Орта мектепте меңгерілетін шетел тілі пәнінен берілетін білім мазмұнының оқушылардың жас ерекшелігін, психологиясын ескере отырып, олардың қоршаған ортасына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты тақырыптар ауқымында іріктеліп алынуы.

3. Мектеп қабырғасында шетел тілі курсының аутентті материалдар арқылы оқушылардың ана тілін негізге ала отырып оқытылуы.

4. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық жағдайлардың үнемі ескеріліп отырылуы. Ілгеріде аталған ғылыми көзқарастардың басшылыққа алынуы.

Тұжырымдық идеяларымен нақты мазмұнға сүйенген құжаттардың кеңінен қолданылуының арқасында мектепте мынадай өзгерістерге қол жеткізілді.

– қоғамда жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге мектептегі шетел тілінің мазмұнын толықтыру, жаңалау сай келді. Білім беру үдерісінде оқушының тұлғасына баса мән беру іске асады;

– білім беру үдерісінде қатынасатын оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар мен жұртшылық өзара, өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін үйлестіре отырып атқаратын жұмысының әлеуметтік ролі айқындала түсті;

– оқыту нәтижесін белгілі бір қалыпқа салып нормаға айналдырумен қатар, оқушы мен мұғалімдерге, мектепке оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын, формалары мен құралдарын таңдап алуға еркіндік берілді;

– бүгінгі күнмен салыстырғанда оқушының, мұғалімнің, бүтіндей мектептің еңбегіне баға беру әлдеқайда объективті болатындай жағдайлар жасалды, ал бұл өз кезегінде тиімді басқару шешімдерін қабылдауға тікелей әсер етті.

### **3 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТҮЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

#### **3.1 Мектепте шетел тілі курсы бойынша берілетін білім мазмұнының құрылымы мен оқу-әдістемелік кешені**

Шетел тілдерінің пән ретінде қазақ тілді мектептерде оқытылу тарихы мен қалыптасу жолдарын Қазақстанның шетел тілдерінен білім беру саласындағы өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, осы пәнді оқыту әдістемесінің жетілдірілуін Кеңес Одағы кезіндегі және Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезең деп басты-басты екі топқа бөлдік.

Кеңестік білім беру мен ғылым саласында кезінде үстем болған Евроцентрлік саясат мектептерде шетел тілдерін оқытуда көптеген қателіктер мен олқылықтар жіберуге себеп болды. Аталған саясат салдарынан қазақ тілді мектептерде шетел тілдерін оқытудың мақсаты мен міндеттері дұрыс анықталмады. Бұл Қазақстандық оқушылардың білім алу жолында көптеген кедергілерге тап болуына әкеліп соқтырды. Қазақ балаларының басым көпшілігі шетел тілінің жеке сөздерін, грамматикасын жақсы меңгергенімен, сол тілде жөндеп еркін сөйлей алмады. Қазақ балалары шетел тілінде сөйлей алмаса, мектепте тек қана орыс тілін оқысын деген пікірлердің өткен ғасырдың сексенінші жылдарда ашық айтылған кезі де болды.

Шетел тілін оқытуда Кеңес Одағы кезінде ондаған жылдар бойы орын алып келген қателіктер мен кемшіліктер қатарына қазақ аудиториясында шетел тілін оқытудың тым мардымсыз зерттелуі, оқушылардың ана тілінің шетел тіліне тигізетін ықпалының ескерілмеуі, қазақ тілді мектептерге арналған арнайы оқулықтар мен оларға қосымша әдістемелік нұсқаулар, оқу кітаптары, түрлі көрнекіліктер т.б. жасалмауы, дайындалған бағдарламалар мен оқулықтардың кезінде басылып шықпауын жатқызуға болады. Ал Мәскеудегі орталықтан ғана шығарылған бағдарламалар мен оқулықтар ұлттық мектептердегі оқушылардың мүддесін ескермеді. Ол оқушы мен мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, бойындағы табиғи қабілеттерін жетілдіріп, алған білімін күнделікті өмірмен

байланыстыруына мүмкіндік бермеді, оған жағдай толық жасалмады.

Шетел тілдерінің Қазақстандағы қазақ тілді мектептерде оқу пәні ретіндегі және тәрбиелік маңызын, онда кездесетін құндылықтарды, оқу тұжырымдамасын, кешендерді оқытудағы жүйелілікті т.б. жан-жақты қарастырған зерттеулер шектеулі болып, олардағы құнды пікірлер ары қарай дамытылмады.

1991 жылдардан бастап елімізде орта білім беру саласын жаңарту басталды. Оқыту мақсаты адамзат жинақтаған құндылықтарды, өркениетті, мәдениетті т.б. балаларға олардың ана тілі негізінде мектеп қабырғасынан бастап үйрету деп белгіленді.

Тәжірибелер мен ғылыми-зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, шетел тілін қазақ тілді мектепте оқыту да жаңартылды. Неміс тілінің елі Германияда белгілі бір шетел тілін оқытуға қажетті оқу-әдістемелік құралдар кешенінің жүйесін неміс ғалымдары мынадай етіп көрсетеді:

1. Мемлекеттік білім стандарты (Rahmenrichtlinien),
2. Емтихандарға қойылатын талаптар (Prüfungsordnungen),
3. Бағдарлама (Curriculum),
4. Оқу жоспары (Stoffplan),
5. Оқулықтар (Lehrbücher),
6. Мұғалімге арналған әдістеме құралы (Lehrerhandbücher),
7. Әдістемеге қосымша көмекші көрнекі құралдар (Hilfsmittel zu den Lehrerhandbüchern).

Ал біздің республика жағдайында шетел тілін оқыту үшін ең әуелі білім беру тұжырымдамасы, одан соң мемлекеттік білім беру стандарты, стандарт негізінде бағдарлама жасалды. Оның негізінде оқу бағдарламасы, сол бағдарлама бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындалды.

Осы аталған оқу-әдістемелік құралдар кешендері жүйелі түрде толық болып, олар уақыт талабына қарай үнемі жаңаланып, ғылыми жаңалықтар арқылы толығып отырғанда ғана шетел тілінен балаларға толық, дұрыс білім беріледі. Жүйе дегеніміз – грек тілінің *systeme* – бөлшектерден тұратын бүтін, яғни бір-бірімен өзара байланысты болып белгілі біртұтас бірлікті құрайтын көптеген элементтер жинағы.



Шетел тілін оқытудағы жүйе мен жүйелілікке келсек, ғалым В.М.Скрипченко өз зерттеуінде тілді үйрету жүйелі түрде жүргізілуі керектігін айтады, ол жүйе алға қойылған жоспарлы мақсатқа жетуді бағдар еткен элементтерден ғана тұратынына баса назар аударады. Жүйенің кез келген құрылымының шамадан тыс бөлшектенуі оның жекелеген элементтерінің қоршаған ортамен кірігуіне апарып соқтыратынын айтады.

Жүйенің бөлшегі (элементі), бөлігі дегеніміз – жүйеге енетін нысаналар сол жүйенің бөлігі, бөлшегі болып табылады дей келе, ғалым жүйе құрауыштарының өзара байланысты болуы керектігін айтады. Жүйенің өзара байланысы дегеніміз – нақты объективті нұсқаумен байланысты белгілі бір білім түрі деген тұжырым жасайды.

Енді жүйе мен жүйеліліктің ұстанымдарына келейік. Оны В.М.Скрипченко мынадай етіп бөледі:

1. Кез келген жүйе белгілі бір нақты белгіленген мақсатқа сай құрылады. Жүйенің мақсатқа қарай бағытталуы оны бүтін, толық ете түседі әрі құрамын, құрылымын, қызметін анықтайды.

2. Жүйенің әрбір бөлшегінің бүтін жүйеде өзіне тән белгілі бір орны болады. Әр бөлшек жүйенің мақсатқа жетуіне өз үлесін қосады.

3. Кез келген деңгейдегі оқыту жүйесінің бүтіндігі оның бөлшектерінің арасындағы өзара байланысы арқылы сақталады.

4. Жүйе бөлшектерінің өзара байланысы болуының және оның белгілі бір тәртіпте болуы жүйеліліктің негізін қалайды.

Осы мәселеге біз білім беру тұрғысынан қараймыз. Яғни, шетел тілінен білім беру үнемі жүйелі түрде болуы керек.

Кез келген тілді оқытудың жүйелі, кешенді болуына республикада соңғы жылдары көптеген ғалымдар көңіл бөліп, зерттеулер жүргізіп, зерттеу нәтижелерін мұғалімдер мен оқу, білім беру саласының қызметкерлері назарына ұсынуда. Ол еңбектер, әрине, білім беру ісіне айтарлықтай көмегін тигізуде. Мысалы, Н.Н. Нұрахметов, С.Ә. Әбдіғали, С.С. Құнанбаева, Г.Ж.Нұрбекова, Ж.А. Қараев, Ә.Т. Чакликова, т.б. соңғы жылдары шыққан еңбектерін айтуға болады.

1991-жылдардан басталатын соңғы алтыншы кезеңнің шетел тілі курсы бойынша орта мектептегі білім мазмұны мен

сипаты жағын зерттеген еңбектердің елеулі өзгешелігі бар. Ол өзгешелікке ең алдымен оқытудың мақсаты, оның білім мазмұны мен көлемі, оқытуды ұйымдастыру түрлері мен әдіс-тәсілдерін жатқызуға болады. Осы аталған үш мәселе біздің зерттеу тақырыбымыздың басты проблемалары болып есептеледі.

Шетел тілін оқытудың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік негіздеріне келсек, бұл тұрғыда жүргізілген зерттеу жұмысының басты мәселелерінің бірі неміс тілі курсына енген материалдар ауқымын, білім мазмұнын меңгерту болды.

Сексенінші-тоқсаныншы жылдарда педагог әдіскерлердің зерттеулері оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіру, оқыту үрдісін оңтайландыру, оқушылардың таным белсенділігін арттыру, дамыта оқыту, шәкірттердің өз бетімен атқаратын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдерінде жаңалықтарды шығармашылықпен пайдалану жайларын қамтыды.

С.Ә. Әбдіғали, А.К. Артықбаева, Ұ.Б. Байгелова, Ш.Б. Бәйнеш, Д.Х.Сүлейменовалар неміс тілін оқыту әдістемесі саласында еңбектер жазып, білімнің жүйелілігі, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру, жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту, жаңа технологияларды қолдану мәселесін қарастырды.

Жаңа оқулықтардың білім мазмұнында Қазақстандық ғалымдардың еңбек жолы, халқымыздың салт-дәстүрі, өнері, білімі, мәдениеті туралы материалдарды шетелдіктердің өмір салтына қатысты материалдармен салаластыра берілуіне ерекше назар аударылды. Сонымен бірге мектеп мұғалімдерінің де жаңа білім мазмұны, оқу, білім, өнер, мәдениет т.б. жайлы маңызды көзқарастары, оларды меңгерудің жолдары туралы пікірлері де үнемі ескеріліп отырылды.

Республикамыздың ғалымдарының бірі профессор Ә. Нысанбаев мектебімізде берілетін білім мазмұны қазіргі заман талаптарына сай жетіле түсуге тиіс деген пікірін өз еңбектерінде де, теледидар мен радиодан сөйлеген сөзінде де жиі айтып жүр: “Орталық Азиядағы жаңа, тәуелсіз мемлекеттердің жергілікті халқының көпшілігі дәстүрлі ұлттық құндылықтар мен мәдени

нормаларын қайта қалпына келтіруге бағытталған, өзінің сапасы жағынан жаңа оқу жүйесін жасауға ұмтылады деп болжауға болады. Сонымен бірге біздің көп этникалы қоғамымыздың жаңа ұрпақтары дәстүрлі ұлттық құндылықтар мен мәдениетті ғана меңгеріп қоймай, басқаларға ұнайтын, ұнамайтынына карамастан XX ғасырдың соңында, XXI ғасырдың бас кезінде еңбек рыногында болатын бәсекеге түсуге толық жарайтын іргелі білім негіздерін меңгеруі тиіс”.

Мектептегі білім мазмұны, оны игеру әдістері әрдайым әр республиканың өз ана тілі негізінде, өзіндік бет-бейнесін ұмытпай отырып жаңартылуы керек деген пікірді бұрынғы он бес кеңестік республикалар құрамында болған Балтық жағалауындағы республика ғалымдары сонау 1989 жылдардың өзінде мәселе етіп көтеріп, өз елінде іс жүзінде жаңа реформаны дәл осы бағытта жүргізе алды.

Ұлттық мектептің білім мазмұны мен оның оқыту үрдісінде болуға тиіс жоғарыда айтылған мәселелерді мектептегі шетел тілін оқыту әдістемесі мен мазмұнына (тұжырымдама, мемлекеттік білім стандарты, бағдарлама, оқулықтар, әдістемелік құралдар т.б.) ендіру ескерілді.

Ол үшін оқушыларға басқа халықтардың қызықты әдет-ғұрыптары, салт-санасы, еңбек кәсібі, мәдениеті мен өнері, тұрмыстық тәжірибесі т.б. байланысты материалдарды пайдаланылды.

Шетел тілі пәндерінің білім мазмұнын, көлемін, құрылымын анықтайтын тұжырымдамалар мен бағдарламаларды т.б. дайындауда әлемдегі білім беру саласында болып жатқан жаңалықтармен таныса отырып, білім жүйесін қалыптастыратын ғылыми және педагогикалық ұстанымдар мен талаптарға басшылыққа алынды. Олардың қатарында білім саласын демократияландыру, ізгілендіру, дамыту; білім мазмұнын іріктеудегі көп деңгейлілік, көп аспектілік ұстанымын сақтау; түрлі ұлттардың дамуындағы көптүрлілік пен ұқсастықтарды ескеру; тіл ғылымының соңғы жаңалықтарына кеңінен назар аудару; білім мазмұнын іріктегенде білімнің жүйелілігі, толықтығы, теория мен практиканың байланысы

сияқты білім саласын қайта құрудың басты ұстанымдары басшылыққа алынды.

Жоғарыда аталған ұстанымдардың негізінде дайындалған шетел тілі пәнін оқытуға қажетті оқу-әдістемелік кешендер жаңарудың айқын дәлелі бола алады. Білім беру саласын заман талабына сай өркендету – еліміздің алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бұл міндеттің 2030 жылға дейінгі басым мақсаттардың қатарында атап көрсетілуі бұл саланың еліміздің өркендеуі үшін айрықша маңызды екенін дәлелдейді.

Білім беру ісі – қай кезде болсын озық ойшылдар мен ғалымдардың ерекше назарында болған сала. Білім беру жүйесі – көп салалы, өте күрделі жүйе. Ғылымның негізі білімде болса, білімнің іргетасы орта мектепте қаланады. Сондықтан біз елдің келешегін, мемлекетіміздің дамып гүлденуін көздер болсақ, ең алдымен, “Орта мектепте білім беру жайы қандай деңгейде?” деген сұрақты алға тартуымыз қажет. Ал білімнің қайнар көзі оқулықта екенін есте естен шығаруға болмайды.

Республикамыздағы қазақ тілді мектептерде шетел тілі пәндерін оқыту мәселесін зерттеу кешірек қолға алынды. Оның себебі, еліміз егемендігін алғанға дейін шетел тілі пәндеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер түгелімен тек қана Мәскеуден дайындалып, бұрынғы бүкіл Кеңес Одағы құрамындағы одақтас республикаларға тікелей жіберіліп отырылды. Одақтас республикалардың ішінде, әсіресе, Қазақстан объективті және субъективті жағдайларға байланысты мектептегі шетел тілі пәндеріне арнап төл оқулықтар, оқу құралдарын шығармаған, дайындамаған бірден бір республика болды.

Республикамызда Кеңестік дәуірде неге ондай жағдай болды, неліктен төл оқулықтар жазылмады деген заңды сұрақ кейінгі жас толқын жеткіншектердің көкейінде тұрары хақ. Осы сұраққа профессор, педагогика ғылымдарының докторы А.Қ. Құсайынов өзінің “Заман талабы” атты еңбегінде қысқа да нұсқа етіп дәл жауап берген: Ұлттық негізден нәр алған мектеп жүйесін құрып, соған лайық оқулықтар мен оқу құралдарын

жасаудың қалыптасып келе жатқан үрдісін Қазан төңкерісі басқа арнаға зорлықпен бұрып жіберді”.

РСФСР Ағарту халық комиссариаты 1918 жылдың 31-қазанында “Шағын ұлттардың мектептері туралы” Қаулы қабылдады, онда аз ұлттардың өз ана тілдерінде әр дәрежелі оқу стандартын ашуына болатыны туралы айтылды. Бірақ ол мектептер коммунистік идеологияны, таптық көзқарасты басшылыққа алған, ұлтсыздық бағытындағы мектептер бола алатын еді, ақыры солай болды да. Бұрынғы мектептер енді бір үлгідегі еңбек мектептері болып қайта құрылды. Оларда Мәскеу жіберген оқу бағдарламалары мен оқулықтар арқылы білім берілді.

Байырғы қазақ оқығандары елдікті сақтаудың жолын мектеппен байланыстырды. Әйгілі ақын М. Жұмабаев 1921 жылы “Бостандық туы” газетінде жарияланған “Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз” деген бағдарламалық мақаласында: “Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ... Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай, қалай құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра алмасақ, келешегіміз күнгірт”, - деп қазақ зиялыларының ортақ ойын білдірді. Ол ұлт ретінде құрып кетпеудің амалы “халықтың жанына қабысатын”, әлемдік өркениет арнасына өзіндік болмысын танытатын ұлттық мектебінің болуы және оқу құралдарының да “мінезі мектебінің мінезіне байлаулы болуы қажет” деген тұжырымға келді. Сол кездегі қазақ мектебінің жағдайын “соқыр еліктеу ауруы”, “қазақ жанын қайшылап отырып жат қалыпқа салу”, “сынамай, икемдемей, даяр қамытты қазақ баласының мойнына кигізе салушылық” деп сипаттады. Жас кемеңгер М. Әуезовтің “Ел болам десең, бесігінді түзе!” деуінің мәні де соған саятын. А.Байтұрсынұлы, М.Шоқаев, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаевтардың қазақ тілі мен әдебиеттану, психология мен педагогика, өсімдіктану мен тіршіліктану, математика пәндерінің сындарлы оқулығы әрі алғашқы зерттеулер болып табылатын еңбектері осы кезеңде жарық көрді. Бұлар сол кезде жұмыс істей бастаған бірді-екілі халық ағарту институттары

(Алматы мен Ташкентте), мұғалімдер даярлау курстары мен педучилищелерде оқу құралдары ретінде пайдаланылды. Бірақ зиялылардың ұйытқы тобы көп ұзамай шеттетіліп, оның ақыры жаппай қудалауға ұласты. Соның салдарынан оқулық жазу ісі іркіліске ұшырады, ал олардың “ұлт жанына қабысуы” туралы мәселе жайына қалды.

1926 жылы қабылданған еңбек мектебінің Жарғысы бойынша Қазақстандағы білім беру жүйесі КСРО-лық ортақ жүйеге көшірілді. Осы тәртіп Кеңес Одағы тарап кеткенге дейін сақталды.

Қазақстанда ерекше зардабын тигізген “науқан” “ұлтшылдарды аластау”, байларды тәркілеу, ашаршылық қырғыны, “халық жауларын” талқандау сияқты нәубеттер қазақ мектептерінің сан және сапа жағынан дамуын қатты тежеп, орасан нұқсан келтірді. XX ғ. 40-жылына дейінгі соңғы 15 жылда ғана емес, ғасыр басынан бергі 40 жыл ішінде тәжірибелі де білімді көрнекті қазақ оқығандары жазған оқулықтар мен оқу құралдары “зиянды дүниелер” ретінде кезек-кезегімен жинап алынып немесе жойылып жіберіліп отырды. Сөйтіп, қазақ оқулықтарын жасаудың жарты ғасырға жуық тәжірибесі де, мазмұндық-әдістемелік сабақтастығы да еленбей қала берді. Соның салдарынан қазақ тілінде оқулық түзудің біртұтас әдістемелік-дидактикалық ұстанымдары көпке дейін жасалмады, әр автор оқулықты өз білгенінше жазды. XX ғ. 20-жылдарының басында зиялыларды оқулық жазуға шақырған үндеуде басшылыққа алынатын ұстанымдар айтылмағанын Мағжан Жұмабаев кезінде қатты сынаған еді.

Мектеп пен оқулық мәселесіне коммунистік партия, кеңес басшылығы үнемі назар аударып отырды. 1930 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің VII конференциясында халықтың мәдени дәрежесінің төмендігі социалистік құрылысқа қатер төндіріп отырғанын айтып, мектеп жүйесін дамыту жөнінен, ал 1932 жылғы V пленумында “Оқулықтар мен оқу құралдарын жасау туралы” арнайы қаулы алынып, республика үкіметі 1935 жылы “Оқулық жасау барысы туралы” мәселе қарап, шешім қабылдады. Ал 1947 жылы тарихтағы ең бір жойқын соғыстан сүлдері шыққан аш-арық елде жаңадан оқулық баспасы

ашылды. Мұның бәрін коммунистердің жас ұрпаққа білім, тәрбие берудің мәнін жіті барлай білгені демеске болмайды. Оқу құралдары баспасының құрылуымен мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды, оқу-әдістемелік, ғылыми-танымдық, оқушыларға арналған әдеби кітаптар жылдан-жылға көптеп шығарыла бастады. Рас, ана тілі мен әдебиетінен басқа оқулықтардың бәрі дерлік аударма оқулықтар еді. Ал шетел тілі пәндерінен қазақ тілді мектептерге арналып Қазақстанда оқулықтардың дайындалуына кезінде Халыққа білім беру министрлігіндегі кейбір мамандар ашықтан ашық қарсы болған.

Шетел тілін пән ретінде ұлттық аудиторияларда оқытудың ерекшеліктері басқа республикаларда, әсіресе, Ресейде жан-жақты зерттеліп келді. Тек еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана қазақ тілді мектептерде шетел тілін оқыту мәселесі ауқымды түрде зерттеле бастады, ал бұрынғы Кеңес Одағы кезінде жүргізілген зерттеулер, ғылыми жұмыстар ол зерттеулерге оң ықпал етті.

Дүние жүзінде жүріп жатқан ғаламдану саясаты, еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы табысы және қазіргі экономикалық даму қарқыны мемлекеттің стратегиялық маңызды бағыттарының бірі білім беру саласын жетілдіруге бағытталған тиісті іргелі зерттеулер жүргізуді талап етуде.

Осы ілгеріде аталған жағдайларға байланысты біз мектепте шетел тілін оқытудың қалыптасуын, дамуын Кеңес Одағы дәуіріндегі кезеңмен тығыз байланыстыра отырып қарастырдық.

Екінші дүниежүзілік Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардан бері қарай дайындалған оқулықтарда шәкірттердің ойлау, таным қызметін дамытудағы рөліне баса көңіл бөлінді. Бұған өз зерттеулерінде Л.В. Занков, Л.Я. Зарина, В.В. Краевский, т.б. ерекше назар аударған. Ресейдің Педагогика Ғылымдарының Академиясы (АПН) бұл кезеңде қарқынды түрде зерттеулер жүргізді. Ол зерттеулер бүкіл Кеңес Одағының он бес одақтас республикаларына арналған жалғыз ғана шетел тілдерін оқыту ісіне арналған “Мектептегі шетел тілдері” журналы арқылы шетел тілі мұғалімдерінің құзырына ұсынылып отырылды. Шетел тілі пәндерін оқыту саласында

болып жатқан жаңалықтар, оң өзгерістер мектеп мұғалімдері мен ғалымдар тарапынан үнемі қолдау тауып отырды.

XX ғ. 60-90-шы жылдары аралығында шыққан шетел тілі пәндерінің оқулықтары сол кездегі коммунистік идеологиядан, саясаттан туындаған талаптарға сай жазылды. Оқулықтарда мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне, білім деңгейіне сай етіп елеулі тарихи фактілер, оқиғалар іріктелген болатын. Материалдарды баяндау, сипаттау, түсіндіру, жинақтап, қорытындылау сияқты көптеген тәсілдер арқылы авторлар тиімді етіп бере алды.

Мектепте оқытылатын кез келген пәнді атағанда оқушы, ата-ана, мұғалімдердің ең алдымен ойлайтыны сол пәннің оқулығы екендігі белгілі нәрсе. Өйткені оқулық мектеп қабырғасында білім мен тәрбие берудегі аса маңызды мемлекеттік құжаттардың бірі.

Оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйемен баяндайтын кітап. Оқу пәнінің толық мазмұны оқулықтар мен оқу құралдарында баяндалады. Оқулықтар оқу орындарының түріне қарай жасалады. Сол себептен де пән оқулығына қойылатын методологиялық, ғылыми-дидактикалық, әдістемелік талаптарды кеңестік педагогика мен әдістеме саласындағы белгілі ғалымдар А.А. Миролубов, Ю.К. Бабанский, И.В. Рахманов, И.Л. Бим, А.А.Голотина, Н.И.Гез т.б. жан-жақты зерттеген болатын.

1992 жылға дейін Одақтас республиканың мектептерінде бірдей оқулықтар пайдаланылды. Ресейдің оқулықтарын жазуға И.Л. Бим, Е.И.Пассов, тағы да басқа ғалымдар белсене қатысты. Ол оқулықтар негізінен түрлі-түсті емес, ақ-қара ғана болып шығарылды. Негізгі мазмұнында бағдарламаларда белгіленген мектеп, отбасы, достар, ауыл мен қала тіршілігі, мерекелер, әдет-ғұрыптар, оқу орындары, Ресей мен Германияның (әсіресе, социалистік ГДР-дың) қалалары, атақты адамдары, ғалымдары сияқты, т.б. тақырыптар қамтылды.

Ал Қазақстан мектептерінде шетел тілінің оқулықтарын жасаудың проблемаларына арнап еліміз егемендігін алғанға дейін ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерді былай



қойғанда мақалалар да өте аз жазылды. Тек қана мерзімді баспасөз беттерінде мектеп мұғалімдерінің оқу, оқыту мәселесі бойынша ұсыныстар жасаған шағын мақалалары ғана жарияланды.

Ресейлік оқулықтар, әрине, әрбір үш-төрт жыл сайын өңделіп, үлкен таралымдармен шығарылды. Орыс тілді мектептер үшін де, қазақ тілді мектептер үшін де ол оқулықтарды толығымен қабылдаған тек біздің республика болғанын ілгеріде айтып өткенбіз. Ал кеңестік республикалардың (Қазақстаннан басқалары) өзге ұлт мектептері өз төл оқулықтарын дайындап, соларды пайдаланды. Мысалы, Латвия республикасында шетел тілінен оқулықтар жазатын авторлар тобын Л.Канча бастаса, Эстонияда Р.Таза, Р.П.Сельг, В.Лейбур, Х.И. Лийметс, И. Рапопорт, И. Соттер т.б. жетекшілік етті. Орта Азиядағы социалистік республикалар арасында Өзбекстан ғалымдары батыл қимылдады. Оларда да өздерінің төл оқулықтары, жетекші авторлары болды.

XX ғ. 60-шы жылдарының ортасынан бастап Кеңестік мектептерде шетел тілі пәндерінен білім беру ісі ерекше жандана түсті, оған себеп бүкіл Кеңес Одағы жаңа білім мазмұнына көшті. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 10 қарашадағы “Жалпы білім беретін мектептің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы” атты Қаулысы өз күшіне енді. Аталған қаулы бойынша шетел тілдерін оқытуға айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Білім мазмұнын жетілдіру, оқушылардың дүниетанымын, ғылыми көзқарасын қалыптастыру, білім беру арқылы тәрбиелеу, жеке бас қабілеттерін дамыту мен танымдық мүмкіндігін арттыру, елтану материалдарын енгізу, бұрынғы оқыту тәжірибелерін ескеру сияқты т.б. көптеген жайлар қолға алынды.

XX ғ. 80-ші жылдарының орта кезінен бастап кеңестік қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуында болатын өзгерістерді, әлемдегі ғылым мен техниканың даму қарқынын ескере отырып, Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі жалпы білім беру орындарының алдына жаңа міндеттер қойды. Ал ол міндеттер 1984 жылы қабылданған “Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі

бағыттарында” көрініс тапты. Осы құжат негізінде кезінде жана бағдарламалар жасалып, оқулықтар да дайындалды. Оқулықтағы жаңалықтарға келсек, негізінде кейбір тақырыптар өзгертілді, тәрбиелік маңызы бар материалдар көбірек енді, достық, еңбек, бейбітшілік, өлкетану туралы материалдар молая түсті. Кеңес Одағы кезінде шетел тілін пән ретінде оқытуға арналған негізгі оқулыққа қосымша көптеген оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Оқу құрал-жабдықтары, әдістемелік және көрнекі құралдардың тізімі де ұлғайды, әйтсе де басым көпшілігі ауылды жерлерде орналасқан қазақ тілді мектептерге олардың басым бөлігі жетпегені ақиқат.

Кеңес Одағы кезінде шетел тілдерін пән ретінде оқытуға негізгі оқулыққа қосымша көптеген оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Кейінірек жүргізілген зерттеу жұмыстары оқулықтар мен әдістемелік құралдарды, оқу-құрал жабдықтарын әлі де болса жетілдіру қажеттігін көрсетті. Әсіресе, орта білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдары үнемі жаңартылып отырылды, әлі де үнемі толықтырылу үстінде. Оқу құрал-жабдықтары мектептің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға жағдай жасауды көздей отырып дайындалды.

Ресейлік ғалымдар күні бүгін де өз елінің білім беру саласын қарқынды түрде дүние жүзілік алдыңғы қатарлы деңгейге жеткізу мақсатында еңбек етуде. Ресей оқулықтарының, оқу құралдарының жетістіктері деп олардың бағдарламаларға сай дайындалуын, грамматиканы үйретуді ғана басты бағдар етпей, тілдік материалдарға негізделуін айтуға болады. Яғни, оларда материалдар оқушыларды қоршаған айналасындағы күнделікті өмір мен тыныс-тіршілікті, қоғамның шындық көріністерін қамтитын түрлі тақырыптарға шоғырландырылып берілген. Сондай-ақ, ол оқулықтарға қосымша негізгі оқулықта берілген сабақтарды түгелдей қамтыған сабақ жоспары, әр сабақты қалай өткізу керектігі туралы мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулары бар “Мұғалім кітабы” ұсынылады. Оқулыққа қосымша тағы да бір міндетті түрде шығарылған құрал оқу кітабы (хрестоматия) болды. Оқу кітабында берілген шағын мәтіндер негізі

оқулықтағы тақырыптарға сай сұрыпталып, сол тақырыптар ауқымында берілді.

Республика мектептерінде ұзақ жылдар бойы кеңінен қолданылып келген ол оқулықтардың мынадай кемшіліктері де болды:

1. Одақтас республикалардағы ұлт мектептерінің өзіне тән ерекшеліктері ескерілмеді.

2. Ұлт мектептеріндегі оқушылардың ана тілінің ерекшеліктері ескерілмеді.

3. Оқулықтардың сабақтарға берілген тапсырмалары және олардың берілу сипаты бірыңғай болды. Көбінесе нақты фактілерді айтуды, сұраққа жауап беруді талап етті. Оқушылардың ойлау қызметін, өз пікірін, көзқарасын, ойын білдіруге, оларды коммуникацияға жетелейтін шығармашылық тапсырмалар аз болды.

4. Оқушыларды өзі алған білімін түрлі жағдайларда өзгертіп, түрлендіріп, шығармашылықпен қолдана алуға икемдеуге арналған, оларды өздері тілін үйреніп жатқан шет елде бар түрлі құжаттармен, сызбалармен, кестелермен т.б. жұмыс істеуге бағыттайтын тапсырмалар тым аз болды.

5. Мектептерге арналған барлық шетел тілі пәнінің оқулықтары мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендер түрлі-түсті болмады.

6. Оқулықтардағы берілген материалдардың мазмұнына, оларды дұрыс оқытуға баса назар аударылып, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың дизайнına, материалдардың балалар үшін тартымды әрі қызықтырарлықтай болуына, көркемдеу, безендіру жағына көңіл жете бөлінбеді.

Осы аталған кемшіліктер Кеңес Одағы кезіндегі басқа да пән оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына тән болатын. Ол кездегі оқулықтар мен оқу-құралдары көркемдік безендірілуі жағынан кемшін түскендерімен де оқыту ісінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі нашар болды деп айту жалған болар еді.

Коммунистік партия мен Кеңес Үкіметінің жіті қадағалап, үнемі мектеп мәселесін зерттеуді білім беру орындарының алдына мақсат етіп тапсырып отыруымен байланысты

оқулықтарға қойылатын талаптар да күрделене түсті. Оқулық мәтінінің негізгі, қосымша, түсіндіруші болып берілуі және мәтіннен басқа компоненттердің: оқу материалын меңгеру аппараты, иллюстративтік материалдар, бағыт беруші материалдардың қажеттігі дәлелденді. Оқулықтың білімді меңгертудегі қызметіне, оқушыларда білімді өздігінше меңгеру ынтасын қалыптастыруға оқытудың білімдік, тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға ерекше мән берілді.

Қазақстан егемендігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған “Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасының” маңызы үлкен болды. Бағдарламаға сәйкес 2000-2001 оқу жылында еліміздің барлық 1–4 сынып оқушылары жаңа буын оқулықтарымен толық қамтамасыз етілді, ал 5–9 сыныптардың байқау оқулықтары оларды сынақтан өткізетін тірек мектептерде байқаудан өтіп, мектепке енгізілді. 10-11 сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер 2003 жылға дейін жазылып бітіп, қазіргі кезде мектептерде пайдаланылуда.

Осы орайда еліміздің жас ұрпағын өзіміз бүгінде іргетасын қалап жатқан жаңа өмірге жан-жақты дайындау жолында республикамыздағы шетел тілі пәндерінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындауға Білім және ғылым министрлігі маман ғалымдар мен мектеп мұғалімдерін қатар қосуды Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясына тапсырды. 2000 жылдың 19 мамырында “Егемен Қазақстан” газетіне 10-11 сыныптардың оқулықтарын жазуға конкурс жарияланды. Ол конкурс негізінде келіп түскен болашақ авторлар өтініштері қаралып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14 маусымдағы №7 бұйрығымен авторлар құрамы бекітілді. Оқулықтарды жазуға Абылай хан атындағы Қазақ Әлем тілдері және Халықаралық қатынастар университетінің профессорлары Т.Т. Аяпова, А.К.Артықбаева, С.Ә. Әбдіғали, доценттер Б.Б. Әбдіғалиева, Ү. Таникина, Т.Д.Кузнецова, А.Иванова, П.Г. Козлов, аға оқытушылар Ұ.Б.Байгелова, Д.Х. Сүлейменова, К.Ә. Ермекова, мектеп

мұғалімі Б.Е. Есімова, Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясының доценті Ш.Б. Бәйнеш, т.б. белсене атсалысты [қосымша Ә]. Уақытпен санаспай істеген еңбек нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі алға қойған міндеттер дер кезінде орындалды. Оқулықтар жедел түрде дайындалып бітуі тиіс болды, себебі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республикаға Ресейден оқулықтар жіберілмеді, ал мектептерде бар оқулықтар ескіріп, мазмұны жағынан да алып қарағанда ары қарай қолдануға жарамсыз бола бастады. Білім және ғылым министрлігі оқулық авторларына әр сыныпқа арналған оқулықтарды дайындауға (оларға қосымша кешендермен қоса) небәрі үш айдан ғана мерзім берді.

Қазақстан егемендігін алғаннан кейін іле-шала оның тәуелсіздігін мойындаған шет мемлекеттердің елшіліктері Алматыда ашылып, біздің республикамен экономика, өндіріс, ауыл шаруашылығы, мәдениет, білім және өнер т.б. саласында бірігіп жұмыс істеуге көптеген шет елдік фирмалар тілек білдірді. Солардың бірі 1994 жылы Алматыда ресми түрде ашылған Германияның Гете атындағы институты, Франция елшілігінің жанындағы Білім жөніндегі бөлім еді. Гете институты әлемдегі 144 елде неміс тілін оқып, үйренушілерге көмек көрсетуде. Осы институттың демеушілік көрсетуімен 1995 жылы неміс тілі оқулықтарының болашақ авторлары профессорлар А.К.Артықбаева мен С.Ә. Әбдіғалиев бастаған бір тобы Б.Б. Әбдіғалиева, Ү.Т.Таникина, Қ.Т. Рысалды, Ш.Б. Бәйнеш, Б.Е. Есімовалар Мюнхен қаласындағы арнайы семинар курсына барды. Кейінгі жылдары да Алматыдағы Гете институтының тіл бөлімінің директоры А. Янконың авторларға қажетті көмекті дұрыс түсінуінің арқасында басқа да авторлар Германияның түрлі қалаларында арнайы курстардан өтті. Ол курстар және Гете институты берген оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттердің авторларға кейін оқулықтар мен олардың оқу-әдістемелік кешендерін жазуда тигізген ғылыми тұрғыда көмегі үлкен болды. Француз тілі пәнінің авторлары – К.Ә. Ермекова, Г. Сманова, М.Камалова, А.М. Иванова, т.б. Франция елшілігінің демеушілігімен арнайы авторлар мектебі ұйымдастырылып, көмек көрсетілді.

Шетел тілі пәндерінен жазылған жаңа буын оқулықтарына мынадай талаптар қойылды: білім мазмұнының реформа талаптарына сай болуы, ғылымилығы, мазмұнының анық, түсінікті, жеңіл, дәл болуы; шетел мемлекеттері халықтарының өмірін, тарихын, түрлі заңдылықтары, салт- дәстүрі т.б. ашып көрсетілуі; мәтіндердің артық ақпараттарсыз және аутентті етіп берілуі.

Шетел тілдерін оқытудың ең негізгі мақсаты қазіргі қоғамдық, экономикалық, саяси жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының балаларына әлемдегі жаңа білім, ғылым ағымына сай білім беру болып отыр. Сол себептен де шетел тілі пәнінің оқулықтарын жазу барысында авторлар алдында мынадай міндеттер тұрды:

1. Оқулықтың мемлекеттік білім стандарты мен бағдарламаға сай болуы.

2. Оқулықтың материалдары қазіргі заманның ғылыми, техникалық жаңалықтарымен қамтамасыз етіліп, жаңа әдістеме деңгейінде жазылуы.

3. Әр пәннің өз оқылу, жазылу, теориялық үлгі заңдылықтарын сақтауы.

4. Шетел тілі пәнінің тәрбиелік функциясын атқаруына көңіл бөлуі.

5. Пәнаралық қарым-қатынастарды дұрыс іске асыру.

6. Берілетін материалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың қабілетіне қарай таңдап алу.

7. Оқулықтың мазмұнына қазіргі қоғамның өрісіне байланысты білім мен ғылым жаңалықтарын енгізу.

8. Оқулықтағы материалдарды еліміздің және шет елдердің соңғы жылдарда, тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жетістіктерін көрсетіп, шетел тыныс-тіршілігімен салыстыра отырып беру.

9. Мәдени, эстетикалық т.б тәрбие беру жақтарын ескеру.

10. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты жеке тапсырмалар беру арқылы білім деңгейін жетілдіруге, өз бетімен білім алуына көңіл бөлу.

11. Ізденіп оқу, ғылыми тұжырымдар жасап үйрету жолдарын көрсету, шығармашылық ынтасын қалыптастыру.

12. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдарының ең тиімділерін қолдану.

13. Отанына, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге, азаматтық, патриоттық, интернационалдық сезімдерін оятуға арналған мәтіндерді дұрыс тандап, оларды оқулықта жеңілден ауырға қарай ұстанымы бойынша беру.

Оқу материалдарының мазмұнына төмендегідей өзгерістер енді:

а) Өмір талабына сай жаңа тақырыптар, тапсырмалар қосу, пән бірлестіктерін нығайту.

ә) Көкейкесті, маңызды коммуникацияға жетелейтін мәтіндерді көбірек беру.

б) Тақырыптарды сынып және оқушылардың білім, білік деңгейлеріне сай реттеу.

Пәнді оқытудың әдістемесін жетілдіру барысында жаңа буын оқулықтарында төмендегі жайлар ескерілді:

а) Оқыту барысында грамматикалық және стилистикалық нормаларды, жүйелерді сақтау, оқу материалдарын оқушыға түсінікті етіп жеткізу.

б) Көрнекі құралдардың, суреттердің, тапсырмаларды жүйелі түрде алған білімдерін бекіту үшін анық етіп беру.

в) Сөздіктердің тақырыпқа сай болуын, сөздердің бірнеше мағынасының берілуін, зат есім, сын есім, етістік т.б. әрқайсысының аудармасын айқындау қай кезде қалай қолданылатынын тексеру.

Осы жоғарыда келтірілген талаптарды оқулықтарды байқаудан өткізу кезінде ескеріп, жүзеге асыра отырып, оқулық авторларымен бірге өздері қадағалаған жайттарды талдап, нәтижесін қорытындылап, нақты көрсетіп, Ы.Алтынсарин атындағы оқулық мониторингі бөлімі мен баспа арқылы оқулықтарға түзетулер енгізіліп отырды.

2001 жылы “Гуманитарлық пәндерді оқыту әдістері мен түрлерін жаңалаудың тенденцияларын анықтау” деген тақырып бойынша зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде жалпы орта білім беретін мектепке арналған шетел тілдерінің оқулықтары толықтырылып, әдістемелік нұсқаулар, мақалалар жарық көрді.

Дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тұжырымдамасының жобасы әуелі оқулықтың қандай оқушыға арнап жазылатынын, ондағы берілетін білім мазмұнын, негізгі оқулыққа қосымша оқу-әдістемелік кешен құрамын, оларға қойылатын талаптарын анықтады. Анығырақ айтқанда, олардың педагогика жүйесіндегі ақпарат моделінің болуы, оқу және өз бетімен оқудың дидактикалық жүйесін көрсетіп, оқу коммуникациясының құралы болуы қарастырылды. Оқу-әдістемелік кешендердің құралы мен құрылымы, олардың жеке бөліктері, олардағы материалдары, атқаратын қызметі (ақпаратты, тексерушілік, бағдарламалық т.б.) оқу-нормативтік, сондай-ақ бекіту, пысықтау, өзін-өзі тексеру, тәрбиелік жетілдіру сияқты негізгі мәселелерді қамтыды.

Оқулықтың атқаратын қызметі, міндеті (координаторлық, жүйелеушілік, ақпараттық, пысықтаушылық әрі өзін-өзі тексерушілік, өз бетімен білім алушылық, интеграциялық, тәрбиелік, жетілдіру) нақтыланды. Оқулықтың басты-басты деген міндеттеріне қоса түрлері (ғылымилығы, жүйесінің нақтылығы, мазмұнының, іс-әрекетінің бірлігі т.б.), құрылымы жағынан нақты болуы және де материалдардың (мәтіндердің, мәтіннен тыс материалдардың, көрнекілік, безендірілу жағы) берілуі, оқулықтың оқушыларды оқуға, білім алуға қызықтыру, жетелеу қызметі, берілетін ғылыми ақпараттардың, білім көзінің толықтығы, олардың берілу тәртібі талданып, анықталды.

2002 жылы “Білім стандарты талаптарын жүзеге асыру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқыту процесін оқу әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету” тақырыбы бойынша жұмыс атқарылып, нәтижесінде шетел тілі пәндерінен оқулықтар, дидактикалық құралдар мен оқу-әдістемелік кешендер жарық көрді.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындауда ілгеріде аталған мемлекеттік білім стандарты мен бағдарламаларда көрсетілген ұстанымдарға сүйендік.

Жалпы білім беретін мектептердегі шетел тілі пәндерінің бағдарламаларында оқыту мақсаты, міндеттері, талаптарын ескере отырып оқулықтарға мынадай жаңалықтар енгізілді:



1. Базалық курстарда үйретілетін лексика көлемі өзгертілді.
2. Елтану материалдарына ерекше мән берілді.
3. Оқу, жазу, тыңдап түсіну және сөйлеудегі талаптар жаңартылды.
4. Білім мазмұны деңгейлеп берілді.
5. Жаңа тақырыптар енгізілді.

Тілдерді оқу үрдісінің жүйелілігін, коммуникативтілігін қамтамасыз етуде оқу-әдістемелік кешендер, техникалық құралдар т.б. маңызды рөл атқарады. Оқулық ел елдің мәдениеті мен тілі арасындағы жалғастырушы көпір болып табылатындықтан, оқу-әдістемелік кешендегі мәтіндер, көрсетуге арналған ақпарат хабарлар, мәліметтер бар құралдар, мағлұматтар аутентті болуы қарастырылды. Мәтіндегі тілдік материалдар коммуникативтік тұрғыда болып, тыныс-тіршілік аумағында жиі, көп қолданылатын, кездесетін болуы ескерілді.

Оқу-әдістемелік кешендер оқу үрдісін жүйелеп, сөз, сөйлеу біліктілігінің оң қалыптасуына көмектесіп, материалдардың қайталануын қамтамасыз етіп, оқу нәтижесін бақылаудың түрлері мен құралдарын ұсынады. Егер мұғалім оқулық материалдарына шығармашылық тұрғыда қарайтын болса, онда ол оқулықтағы мәтіндерді, тапсырмаларды т.б. бағдарлама мен оқулықтарда көрсетілген тілдік және семантикалық прогрессияны ескере отырып жұмыс істегені жөн деген тұжырым жасалды.

Бүгінгі таңда шетел тілі пәндерінен 5–11 сыныптар аралығында төл оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, оқу кітаптары (хрестоматия), дидактикалық құралдар, жұмыс дәптерлері мектептерде байқаудан өтіп, жыл сайын бір сыныптан жаңадан тексеріліп, толықтырылып, басылып шығып, мектептерге берілуде.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау барысында төмендегі ұстанымдар басшылыққа алынды:

1. Ізгілендіру ұстанымы.
2. Оқушының ана тілінің және ұлттық ерекшеліктерді ескеретін аймақтық, елтану ұстанымы.
3. Даралау және саралау ұстанымы.

4. Бірлік, тұтастық, жүйелілік ұстанымы.

5. Білімнің өмірмен, қоршаған ортамен байланысты болуы ұстанымы.

6. Мазмұнның материалдық базамен, оқыту құралдарымен сәйкес болу ұстанымы.

Барлық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мектепте сабақ беріп жүрген практик мұғалімдер мен ғалым мамандардың құзырына ұсынылып, оларға арнайы байқау жұмысын жүргізуге күнделік үлгісі берілді. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының барысында шетел тілі пәндерінің білім мазмұнын жаңалаудың теориялық және практикалық жақтары таңдалып, шетел тілінен білім берудегі толықтырылған білім стандарты мен бағдарламаларының алар орны, атқарар рөлі анықталды. Осы орайда оқытуға қойылатын жаңа талаптар, олар арқылы шетел тілін меңгеру үшін оқушыларға жасалатын мүмкіндіктер, дәстүрлі және жаңа тәсілдермен толықтырылған оқытудың тиімді әдістері қарастырылды. Жалпы білім беретін мектептердегі неміс тілі пәнінің оқу бағдарламалары жасалды.

Зерттеу жұмысында жасалған талдаулар жоғарыда көрсетілген жұмыстардың білім сапасын арттыру, толықтыру, жақсарту ісіне тікелей әсер ететінін көрсетті.

Республика мектептерінде шетел тілі пәндерін оқытудың құралдары мен әдіс-тәсілдері соңғы жылдары қолға алынып жатқандықтан, шетел тілін оқыту проблемаларын зерттеу ісі ары қарай жалғаспақ. Жаңа буын оқулықтары мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендер республиканың Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Жезқазған, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан т.б. облыстарында мектепте байқаудан өтіп, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге түзетулер енгізіліп, “Атамұра” баспасынан шығарылып, республика мектептеріне таратылды. 2003-2004 оқу жылы 8 сыныпқа, 2004 – 2005 оқу жылы 9 сыныпқа арналған оқулықтар мен олардың кешендеріне байқау мектептерінің пікірлері негізінде түзетулер, толықтырулар енгізілді. Байқау жұмыстары барысында мынадай жағдайлар қиындықтар тудырды:

1. Оқулықтар оқу жылы басталып кеткен кезде ғана мектептерге жеткізілуде.

2. Әр пәннен әрбір сыныпқа арналған оқулықтар толық бір сынып оқушыларына жетпейтін етіп берілуде.

3. Оқулықтар бастапқыда кейбір облыстарда әдістемелік, қосымша материалдар берілген дидактикалық құралдарсыз таратылған кездері де болды.

Кей мектептерде оқулықтар бір сыныпқа толық жетпейтіндіктен, өздеріне келген оқулықтарды басқа мектептерге беріп, оқулық бір сынып оқушыларына түгел жететін етіп, байқау жұмыстарын жүргізуде. Ең басты қиындық – жаңа буын оқулықтарының әдістемелік нұсқауларының, қосымша кешендердің дер кезінде баспадан оқулықпен бірге шықпай қалуы. Оқулықтардағы кейбір тапсырмалар қосымша хрестоматиямен немесе қосымша дәптермен т.б. байланысты болғандықтан, мұғалімдер ол тапсырмаларды беруде қиналады. Сондай-ақ, автордың ойын, қандай әдіс - тәсілді қолданып сабақты өткізу, түрлендіру керектігін жете түсінбеген мектеп мұғалімдері кей кезде оқулық туралы жаңсақ пікір де айтуда.

Оқулықтарды дайындауға берілген мерзімнің тым аз болуы, асығыстықтың салдарынан баспалардың оқу-әдістемелік кешендерді дер кезінде шығара алмауы, байқау жұмысының толық жүргізілуіне 2002 жылға дейін нұқсан келтіріп отырды. Кейбір мектептер 5, 6, 7 сынып оқулықтарын, кейбірі тек 8, 9 сынып оқулықтарын ғана байқаудан өткізді. Мысалы, Астана қаласының №4 мектеп-гимназиясында қалалық білім департаментінің 20.10.2000ж. №190/2 бұйрығы бойынша шетел тілінен тек 8, 9 сыныптардың оқулықтары ғана байқаудан өтті. Осындай жайттар бірнеше мектептерде болды. Жалпы республиканың байқау жүргізетін мектептерінің пән мұғалімдері өте жауапкершілікпен еңбек етіп, оқулық авторларына үлкен көмек көрсетті.

Жоғарыда айтылған проблемаларды қорыта келгенде мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Байқау мектептердің саны аса көп (жетпіс жеті) болмай-ақ, шағын болса, әрі авторлар бара алатындай жақын жерлерден алынса. Себебі авторлардың басым бөлігі Алматы қаласында немесе оның маңайында тұрады.

2. Жаңа буын оқулықтарын байқаудан өткізу жұмысына жан-жақты ойластырылған жоспарлар жасалғаны дұрыс.

3. Болашақ 10-11 сынып оқулықтарын байқаудан өткен соң, мектептерге оқу жылы басталмай тұрып жеткізу керек. Оларды оқу-әдістемелік кешендерімен бірге шығарып, мектептерге бірге бергенде ғана мұғалімдер мен оқушылар үшін оқу үдерісіндегі қиындықтар туындамайды.

Аталған кемшіліктер мен қиындықтарға қарамастан байқау жұмыстары жүргізілуде. Оқулық авторлары мұғалімдердің пікірлерін ескере отырып түзетулер ендірілуде. Пән мұғалімдері 10–11 сынып оқулықтарын байқаудан өткізу жұмысын дұрыс ұйымдастыру туралы өз пікірлерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жолдауда. Осы жолдардың авторы жалпы шетел тілдерін оқытудағы қазіргі кездегі проблемалар жайлы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2003 жылы 22 - ақпанда Астанада арнайы ұйымдастырған келелі жиында жан-жақты баяндаған болатын.

Жаңа оқулықтармен мектепте шетел тілдері оқытыла бастағаннан-ақ авторлар пәннің оқытылу жайын зерттеу, оң тәжірибені жинақтап қорыту, мұғалімдерге нақты көмек беру мақсатында ғылыми-әдістемелік мақалалар жарық көруде. Сондай-ақ, оқулық авторлары облыстық, қалалық мұғалімдер білімдерін жетілдіру институттарында мұғалімдерге жаңа оқулықтарды тиімді түрде қолдану, әдістемені дұрыс пайдалану арқылы сабақты тиімді, тартымды ету барысында дәрістер оқуда. Сабақтардың әдістемелік жоспарларын, мұғалімдерге нақты көмек боларлық әдіс-тәсілдерді түсіндіріп қана қоймай, авторлар практика жүзінде түрлі үлгі сабақтар да беруде. Бұл орайда шәкірттерді шетел тілінде коммуникацияға үйрету, ауызша баяндаудың әдіс, тәсілдерін қолдану жолдары, тарихи құжаттарды іріктеу және оларды пайдалану әдістемесі, көрнекі құралдарды дайындау, дұрыс пайдалану, білім мен біліктерді қалыптастыруда материалдардың оқушыларға тәрбие беру мүмкіндігіне т.б. назар аударылуда. Айта кетерлік бір жай, жаңа буын оқулықтарында Қазақстан туралы материалдар беріліп, олардың оқулықтағы жалпы үлесі республиканың Білім және ғылым министрлігі тарапынан арнайы тексеріліп отыр. Мысалы,

5, 8- сынып оқулықтарында “Спорт” тақырыбында өзіміздің елдің спортшылары туралы материалдар берілді. Онда көптеген тапсырмалар Қазақстан материалдарымен салыстырмалы түрде берілді. Жаңа оқулықтарда білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді жүзеге асырудың тиімді жолдары ұсынылған, оның дәлелі облыстардағы пән мұғалімдерінен келіп түскен пікірлер болып табылады.

Оқулықтарға қосымша жазылған мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауларда авторлар сабақ жоспарларын бірнеше түрлі нұсқамен беріп отыр, олар мұғалімдерге оқулық материалдарын шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп мұғалімдері өз бетімен шығармашылық түрде еркін еңбек етуін шектемеу үшін оқулық авторлары әдістемелік нұсқауда оқулықтағы барлық сабаққа жоспарды әдейі түгелдей, толық бермей отыр. Әдістемелік нұсқауларда және сабақтардағы материалдарда қосымша ретінде берілген бөлігіндегі материалдарды, көрнекі құралдарды т.б. мұғалімдердің өздері тандап алып, сабақтың білімдік, тәрбиелік міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруының жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, оларда оқыту әдістемесіне соңғы жылдары ендірілген жаңалықтарды, технологияларды, білік, дағдыларды қалыптастырудың әдіс-тәсілдеріне баса назар аударылды.

2000-2002 жылдар ішінде ізденуші құзырлы институттар мен Білім және ғылым министрлігінде болған білім беру мәселесіне қатысты мәжілістер, семинарлар, ғылыми кеңестерге үнемі қатысумен қоса Ұлыбритания Кеңесіндегі және Германияның Гете атындағы институттың, АҚШ, Египет, Франция, Иран елшілігінің білім жөніндегі кеңесшілерімен, Ресей, Австралия, Финляндия, т.б. елдердің ғалымдарымен қоян-қолтық жұмыс істеуде. Олардың білім мазмұны, жалпы шетел тілдерін оқытудағы ғылым жаңалықтарынан берген кеңестері мен пікірлері жұмыстарды даярлау үдерісінде ескерілуде. Зерттеу жұмысы барысында біз ұйғыр тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін, орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламаларын, оқулықтарын т.б. жобаларын талқылауға атсалысып, өз жұмысымызға ғылыми тұрғыда сын көзбен қарап,

өзге еңбектерде бар-ау деген кемшілікті қайталамау жағы ескерілді.

Тілдерді оқыту ісіне байланысты (институттан тыс жерлердегі) түрлі мәжілістерге, кездесулерге, тексерулерге, конференцияларға, семинарларға т.б. қатысып, 5-сыныптан ары қарай оқулық жазуға қатысатын авторлармен мәжілістер өткізіп, мектеп мұғалімдеріне көмектер көрсетіп, диссертациялардың талдауларына атсалыстық.

Оқушылардың талап-тілегін, бейімін, танымдық мүмкіндіктерін ескеретін мектептің жаңа моделін жасау оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесін: мақсатын, мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын, демек оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін де (ОӘК) өзгертуді талап етті. Осыған байланысты республика Үкіметінің қаулысы орындалып, тәуелсіз Қазақстанның он жылдығы қарсаңында негізгі мектептегі пәндер бойынша жаңа буын оқулықтары мен ОӘК жарыққа шықты.

Қорыта келгенде, жаңа буын оқулықтарының ерекшеліктері мыналар болды:

– білім мазмұны мен құрылымы білім берудің жаңа парадигмасына, яғни, дамыта оқытуға бағытталуымен ерекшеленеді;

– оқулықтардағы білім мазмұны мұғалім мен оқушының оқу әрекетін нормативтік-құқықтық құжат түрінде реттейтін Мемлекеттік стандартқа толық сай келеді;

– оқу пәндерінің білім мазмұнында республиканың аймақтық, этномәдени, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық ерекшеліктері ескерілген;

– оқытудың ең соңғы нәтижесі ретінде білімдер жиынтығы емес, тұлғаның мүддесін, оның бейімділігі мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың дербес әрекет ете алуын қалыптастыру белгіленді;

– оқу материалдары мазмұнының көпдеңгейлі болуы оқушылардың білім мен біліктерді берік меңгеруін қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім беру жүйесін дамытуда тәуелсіздік жылдары бірқатар қиындықтар мен кемшіліктердің болғанына

қарамастан, тұтастай алғанда орта білім беру саласында ұйымдастырылған іс-шаралар мен жұмсалған күш-жігерге лайық білім саласы дұрыс дамыды деуге негіз бар. Оның нәтижесі ретінде төмендегілерді атап айтуға болады:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы (бұрынғы және жаңа нұсқаулары) қабылданды.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланғандай, жалпыға бірдей тегін әрі міндетті орта білім беру жүзеге асты.

3. Орта білімнің Мемлекеттік стандарты жасалды.

4. Жалпы білім беретін орта мектепке арналған жаңа буын оқулықтары дайындалды.

5. Орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы Президент бағдарламасы және басқа да бағдарламалар жүзеге асты.

### **3.2 Жалпы білім беретін орта мектептерде шетел тілін оқытудың жаңа тұжырымдамасы**

Кез келген шетел тілін оқытуды, үйретуді бастаудан бұрын ең әуелі алдымен сол тілді оқыту тұжырымдамасының дайындалуы мұндай іргелі жұмысты жүйелі, мақсатты ұйымдастырудың басым бағыттарын алдын-ала айқындап, жоспарлы жүргізуге жол ашады. “Тұжырымдама” термині іс-әрекеттің негізгі ойын, конструктивті ұстанымын ғылыми, көркем, техникалық, саяси және басқа да салада белгілеу, көрсету үшін қолданылады.

Біздің зерттеу нысанамызға алынып отырған тұжырымдама (латынша *conceptio*-түсіну, жүйе) “белгілі бір пән жайлы түсінік берудің, пәнге деген көзқарастың, оқыту үрдісінің және т.б. мәселелердің жетекші идеясын жүйелі түрде түсіндіру, баяндау” дегенді білдіреді.

Мектепте шетел тілін оқыту тұжырымдамасының мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, шетел тілдерінен білім берудің мемлекеттің бағдарламасын ұсыну, оның серпінді дамуы мен қызмет атқаруына жағдай жасаудағы оның ролін көрсету.

Тұжырымдаманың міндеттері:

– Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырудағы мемлекеттік саясатының бөлшегі ретінде қызмет ету;

– білім берудің жай-күйі мен болашақтағы пайымын теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету;

– Қазақстан Республикасында шетел тілінен білім беруді дамытудың таяудағы және келешектегі негізгі беталысын айқындау, оның даму бағыттарын көрсету;

– шетел тілі пәндерінің оқу-әдістемелік және теориялық-әдіснамалық қырларын, олардың нақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс ұйымдастырушы мекемелерге жәрдемдесу.

Тұжырымдаманың басым бағыттары:

– шетел тілінен білім беруді ұйымдастыру жөніндегі негізгі жұмыстың бағдары мен ұстанымдарын анықтап көрсету;

– берілетін білім мазмұнын, құрылымын айқындау;

– білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы оқу және ғылым, ағарту мекемелерінің рөлін анықтау.

Кеңес Одағы таратылардың алдында, яғни 1989 жылдың 5-9 маусымы аралығында Мәскеуде Педагогика ғылымдары академиясының (АПН) жетекші маманы, профессор И.Л.Бим одақтас республикадағы шетел тілімен айналысатын әдіскер-ғалымдармен, оның ішінде Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының мамандарымен мәжіліс өткізді. Осы жерде ғалым тұңғыш рет кеңестік республиканың педагог ғалымдары Орталықтың бұйрығын күтпей-ақ, өз республикаларының ерекшеліктерін, жағдайларын ескеріп, жергілікті жердің ана тілі негізінде шетел тілдерінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындаулары қажет екендігін атап айтты. Одақтас он бес республиканың ғалымдарын жинаған осынау Бүкілодақтық семинар-кеңес “Шетел тілінің жалпы орта білім жүйесінде алар орны мен оқу жоспары” деген тақырыпта өткізілді. Онда жалғыз Мәскеудің барлық одақтас республикаларды шетел тілі пәндерін оқытуда оқушылардың ана тілінің ықпалын, әр республиканың ерекшелігін ескеретін оқулықтармен, оқу-әдістемелік



құралдармен қамтамасыз ете алмайтыны, оларды оқушылардың ана тілін білетін жергілікті мамандар жазуы қажет екендігі Кеңес Одағы тарихында сол кезде ғана ашық айтылды. Осы семинар-кеңес алғаш рет шетел тілі пәндерінің тұжырымдамасын дайындау жөнінде одақтас республикаларға еркіндік берді. Бұл жай, әрине, жергілікті жерлерде әрі танданыс, әрі қуаныш тудырғаны рас. Сөйтіп, Қазақстан Республикасында да шетел тілін оқытудың тұңғыш тұжырымдамасын жазу міндеті алға қойылды.

Біздің республикада шетел тілін қазақ тілді мектептерде оқыту тұжырымдамасы республика тарихында алғаш рет 1989 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясында) дайындалып, жарық көрді. Ол “Қазақ мектептерінде шетел тілдерін оқыту тұжырымдамасы” – “Концепция обучения иностранным языкам в казахской школе” деп аталып, орыс тілінде дайындалды. Тұжырымдаманы Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтында сол кезде уақытша құрылған ғылыми-зерттеу ұжымының мүшесі, Алматы педагогикалық шетел тілдері институтының профессоры Н.Ғ. Құрманбаев дайындады.

Тұңғыш тұжырымдаманың жобасын талқылауға Оқу министрлігі тарапынан арнайы құрылған комиссия құрамында әдіскер ғалымдар П.Г.Козлов, С.Ә. Әбдіғали, Қ.Т. Амандосова, Ш.Б. Бәйнеш пен мектептің тәжірибелі мұғалімдері қатыстырылды. Сол комиссияның пікірлері ескеріліп, тұжырымдама баспа беттерінде жарияланды.

Тұжырымдама кіріспеден және мынадай негізгі бөлімдерден құралды:

- шетел тілдерін оқушылардың ана тіліне сүйене отырып оқытудың қажеттілігі;
- шетел тілдерін оқытудың мақсаттары мен міндеттері;
- шетел тілдерін үйретуде берілетін білім мазмұны;
- оқыту әдістері;
- шетел тілдерін оқытуға қажетті жағдайлар;
- шетел тілдерін оқыту құралдары;

- шетел тілі мұғалімдерін дайындау мен білімін жетілдіру;
- тұжырымдама талаптарының жүзеге асырылу кезеңдері.

Тұжырымдаманың кіріспесінде шетел тілінің қажеттігі, оны үйрету арқылы адамзаттың рухани байлығы бір-біріне берілетіні айтылады. Республика мектептерін бітірген жастар бір шетел тілінде еркін сөйлеуі үшін керекті жағдайларға талдау жасай келе ғалым Н.Ғ. Құрманбаев оқытудағы проблемаларды ашып көрсетті. Шетел тіліне де басқа базалық пәндер сияқты толық мүмкіндіктер, жағдайлар туғызу керек екендігіне автор баса назар аударды. Сондай-ақ, шетел тілін оқушылардың ана тілі негізінде оқыту қажеттігіне де ерекше мән берді. Көп жылғы педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, зерттеуші пәнаралық байланысқа ерекше тоқталды. Ол шетел тілін үйретуде шетел тілін басқа да пәндермен байланыстырудың пайдалы боларына үлкен мән берді.

Шетел тілінің мақсаты мен міндеттеріне тұжырымдамада жан-жақты тоқтала келе оқудың басты мақсаты балаларды өздері үйреніп жүрген тілде сөйлеуге үйрету, тіл үйрету арқылы тәрбие беру екендігі нақты әрі жан-жақты дәлелді түрде баяндалған. Шәкірттердің жеке басындағы қабілеттерін, икемділіктерін жетілдіру, адамгершілік пен мәдени құндылықтарды түсіне алу қасиеттерін дамыту жолдары көрсетілді. Шетел тілінен мектепте берілетін білім мазмұны бұл тұжырымдамада бұрынғыдай ескі ұстанымдар негізінде емес, уақыт талабына сай қайтадан белгіленуі, елтану материалдарының да жаңа тұрғыда түзілуі, тың тақырыптардың ауқымды түрде қамтылуына баса көңіл бөлінді. Оқыту дифференциялы түрде болып, оның оқушылардың қызығушылығын тудыратындай түрде ұйымдастырылуы, республиканың кейбір мектептерінде шетел тілін бастапқы сатыдан (екінші сыныптан) бастау қажеттігі, факультатив сабақтары да өткізілуі тиіс деп көрсетті автор.

Оқытудың әдіс-тәсілдері бөлімінде тіл үйрету барысында түрлі көрнекіліктерді (тілдік ойындарды), іс-әрекет жағдайларын т.б. қолдану тіл үйретудің міндетті компоненті ретінде нақтыланды.

Тұжырымдама бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен сол кездегі кеңестік елдер қарым-қатынаста болған мемлекеттерде шетел тілін оқытуға бөлінетін сағат саны көлемін салыстыра отырып, Қазақстанда шетел тілін үш вариантта тиімді оқытудың жолдарын көрсетіп берді.

Шетел тілін оқытуға қажетті құрал-жабдықтар, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқулықтардағы сабақ жүйесінде қолданылатын техникалық құралдар анықталды. Сондай-ақ, шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерге қойылатын талаптар нақты көрсетілді. Қазақстанда шетел тілін оқыту әдістемесінің жаңалықтарын республика мұғалімдеріне таратып отыратын арнайы журнал қажеттігін айтуы да Н.Ғ. Құрманбаевтың шетел тілін оқыту ісінің болашағын алдын ала болжай алғанын көрсетті. Профессор Н.М.Құрманбаев жазған шетел тілін оқытудың тұңғыш тұжырымдамасында тәжірибелі тіл маманы ретінде білім беру арқылы тәрбиелеуге ерекше мән беріп, білім беру мен тәрбие екеуін шебер астастыра білді.

Ғалым оқушылар бойында шетел тілі пәндерінің оқу материалдарын меңгеру барысында әдеп, ұстамдылық, тәртіптілік, берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарау, өз құрбы-құрдастарына, мұғалімдері мен ата-аталарына деген құрмет, өзін-өзі ұстау мәдениеті қалыптасып, олардың адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасын арта түсіру басты міндет екенін кезінде атап айтқан болатын.

Оқушылардың ақыл-ой тәрбиесінің міндеті деп олардың байқау, өзге тіл мен ана тілін салыстыру арқылы құндылықтарға көз жеткізе алу қабілетін, дағдысын дамытуды атап көрсетті. Эстетикалық тәрбиенің міндетіне ол оқушылардың табиғат сұлулығын эмоционалды түрде қабылдай алуы мен адамдардың өзара қарым-қатынастарын шетел тілінің көркем әдебиетін оқу арқылы түйсіне білу екендігін дәйектеп берді.

Тұжырымдама талаптарының нақты орындалу кезеңдері де берілді. Ол талаптар бойынша республикаға арналған төл бағдарламалар мен оқулықтар дайындауды ұйымдастыру, сол кездегі шетел тілі пәндерінің ғылыми қызметкерлері Ш.Б. Байнеш пен Қ.Т.Амандосоваларға жүктелді. Ол міндеттеме бойынша оқыту бағдарламасы, ғылыми-зерттеу жұмысының

жоспары жасалды. Онда пән оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері 1993 жылға дейін жасалып болуы тиіс еді. Тұжырымдама жобасы Қазақ Социалистік Кеңестік Республикасының Халыққа білім беру министрлігінің Алқасында бірнеше мәрте талқыланып, түзетіліп, сол 1989 жылы басылып шықты. Тұжырымдама негізінде шетел тілі пәндерін оқыту бағдарламасын дайындау қолға алынды.

Шетел тілдерін оқытудың тұжырымдамасы екінші рет 1998 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясында жасалды. Оған сол кездегі ғылыми қызметкер Ш.Б. Байнеш атсалысты. Бұл жолы тұжырымдама қазақ және орыс тілдерінде жазылып, республика мұғалімдерінің талқысына ұсынылды. Республиканың көптеген облыстарынан келген мұғалімдердің пікірлері ескеріліп, тұжырымдама толықтырылды. Тұжырымдама шетел тілдерін оқыту ұстанымдарын жүйелеп, шетел тілі пәндерін үйретудің мақсаты мен міндеттерін, оқыту әдістерін, пәндерді оқытуға қажетті шарттар, тілден берілетін білім мазмұны мен оқытудың құралдарын айқындап көрсетіп берді.

Тұжырымдама кіріспесінде дүние жүзінде шетел тіліне ерекше көңіл бөлінетіні тілге тиек болды. Өйткені соңғы кезде жаңа саяси ойлаудың дамуы нәтижесінде халықаралық байланыстар айтарлықтай тез және барынша кеңейе түсті: жеке азаматтар мен кәсіпорындардың тікелей экономикалық қарым-қатынастары, мамандар алмасу ісі, сондай-ақ туризм де өсті. Осындай жағдайда көптеген орта білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарын бітірушілердің шетел тілдерін меңгеру деңгейі қоғамның күн санап арта түскен мұқтажығын қанағаттандыра алмады. Мұның ең негізгі себептерінің бірі - республикамызда шетел тілдерін оқытуға сағат санының аз бөлінуі еді. Осының салдарынан орта білім беретін мектепті бітіргендердің көпшілігі шетел тілінде еркін түрде түсінсе алмайды, өз мамандығына байланысты әдебиеттерді еркін оқи алмайды. Сондықтан да мектептерде оқытылатын шетел тілдері түрлі вариантта болып, оларды үйренуге кең ауқымда жағдай туғызылуы керек дейді ғалымдар.

Басқа оқу пәндеріне қарағанда тіл пәндері тобының қоғамда алар орны ерекше, себебі тіл әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырудың әмбебап құралы болып табылады, ал бұл мектепте білім берудің негізі. Сөйтіп, басқа пәндерді оқытуда тіл циклы пәндерінің маңызы ерекше. Олар сөйлесім әрекетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқушыларды басқа пәндерді меңгеруге дайындайды. Әр оқушыға қажетті көптеген біліктерді, дағдыларды тіл циклы пәндері қалыптастырады: қолжазбаны немесе басылып шыққан мәтінді оқып түсіну, естігенін түсініп оны жазып алу, сөздіктермен және анықтама құралдармен жұмыс істеу, естігенін немесе оқыған мәтін мазмұнын айтып беру, қисынды ойлау, өз ойын жеткізе білу т.б. Сондықтан ана тілі курсы мен орыс тілі ғана емес, шетел тілі де аталған іскерліктерді жетілдіре отырып, мектептегі басқа да пәндерді ұтымды меңгерудің алғышарты болып есептеледі.

Шетел тілдерін оқушылардың ана тіліне сүйене отырып оқыту қажеттігі туралы сөз болатын бөлімде мектептің дамуында оның өзінің халықтық, ұлттық бет әлпетінің болуының маңызына баға берілген. Кеңес Одағы кезінде көптеген жылдар бойы ұлт мектептерін өз ерекшелігінен айыру, біркелкілеу ісі жүзеге асырылды. Бұл орыс тіліндегі оқулықтарды басқа ұлт тілдеріне аудару, шетел тілдерін орыс мектептеріне арналған оқулықтар негізінде оқыту, шетел тілдерінің ішінде шығыс тілдеріне көңіл бөлінбей, тек батыс европалық тілдерді оқыту жүзеге асырылды. Сөйтіп, мектептің ұлттық және регионалдық ерекшеліктеріне мән берілмеді. Сондықтан да орыс мектебіне қойылған мақсаттар мен міндеттер ұлттық мектептерге механикалық түрде көшіріле салды да, ұлттық мектеп оқушыларына орындалмастай міндеттер жүктелді. Осындай біркелкілеу салдарынан бәрінен де ұлт мектептеріндегі шетел тілін оқыту процесі жапа шекті. Орыс мектептеріне арналған шетел тілі пәні оқулықтарында, әрине, барлық түсініктемелер орыс тілінде беріледі, ал ұлт мектептерінің оқушылары, әсіресе, ауыл мектептеріндегі оқушылар оларды түсінегіндей дәрежеде орыс тілін білмейді. Ол оқулықтарда жаттығулар да шетел тілінен орыс тіліне немесе

керісінше аударылуды талап етті. Мұндай оқулықтар арқылы шетел тілін оқыту оқушыларға да, мұғалімге де белгілі бір деңгейде қиындықтар тудырды. Осы жайтты дәлірек түсіну үшін көз алдыңызға француз тілін неміс тілі арқылы үйретіп жатқан орыс мектебін елестетіп көріңізші (Егер осы мектепте неміс тілі екінші тіл ретінде француз тілінен сәл ғана бұрынырақ оқытыла бастаған болса, онда қандай нәтиже күтуге болар еді?!).

Шетел тілін оқыту басқа пәндерді оқытумен тығыз байланысты, өйткені оқушылардың ана тілінде қалыптасқан, оларды қоршаған ортаға байланысты барлық ұғымдар жүйесіне сүйенуге болады және солай ету қажет те. Шетел тілін оқытуда оқушылардың ана тіліне сүйенсе, онда оларға үй, пәтер, бөлме, ауыл, қала, астана, сондай-ақ географиялық ұғымдарды, сандарды жаңадан қалыптастырудың қажеті болмайды. Мектептерде шетел тілін оқыту барысында алынатын білім интеграциясына тілді оқушылардың ана тіліне сүйене отырып үйреткенде, сондай-ақ география, тарих, биология, математика және т.б. оқу пәндері тілді меңгеруге атсалысқанда, жаңа сөздер мен олардың грамматикалық тұлғалары ана тілін негізге ала оқытылғанда ғана қол жетеді.

Оқушылардың ана тілі шетел тілін оқытуға зор ықпалын тигізеді: белгілі бір шетел тілін белгілі бір ұлт өкілдері үйрену барысында қиын тиетін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құбылыстар сол тілді басқа бір ұлт өкілдері өз ана тіліне сүйене отырып оқып, үйренсе қиындықсыз меңгеріледі. Мысалы: неміс, ағылшын, француз тілдеріне тән (ң) дыбысы орыс тілді оқушылар үшін өте қиын болғанмен, қазақ оқушылары бұл дыбысты еш қиындықсыз-ақ меңгеріп алады. Керісінше, аталған үш тілге де ортақ (п)-(ф) дыбыстарын ажырату орыс тілді оқушыларға ешқандай қиындық келтірмейді, ал кейбір қазақ оқушыларына бұл қиын тиеді, өйткені олар ана тіліндегідей шетел тілінде де (ф) дыбысының орнына (п) дыбысын айта береді, бұдан неміс тіліндегі сөздің мағынасы өзгеріп кетеді. Мұндай мысалдарды лексика және грамматика салаларынан да көруге болады. Сондықтан шетел тілін оқытудың арнайы әдістемесі белгілі бір шетел тілін белгілі бір ұлт аудиториясында оқыту мәселелерімен, мысалы, неміс

тілін қазақ (өзбек, әзірбайжан, орыс т.б.) аудиториясында оқыту мәселелерімен шұғылдануға тиіс. Шетел тілінің қандай құбылыстары дәл осы аудитория үшін қиын немесе жеңіл тиетінін анықтау үшін оқытылатын шетел тілі мен оқушылардың ана тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын, олардың сөздік қорын жүйелі түрде салыстыру керек. Сонда екі тілдің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға, сөйтіп, шетел тілінің осы аудитория үшін қиын және жеңіл құбылыстарын анықтауға болады.

Шетел тілін оқытудың мақсаты мен міндеттері тұжырымдамада қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп отыратыны айтылған. Қазіргі кезде орта мектепте шетел тілін оқыту мынадай төрт мақсатты көздейді: коммуникативтік (практикалық) мақсат, білімдік, тәрбиелік және жетіктіру мақсаты. Осы аталған мақсаттардың ішінде коммуникативтік мақсат жетекші рөл атқарады, қалған мақсаттар сол коммуникативтік мақсатты орындау арқылы жүзеге асырылатынына баса көңіл аударылуы қарастырылады.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, оны тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзінде жүзден астам мемлекеттер танып, дипломатиялық, экономикалық т.б. байланыстар орнатып, Қазақстан Республикасының шет елдермен мәдени, экономикалық т.б. қарым-қатынастары қалыптасып, орнығып келе жатқан кезде, әрине, біздің қоғамымызға сол елдердің тілдерін іс жүзінде меңгерген, сол елдердің өкілдерімен тіл арқылы еркін түсінісе алатын азаматтар өте қажет екені түсінікті. Осыған байланысты орта мектепте шетел тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативтік практикалық мақсат болуға тиіс, яғни орта мектепті бітіруші бағдарламада белгіленген көлемде шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеруге тиіс. Демек, сөйлесім әрекетінің негізгі түрлерін монолог және диалог түрінде сөйлеу, ауызша айтылған сөзді тыңдап түсіну, жазбаша мәтіндерді оқып, ондағы ақпаратты қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс.

Жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқыту осындай коммуникативтік, практикалық мақсатпен бірге білімдік мақсатты да көздейді, яғни, шетел тілін оқыту

барысында оқушылардың филологиялық білімін арттыру және жалпы дүниетанымын кеңейту мақсаты жүзеге асады. Шетел тіліндегі сөйлесім іскерлігі мен тіл құралдарын меңгеру барысында оқушылар ана тілінің кейбір құбылыстарын тереңірек түсініп, бір мағынаны басқаларға жеткізудің ана тіліндегіден басқа да жолдары барын біледі, тіл арқылы қарым - қатынас жасау мәдениеті қалыптасып, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды, ой еңбегі мәдениеті жетілдіріледі. Сонымен қатар шетел тілін үйрену арқылы сол тілін үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, тарихымен, ғылымдар саласындағы жетістіктерімен, әдебиетімен, көркем өнерімен т.б. танысады, сөйтіп шетел тілі пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды, яғни білім мазмұнын интеграциялау іске асады. Интеграциялау және жеделдету арқылы оқыту сапасын арттырып, оқушының ақыл-ой деңгейінің өсуін қамтамасыз ету үшін оқу-тәрбие ісін ізгілендіру – заман талабы. Орта мектептерде бөлінген сағат санына ыңғайластыра жеделдете оқыту әдісін де қолдана отырып, шетел тілін оқытуды ізгілендіру көзделеді.

Шетел тілін оқытудың тәрбиелік және жетілдіру мақсаттары да практикалық мақсат арқылы жүзеге асқанмен, оқыту барысында алатын орны зор. Басқа пәндермен бірге шетел тілі де оқушылардың бойында өз халқына, ұлтына деген сүйіспеншілік сияқты құнды қасиеттерді қалыптастыруға атсалысады, оқушылардың жан-жақты дамып жетілуіне, рухани және эстетикалық көзқарасының, мінезінің қалыптасуына, өз бетімен білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға ықпал етіп, өзге халықтарды сыйлауға төселдіреді, ізгі, дара тұлға тәрбиелеу ісіне септігін тигізеді. Шетел тілінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құралдарын игеру барысында оқушылардың бойында білім алуда белсенділік, өз бетімен жұмыс істеуге қабілеттілік, қорытынды жасай білу іскерлігі қалыптастырылады. Шетел тілі пәндерінен берілетін білім мазмұны жеткіншектер ақыл-ойының жан-жақты дамуына жол ашады, өз халқының рухани бұлағымен сусындауымен қатар дүниежүзілік прогрестің жетістіктерімен таныстырады.



Шетел тілінен берілетін білім мазмұны төмендегі ұстанымдарға сүйене отырып анықталды:

1. Ізгілендіру ұстанымы.
2. Ұлттық ерекшеліктерін ескеретін аймақтық, ел таным ұстанымы.
3. Даралау және саралау ұстанымы.
4. Бірлік, тұтастық, жүйелілік ұстанымы.
5. Политехнизм, өмірмен, қоршаған ортамен байланыс ұстанымы.
6. Мазмұнның материалдық базамен, оқыту құралдарымен сәйкес болу ұстанымы.

Білім мазмұны туралы сөз болғанда, оның негізгі ядросын, яғни орта білім беретін оқу орнының кез келген түрінде шетел тілін оқытудың жалпы мазмұнын, оның базалық компонентін бөліп қараған жөн. Шетел тілін оқыту мазмұны, біріншіден, фонетикалық минимумнан, екіншіден, ең көп қолданылатын сөздерді қамтитын лексикалық минимумнан, ең жиі қолданылатын әрі кең тараған грамматикалық формалардан тұратын грамматикалық минимумнан құралады.

Оқыту мазмұнының базалық компонентіне тілдік материалдан басқа оқу мәтіндерінің тақырыптары да кіреді. Тақырыптарды іріктеу үстінде елтану ұстанымына сүйенеміз. Осы базалық компоненттерді меңгергеннен кейін қосымша тақырыптарды өтуге болады. Қосымша тақырыптарды оқу бізді шетел тілін оқытудағы саралау проблемасына жетелейді. Шетел тілін оқытуда қазірдің өзінде саралап оқыту орын алған. Республикада шетел тілін екінші сыныптан бастап оқытатын мектептер, бірнеше пәндерді шетел тілінде оқытатын мектептер де бар. Әрине, шетел тілін саралап оқытуды, мүмкіндігі бар жерде шетел тілін тереңдете оқытатын топтар мен сыныптар құруды, жоғары сыныптарда факультативтік сабақтар өткізуді арнайы гимназиялар мен лицейлерде шетел тілін тереңдетіп оқытуға қоса бесінші сыныптан бастап екінші шетел тілін оқытуды қолға алу уақыт талабы екендігі дәлелдеуді қажет етпесі анық мәселе.

Оқу әдістері де тұжырымдамада кең ауқымда қарастырылған. Көрнекілік ұстанымының негізін салған Я.А.

Коменскийдің заманынан бері (XVII ғасыр) шетел тілін оқытудың әдістемесінде пайымдау әдісі басым болды. Я.А. Коменский латын және басқа тілдерді оқытуда қалыптасқан схоластикалық әдісті грамматикалық аударма әдісіне қарсы қойған. Пайымдау әдісі тек визуалды көрнекіліктерге ғана емес, сонымен қатар, аудио- көрнекілігіне де негізделген. Мысалы, мұғалімнің түсініктемелерін, ол айтқан сөз үлгілерін тыңдауға, ал біздің заманда магнит таспасына жазылып алынған шетел тіліндегі сөзді тыңдауға негізделген. Кезінде бұл әдіс тиімді қызмет атқарып, схоластикалық әдістен құтылуға көмектескенімен, ол шетел тілін іс жүзінде меңгеру мақсатын жүзеге асыра алмады. Оның басты себебі – пайымдау әдісі оқушыны оқу әрекетінің субъектісі деп қарамайды, оны мұғалімнің оқыту әрекетінің объектісі деп қарайды. Соның нәтижесінде оқушы білім алудың белсенді субъектісі емес, әрекетке бейжай, сылбыр, немқұрайдылыққа салынған пайымдаушы болып шығады. Сөйтіп, оқушының оқуға, білімге қызығушылығы, оған ұмтылуы жоғалады. Оқушыны мұндай бейжай, немқұрайды пайымдаушыдан білім алудың белсенді субъектісіне айналдыру үшін пайымдау әдісінің орнына әрекетшілдік әдісі енгізілді. Бұл әдіс оқушының белсенділігін арттырып, оны оқыту объектісінен оқу әрекетінің субъектісіне айналдырады. Бұл әдіс ізгілендіру идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескеруге жол ашады, ынтымақтастық педагогикасының ұстанымдарын жүзеге асырады. Алайда, пайымдау әдісін әрекетшілдік әдісімен алмастыру дегенде пайымдауды мүлде ысырып тастау керек деген қорытынды шықпауға тиіс. Тек пайымдау әдісі де өз орнын алуға тиіс деп көрсетті автор.

Оқыту әдісі проблемаларының бір саласы оқушылардың басты әрекетінің түрі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың басты әрекет түрі – ойын. Мектепте оның орнына басты әрекет түрі болып оқу әрекеті келеді. Дегенмен, мектепте ойынды мүлде сабақтан аластауға болмайды. Төменгі және ортаңғы сатыда, тіпті жоғарғы сатыда да сабақта ойындар мен ойын элементтерін кеңінен қолдану тиімді болатынын айта келе, ғалымдар оқыту тәсілдерін түрлендіруді ұсынды.

Шетел тілін оқытуға қажетті шарттарда ана тілі мен екінші тіл – орыс тілін оқытуда да сол тілде монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерліктерін қалыптастырып, оны жетілдіру және сол тілдегі мәтіндерді оқудағы іскерлігін қалыптастырып, дамыту мақсаттары көзделеді. Бұл аталған іскерліктер әріптесінің ауызша сөзін түсінуге, оқушының өз бетімен сөйлеуіне, оқығанын түсінуге қажетті грамматикалық және лексикалық дағдыларды жаттанды меңгертуге негізделген. Бұл міндетті орындау үшін оқушыларда сөйлеу практикасы көп болуы қажет. Шетел тілін меңгерудің осы негізгі шартына жүзеге асыру үшін апталық сағат санының жеткілікті етіп берудің қажеттігі туындайды.

Мамандар мен мүмкіндіктер бар жерде шетел тілін оқушылардың, олардың ата-аналарының қалауы бойынша, жергілікті Кеңестер шешімімен балабақшалардан бастап немесе кейбір сыныптар мен топтарда тереңдете оқытуды бастайтын да кез келгеніне профессор Н.Ф. Құрманбаев бірнеше дәлелдер келтірген.

Оқушы шетел тілін екінші сыныптан немесе бесінші сыныптан бастап үйренгенде жетекші әрекет түрі оқу әрекеті болуға тиіс. Шетел тілін оқыту ана тіліне сүйену арқылы жүзеге асырылуы қажет. Ал оқытудың көмекші тәсілі ретінде ойындарды, көрнекіліктерді, сабақтардың дәстүрлі емес түрлерін, жеделдете оқыту әдісінің кейбір элементтерін қолдану керектігіне баса назар аударылды.

Шетел тілін оқытудың құралдары жайлы бөлімде шетел тілін оқытуда, басқа пәндердегі сияқты, басты құрал – оқулық екендігіне баса назар аударылды. Шетел тілі пәнінің оқулығы бәрінен бұрын тұжырымдаманы жүзеге асырудың басты құралы болуы қарастырылды. Ол үшін бұл құралдар адамдар іс-әрекетінің құрылымына, республиканың және халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне, оқушылардың ана тілінің негізіне сәйкестендіріліп жасалуы қажет.

Оқу үдерісі оқулықтардан басқа үнтаспалармен, видеомагнитофондармен, компьютерлермен, басқа да техникалық және көрнекі құралдармен, методикалық

нұсқаулармен, яғни оқу-әдістемелік құралдар кешенімен қамтамасыз етілуі тиіс деп атап көрсетті автор.

Шетел тілі мұғалімдері осы тұжырымдаманы жүзеге асырушы күш болып табылады. Сондықтан оларды даярлау ісін жақсартудың маңызы өте зор. Ол үшін болашақ шетел тілі мұғалімі оқушылардың ана тілін жақсы меңгеруі тиіс, өйткені ана тілін жан-жақты білу басқа пәндерді меңгерудің, екінші тіл мен шетел тілін меңгерудің негізі болып табылады.

Мұғалімдер шетел тілін оқыту әдістемесіндегі жаңалықтардан хабардар болып, өз тәжірибелерімен бөлісуге, методиканың белгілі мәселелері бойынша пікір алмастыруға мүмкіндіктері болуы тиіс. Осы мұқтаждықты қанағаттандыру үшін “Мектептегі шетел тілдері” деген журнал шығарудың кезі келгені айтылды. Мектептерде шетел тілінен сабақ беретін мұғалімдерге пікір алмасуға, білім, ғылым жаңалықтарынан хабардар болып отыруға мүмкіндік жасау кезек күттірмейтін мәселе екендігі де дер кезінде қозғалды.

Тұжырымдама қазақ орта мектептерінде шетел тілін оқыту мұқият жасалған ұйымдастыру шараларымен бірге жүргізілгенде ғана іске асырылады.

Тұжырымдама негізінде білім стандарты, жаңа оқу жоспарлары, бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар кешендері жасалды. Сондай-ақ, шетел тілінің білім мазмұнын жаңарту барысында біз мемлекетіміз дайындаған “Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес бекіткен Білім беру тұжырымдамасы” мен “Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасындағы” “осы тұжырымдаманы іске асыру жуық арадағы болашақта барлық деңгейдегі білім беру стандарттарын түбегейлі қайта қарауды, ғылыми және педагогикалық кадрлардың жаңа буынын даярлауды, оқу-әдістемелік кешендерді толық жаңартуды, менеджментті және сапаны бағалауды, бүкіл білім беру жүйесін бұдан әрі демократияландыруды талап етеді» деген қағидаларын басшылыққа алдық.

Ұзақ мерзімді болашақта білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын едәуір жаңалау, оқу үрдісін толық ақпараттандыру талап етілді.

Тұжырымдаманы қабылдау, іске асыру барысы барлық деңгейдегі білім беру жүйесінің жұмыстары мен құжаттарын қайта қарауды, оқу-әдістемелік әдебиетті жаңартуды, ғылым мен ғылыми-педагогикалық кадрлардың жаңа іске дайындығын анықтауды талап етеді.

Тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып шетел тілдері бойынша мемлекеттік білім стандарты дайындалды. Алғашқы тұжырымдамада Н.Ф. Құрманбаев қажеттігін негіздеп көрсеткен “Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері” атты шетел тілдері мұғалімдеріне әдістеме саласындағы, сондай-ақ, ғылым, білім жаңалықтарын жеткізіп отыратын журналды Ш.Б. Бәйнеш 2002 жылдан бастап шығарып келеді. Журнал жылына алты мәрте республикада оқытылатын барлық шетел тілінен озық тәжірибелер мен әдіс-тәсілдерді, оқу бағдарламаларын, жалпы шетел тілін оқытудағы әлемде болып жатқан жаңалықтарды, т.б. қажетті дүниелерді шетел тілі пәні мұғалімдерінің назарына ұсынып отырады.

Тұжырымдаманың белгілеген міндеттері, мақсаты, білім мазмұны талаптары, оқу әдістері мен тұжырымдама көрсеткен жұмыс бағдары дер кезде іске асырылып, республикада шетел тілдерін оқыту ісін жаңалауға тікелей ықпал етті. Тұжырымдаманың негізінде республика тарихында тұңғыш неміс, ағылшын, француз, араб тілі оқулықтары жазылды, оқу-әдістемелік ешен дайынлып бүкіл мектептерге таратылды. Бұл тұжырымдама еліміздегі барлық шетел тілдерін оқытуды реформалауға алғаш рет жол сілтеген өте маңызды құжат болды.

### **3.3 Шетел тілінен жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

Ел егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі ең басты жаңалықтың бірі мектеп қабырғасында берілетін білім мазмұнын жаңартуда республикада гуманитарлық пәндер

бойынша мемлекеттік білім стандартының алғаш жасалуын айтуға болады.

Стандарт – (ағыл. standard – норма, үлгі, өлшем) кең мағынада өзіне ұқсас басқа объектілермен салыстыру үшін қолданылатын негізгі (бастапқы) үлгі, эталон, модель. Стандарт – орындалуға тиісті шарттардан тұратын құжат не шамалардың бірлігі.

“Стандарт” термині білім жүйесінде тұңғыш рет америкалық математик мұғалімдердің Ұлттық кеңесінің ұсынуымен өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында қолданыла бастады. Сексенінші жылдардың соңында АҚШ-та, Ұлыбританияда, Нидерландияда алғашқы білім стандарттары жасалды.

ТМД елдерінде білім стандарттары туралы әңгіме тоқсаныншы жылдардың басында қозғалды. Содан бері оқу үдерісін реттеуші нормативтік құжат ретіндегі стандарттың орны мен мазмұны туралы ғылыми пікірталастар үздіксіз жүріп келеді.

Білім беру стандарты деп білімділіктің мемлекеттік нормасы ретінде қабылданатын негізгі өлшемдер жүйесі ұғынылады. Ал білімділіктің өзі қоғамдық мұраттың көрінісі болатындығы және жеке адам мен білім беру жүйесінің осы мұратқа жетудегі мүмкіндіктерін ескеретіндігі белгілі. Білім беруді стандарттау қашан да оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, білімнің белгілі бір деңгейін белгілеу және т.б. арқылы жүзеге асырылып отырады. Әйтсе де "стандарт" деген терминнің өзі білім беруге қатысты берінде ғана қолданылатын болды.

Білім беруді стандарттаудың негізгі объектілеріне оның құрылымы, мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі және оқушылардың даярлығының деңгейі жатады. Стандартта белгіленген нормалар мен талаптар білім берудің негізгі жақтарының сапасын бағалау кезінде эталон ретінде қабылданады.

Ілгеріде аталған тұжырымдамалар негізінде 1998 жылы Қазақстанда алғаш рет шетел тілдерін оқытудың Мемлекеттік Білім стандарты дайындалып, Қазақстан Республикасы Білім,

мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылғы 21 тамыздағы № 465 бұйрығымен бекітілді. Бұл құжат сол жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының жанындағы Республикалық баспа кабинетінен басылып шықты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша 2000 жылы “Жалпы орта білім берудің Мемлекеттік стандартының ережесін” (1998ж.) басшылыққа ала отырып, “Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары” мен “Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелерін” дайындау басталды. Ол республиканың облыстарына түгелдей таратылып, талқыға салынды. Сондықтан да білім стандартына толықтырулар енгізу үдерісі үнемі жүргізіліп отырды. Мәселен, Республиканың Алматы, Павлодар, Ақмола, Ақтөбе т.б. көптеген облыстарының мектеп мұғалімдерінен пікірлер алынып, олардың тиімді дегендері білім стандартын жазу барысында ескерілді.

Нақтырақ айтқанда, шетел тілінен білім беру стандарты Алматы қаласының №35, №159, №12, №137 мектептерінде, Алматы қаласының мұғалімдер білімін жетілдіру институтында арнайы семинарда талқыланып, пән мұғалімдерінен елуден астам пікір келіп түсті. Сондай-ақ, Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының ұйымдастыруымен өткен конференциялар мен семинарларда талқыланып, республикамыздың он облысынан келген пікірлер сарапқа салынды.

Негізінен пән мұғалімдері тарапынан басты-басты мынадай талап, тілектер айтылды:

1. Әрбір шетел тілі пәнінің апталық жүктемесі үш сағаттан кем болмауға тиіс, сонда ғана оны меңгеру деңгейі көтеріледі.

2. Сыныптарда нақты қанша оқушы болуға тиіс екені көрсетілсін. Сыныптар топтарға бөлінсін.

3. Мемлекеттік стандартта шетел тілін тереңдетіп оқытуға нақты бөлім арналсын.

4. Міндетті түрде мектептерде екінші шетел тілін оқыту көрсетілсін.

5. Мемлекеттік стандартта көрсетілген лексика көлемі азайтылсын, себебі шетел тіліне берілген апталық сағат саны өте аз.

6. Стандарттың 8.3. бөлігінде оқушылардың білімін бес балдық бағамен бағалау қарастырылсын.

7. Шетел тілдерін тереңдетіп оқытудың варианттары алтау емес бесеу болсын, әр вариантта екінші шетел тілінің саны ұлғайтылып берілсін.

8. Шетел тілдерінен оқытылуға тиіс тілдік материалдарға белгілі сағат бөлініп көрсетілсін.

9. Шетел тілі пән ретінде бірінші сыныптан бастап оқытылсын.

Көптеген пән мамандарымен ақылдаса отырып әрі қазіргі республика білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктер мен жағдайларды ескере келе, шетел тілі пәндерінің мемлекеттік білім беру стандартына төмендегідей өзгерістер енгізілді:

1. Меңгерілуге тиіс лексика саны 2300-ден 1500-ге азайтылды. Мұғалімдердің сағат санының аздығына байланысты іс жүзінде меңгерілуге тиіс осы сөз ауқымы жеткілікті деген пікірлері ескерілді.

2. Шетел тілдерін тереңдетіп оқытуға қатысты көрсетілген варианттары да мұғалімдер мен мамандардың пікірімен келісе отырып, бес вариантқа түсірілді, тиісті өзгерістер енгізілді.

Пән мұғалімдерінің сыныптардағы бала санына және бала саны көп сыныптарды топқа бөлу туралы ұсыныстарына орай берілген нақты мәліметтер Білім академиясының Мемлекеттік стандарттың негізгі нұсқаулары кітапшасына ендірілді.

Апталық сағат саны көп талдаудан соң бұрынғы қалпында қалдырылды, себебі мектепте оқытылатын пәндердің есебінен шетел тілі пәніне алып қоса салатын сағат табу қазіргі кезде мүлде мүмкін болмай отыр, өйткені біздің республика мектептерінде оқытылатын пәндер санының көп болуы шетел тілінен сағат санын көбейтуге мүмкіндік бермей отыр.

“Шетел тілінен берілетін тілдік материалдарға сағат сандары бөлініп көрсетілсін, шетел тілі пәні бірінші сыныптардан оқытылсын” деген сияқты пікірлер мемлекеттік стандартқа енгізілмеді. Оның себебі бұл мәселелер стандартқа



қойылатын талаптарға мүлде сай келмейді. Біріншіден, тілдік материалдар стандартта емес, тек бағдарламада, оқулықта ғана нақты сағатқа бөлініп беріледі. Ал, екіншіден, белгілі бір пәннің қай кезде, қай сыныптан бастап оқытылуы мәселесін шешу республиканың Білім министрлігінің құзырында. Үшіншіден, біздің еліміздің мектептерінде оқушылар әуелі өз ана тілін, одан кейін халықаралық қатынастар тілі болып отырған орыс тілін меңгереді. Енді оған қоса үшінші бір шетел тілін қосу баланың денсаулығы мен психикалық дамуын ескермеуді көрсетер еді. Бұл пікірге стандартты талқылауға қатысқан Алматы облысының мұғалімдері өз көзқарастарын білдіріп, атқарылған жұмыстар барысында бірталай еңбектер жарияланды.

Айтылған барлық ескертпелер мен ұсыныстар бойынша жетілдірілген Мемлекеттік білім стандарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау Комитетімен келісіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне бекітуге ұсынылды.

Жаңа Мемлекеттік білім стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 24-қыркүйектегі №693 бұйрығымен бекітіліп, 1998-жылғы Мемлекеттік білім стандарты мен ескі бағдарламалар Білім және ғылым министрлігінің № 404 және 405 (5 бөлім) бұйрықтары бойынша қолданыстан алынып тасталды.

2002 жылы шетел тілін оқытудың жаңа білім стандарты “РОНД” баспасынан жарық көрді.

Айта кетерлік бір жай, 1998 жылғы Мемлекеттік білім беру стандарты 2002-жылғы білім стандартына негіз қалаған, осы құжаттардың ең алғашқы бастамасы болғанында сөз жоқ. Алғашқы шетел тілдерінің Мемлекеттік білім стандартын жазуға неміс тілінен профессор С.Ә. Әбдіғалиев, доцент Ш.Б.Бәйнеш, ағылшын тілінен ғылыми қызметкер И.М. Асанова, француз тілінен ғылыми қызметкер К.А. Немеребаева, араб тілінен ғылыми қызметкер Ұ.К. Мұсабаевалар атсалысты.

Бұл Мемлекеттік білім стандартында авторлар жалпы шетел тілі пәніне мінездеме бере келе шетел тілдерін оқытудың

мақсаты мен міндеттеріне, пәннің базалық деңгейіне, негізгі білім мазмұнының бағыттарына тоқталып, міндетті білім мазмұнының минимумын бастапқы саты және негізгі саты деп екіге бөліп берді. Негізгі сатыға ортаңғы және жоғарғы сыныптар енді, себебі стандарт дайындалып жатқан кезде, республиканың Білім министрлігі басшыларының жиі ауысуына байланысты орта білім беретін мектептердің жоғарғы сыныптары қандай бағыттарда дамытылатыны әлі белгісіз еді. Соған байланысты ғалымдар орта мектептегі шетел тілін, жоғарыда айтылғандай, екі негізгі сатыға бөліп беруге мәжбүр болды. Осы Білім стандартында неміс тілін тереңдетіп оқыту жағының қарастырылмағандығы жөнінде кезінде кейбір мұғалімдер және де Германиядан Алматыға келіп неміс тілін ана тілі ретінде оқитын мектептерге көмектесіп жүрген ғалым Х.М. Дедердинг те сын айтқан-ды. Сондай-ақ, орта мектеп қабырғасында меңгерілуге тиісті лексиканың барлығы 2300 сөз болып белгіленіп, сағат санының аз болуы да кейбір мамандарға ұнамағаны рас. Дегенмен де, мұғалімдер қауымының басым көпшілігі бұрын шетел тілі пәндерінен мүлде Мемлекеттік білім стандарты болмағанын ескеріп, сол кездегі оқу, білім жүйесіндегі қиын жағдайларда жол көрсететін құжат ретінде аталған білім стандартын дұрыс түсініп қабылдады. Стандартта берілген оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, лингвоелтану және елтану туралы білім, тест тапсырмаларының үлгілері, лексикалық материалдарды іріктеп алудың үлгісі республикамыздың пән мұғалімдерінің жұмысына белгілі бір деңгейде көмек болғаны даусыз еді.

Шетел тілі пәндерінің Мемлекеттік Білім стандартының екінші мәрте дайындалуы кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі ғалымдарға нақты бағыт-бағдар көрсетіп, талаптар қойды.

1999 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Мемлекеттік білім стандарттарын жасау, бекіту және енгізу мерзімінің тәртібі туралы” Қаулысына орай білім стандарттарын рәсімдеу мен оның мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеген стандарттаудың жаңа ережесі жасалды.

Жаңа білім стандартының бұрынғы білім стандартынан айтарлықтай бірнеше айырмашылығы бар. Ерекше көңіл бөліп айтатын нәрсе бұл стандартта білім берудің түрлі бағдарламалары, шетел тілі тереңдетіліп оқытылатын мектептердегі тілдерді оқыту варианттары, оқу жүктемесінің көлемі, жоғарғы сыныптардағы қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттардың білім мазмұнының жіктеліп берілуі болды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелерінде берілген базистік оқу жоспары, оқушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар да өзгертілді.

Білім беру стандарты Қазақстан Республикасындағы білім беру кеңістігінің тұтастығын қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды құжаттар жүйесін құрайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 бабының 4 - тармағына сәйкес “Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орындарының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс” деп көрсетілуі бұл құжаттың мемлекеттік мәртебесін танытты. Білім беру стандарты – жеке адамның нақты мүмкіндіктерін ескеретін және қоғам қажеттіліктерін әлемдік үлгі деңгейінде көрсететін білімдарлықтың мемлекеттік нормасы ретінде қабылданған негізгі параметрлер жүйесі. Білім стандартын даярлауда жалпы стандартқа қойылатын барлық дидактикалық талаптар сақталды.

Мемлекеттік білім стандартында гуманитарлық пәндердің білім мазмұнын белгілеуде төмендегі ұстанымдар басшылыққа алынды:

- ізгілендіру ұстанымы;
- ұлттық ерекшеліктерді ескеретін аймақтық, елтану ұстанымы;
- даралап және саралап оқыту ұстанымы;
- бірлік, тұтастық, жүйелілік ұстанымы;
- білімнің өмірмен, қоршаған ортамен байланыс ұстанымы;
- мазмұнның материалдық базамен, оқыту құралдарымен сәйкес болу ұстанымы.

Білім беру стандарты ел азаматтарының ұлтына, діни нанымына, тіліне, жынысына және әлеуметтік жағдайына қарамастан, жалпы орта білім алуға тең құқықтылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік білім стандарты мынадай басты-басты мәселені нақтылап берді:

1. Тіл пәндерінің білім саласындағы атқаратын рөлі мен алатын орны белгіленді. Тіл пәндерінен, гуманды әрі гуманитарлы білім беру бағыты ұсталынуы көзделді.

2. Тіл пәндерін оқытудың коммуникативтік мақсатта болуы. Коммуникативтік мақсатта оқытудың регулятивтік, танымдық-этикеттік, бағалау бағдары басшылыққа алынды. Оқушылар тіл арқылы түрлі елдің мәдениетін, әдебиетін, экономикасын, саясатын т.б. үйрене отырып, өз халқының, өз елінің тілін, мәдениетін, әдебиетін т.б. терең сезініп, біліп, дамытуға дағдыланады, үйренеді.

3. Тіл пәндерінен берілетін, барлық оқушылар меңгеруге тиіс, одан төмен түсуге болмайтын білімнің базалық деңгейі көрсетіліп, белгіленді.

Білімді стандарттаудың негізгі нысандарына білімнің құрылымы, мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі жатады. Мектеп қабырғасында меңгерілуге тиісті білім ауқымы қоғамның дамуына байланысты үнемі жаңарып, толығып отырады.

Білім стандарты мемлекеттің әрбір азаматының алдындағы, өз кезегінде азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершіліктерінің басын біріктіретін басты құжат болғандықтан, ол білім мазмұнын анықтауда, алдымен, оның теориялық деңгейдегі жүйесіне көңіл бөледі. Ол үшін қоғамның мектепке, ондағы білім мазмұнына қоятын талаптары мен ұстанымдары анықталып, жүйеленіп барып педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерге ұластырылады.

“Жалпы орта білім берудің Мемлекеттік стандартының ережесіне” сай тілдердің мектепте берілуге тиісті білім ауқымы, оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптары, құрылымы т.б. түзілді. Бұл орайда мектептің әр сатысын ескере отырып, берілетін білім мазмұнының функционалды түрде толық болуына әрі оның оқушының жеке басын жетілдірудегі

атқаратын қызметіне баса көңіл бөлінді. Сондай-ақ, стандартта мемлекеттің мүддесі, мектептің, жергілікті жерлердің өзара біріккен іс-әрекеті, оқушының жеке бас қабілетін, мүмкіндігін, қызығушылығын ескеру қажеттігі де аталған ережені сақтай отырып іске асырылды. Білім стандартында әлеуметтік орта, қажеттілік пен мүмкіндіктер ескеріліп, түпкі нәтиже белгіленді, білім мазмұны берілді. Сондай-ақ, мемлекеттік білім стандарты оқушылардың оқу жүктемесін реттеп, білімнің белгілі аумақтары мен сатыларының бірізділігі мен үйлесімділігі сақталды. Осы орайда мемлекеттік білім стандартының сыни-бағалау, жан-жақты толық білім беру құқығымен республикадағы білім беру аумағының бірлігін сақтау, білімнің гуманды болуы, басқарушылық, білім сапасын арттыру сияқты қызметтері жүзеге асырылды.

Білім стандартының сыни-бақылау қызметін бұл стандарттың білім беру жүйесіндегі оқу ауқымын, білім мазмұнын т.б. белгілеуде бағыт, бағдар беретін норматив екені көрсетеді.

Білім стандартының қызметі мен негізгі міндеті оның концептуалды, нормативті және әдістемелік құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Білім стандартының концептуалдығы жалпы орта білім жүйесін жетілдірудегі және мемлекеттік базалық оқу жоспарының мазмұнын, құрылымын, ішкі логикасын анықтаудағы стратегиялық бағдары мен бағытынан көрінеді. Ал білім стандартының нормативтігі концептуалды құжаттардағы негізгі міндет, мақсаттарды іске асыруға жол сілтеп, мектептегі білім беру үрдісінің даму барысын белгілейді. Білім стандартының нормативті бөлігі мемлекеттік білім стандартының негізі ретінде барша жалпы білім беру орындарында міндетті түрде басшылыққа алынады.

Мемлекеттік білім стандартының әдістемелік бөлігі оқушының жеке басының қасиетін дамытуға, жетілдіруге бағытталған оқу ісін ұйымдастырудың негізіне қызмет етеді және ол оқу-әдістемелік кешендер арқылы іске асырылады.

Базалық білім стандарты жалпы орта білімнің мазмұны мен оған қойылатын талаптарын белгілейді. Дей тұрғанмен оқу,

білім беру стандартта көрсетілген деңгеймен, ауқыммен ғана шектеліп қалмауы тиіс, өйткені стандарт мектеп қабырғасында меңгерілуге тиіс білімнің одан ары қарай төмен түсуге болмайтын минимум көлемін ғана көрсетеді. Сондықтан да шәкірттер өз қалауы бойынша алғысы келген білімі неғұрлым терең, кең ауқымда болуы қажет деп саналады.

Жан-жақты толық білім қызметінде мемлекеттік стандарттың оқушының жеке бас қабілетін және мүмкіндіктерінің негізін қалап, алған білімін кәсіби білім аумағында ары қарай жалғастыруына қажетті құрал болуы қарастырылды.

Республикадағы білім беру аумағының бірлігін сақтауда мемлекеттік білім стандарты мектеп бітірушілерге сапалы білім беріп, белгілі бір деңгейде білім сапасына қол жеткізуде бірқалыптылық, жүйелілік пен регламенттікті сақтауға тікелей негіз, түпқазық болады.

Білім беруді гуманизациялауда білім стандарты оқушының дайындығына қойылатын нақты талаптарды анықтап, білім берудің алуан түрлі болуына жол ашып, шәкірттердің түрлі деңгейде өз қызығушылығы мен қабілеттерін іске асыруына мүмкіндік берді.

Білім нәтижесінің сапасын бағалау мен тексеру жүйесін түбегейлі өзгертуге стандарт белгілеген дайындық сапасы өлшеуіштерін пайдалана отырып қол жеткізуге болады, яғни мектепте білім берудің жай-күйін анық білуге көмектеседі.

Білім сапасын арттыруда мемлекеттік білім стандарты әрбір оқушының алдын ала белгіленген базалық дайындық деңгейін көрсетіп берді. Мектеп практикасына тіл пәндерінен мемлекеттік білім стандартын ендіру, олардың талаптарын сақтау әрі басшылыққа алу білім сапасын арттырып, білімділік деңгейін көтереді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында біз қазіргі таңда тіл пәндерінің жаңарған білім мазмұны арқылы оқушылардың жеке басының коммуникативтік, шығармашылық қабілетін қалыптастыратынын, жаңартылған оқыту жүйесінің (әдістемесінің) жаңа білім мазмұнын анықтаудағы әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалы мен әсерін ескердік. Үздіксіз

білім беру жүйесіне нарықтық қарым-қатынастардың әсерін, білім мазмұны мен меншіктік түрі жағынан жаңа оқу орындарының пайда болуы да назарда болды. Мектеп қабырғасында оқытылатын тіл пәндерінің мазмұнын белгілеуге қазіргі қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық-саяси жағдайлар да тікелей әсерін тигізеді. Соған орай тіл пәндерінің білім мазмұны толықтырылып, өзгертіліп отырады.

Білім мазмұны туралы сөз болғанда, оның негізгі ядросын, яғни орта білім беретін оқу орнының кез келген түрінде тіл пәндерінен берілетін жалпы мазмұнын, оның базалық бөлігін бөліп қараған жөн. Сөйтіп, тілдерден берілетін білім мазмұны, біріншіден, фонетикалық минимумнан, екіншіден, ең көп қолданылатын сөздерді қамтитын лексикалық минимумнан, үшіншіден, ең жиі қолданылатын, көп тараған грамматикалық минимумдардан құралады.

Білім мазмұнының базалық бөлігіне тілдік материалдан басқа оқу мәтіндерінің тақырыптары да кіреді. Тақырыптарды іріктеуде елтану ұстанымына сүйенеміз. Осы базалық бөліктерді меңгергеннен кейін қосымша тақырыптардан да өтуге болады.

Тілдерді оқытудағы келесі бір ұстанымы аясында көп аспектілік мәселесі, яғни мектептердегі оқу курсында экономика, саясат, идеология, мәдениет, экология және этика салаларының көрініс табуы қарастырылады. Тіл пәндерінің білім мазмұнын түзудегі дидактикалық, педагогикалық, психологиялық талаптар ең әуелі оқушылардың шығармалық және жеке бас қабілеттерін, болашақта өз талантын іс жүзінде көрсетіп, қолдана алуына жағдай жасауға бағытталуымен құнды болып табылады.

Оқушыларға тілді меңгертіп, оқуды, жазуды, сөйлеуді, бір тілден екінші тілге аударуды, т.б. біліктілікті үйреткенде, оларға басқа халықтың мәдениетін тануға да жол ашылады, яғни басқа халықтармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туады.

Тілдерді оқытудағы ерекшеліктер қазіргі кезде оқу мерзімінен, мектептің түрінен, әр түрлі факультативтік, тереңдетілген, кәсіби бағдарламалары курстарынан көрінеді. Тілдерді мектепте кәсіби саралап оқытудың объективті және субъективті себептері болуы мүмкін.

Объективті себебі – халық шаруашылығының түрлі салаларында шетел тілдерін меңгерген орта және жоғары білімі бар мамандардың қажеттігі. Әрине, тілдік базаны неғұрлым ерте меңгертсек, соғұрлым тілдерді бағдарлы оқытудың мүмкіндігі арта түспек.

Субъективті себебін айтқанда, алдымен, тілдерді меңгеру әрбір оқушының жеке бас қызығуынан туындауы керек. Егер оқушы тілдерді оқу үдерісінде пәннің өзінің болашақ мамандығын таңдауға көмектесе алатындығын түсінсе, онда оқушы үшін тіл білім меңгеру барысында үнемі әрекет етуші факторға айналады.

Осылайша кәсіби саралап, бағдарлап оқыту мектептерде тілдерді үйретудің сапасын арттырудағы ең басты әрекет тетігіне айналады. Оқытуда оқушының танымдық, білімдік қажеттіліктері толық қанағаттандырылып, оқушылардың болашақ мамандық таңдауына жол сілтейді және ол оқу үдерісінде оқушының жеке басы, өмірдегі тәжірибесі, қызығуы, көзқарасы, тілді игеру мүмкіндігі мен қабілетін арттыру арқылы іске асады. Оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, саралай оқыту төмендегідей бағытта жүргізіледі:

1. Оқу материалдарын көлеміне қарай саралау.

2. Оқу тапсырмаларын орындау ұзақтығы мен күрделілігіне қарай саралау. Мұнда оқушыларға міндетті түрде орындау үшін едәуір күрделі мәтіндер, тапсырмалар ұсынылады.

3. Оқу материалдарын таңдауда оқушылардың қызығуы мен қабілеттері ескеріледі. Тілдерді мектептерде оқыту оқушылардың жоғары дәрежедегі дербестігімен, білігімен ерекшелінуі тиіс.

Сондай-ақ, сыныпта, үйде, зертханада (лингвфон кабинеттерінде), кітапханада, әдебиеттер мен баспасөз беттерінен, оқулықтардан ақпарат алу, түрлі хабарлар дайындау, жоспар түзу, реферат жасау бағытында жеке, екі-екіден, топпен жұмыс жүргізуде кең түрде қолданылады. Мұндай жұмыстар арқылы оқушылардың шығармашылық және зерттеу қабілеттерін арттыруға мүмкіндік тудырады.



Білімге мәдениет саласы ретінде қарайтын жаңа қатынас және соған сай белгілеген білім берудің жаңа парадигмасы Мәдениет–Білім–Тарих сипатындағы жаңа мәдени макромодельдің енгізілуіне, яғни мәдениетаралық коммуникацияға жол ашты. Осыған байланысты білім беру үдерісін тұтастай ізгілендірудің мәні де арта түсуде. Білім беруде ізгілендіру, жеке тұлғаға бағдарлау идеясы білім стандарттарын жасаудың әдіснамалық негізі етіп алынды.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен негізгі ережелерінде тәрбие беру жайы да кең ауқымда қаралды деп айтуға болады. Білім беру – қоғам мен мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени алға басуының негізі. Егеменді Қазақстанның қалыптасу жағдайында ұлттық білім беру жүйесін демократиялық принциптер мен жеке тұлғаның құқықтары және әлемдік тәжірибемен ұштасқан отандық дәстүрлер негізінде реформалау елеулі маңызға ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының білім саясаты білім берудің мемлекеттік стандартын жасау мен енгізу арқылы жүзеге асады. Педагогикадағы стандарттау – көп типті мектеп жағдайында білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуге ықпал ететін білім беру үдерісін жобалаудың жаңа тәсілі.

Стандарт мектеп түлектерінің білім деңгейіне мемлекеттің қоятын минимум талаптарын және оған жетудегі мемлекеттің кепілдіктерін айқындайды. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 30-бабының 4-параграфында: «Мемлекет жалпы білім беру стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орындарының қызметі осы стандартқа сәйкес болуы тиіс» деп көрсетілген. Мемлекеттік стандарт жалпы білім беруді жүзеге асыратын барлық білім беру ұйымдарында олардың меншіктік түріне және типіне тәуелсіз сақталуы міндетті. Стандартты енгізудің негізгі мақсаты – қоғам сұраныстары мен оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес азаматтар білімділігінің орнықты деңгейін қолдау, барлық оқу-тәрбие орындарында білім алуға тең жағдайларды қамтамасыз ету, мектеп түлектерінің білімі мен біліктеріне бірдей талаптар тағайындау.

Жалпы білім деңгейіне қойылатын мемлекеттік талап оқушылардың оқу кезеңін бітіру кезеңіндегі алатын білімі мен біліктіліктерінің қажетті минимум деңгейін анықтайды: мектеп түлектерінің дайындық деңгейі Мемлекеттік стандарт тағайындаған талаптардан төмен болмауы тиіс. Бұл деңгейлерге жету білім ұйымдарының алға қойылған мақсаттарға жетуінің куәсі болып табылады.

Білім беру стандарты әлеуметтік-педагогикалық ерен құбылыс ретінде болашаққа бағдарланған білім моделі болып табылады. Ол күтілетін (жоспарланатын) білімдік жетістіктерді, атап айтқанда: меңгерілген білім мен біліктіліктерді таныс емес жағдайларға өз бетінше қолдануды, оларды шешуді; объектілердің жаңа қызметін көре алуды; таныс іс-әрекет тәсілдерін өз бетінше белгісіз жаңа жағдайға қисындастыра қолдануды; өмірге қажетті дағдылар мен кұзіреттіліктерді (компетенцияны), альтернативті ойлауды қалыптастыруды және т.б. көрсетеді.

Білім мазмұнын жетілдіру білім беру үдерісіне айқын жеке тұлғалық мән беруді, білімдік тұжырымдарға қарағанда әрекетшілдіктің басым болуын көздейді, оның нәтижесінде Кұзіреттілік тәсіл жүзеге асырылуда. Кұзіреттілік деп оқушылардың күнделікті өмірдегі нақты, ақиқат мәселелерді шешу мүмкіндігі (қабілеті), практикалық іс-әрекетке дайын болуы түсініледі. Стандарт оқушылардың өз бетінше шығармашылық әрекеттеріне арналған тұжырымдарды, мектептен тыс шаралардың бағыттарын анықтайды.

Шетел тілі бойынша 1998 жылы алғашқы жасалған мемлекеттік білім стандартында білім беру барысында оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастырып, жетілдіру қарастырылды. Мысалы, лингвоелтану және елтану туралы мағлұмат мынадай тараулар арқылы берілді:

1. Білім тілін оқып жатқан елдің және Қазақстанның мәдениеті туралы және оның дүниежүзі мәдениетіне қосатын үлесі туралы

2. Сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктер.

3. Тілін үйреніп жатқан елдегі және Қазақстандағы тұрмыс пен бос уақыттағы көңіл көтеруді ұйымдастыру жайы.

4. Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы.

5. Шетел мен өз еліміздегі мемлекеттік құрылым туралы жалпы мәліметтер.

Аталған білім стандарты республиканың Білім және ғылым министрлігі тарапынан жалпы орта білім беретін мектептегі білім деңгейі қандай бағдарда болатыны әлі де болса нақты болмай тұрған кезде дайындалған болатын. Сонау өтпелі кезеңде асығыс та болса жасалған осы білім стандартына деген мұғалімдерінің, білім саласындағы мамандардың көңілі, ықыласы ерекше болды десек артық айтпаймыз. Білім стандарты облыстарда да, Алматыдағы арнайы семинарларда да жан-жақты талданған болатын. Бұл білім стандартын талдауға мектеп мұғалімдері, ғалым мамандар т.б. белсене атсалысып, стандарттың әлі де болса толықтыруды қажет ететінін кезінде айтқан еді.

Ал Қазақстан Республикасының шетел тілінің 2002 жылы дайындалған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты алғашқы стандартқа қарағанда орта білім саласындағы неғұрлым толық етіп дайындалған стандарт болып табылады. Осы стандартта шетел тілінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуына, әсіресе, білім беру арқылы тәрбие беруге қорғаушы фактор болып отырғаны нақты көрсетілді.

Қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болуда. Мұның өзі шетел тілін мектептерде пән ретінде оқытудың мәртебесін жоғарылатады.

"Шетел тілі" пәнінің зерттеу объектілері:

– тілдік бірліктер – сөз тіркестері, сөйлемдер, мәтіндер;  
– экстралингвистикалық бірліктер – шетел тілінің атқаратын қызметінің ерекшеліктерін көрсететін қарым-қатынас аумағы мен жағдаяттар;

– сөздердің этномәдени бірліктері, сөз тіркестері, мәтіндер (фразеологизмдер, сөз әдебі ережелері, республиканың және шет елдердің мәдениетінің реалияларын көрсететін мәтіндер).

Оқу пәнінің негізгі мазмұны коммуникативтік, тілдік, этномәдени біліктілікті қалыптастыруды көздейді.

Коммуникативтік бағдарды ұстанған оқу курсының сөздік және тілдік компоненттерін синтездеу алға қойылған міндеттерді неғұрлым толық түрде іске асыруға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқыту мақсатына сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленді:

Танымдық бағыт бойынша:

– оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;

– тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру;

– оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

– сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру;

– сөз мәдениетін таныту;

– пікірталас мәдениетін жетілдіру;

– ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру;

– мәтін арқылы танымдық қызығушылығын арттыру;

– өмір, түрлі ғылымдар саласынан оқушылардың танымын кеңейту;

– оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;

– сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;

– мәтіндегі тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып білуге жетелеу;

Коммуникативтік, практикалық бағыт бойынша:

– оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;

– тілдік жағдаяттарға лайық дұрыс қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету.

– оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;

– оқушылардың тілдік - эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;

– этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;

– сөйлеу әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;

– шығармашылық қабілеттерді дамыту;

– қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерді қолдана білуге баулу;

– пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру.

Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің әрі оқушы дүниетанымының қалыптасуына, әрі олардың практикалық іскерлік-дағдыларының базасы ретінде қызмет етуіне негіз қалайды.

Шетел тілінен білім беру қазір жалпы орта білім мазмұны дүниені біртұтас қабылдауды қамтамасыз ететін білім салаларының мазмұны арқылы жүзеге асырылады.

Оқытудың бастауыш сатысының міндеттеріне оқушыларды тәрбиелеу және дамыту, оларға оқуды, жазуды, есептеуді, оқу әрекеттерінің негізгі дағдыларын, өзін ұстай білуді және тіл мәдениетін, жеке басының гигиенасының және салауатты өмір салтының негіздерін меңгерту жатады.

Оқытудың негізгі сатысының міндеттеріне оқушылардың жеке тұлға ретінде тәрбиеленуіне, қалыптасуына, олардың бейімділігінің, қызығушылығы мен қабілеттерінің дамуына жағдай туғызу жатады. Осы мақсатпен білім мазмұнының міндетті пәндеріне қосымша оқушылардың таңдауы бойынша курстар енгізіледі.

Оқытудың жоғары сатысының міндеттеріне саралап оқыту негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру жатады.

Шетел тілін үйрету, ең алдымен, тілді басқа оқу пәндерімен тығыз байланыста оқытқанда ғана толығы түседі.

Шетел тілін басқа пәндермен, қоршаған ортамен, музыкамен, бейнелеу өнерімен, еңбекпен т.б. байланыстыра оқыту нәтижесінде ғана қарым-қатынас әрекеті жүзеге асады. Әсіресе, шетел тілдерін қазақ және орыс тілдерімен байланыстыра оқытудың маңызы зор. Бұл пәндер тілді мәдениеттің бір бөлігі ретінде үйретіп қана қоймай, жалпы адамзаттық мәдениеттен үлгі, тәжірибе алуға, өз елінің мәдениетін бойына жақсы сіңіруге сөйлеу әрекеті арқылы мүмкіндік тудырады.

Жаңа мемлекеттік білім стандартында орта мектептегі оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейінің сөз мәдениеті мен қарым-қатынасына қойылатын талап төмендегідей:

- адам өміріндегі сөз мәдениетінің мәнін білу;
- тіл табысуға қажетті коммуникативтік дағдыларды саралай білу;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынасқа тән белгілерді білу;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын білу;
- іскерлік қатынастардың түрлерін және оларға тән белгілерді білу;
- іскерлік қатынаста тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды білу;
- жеке адам өміріне қажетті ресми құжаттардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін білу;
- мекеме, ұйым жұмысына қажетті ресми іс-қағаздардың тілдік-құрылымдық ерекшеліктерін білу;
- кей сөздердің өзіне тән белгілерін білу.

Тіл үйретуді тәрбие берумен тікелей байланыстыру қарастырылуда. Білім бере отырып тәрбие беру басты рөл атқаруы білім стандартында этномәдениет материалдары арқылы да жүзеге асырылады. Ол білім стандартында былай қарастырылған:

Үйреніп отырған шетел тілінде танысу кезінде әдепке байланысты сөздерді қолдану.

Дастархан басындағы сөз әдебі. Шетел тілінде оқушының аты-жөнін айта білуі. Ұлттық ойындар мен ойыншықтар. Ұлттық тағамдар. Үй жануарлары. Ана тілінде және шетел тілінде балаларға арналған өлеңдер, тақпақтар, өз еліндегі және шет елдердегі үлкен қалалардың аттары.

Оқушыларға елтану материалдары арқылы да біз шет мемлекеттің мәдениетін, білім беру жүйесін, тұрмыс-салтын т.б. өз еліміздегімен салыстыра отырып тәрбие беруді жүзеге асыру көзделеді. Тіл үйренуші жастарға елтану материалдарын беру арқылы олардың танымдық біліктілігін арттыру мынадай бағыттарда талап етіліп отыр:

\* Тілін үйреніп, оқып жатқан елдің және Қазақстанның мәдениеті туралы және оның дүние жүзі мәдениетіне қосқан үлесі туралы білім.

\* Сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктер.

\* Тілін үйреніп жатқан елдің білім беру мекемелері туралы жалпы мәліметтер.

\* Тілін үйреніп жатқан елдегі және Қазақстандағы тұрмыс пен бос уақыттағы көңіл көтеруді ұйымдастыру жайы.

\* Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы.

\* Шет елдегі мемлекеттің құрылымы, географиясы, табиғи жағдайы туралы жалпы мәліметтер.

\* Шет елдегі тұрмыс пен демалыс.

\* Интернационализмдер, реалиялар, олардың ана тілінде берілуі.

\* Аутентті мәтіндердегі мәдени танымдық бағдар, фондық лексика.

Мемлекеттік білім стандарттарын жасауда жалпы орта білімді ұйымдастырудағы әлемдік тәжірибелер, отандық білім жүйесіндегі жетістіктер сарапталды. Біз XXI ғасырдың табалдырығында қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдаяттың жаңа білім кеңестігін құруда білім беру жүйесін ғана өзгертумен шектелмей, оның негізін түбегейлі қайта құру қажет ететіндігіне көз жеткіздік.

2002 жылғы Мемлекеттік жалпы білім стандарттарын жасауда білім стандарттарын ұйымдастыруда қалыптасқан дәстүрлі түсініктерден арылуға, яғни білім мазмұнын соған сай оқыту нәтижелерімен бірге егжей-тегжейлі баяндаудан арылуға мүмкіндік туды. Қазіргі стандарттарда “шығу” яғни білімнің тек соңғы нәтижелерін көрсету үрдісі басым. Жалпы білім стандарттарын ұйымдастырудың мұндай тәсілі әлемдік тәжірибеде тиімді деп есептеліп, бүгінгі таңда отандық тәжірибеде кең қамтылып отырғаны аян.

**3.4 Шетел тілінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңалау барысында оқытудың мақсаты мен міндеттеріне қойылатын талаптар**

Қоғамның барлық саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде, реформа жүргізу мектептер алдына шетел тілдерін оқытудың әдіс-тәсілдері мен білім мазмұнын жаңарту міндеттерін қойып отыр. Республикамызда қоғам дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси негізі мектеп оқушысының өзінің істеген істеріне жауап беріп, оның экологиялық-ақпараттық аясында өмір сүруге, интеграциялық үрдістерге сай демократиялық қоғамда еңбек етуге, өмір сүруге бейім белсенді тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар береді. Білім беру саясатының өзгеруі елдегі біртұтас білім беру негізінде шетел тілдерін оқытудың вариативтік болуына ұмтылыстың өсуіне, арта түсуіне бағытталған жаңа бағдарламалық құжаттарды жасаудың өзектілігін дәлелдеуде.

Алыс және жақын шетелдердегі қоғам дамуының жаңа тенденциясы түрлі дәрежеде, түрлі салаларда шетел тілдерін меңгеру, білу, қарым-қатынас жасауда ғана емес, мәдениеті мен тілі басқа халықтармен түрлі салада қоян-қолтық араласу үшін де қажет екендігін көрсетуде. Яғни, оқушыларды басқа ел халықтарымен, олардың мәдениетімен таныстырып, өзара мәдениетаралық коммуникацияға, түрлі жағдайларда қарым-қатынас жасауға үйрету қазіргі таңдағы өмір шындығынан келіп туындап отыр.

Қоғам дамуының әрбір кезеңі, ғылыми білімнің дамуы мен қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктер, ел өміріндегі болып жатқан өзгерістер оқу бағдарламаларын қайта қарап, өзгерістер енгізіп, оларды толықтыруды қажет етуде. Яғни, бағдарлама орта жалпы білім беретін мектептің атқарар қызметіне негізделіп, бүкіл оқу үрдісін қайта құру ісіне бет бұрып, бүгінгі күн талабына сай болуға тиіс. Бағдарлама жаңа тарихи жағдайларға байланысты оқушының жеке басын жетілдіру ісіне септесе отырып, қоғамның дамуына да әсерін тигізеді. Осыған байланысты мектепте шетел тілі пәнінен білім берудегі демократияландыру, оқушылардың білім алу мүмкіндігінің кең ауқымда болуы сияқты мәселелер келіп туындайды.

Бағдарлама гректің “programma – хабарлама, нұсқау, бұйрық деген сөзінен шыққан. Ол мынадай мағынаны білдіреді:

- 1) жұмыстың, іс-әрекеттің жоспары;



2) жеке тұлға немесе ұйым іс-әрекетінің мақсаты мен негізгі қағидалары;

3) оқу пәні мазмұнының қысқаша баяндалуы.

Пәнді оқыту бағдарламасы Кеңес Одағы кезінде Мәскеудегі бір ғана орталықтан бүкіл одақтас республикалардағы мектептерге арнап біркелкі етіп жасалынып келгені белгілі. Ол бағдарламаларды негізінен алғанда оқулық авторлары қолданып, мұғалімдердің іс-әрекетін, жұмысын белгілі бір ауқымда шектеп, шақтап отырды, әрі бағдарламалар басқару органдарының мұғалімдер жұмысын тексеретін құралы болып келді. Бұл жағдай мұғалімдердің өз бетінше амал-тәсілдерді, тілдік құралдарды және т.б. таңдап алу еркіндігін көбіне белгілі бір деңгейде тежеп келді. Қазіргі таңда ғалымдар бағдарламалардың өзгермелілік сипат алып, оқудағы мақсат-міндеттерге жетудің басты-басты жолын, бағыт-бағдарын көрсетіндей болуын қадағалауда.

Бағдарлама белгілі бір мектеп түріне, нақты оқу курсына арнайы жасалып, базалық оқу курсына, оқытудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес болуы қажет. Оқу барысында қол жеткізілетін нәтиже бағдарламада белгіленіп, оған жету жолдары, кезеңдері көрсетілді, сол арқылы ол шетел тілін оқыту ісін ұйымдастырудың құралы қызметін атқарды. Жеке мұғалімдер, мектеп ұжымы өз оқу бағдарламаларын жасайды. Ондай бағдарлама мұғалімді шығармашылыққа ұмтылдыратыны сөзсіз. Өйткені типтік бағдарламаны негізге ала отырып, өзі жасаған бағдарламада мұғалім өзі ойына алған мәтінді, өзіне ұнайтын әдіс-тәсілдерді және т.б. сынып оқушыларының ерекшелігін ескере келе, қалауына қарай жоспарлайды. Ондағы мақсат оқудың қол жеткізілетін түпкі нәтижесін жоспарлау және алдына мақсат қою, оқу сапасының белгілі бір деңгейін анықтап алу болып табылады.


Оқытудағы жоспарланған нәтижеге мыналар жатады: тілдік және елтану белгісі, тілдік іс-әрекет түрлерінің коммуникативтік білік-дағдылары, шәкірттердің жалпы тілдік және интеллектуалдық жетілуі, олардың жалпы білімдік танымының артуы, оқуға қажетті білігінің көбейе түсуі, пәннен білім алуға дағдылану, яғни, арнайы оқу дағдысын жетілдіру,


білім алу барысында оқушының жеке бас қабілетін, іскерлік қабілетін қалыптастыру. Осылардан барып баланың үйреніп жатқан елдің мәдениетінен хабардар болуы, өз мәдениетін байыта түсуі жүзеге асады. Шетел тілінен білім беруді жоспарлау оқушыға өзінің жеке бас мүмкіндігі мен икемділігіне қарай үйренуге тиесілі білім ауқымын меңгеруіне жағдай туғызады.

Осындай бағдарламалар арқылы кейбір жеке оқушылар немесе шәкірттер тобы жоспарланған білім деңгейін басқалардан бұрын меңгерсе, олардан меңгерілген деңгейден жоғарырақ, бұрынғыдан күрделірек материалдар беріледі.

Мектепте берілетін базалық білім деңгейін, яғни Білім және ғылым министрлігі бекіткен базалық білім жоспарын, барлық шәкірттердің меңгеруі көзделеді. Базалық білім деңгейі оқушылар жақсы оқитын сыныптарда жоғарылатылып, материалдар тереңдетіліп берілуі мүмкін, ал керісінше, білім алу түрі жағдайларға байланысты қиындықтары бар мектептерде берілетін материалдар базалық білім деңгейінен төмендетілмеуі керек. Яғни, шетел тілінен білім алу базалық деңгейден ешқашан да төмен болмауы тиіс. Базалық деңгейдегі оқу мақсаты ауызша сөйлеуде қарапайым коммуникативтік біліктілікке, ал оқуда ілгерілендірілген деңгейге қол жеткізу болып саналады.

1990 жылға дейін барлық шетел тілін меңгеру деңгейлері жалпы мынадай етіп белгіленген болатын:





Сурет 1– Мектептегі шетел тілін меңгеру деңгейлері

Қазір елімізде мектепте жалпы білім беру жүйесін өзгертіп, жаңа сапалық деңгейге көтерудің ғылыми-теориялық негізі жасалуда. Мектеп қабырғасында берілетін білім мазмұны, мемлекеттік базистік оқу жоспарының ойдағыдай іске асырылып, екінші шетел тілін үйретуде оң нәтижелерге жету үшін әлі де көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілуі қажет десек, соның бірі оқу бағдарламасында шәкірттердің пәннен білімділік деңгейін жоспарлау мәселесі болуы тиіс. Білім беруде қол жеткізілетін нәтижені жоспарлаудың басты мақсаты әр оқушының берілетін білімді игеруде өздік білімдік, танымдық мүмкіндіктеріне, мақсат-мүддесіне сай тілек-талабын, қабілетін жүзеге асыруына жағдай жасау қажеттігінен туындайды. Шәкірттердің оқуға деген қызығушылығын, ынтасын арттырып, білім сапасын жақсарту үшін оқу нәтижесін бұрынғы дәстүрлі мектептердегідей бір ғана деңгейде емес, бірнеше деңгейде жоспарлау керектігін қазіргі кезде көптеген ғалымдар дәлелдеп отыр. Олардың ізденістерінің нәтижесінде оқушылардың дайындық деңгейлері орта жалпы білім беретін мектепте үшеу не екеу болу керек деп тұжырымдалды. Олардың соңғы екеуі біріктіріліп, мүмкін деңгей деп аталып жүр. Біз өз тарапымыздан мектепте шетел тілі оқытуға арналған бағдарламада осы екі деңгейді алдық. Бағдарламаларда осы деңгейлерге сай оқу нәтижелері анықталды.

Қол жеткізілетін оқу нәтижелерін жоспарлау оқу-әдістемелік ғылымда, дидактикада жаңа мәселе болғанымен, біздің республика жағдайында жан-жақты зерттеліп, түбегейлі

шешілген мәселе деп айту ертерек. Әйткенмен де, біз бұрынғы Кеңес Одағындағы, Ресейдің және өз республикамыздың ғалымдарының зерттеулері негізінде жинақталған қорытындыларға жүгінсек, алға қойған мақсат ретінде белгіленетін оқудың түпкі нәтижелерін айқындаудың үш түрлі әдісі белгілі екендігіне көз жеткіземіз:

1) қалыптастырылатын білім, білік және дағдыларды сапалық сипаттау;

2) білімді игеру деңгейлерін нақтылау;

3) типтік материалдарды бағдарламада көрсету.

Осы аталған жайттар мектеп практикасында кеңінен іске асырылуда. Пән бойынша қалыптастырылатын білім, білік және дағдылардың сапалық сипаттамасы оқушылардың оқу, нәтижесін өлшеудегі негізгі ұстаным болып жүр. Бүгінгі таңда оқушылардың танымдық мүмкіндіктері ескеріле отырып, оқу үдерісінде білім және білік нәтижелеріне қойылатын талаптар бірнеше деңгейде саралануда. Дәріс беру мақсаттарын нақтылаудың бір әдісі ретінде білімді игеру деңгейлерін айқындауды едәуір зерттеген /К. Шторм, В.П.Беспалько т.б./ авторлардың білімді игеру деңгейлерінің саны және әр деңгейлердің сипатына қатысты айтқан пікірлерінде бірыңғайлық жоқ. Білімді игеру деңгейлерін біреулері үшеу десе /Е.Линдвет, Е.Тиикма/, екіншілері төртеу /В.П.Беспалько/ ету керек дейді. Ал аталған деңгейлердің ішкі мазмұнына келгенде, сөз не білім /М.В.Ляховицкий/, не білік /П.Туниала/, не оқушы қабілеттілігі /В.Беспалько/ сипатында беріледі. Бірақ мұндай әртүрлі ғылыми көзқарастарға ортақ нәрсе - білімді игеру деңгейлері жіктелуінің негізі ретінде оқушылардың үлгі бойынша, ұқсас жағдайда және жаңа жағдайда әрекеттенуінің алынуы. Білімді игерудің деңгейлері жөнінде жинақталған ұстанымдар мен тәжірибелер оқу нәтижелерін бүгінгі талапқа сай жоспарлауды толық мағынасында шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру жүйесін қайта құрудағы басты мақсат – әр оқушының дәріс алуының сапалық деңгейге жетуіне мүмкіндік беретін оқу үдерісін жетілдіру. Ал оқу үрдісін жаңаша ұйымдастырудың бір тетігі оқу нәтижелерін бірнеше деңгейде жоспарлауға байланысты. Сондықтан бұл мәселе

бойынша ғылымда жинақталған ұстанымдарға жүгіне отырып, оқу нәтижелерін жоспарлауға жаңаша көзқарас керек. Ал біздің оқу нәтижелерін жоспарлау мәселесі бойынша зерттеу барысындағы түйген ойларымызды төмендегідей қорытындылауға болады:

Білімді игеру тұтас үдеріс ретінде үш сатыдан тұрады:

1) жаңа білімді игеру және оны таныс жағдайда пайдалану;

2) игерген білімді өңдеп, бейтаныс жағдайда қолдану;

3) жаңа білімді өз бетімен игеру.

Аталған сатының әрқайсысында пәндік білімді игеру төрт кезеңнен өтеді:

1) білу;

2) түсіну;

3) қолдану;

4) біліктену.

Әр пән бойынша меңгерілетін білім игерудің әр сатысында төрт деңгейден өту нәтижесінде оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сапалық өзгерісі төмендегідей бағытта жүреді: \* игерген білімді:

а) сол қалпында;

ә) сапалық өңдеуден кейін;

б) шығармашылықпен пайдалану.

Білімді игерудің әр сатысындағы төрт деңгейге сай оқу нәтижелерін жоспарлау оқушылардың дайындық деңгейлерінің өлшемдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Базалық білім деңгейін білу үшін бағдарламаларға қосымша тест тапсырмалары (ілгеріде аталған екі деңгейде) дайындалды. Тестті толтыру арқылы оқушының білім деңгейінің қандай екендігін білуге әрі алдағы уақытта неге баса көңіл қойып, нені дұрыстау керектігіне мүмкіндік туады.

Білімділік деңгейін бағдарламада көрсету оқу мақсатын оқушы мен мұғалімнің нақты көріп, біліп, оқушының білім дәрежесін бағалау мен өлшеу, екшеудің неғұрлым анық, әділ дәл болуына септігін тигізеді әрі оқу үрдісіне демократиялық сипат береді. Мұғалім оқушылардың белгілі бір тілдік біліктілікті меңгеруіне көмектесіп, жоспарланған нәтижеге жету жолдарын

белгілейді, сондай-ақ олардың тілді меңгерудегі өзіне-өзі есеп беру, өзін-өзі бағалай алу (рефлексия) сияқты дағдысын жетілдіруге бағыт береді. Білімділік деңгейін бөліп көрсетудің тағы бір тиімді жағы ол мұғалімнің оқушыларға дифференциалды түрде қарауына жағдай жасайды. Егер сыныптағы белгілі бір топ оқушылар тілдік іс-әрекетінің кейбір түрлерін басқа оқушыларға қарағанда жақсы меңгеріп, оң көрсеткіштерге ие болса, онда мұғалім оларға бұрынғыдан жоғары деңгейге арналған қосымша материалдар, тапсырмалар, басқа оқулықтар беруіне болады. Бұл жеке бас қабілеті әртүрлі оқушыларға өзінің шама-шарқына, біліміне қарай оқып, дайындалуына жол ашып, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Бұндай жағдайда бағдарлама әрі тексеруші, әрі ұйымдастырушы қызметін атқарады. Тілдік іс-әрекетті меңгерудегі білімділік деңгейі шетел тілінде тек қарым-қатынас жасау біліктілігін, дағдысын ғана емес, сондай-ақ қарапайым тілдік және лингвоелтану біліктілігінің қалыптасуына да мүмкіндікті арттырады. Сондықтан да шетел тілі мен өз ана тілін салыстыру негізінде оқушылардың филологиялық білімін тереңдету мақсатында бағдарламаға арнайы тапсырмалар, нұсқаулар беріледі. Осы орайда оқушылар хат жазысу, жарыстар, көрмелер ұйымдастыру, түрлі кештер, біріккен жобалар дайындау сияқты және т.б. іс-әрекеттермен айналысып, сол арқылы өздерінің тілді қаншалықты меңгергенін көрсетеді.

Білімділік деңгейін жоспарлау оқу барысында оқушылардың өз алдына мақсат қойып, соған ұмтылуы, тырысу, көп білуге құштарлығы сияқты т.б. жеке бас қасиеттерінің қалыптасуына оң ықпал етеді. Сондай-ақ, білімділік деңгейін жоспарлау шетел тілін үйретудің интегративтік-коммуникативтік мақсатын әрі тілдік іс-әрекет түрлерінің деңгейлеріне қоса түпкі нәтижесін, тәрбиелік мәнін, білім деңгейін, жеке басты жетілдіруде неге қол жеткендігін көрсетеді. Білімділік деңгейін жоспарлай отырып оқыту оқушылардың басқа ел мәдениетінен мағлұматтар алу барысында өз елінің мәдениетінің дамуын түсінуіне, өзін қоғамдық ортада дұрыс ұстай алуы мен сөйлеу мәдениетіне, ақыл-ой еңбегі мәдениетіне әсер етеді .

Сонымен, оқу бағдарламасы – әр оқу пәнінен берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін, сонымен қатар оның оқу жылында оқылатын орнын белгілейтін құжат.

Оқу бағдарламасының түсінік хатында пәнді оқытудың мақсаты көрсетіледі, бағдарламаның құрылымы сипатталады, оқу материалының жүйесі белгіленіп, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерінің ерекшеліктері көрсетіледі, оқытудың басқа пәндермен сыныптағы және сыныптан тыс атқарылатын жұмыстарының байланыстылығы анықталады.

Бағдарламаларда қазір алдымен оқуға қойылатын дидактикалық және әдістемелік талаптар берілген. Одан соң әрбір шетел тілінің өзіне тән ерекшелігіне қарай сыныптар бойынша оқу мақсаттары мен мазмұны көрсетіледі.

Шетел тілдерін оқытудың мазмұнын, әдістерін қайта жаңартуға тікелей әсер еткен 1990 жылдары басталған саяси өзгерістер еді. Осы жылдан бастап мемлекетіміз өзінің басқа елдерге деген қарым-қатынасын, көзқарасын жаңа бағытқа бұрды. Бұл жайт, әрине, оқу, білім беру саясатын да жаңалауға, жаңа бір арнаға бұруды қажет етті. Тілдерді оқыту тек білім беріп қана қоймай, сөйлеу, сөйлесу, өзара қарым-қатынас жасау біліктілігіне қол жеткізуді көздейді. Саясат пен өнеркәсіп саласында жаңадан ашылған қарым-қатынас оқу мақсатын, оның тимділігін қайта қарап, белсенді түрде шетел тілін қолдануды талап ететіні сөзсіз. Шетел тілін оқытуды түбегейлі өзгерту керектігі туралы А.Леонтьев 1988 жылы ”Иностранные языки в школе” атты журналдың төртінші санында жарияланған мақаласында нақты мысалдар, ғылыми дәлелдер келтірген болатын. Ол кеңестік кездегі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне мүмкіндік бермегенін, ал мұғалімдердің өз тараптарынан сабақ үстінде, білім беру барысында репродуктивті емес, продуктивті әрі креативті түрде жұмыс істеуі қажет екеніне тоқталды. Сонымен қазіргі кездегі шетел тілдерін оқыту ісін жаңалауға қойылатын талаптар- мұғалімнің атқарар рөлін, оқушының оқу үдерісіндегі өзіндік орнын және оқудың жаңа мақсаттарын қарастырады. Бағдарламалар

мұғалімге тың талаптар қойып, оқушының білім алудағы жаңа орнын және де білім берудің жаңаша мақсатта жүргізілуін талап етеді.

Қазіргі кезде саяси-әлеуметтік өзгерістер мектептерде оқытылатын шетел тілдері пәндерін таңдауға тікелей әсер етуде. Республикада қазір көптеген мектептерде ағылшын тілі оқытылуда. Бұрын Кеңес Одағы республикаларындағы мектептерде үйретілетін басты шетел тілі неміс тілі болатын. Бір ғана мысал келтіре кетсек, 1961 жылы барлық мектептердің 59,6% неміс тілін, ал, 32,7% ағылшын тілін, 7,6% француз тілін оқыған. Соңғы жылдары ата-аналардың балаларына ағылшын тілін үйретуге жаппай бет бұруының өзіндік себебі бар. Ол еліміздің экономикасы кемелденген батыс мемлекеттерімен өнеркәсіп, мәдениет, өнер, білім саласында қарым-қатынасының арта түсуі болып отыр. Ал Қазақстанмен байланыс орнатқан мемлекеттерде ағылшын тілінің ықпалы зор. Мектептер, әрине, осынау заман, уақыт өзгерістерінің толқынына ілесе алуы керек. Олар өз оқушыларын шетел тілінде сөйлей алуға, мәдениетаралық коммуникацияға, мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікке дайындауды көздеуде. Сол арқылы жас жеткіншектерді болашақта өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, өнер, мәдениет, білім т.б. салаларда қиналмай жұмыс істеуге дайындауды мақсат етіп отыр. Ел өміріндегі осынау үлкен өзгерістер шетел тілінен білім берудің мақсатын, міндетін, әдіс-тәсілін түбегейлі өзгертуді талап етуде.

Бұрынғы дайындалған оқулықтар, бағдарламалар т.б. құралдар қазіргі заманның жаңа талаптарына жауап бере алмайтындықтан, біздің республикада алыс және жақын шет елдердегі орта мектеп қабырғасында берілетін білім мазмұнын жаңарту бағыттарымен танысу, оларды талдау нәтижесінде біздің оқу жүйеміз үшін не тиімді, не тиімсіз екендігі анықталды. Әр елдің білім беру жүйесі әр түрлі болғандықтан, біздің өз еліміздегі білім беру саласын басқа елдердікімен салыстыра отырып, өзімізге тиімді дегенін үйреніп, саралап, ғылыми негізде ендіру өте көкейтесті мәселе екендігі даусыз.

Кеңес Одағы кезінде, басқа пәндер сияқты, шетел тілі пәндерінің мазмұны қоғамдық саяси, идеологиялық бағыттағы



тәрбиені көздей отырып белгіленді. Енді еліміздің егемендігін алғаннан кейін пән мазмұны негізінде Қазақстан туралы материалдар, қазақ халқының салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі т.б. жайлы ғылыми, рухани білімді алу басты назарда болып отыр. Білім мазмұнын жаңалауда оқушының жеке басының қызығушылығы және де елдегі саяси сұраныстар да ескерілді.

Шетел тілін үйрету барысында балаларға білім бере отырып тәрбие беру мәселесі төл жаңа буын бағдарламаларда кеңінен қарастырылды. Мысалы, 2003 жылы «РОНД» баспасынан шыққан 5-7 сыныптардың бағдарламасында шетел тілін оқыту мен тәрбие беру барлық жағынан: оқушылардың дүниетанымының, ой-өрісінің, жадының, сезімі мен эмоциясының, адамгершілік және эстетикалық көзқарастарының, мінез бітістерінің, өздігінен ары қарай білімін жетілдіруге деген қажеттіліктің дамуына септесуі тиіс екендігі, сондай-ақ тілдік материалмен және мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушылар ойды әр тілде түрлендіре беруге мүмкіндікті түсінетіні атап айтылды.

Оқушылардың жан-жақты дамуы және олардың тұлға ретінде тәрбиелі болып қалыптасуы үшін тілдік материалмен жұмыс істеу сипаты мен сөйлеу біліктілігінің елеулі мәні бар. Шетел тілдері құралдарымен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) және сөйлесім әрекетінің негізгі түрлерімен қарулана отырып, оқушылар танымдық белсенділік, дербестілік көрсетуі, өз елінің тұрмыс-салтын, әдеп-ғұрпын т.б. шет елдікімен салыстырып, қорытынды жасай алуы маңызды болып табылады.

Ал 8 және 9 сыныпқа арналған 2004ж. бағдарламада “Шет ел адамдарының өмірі, тарихы және мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді”,-деп интернационалдық тәрбиеге баса назар аударылған.

10-11 сыныптарға арналған Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясынан шыққан бағдарлы мектепке арналған бағдарламаның талабы бойынша қарым-қатынас жасай білу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының жеке басына ерекше көңіл бөлінеді, яғни, оның өзін қоршаған әлемнің

қарқынды дамуында өзінше әрекет етуі, өз мүмкіндіктерін байқап көруі, бойындағы қасиеттерді жетілдіруі, басқа ұлттар мен ұлыстардан тәлім тәрбие жинақтау әрі оларды пайдаланып, қуаныш пен ренішті бөлісуі, халықтар достығын түйсінуді, т.б. іске асырылады.

Мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік, білім беру, жетілдіру мақсаттары төмендегідей бағытта нақтылана түседі:

- мамандық таңдауға оқушының сапалы түрде қатынасы, өзінің болашақ мамандығына шетел тілдерін іс-жүзінде қолдана білу қажеттігін сезінуін тәрбиелеу;

- оқушының өз мамандығына қажетті жалпы мәдени өй-өрісін кеңейту;

- таным үдерісінде оқушының ойлауы, есте сақтауы, тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылымы саласында қызығушылығы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану білігін, сөйлеу мәдениетін дамыту;

- оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланысты өзара мәдени қарым-қатынас жасай білуге дайындау.

Шетел тілі пәндері мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға, мәдениетті, салауатты, тәртіпті, саяси көзі ашық азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Шетел тілін оқытудың негізгі іргетасы ретінде бастапқы сатыдағы оқу бағдарламасы Кеңес Одағы кезінде 1950, 1955, 1963, 1965, 1978, 1983, 1985 жылдары үнемі қайта қаралып, жаңаланып, толықтырылып отырылды.

Қазіргі бағдарламалар оқушыларды тек білім алуға ғана емес, сондай-ақ басқа ел мәдениетінен хабардар етуге тиіс. Оқу мақсатының тағы да бір қыры оқушылардың өзін-өзі жетілдіруі, тәрбиелеуі болып табылады. Қазір мұғалім бұрынғыдай бәрін өзі ғана айтып, бұйрық беруші емес, оқушының досы, жетекшісі, өз бетімен білім алуға жол көрсетуші деңгейінде болуы талап етіледі. Ол оқушыны пәнге қызықтыру үшін сыныпта достық

қарым-қатынас, жанға жайлы, жағымды атмосфера орнатуы керек.

Оқушының қатесіне, өз ойына, өз көзқарасына мұғалім өте абайлап баға беруі қажет. Өйткені бала мұғалімнің көмегіне, қолдауына үміт артады. Оқушы жіберген қатені түзету мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Мұғалім қатені түзеткенде, бала ренжіп, беті қайтып қалмайтындай жолын табуы ләзім. Әсіресе, балалар сөйлеп тұрғанда қатені түзетуге болмайды. Оқушыға қате жіберемін-ау деп қорықпай шетел тілінде сөйлеуге жағдай жасау сияқты талаптар бағдарламада ескертілген.

Оқушыларға олар шетел тілін оқығанға дейін өз ана тілінен үйренгендерін ғана білдіру емес, жаңа материалдардың берілуін үнемі есте сақтауын дамыту мәселесі қарастырылуда. Бүгінгі оқушы, қоғамның ертеңгі әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына атсалысатын маман болғандықтан, оларды мектеп қабырғасынан бастап әлемдік интеграцияға дайындау қолға алынады. Бұл – қазіргі өмір талабынан туған міндеттердің бірі. Шетел тілінің мектептегі алар орны, оның берер білімі мен тәрбиелік мәні бұрынғыдан өзгерді, шетел тілін оқыту дидактикасындағы көкейтесті, басты тенденцияларды ескеруді, сол арқылы мүлде жаңа бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік кешендерді жасауды талап етуде. Осы орайда атқарылатын істі алға дамыту үшін оқыту әдістемесінің көп түрлі нұсқаларын қарастыру көзделеді.

**Тәрбиелік мақсат** мыналарды көздейді: басқа ел мәдениетіне қызығушылық танытып, үйрену; оқушыларды қарым-қатынас мәдениетіне, коммуникацияға үйрету; оқушыларға оқу мен когнитивтік іс-әрекеттерді меңгерту; тіл үйренуші жасөспірімдерге шетел тілін меңгерудің қаншалықты қажет екендігін саналы түрде түйсіндіру, басқа ұлттар мен ұлыстардың өмірін, тыныс-тіршілігін, салт-дәстүрін біліп, сыйласылымдылық көрсету, ортақ тіл табыса алу қасиеттерін бойына сіңіру.

**Жетілдіру мақсаты** оқушылардан сөзді қолдануда, түсінуде когнитивтік және тілдік интеллекттік қабілеті болуын, сондай-ақ дара тұлға ретінде қарым-қатынас барысында

сөздерді ұтымды қолдануда, сөз мәнін түсінуде түйсігі, икемділігі, сезімі болуы талап етіледі.

**Білімділік компоненттер** ауқымына шәкірттің әдеби, лингвистикалық және филологиялық білімі енеді, сондай-ақ жалпы білімі мен дүниетанымы да назардан тыс қалмайды.

**Практикалық компонентке** шетел тілінің мазмұнындағы оқушыны қызықтыратын нәрселерді іс жүзінде шәкірттің меңгеруіне, қолдана алуына мүмкіндік беретін дайындық іскерліктері жатады.

Бастапқы сатыдағы ең басты практикалық мақсат – оқушылар бойында мәдениетаралық коммуникацияға қажетті білік, дағдыларды қалыптастыру. Бұл сатыда, алдымен, міндетті түрде меңгерілуі тиісті коммуникативтік және когнитивтік білік, дағдылар қалыптастырылып, олар оқушылардың бойында коммуникативтік икемділіктің, шеберліктің базистік деңгейін тануға жол ашады.

Тіл адамның өзін қоршаған әлемде дұрыс бағыт-бағдар тауып, әлеуметтік тәжірибелер жинақтап, оны басқаға үйретуіне, өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Тілді меңгеру әркімнің өз жеке басына, мамандығы мен әлеуметтік жағдайына қажет болумен қатар, оның өзінің ана тілімен бірге, кең ауқымды іс-әрекет етуіне жол ашады, жағдай жасайды. Мұндай жағдайда шетел тілдерін үйрету адамға өзінің жеке бас тәжірибесінен тыс жатқан мәдениетке жол ашып, ішкі мәдениетінің байи түсуіне себеп болады.

Шетел тілдерінен арнайы пән ретінде білім беру және дамыту, жетілдіру әлеуетін толық түрде жүзеге асыру арқылы оқушылардың тек өзін қоршаған әлемге деген көзқарасын ғана байытып қоймай, сонымен бірге олардың жалпы білім деңгейін арттырып, дүние жүзі мәдениетін тануға деген мүдделілігін оятуға; өз мәдениетін терең түсіне отырып, оның адамзаттық рухани және материалдық дамуда өзіндік орны бар екеніне, өзге мәдениетке ықпал ететініне қол жеткізуге болады.

Басқа халықтардың ойлау, түйсіну және тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшеліктерімен таныстыру оқушылардың өзін қоршаған әлемнің көпжақты, сан-салалы екендігі жайында

ұғымдарының қалыптасуына септесе отырып, басқа әлеуметтік-мәдени бірлестік өкілдерімен сөйлесуге дайын, ашық-жарқын әрі шыдамдылықпен, байыппен қарым-қатынас жасай алатындай жеке бас қасиеттерін тәрбиелеуді де көздейді. Шетелдік құрбы-құрдастарының өмірі мен тыныс тіршілігінен хабардар болу, оқушыны жаңа қоғамда өзінің жеке мақсат-мүддесі мен адамгершілік бағыт-бағдарын дұрыс таба білуін жеңілдетіп, оның жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Мектептерде шетел тілдерін оқуға қойылатын талаптар мыналар:

- оқушылардың зиялы, сезімтал жан болып өсуіне, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау;

- оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру, оларды өмір бойы дербес оқуға, өз бетімен ізденіп білім алуға дайындап, білімнен өзіне қажеттерін талғап ала білуге дағдыландыру;

- әр түрлі сыныптағы мәселелерді біріге, бірлесе отырып шешуге қажетті әлеуметтік өзара іс-әрекет ету қабілетін жетілдіру;

- оқушының өз тілін үйреніп жатқан ел мен оның мәдениетіне, біліміне, өнеріне және т.б. деген өзіндік көзқарасын қалыптастырып, сол тілге деген қызығушылығын арттыру;

- оқушылардың мәдениетаралық біліктілігін дамыту.

Оқушылардың шетел тілін оқу үрдісінде қалыптасатын білім, білік дағдылары оларға төмендегідей мүмкіндіктер беруге тиіс:

- өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне, мүдделеріне орай тілін үйреніп жүрген ел өкілдерімен тікелей байланыс орнатып, оны түрлі қарым-қатынас жағдайларында ары қарай жалғастырып, әріптесінің айтқандарына сай дұрыс жауап беріп, өз сөзін шетел тілінің түрлі құралдарын пайдалана отырып, логикалық тұрғыда дұрыс құру;

- жазбаша түрде берілген және тыңдап түсінуге арналған мәтіндердің мағынасын түрлі деңгейлерде түсіну (негізгі мазмұнын түсіну, мағынасын толық түсіну, мағлұматтар алу);

мәтіннің сипатын және оның мәдениетаралық коммуникация тұрғысында атқаратын қызметін ескере отырып түсіну; сондай-ақ таныс емес сөздердің мағынасын (мысалы, сөздікті қолдану, тілдік және кешенді пайымдаулар арқылы, көрнекіліктер және т.б.) түсіну;

- шетел тіліне шығармашылықпен қарау, мәтіндер мен тілдің эстетикалық жағын түсіну, шетел тілін өзінің шығармашылық қабілетін көрсету үшін қолдану;

- неғұрлым күнделікті, әдеттегі жағдайларда қажетті сөздер мен мәтіндерді шетел тілінен ана тіліне, ана тілінен шетел тіліне аудару.

Бағдарламада қарастырылған шетел тілін оқытудың ұстанымдары шетел тілдерін оқытудың негізінде оқу үрдісіне барлық қатысушылардың өзара тең және бірдей құқылығын көрсететін әдістемелік тұжырымдардан, сондай-ақ оқу үрдісінің барлық компоненттерінің өзара келісушілік пен көпжақты динамикалық қарым-қатынастарынан тұрады. Ол тұжырымдардың негізіне мынадай ұстанымдар алынған:

1. Шетел тілдерін оқыту әрбір мұғалім мен оқушының жеке басына, белгілі бір топқа, яғни, пәнді оқыту белгілі бір дара адамға, оқушылар тобына бағытталуы.

Шетел тілін оқытудың технологиясы мен мазмұны оқушының мүдделері мен қажеттіліктеріне, жас ерекшеліктеріне сай болып, оның ойлау, танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыруды көздейді. Оқушы тақырыптарды, жағдайларды, іс-әрекет түрлерін таңдауға құқылы, өзіне тән қабілеттілігі, көзқарасы бар жеке, дара тұлға болып табылады. Мұғалім оқушыға шетел тілін жоғары деңгейде игерту үшін арнайы жеке бағдарламаны басшылыққа алады. Ал оқушыға тілді меңгерту барысындағы атқарылатын жұмыстың сапалы, нәтижелі болуы ең әуелі оның күш-жігеріне, ұмтылысы мен ынтасына байланысты екенін түсінуге тиіс. Ол мұғаліммен бірге оқу үрдісінің жетістігі мен сапасы үшін тең дәрежеде жауапкершілікті жүгін көтереді. Мұғалімнің пәнді оқытудағы біліктілігі мен кәсіби шеберлігінен келіп туындайтын беделі оның қызмет бабында өктемдік көрсетуіне мүлде жанаспайды, сондықтан ортақ мақсатқа жетуге бағытталған, ынтымақтастық

пен ортақ іс-әрекетке жетелеуге аппаратын «мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы әріптестік» тұрғыда болуы – басты шарт.

Мұғалім мен оқушы тең құқылы субъектілер болып табылады. Әр оқушы мен оқу тобының, мұғалімнің кәсіби шеберлігі, бет-бағдары мен жеке басы, мақсаты, қызығушылығы, ұмтылыс-ынтасы ескеріле отырып, олардың тілді үйренудегі өзара біріккен күш-жігерлері, іс-әрекеттері арқасында нақты оқу үрдісінің сапалы нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік туады. Мұғалімнің ықпал етуімен оның қолданған материалдары мен өзара әрекеттестік үлгілері арқылы оқушылар арасында серіктестік пайда болып, топ арасында жағымды ұмтылыс орын алады. Оқу тобында бәсекелестік емес, ұйымдасу атмосферасы болғаны тиімді. Жеке және топ болып атқарылатын жұмыстардың түрлері қозғалысқа, әріптестердің алмаса отырып орындалуына негізделген, бірлескен шығармашылық тапсырмалар рухында болса, оқушыларға жалпы міндеттерді шешуге қажетті іс-әрекетке бағдар беріп, әріптес болу қуанышын сыйлайды.

Оқу үрдісі әрбір оқушыға, топқа, сондай-ақ, мұғалімге үйлесімді түрде бағытталуы басты назарда болуы керек. Егер оқушы ауызша, жазбаша жұмыстардан қателер жіберетін болса, онда мұғалім тарапынан оған көмек, қолдау беретіндей етіп құрылған, жеке басының ерекшелігін ескеруге арналған технология қолданылады.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін дұрыс игеру оқудың практикалық мақсатымен шектеседі. Мұғалім мен оқушыларды қызықтыратын ең басты нәрсе оқушы не жазатыны, не туралы айтатыны, оның қабілеті, ойы, көзқарасы мен пікірі болып табылады.

Оқушы ойын, пікірін айтып, жаза алған жағдайда ғана оқу ісінің тартымды, нәтижелі жоғары болуына қол жеткізіліп, кедергілер мен қайшылықтар азаяды, жойылады.

2.Шетел тілдерін оқу оқушының халықаралық мәдени біліктілігін жетілдіруге бағытталады.

Оқу ісінің негізгі компонентінің мазмұнында, яғни, оқу барысында кем дегенде екі ел мәдениеті, екі түрлі ойлау

ерекшелігі және екі тіл қатысады. Осы жайтты ескере отырып, дүние жүзі елдерінің қарқынды интеграциясына назар аудара келе және оның нәтижесінен туындайтын тілдік және мәдени көпжақтылықтың, халықаралық ынтымақтастықтық пен достықтың барлық деңгейлерінде арта түсуіне жағдай тудырып, оны талдай, саралай, зерделей отырып, шетел тілін үйрету ісі оқушының әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік деңгейін көтеруге бағытталуы тиіс. Оқушылар бойында қалыптасқан халықаралық мәдени біліктілік осы үрдістің түпкі нәтижесі болып табылады.

Бұл орайда оқушылардан талап етілетін нәрселер:

– басқа елдің ойлау ерекшелігі мен мәдениетінің феноменіне мұқият әрі ынтымақпен қарау, оларды түсіне және қабылдай білу, әрбір құбылысты өздерінің көзқарасымен және мәдени тәжірибелерімен салыстыру, айырмашылықтар мен сәйкестіктерін табу;

– басқа елдің тұрмыс-тіршілігін, көзқарастары мен түйсік-түсініктерінің қалпын, сезімін аңғару, бөтен иерархияның құндылығынан дұрыс түйін түйіп, жол таба отырып, олармен байланыста, қарым-қатынаста болу, сыни тұрғыда қарау, сол арқылы өзінің дүниеге көзқарасын байыта, кеңейте түсу.

Мәдениетаралық біліктілік адамның жеке бас қабілетінің жан-жақты дамып, қалыптасуына, жеке бас қасиеттерін және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне тікелей байланысты.

Мәдениетаралық біліктіліктің жетілуі, дамуы мынадай үрдістер арқылы жүзеге асады:

– оқушылардың өздері тілін үйреніп жүрген елге тән этикеттерді меңгеруі;

– оқушылардың өздері тілін оқып, үйреніп жүрген шет мемлекеттің күнделікті мәдениеті мен мерекелерін өткізу рәсімдерін білуі;

– балалардың, жеткіншектер мен жастардың субмәдениетімен таныс болуы;

– әлеуметтік мәселелер мен тенденцияларға сын көзбен қарап, зерделеуі;



– жоғары мәдениет үлгілерімен эмоциялық жағдайларды ескере отырып қарым-қатынас жасап, араласуы және интеллектуалды жұмыс істеуі.

Оқу мазмұнының неғұрлым бай, көп қырлы, түрлі көзқарастар, таңдау еркіндігі болуы оқушылардың өз бетімен ойлауын, өз ана тіліне, мәдениетіне деген қызығушылығын, құрметін арттыра түседі. Оқушылардың өзара біте байланысқан коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени жағынан жетілуіне, дамуына, ең алдымен, олардың өз ана тілін жақсы меңгеруі, білуі, оны саналы түрде қарым-қатынас құралы ретінде қолдануы, өз бет-бейнесін, білімін көрсете алуы нақты негіз болып табылады. Сабак үстінде қолданылатын қарым-қатынас құралы - шетел тілі. Сонымен бірге, қос құрылымды жүйені талдау, семантикалық жайттарды салыстыру, лексикалық эквиваленттерді, баламаларды іздеу, мәдени феномендерді салыстыру, көркем мәтіндерді талдау ана тілімен қатар шетел тілін оқу ісін де толықтырып, жеңілдетеді.

Тілді оқыту мәдениетаралық коммуникативтік бағдарда және жүйелі сипатта жүргізіледі. Шетел тілдерін оқыту коммуникативтік іс-әрекет ретінде ұйымдастырылады. Яғни, оқу үрдісі жекеленген біліктерді есте сақтау, сөйлеу жазу және т.б. қалыптастыру ғана емес, алуан түрлі жағдайлар барысында сөйлеу қатынасын белгілі бір адаммен, әріптесімен екеуара түрлі жағдайда зиялы түрде жүргізе алатын, шетел тілінде пікір алысуға мүмкіндігі бар, мәтіндердегі ақпарат хабарлармен, бағдарламалармен, құжаттармен, нұсқаулармен жұмыс істей алатын біліктілігін дамыту болып табылады.

Тіл жүйесінің негіздері мен салалары (лексика, грамматика, фонетика) меңгеру арнайы ықылас, ынтаны қажет етеді. Алайда, қосалқы бағыныңқы рөл атқара отырып, олар оқушының шетел тілін мәдениетаралық қатынас құралы ретінде пайдалануға дағдылануына қажетті тірек болады. Бұл орайда, тілдік қарым-қатынастың мазмұндық жағына көңіл басымырақ бөлінеді.

Тілді оқып үйренудегі коммуникативтілік пен жүйелілік, табиғи қатынас пен тіл жүйесін арнайы меңгеру екеуі бір-біріне

қарама-қайшы келмейді. Олар бүкіл оқу әдістемесінде дидактикалық бірлік құрады.

Шетел тілін оқу үрдісінің жүйелілігін, коммуникативтілігін қамтамасыз етуде оқу-әдістемелік кешендер, техникалық құралдар және т.б. маңызды рөл атқарады. Оқулық екі елдің мәдениеті мен тілі арасында жалғастырушы көпір болып табылады. Оқу-әдістемелік кешендегі мәтіндер, көрсетуге арналған ақпарат хабарлары, мәліметтері бар құралдар, мағлұматтар аутентті болуы керек. Мәтіндегі тілдік материалдар коммуникативтік тұрғыда жоғары деңгейде болып, тыныс-тіршілік аумағында көп қолданылатын, жиі кездесетін болғаны абзал.

Оқу-әдістемелік кешендер оқу үрдісін жүйелеп, сөз, сөйлеу біліктілігінің оң қалыптасуына көмектесетін, материалдардың қайталануын қамтамасыз ететін оқу нәтижесін бақылаудың түрлері мен құралдарын ұсынады. Егер мұғалім оқулық материалдарына шығармашылық тұрғыда қарайтын болса, онда ол ондағы мәтіндерді, тапсырмаларды, және т.б. бағдарлама мен оқулықтарда көрсетілген дамыта оқыту ұстанымына сай етіп, өзгертпей, ауыстырмай істегені тиімді.

Оқудың қазіргі жаңа үрдісі мультимедиалық сипатқа ие. Оқып үйрену барысында қолданылатын техникалық құралдар (магнитофон, бейнемагнитофон, проектор, компьютер және т.б.) аутентті материалдармен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік тудырады.

Шетел тілдерін оқыту – тар ауқымда, мағынада қолданылмайтын іс-әрекет. Оқушының жас ерекшелігіне, оқу материалына және тағы басқа жағдайларға байланысты шетел тілі пәнін оқыту үдерісінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мысалы, ертегілер дайындап, оларды сахнаға қойып, түрлі жоспарлар мен жобалар жасап, берілген белгілі бір проблемалық тапсырмалардың шешімдерін тапқызу және т.б. әрекеттер ойын түрінде ұйымдастырылады. Қандай жағдайда болсын, оқушыны сабақ үстінде жетелейтін басты іс-әрекет ынталандыруға бағытталып, когнитивті, интеллектуалды және эмоционалды сипатта болады, сол арқылы әр оқушыға

өзінің жеке бас ерекшеліктерін, қабілетін көрсетуіне мүмкіндік береді. Сондықтан шетел тілдерінің білім мазмұны механикалық түрде меңгертуді емес, интеллектуалды және шығармашылық өңдеулер негізінде жүргізілуі талап етіледі. Алуан түрлі жағдайларға оқушылардың арнайы сурет салып, қойылымдар ойлап тауып, өлеңдер, ертегілер мен тарихтарды, әңгімелерді, радиопьесаларын ұнтаспаға жазып қолдану тақырыптар бойынша сабақтарды жүргізу үлгісіне, барысына өз үлестерін қосады әрі олар оқулықтағы немесе мұғалім ұсынған материалдарды байыта түседі.

Егер оқу үрдісінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар белгілі бір топтың, сыныптың нақты талаптарына сай келмесе, онда мұғалім олардың мазмұнын қайта қарап, ондағы мәтіндерді басқалармен ауыстырады, ұсынылып отырған бағдарлама талаптарын ескере отырып, өзінің материалдарын дайындайды.

Шетел тілдерін оқытудың оқушыға автономды түрде болуына мүмкіндік берілуі керек. Автономдық шетел тілін меңгертудің белгілі бір жағдайға байланысты кезеңінде де, ары қарайғы үздіксіз оқу үрдісінде де шетел тілін нәтижелі игеруге жағдай тудыратын маңызды фактор бола отырып, шәкірттер бойында тілді игеруде өз бетімен жұмыс істеуге деген дайындығын, әдетін, өздігінше пайымдаулар жасап, шешімдер қабылдап, өз ісіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастырады. Сондықтан оқу үрдісі әрбір оқушыны оқудағы іс-әрекетке өз бетінше және белсенділікпен араласуға, өзінің тілдік тәжірибесін саналы түрде өзі ізденіп бағалауға, ал қажет болған жағдайда оны саналы түрде тереңдетуге талпынысын тудырады, ынталандырады.

Осындай мақсатпен мұғалім оқушылардың әрқайсысына оқудың неғұрлым тиімді меңгерілуі оқудың негізі, базасы болып табылатынын түсіндіреді. Алайда орындалуының сапалы, түпкі нәтижесі үшін оқушының өзіне жауапкершілік артуға бағытталған, оларды міндетті түрде орындауына тура келетін шығармашылық тапсырмалар, жоспарлы жұмыстар, жағдайлар оқушы бойында автономды оқуға деген қабілеттің қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, оқытудың мазмұны мен мақсатының жаңаруы, білім беру технологиясының жаңаруына себепкер болады. Сондықтан да бағдарлама оқушының жеке бас қасиеттерін мәдениеттер диалогы негізінде дамытатын шетел тілдерін оқытудың жаңа психологиялық-педагогикалық және әдістемелік зерттеулердің негізінде жасалады.

Бағдарламаға жалпы орта білім беретін мектептердегі шетел тілін оқытуға арналған қосымша курстарды қосу арқылы мамандық жайлы арнайы бағыт-бағдар берілуі де мүмкін. Шетел тілдерін оқытуда сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін мүмкіндігінше оқу үрдісі республика мектептерінде жаңа техникалық құралдармен, соның ішінде бейнетехникалық құралдармен, компьютермен т.б. заман, уақыт талабына сай құралдармен жабдықталып отыр.

Бағдарлама республиканың түрлі аймақтары мен жеке мектептерінің пәнді оқыту әдістерін таңдауына шек қоймайды.

Бастапқы сатыда шетел тілі сабақтарының тақырыптары мынадай ауқымда болуы көзделеді: оқушының отбасы, тұрағы, киім-кешек, азық-түлік, дүкендер, күн режимі, достары, жақсы көретін істері, бос уақыт, демалыс, қала мен ауыл өмірі, шәкірт пен оны қоршаған орта, сүйікті әндері, кітаптары, тақпақтары, ұнататын заттары, адам және мінез құлық, мамандықтар, астаналар (көрнекті жерлері), мемлекеттер мен олардың рәміздері, әдет-ғұрыптар.

Ортаңғы сатыда қамтылатын тақырыптар: оқу жүйесі мен мектеп өмірі, мектептен тыс жердегі өмір, жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасы, жасөспірімдер мен ересектердің өзара қарым-қатынасы, шетел тілін үйрену /шетел тілімен айналысу/, мәдени және кәсіби істегі шетел тілінің алатын орны, мамандық таңдау, оқу орнын бітіру, бос уақыт, спорт, саяхат, қоғамдық өмірге араласу, қоғамдық жұмыстар, түрлі мәдениеттерді құрметтеу, қоршаған ортаны сақтау, ауылдағы және қаладағы өмір, әдебиет, музыка, сурет өнері, театр, кино, теледидар мен радио, техника мен ғылым, өнеркәсіп пен өндіріс саласындағы біздің ел мен шет мемлекеттің бірге жұмыс істеуі, ғылым, мерекелер.

Жоғарғы сыныптарда мынадай тақырыптар қарастырылады: жастар ұйымдары, қоршаған айналадағы қозғалыстар, бейбітшілік үшін қозғалыстар /ұйымдары/, жастар және олардың қоғамдағы орны, біздің елдің өнеркәсіптеріндегі проблемалар, ақпарат құралдары, түрлі тарихи кезеңдердегі көрнекті адамдар.

Бұл сыныптарда оқушылардың, әсіресе, мәтінді /ғылым туралы ма әлде саяси, эстетикалық т.б. реңкте ме деген сияқты/ сараптай, талдай алуына, қажетті ақпарат хабардан өзіне керегін сүзіп алу, рефераттар дайындау, ауызша баяндама жасауды қажетті ақпараттар алуына баса назар аударылады.

Оқушылардың білімін, жеткен жетістігін бағалау оларды сабаққа ұмтылдыра түсетіндей түрде болуы тиіс. Білім деңгейін тексеру (тест арқылы) ағымдық бақылау, яғни күнделікті өтілген материалды сабақта тексеру, белгілі бір тақырып материалын өтіп болған соң алынатын бақылау, мерзімдік бақылау және оқу жылы аяғында алынатын қорытынды бақылау арқылы іске асады. Бақылау жұмысы бағдарламада көрсетілген оқу мақсатына сай болуы керек. Жоғарғы сыныптардағы сабақтардың мәдениетаралық коммуникация бағдарында болып, мынадай талаптарға жауап бере алатындай болуы талап етіледі:

- сабақтың коммуникативтік мазмұнға бай болуы;
- оқу әдіс-тәсілдері оқушыларды үнемі шетел тілінде сөйлеуге жетелеп отыруы;
- оқу үрдісі шетел тіліндегі материалдарды оқушылар сабақтан тыс кездерде де қарым-қатынас барысында қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы;
- оқушыларды тілдік іс-әрекетті тыңдап түсіну, сөйлеу т.б. формалды түрде емес, коммуникативтік реңктегі тапсырмалар арқылы орындауға бағыттау;
- оқу үрдісін тілдік құралдар арқылы коммуникативтік тапсырмаларды орындай алатындай етіп құру, ұйымдастыру;
- тіл үйренушілерді тілдік іс-әрекетке, мәдениетаралық коммуникацияға дағдыландырып, оқушылардың білім, білік деңгейлеріне, жетістіктеріне қарай қол жеткізген әлеуеттерін көрсете білу керек;

– сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тіл үйренудің барлық сатыларында олардың коммуникативтік, когнитивтік, қызығушылығы мен қажеттіліктеріне қарай өз бетінше істейтін жұмысты біртіндеп көбейте түсу.

Жоғары сыныптарда гуманитарлық бағытта оқыту базалық білім негізіне сүйенеді. Бұл бағытта білім беру оқушылардың болашақ мамандығы мен іс-жүзіндегі іс-әрекетін нысана ете отырып, белгілі бір нәтижені көздейді. Ол нәтиже оқытудың мақсаты, міндеті мен жағдайларына байланысты болады.

Гуманитарлық бағыт жан-жақты білім беруді көздейді, себебі бұндай бағдармен оқытатын мектептерде адамзат тарихы мен мәдениетінен ғана емес, адам табиғатынан, болмысына қатысты да білім, ілім беріледі.

Жалпы гуманитарлық бағытта білім беретін мектептер тіл пәндерінен берілетін білім мазмұнының кейбір бөліктеріне сүйенеді әрі сөйлесім әрекетінің тиімді жақтарына ерекше көңіл бөледі.

Жаратылыстану-математикалық бағдардағы мектеп бағдарламасына тоқталсақ (10-11 сыныптар), қазір қоғамда ел мен елдің арасындағы ғылыми, техникалық, экономикалық және саяси қарым-қатынастар артып отыр. Соған байланысты әлеуметтік-өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық т.б. жетістіктер мен жалпы мәдени қарым-қатынастар күшейе түсуде. Қоғамдағы жағдайға байланысты белгілі бір шетел тілінің қажеттігі арта түседі де, соған орай шетел тілі сабағын дифференциялау қарастырылады.

Жаратылыстану-математикалық бағдардың, атының өзі айтып тұрғанындай, мамандық жайлы мәтіндерден ақпарат хабарлар алу көзделеді. Барлық білік, дағдылар сабақтағы арнайы мамандық бағытына құралады.

Оқудың талдай оқу, таныса оқу, қарап шығу, іздене оқу сияқты төрт түрі түгелдей іске асады. Талдай оқуға аударма да кіреді, себебі аудару барысында оқушылар сөздерді сөздіктен, лексиконнан т.б. іздеп тауып, дұрыс мағынасын таңдайды; түрлі құралдар арқылы лексиконмен тиімді жұмыс істеуге дағдыланады; лексикалық және грамматикалық түрлерді жақсы

біледі; мәтіннің тілдік және контекстуалдық қорытындыларын танып, біледі; мәтіннің мазмұнын баламалы түрде өз ана тілінде ауызша айтып не жауап беруге үйренеді.

Сабақ үстінде оқушыларды аутентті мәтіндермен, ал сабақтан тыс кезде өз бетімен жұмыс істеуге үйрету әрі дағдыландыру көзделеді (оған үйде өз бетімен оқу, арнайы лабораторияларда, кітапханаларда, қолжазбалар, өмірбаян т.б. оқу жатады).

Сабақ оқушының жеке бас қызығушылығы мен болашақ мамандығын ескере отырып ұйымдастырылады, үнемі оқушының қызығушылығын арттыру басты орын алады.

Орта мектепте шетел тілі пәндерін оқытудың жаңа бағдарламасында негізінен шетел тілдерін пән ретінде оқытқандағы білім мазмұнының базалық минимумы нақтыланып, шетел тілін оқушылардың ана тіліне сүйене отырып оқытудың әдіс-тәсілдері, оқытудағы білімділік, тәрбиелік, жетілдіру мақсаттарына т.б. қойылатын талаптар, тіл үйретуге қажетті шарттар мен оқыту құралдары да көрсетілді. Сондай-ақ, республика мектептерінде шетел тілі пәндерін оқыту барысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық қажеттілігі, өзіне тән ерекшеліктері ескерілді.

Шетел тілі пәні арқылы оқушы бойында мынадай жаңа іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру көзделді:

- экология мен табиғатты қорғау жөніндегі білім негіздерінен мағлұматтар алу;
- кітаппен жұмыс жасай алу;
- шетел мәдениетімен танысу арқылы интеллектуалдық, мәдениетаралық коммуникация іскерліктеріне ие болу.

### **Шетел тілі тереңдетіліп оқытылатын мектептердегі бағдарлама**

Шетел тілі тереңделіп оқытылатын мектептерде тілін үйреніп жатқан елдің әдебиеті де оқытылады. Әдебиет курсының мынадай ұстанымдары бар:

- ашықтық ұстанымдар; оның мәнісі мынада – оқу курсы жабық, тұйық жүйе емес. Оқушы мектеп қабырғасында берілетін мәтіннің ауқымынан тыс, одан жоғары деңгейдегі

әдебиетпен, материалмен де болашақта айналысуына жағдай тудыру;

– курсты шектемеу (регламенттемеу) ұстанымы, тіл үйренушілердің шама-шарқына, қызығушылығына т.б. байланысты өтілетін курсқа түзетулер, өңдеулер, толықтырулар енгізуге болатындығын қарастырады.

Шетел тілі курсы әдеби мәтіндерінің мазмұнының оқушылардың ішкі жан-дүниесінің байи түсуіне сеп болуын қарастырады. Шәкірттер сабақта бөтен ел мәдениетін тереңірек танып біледі, ал ең бастысы– оқушы өзі тілін үйреніп жүрген елдің, халықтың мәдениетін, жан-дүниесін, психологиясын, ойлау қабілетін, ойлау ерекшелігін, ділін түйсінеді. Сондай-ақ, оқушының түрлі жағдайларда өз мәдениеті мен басқа ел мәдениеті жайлы білікті диалог жүргізе алуы мақсат етіледі. Осы аталған біліктілікке қоса тіл үйренуші филологиялық және ғылыми-әдеби біліктілікті де меңгеруі керек. Филологиялық біліктілікке тіл мен оның түрлі жеке үлгілері, оның семантикасы жатады. Әдеби-ғылыми біліктілік құрамына оқушының ана тілі сабағында әдеби-ғылыми білім негізінде алған, меңгерген, қалыптасқан білімі жатады. Оқушы оқуға арналған мәтіндерді өз бетімен таңдап алады.

Бағдарламада шетел тілдерін оқытудың мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан қарастырғанда, республикамыздың «Білім туралы» Заңына сәйкес жалпы орта білім беретін мектептердің басты міндеттері тек жоғары дәрежелі, сапалы білім беру ғана емес, сонымен бірге ұлттық және әлемдік мәдениетке сай тәрбиеленген, еркін әрі қажырлы іс-әрекет ететін, жан-жақты ойлай алатын дара тұлғаның қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасау болып табылады.

Бағдарламаларды дайындау барысында шетел тілінен білім, білік, дағдыларды қалыптастыру жайлы тек бұрынғы Кеңес Одағындағы әдіскер ғалымдардың еңбектері ғана емес, шет елдік ғалымдардың да пікірлері талданды. Білім беруді мәдениетаралық, коммуникативтік бағытта жүйелі түрде іске асыру арқылы оқушыларға тәрбие беру және оларды жан-жақты жетілдіру мақсат етілді. Сондай-ақ, бағдарламаларда базалық



білім мазмұнын белгілеуде бүгінгі таңда қоғамның қойып отырған талабын ескеруге баса көңіл бөлінді.

Білім мазмұнын белгілеуге байланысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып, талдай келе бұл проблеманы шешумен айналысқан И.Л.Бим, С.Ә.Әбдіғалиев, А.К.Артықбаева, И. Оомен-Вельке, Е.И.Пассов, С.С.Құнанбаева, А.Е.Карлинский сияқты т.б. дидактар мен әдіскер ғалымдардың еңбектері, зерттеулері басшылыққа алынды.

Ғалымдар өз зерттеулерінде білім мазмұнын белгілеудің жалпы дидактикалық ұстанымдарды, бағдарламаларға қойылатын талаптарды т.б. кеңінен қарастырған. Біздің зерттеу жұмысымыздың проблемалары тарапынан алып қарағанда осы ғалымдардың ішінде С.Ә.Әбдіғалиев, И.Л.Бим, И.Оомен-Вельке зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады, себебі ол зерттеулерде білім мазмұнын іріктеп алудың қазіргі кездегі жаңа ұстанымдары, талаптары нақты әрі жан-жақты көрсетілген.

Ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарында белгіленген жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарына арналған шетел тілі бағдарламасы жобасының білім мазмұны ғылымилығы мен жүйелілігі тұрғысынан оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қарастырылды. Шетел тілі пәнінен білім мазмұнын жаңалау ұстанымдары аталған ғылыми еңбектердің негізінде белгіленді.

Білім мазмұнының ішінде ең әуелі тақырыптар, содан соң барып сол тақырыптарға сай лексика, грамматикалық және фонетикалық материалдар сұрыпталады. Тақырыптарға сай лексикалық материалдарды жинақтап, қорытатын грамматикалық ережелер де іріктеледі. Алынатын тақырыптар оқушылардың күнделікті өзін қоршаған ортасына, өміріне байланысты болады. Мысалы, оқушылардың отбасы, үй-іші, мектебі, достары, сабақтары, айналысатын спорт түрі, елі, жері, киімі, тағы да басқалары, яғни оқушының өз өмірінде күнделікті кездесетін жайттарға байланысты алынады. Еліміз өз егемендігін алуына байланысты және тағы да басқа өзгерістерге қатысты «Мен және мені қоршаған орта», «Демалыс, бос уақыт», «Менің сүйікті кітаптарым», «Жастар мен ересектер арасындағы қатынастар», «Мамандық таңдау және білім алу»,

«Экология» сияқты тақырыптар жаңадан енгізілді. Ал грамматикалық және лексикалық материалдар шетел тілі тұжырымдамасында көрсетілген талаптар мен ұстанымдардың және шетел тілі пәнін оқытудың өзіне тән жеке ұстанымдарының негізінде іріктелді. Мысалы, лексикалық минимумды белгілеудің мынадай ұстанымдары басшылыққа алынды:

- сөздердің көп мағыналылығы;
- сөздердің сөз тудыра алу мүмкіндігі;
- сөздердің басқа сөздермен тіркесе алу қабілеті;
- сөздердің бағдарламадағы тақырыптарға сай болуы;
- синоним сөздердің қатарындағы ең жиі қолданылатынын

ғана алу.

Грамматикалық материалдарды іріктеп алу барысында мынадай ұстанымдарды басшылыққа алынды:

1. Белгілі бір грамматикалық материалдардың көп қолданылуы (ауызша және жазбаша түрде).

2. Грамматикалық форманың басқа сөз таптарымен байланысуы.

3. Грамматикалық форманың көп мағыналылығы.

4. Грамматикалық форманың тілдің қазіргі кездегі ерекшеліктеріне, заман талабына сай болуы, яғни жаңа болуы.

Білім беру саласында елімізде демократияландыру, гуманизациялау үрдісі іске асырылуда. Шетел тілі ана тілімен қоса оқушының сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды,оны өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениетіне үйретеді. Оқушының шетел тілінде сөйлей алу қабілетін жетілдіру негізгі мақсат болып табылады.

Пән бағдарламасының негізгі міндеті – жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілдерін оқытудың бастауыш, ортаңғы және жоғарғы сатыларындағы базалық білім мазмұнын анықтау, сонымен қатар мұғалімдерге оқушылардың шетел тілін меңгеру барысында ана тілі мен орыс тілінің игі ықпалын ескере отырып, оның мектепте оқытылу ерекшеліктерін көрсету.

Жалпы орта білім беретін мектепті бітіретіндердің барлығы біліп шығуға тиісті, шетел тілінде қарым-қатынас

жасауға жеткілікті белгілі бір ауқымда шектелген білім минимумы берілетін білімнің базалық деңгейі болып саналады.

Бағдарламаларды дайындау кезінде базалық білім мазмұнын мынадай ұстанымдар негізінде белгіленді:

1. Базалық білім деңгейінің әр оқушының шамасына сай болуы.

2. Бағдарламада базалық білім мазмұнын нақтылау барысында жалпы білім беретін мектептердің оқу үрдісінің мүмкіндіктерін ескеру. Яғни, оқу жоспарында көрсетілген сағат санын, мектептің түрін т.б. ескеру.

3. Шетел тілінен берілетін базалық білім негізінде тек білім ғана емес, тәлім-тәрбие беріп, басқа елдердің өмірімен, мәдениетімен, салт- дәстүрімен, өнеркәсібімен және тағы да басқаларымен танысуға, жан-жақты жетілген білікті азамат етіп қалыптастыруға күш жұмсау.

Бағдарламалар республикамыздың Білім және Ғылым министрлігі бекіткен базалық оқу жоспарының негізінде жасалды, соған сәйкес сыныптардың топқа бөлінуі ескеріле отырып, апталық сағат сандары былайша берілді: 5 сыныпта-2 сағат, 6 сыныпта-2 сағат, 7 сыныпта-2 сағат, 8 сыныпта-2 сағат, 9 сыныпта-2 сағат. Гуманитарлық бағдарда 10 сыныпта-4 сағат, 11 сыныпта-2 сағат, ал жаратылыстану-математикалық бағдарда-10 сыныпта-2, 11 сыныпта-2 сағат.

Жаңа бағдарлама мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Түсініктеме.

2. Шетел тілі пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері, шетел тілдеріне пән ретінде қойылатын талаптар.

3. Базалық білім мазмұны.

4. Оқушыларға берілетін білім мен біліктер ауқымы.

Қазіргі кезде мектептерде шетел тілдерін оқыту проблемаларын зерттеумен айналысып жүрген әдіскер-ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, біз шетел тілдерін оқыту бағдарламаларында берілетін базалық білім деңгейінде пәнді меңгеруге қойылатын талап мыналар деген қорытынды жасауға мүмкіндік алдық:

1. Кітап арқылы қарым-қатынас жасай алу.

2. Сөздіктерге, мәтіндерге сүйене отырып, оқиғаның мағынасын айтып беру.

3. Берілген тірек сөздерге, сөйлемдерге сүйене отырып, оқиғанына өз көзқарасын білдіру және оқуға, еңбекке, тұрмыс пен мәдениетке, күнделікті өмірде кездесіп жатқан оқиғаларға т.б. жағдайларға байланысты қарым-қатынас жасау, пікір алыса алу.

Жаңа бағдарламаларда беріліп отырған материалдар шетел тілдерінің тұжырымдамасында көрсетілген ізгілендіру, елтану, даралау, саралау, жүйелілік, білім мазмұнының өмірмен, ғылыммен, қоршаған ортамен байланысты болуы, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру сияқты ұстанымдар негізінде алынды.

Жалпы орта білім беретін мектепте шетел тілін оқытудан жазу мен сөйлеудегі қарапайым коммуникативтік біліктілікке қол жеткізу жоспарланады. Осы біліктердің құрамына мыналар жатады:

- тілдік және елтану туралы білім;
- сөйлеу әрекетінің мәдениетаралық коммуникативтік білік дағдыларының түрлері;
- оқушылардың жалпы сөйлеу және интеллектуалдық жағынан жетілуі;
- арнайы оқу барысында жеке бас қасиеттерінің қалыптасуы.

Алыс және жақын шетел ғалымдары жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныса келе олардағы озық ойлар мен тиімді көзқарастар бағдарламаланың негізіне салынды. Сол себепті де жаңартылған бағдарлама бойынша шетел тілдерінен білім беру, ең әуелі, оқушының қабілеттерін дамытудың механизмдеріне сай болуы тиіс деген бүгінгі күн талабы басты бағдар етіп алынып отыр.

Бағдарламалар жоспарланған түпкі нәтижеге жету динамикасын көрсете отырып, бақылау құралы да бола алады, әрі мұғалімнің шығармашылық ізденістеріне жол ашады.

Бағдарламада шетел тілі пәндерін оқытудың мақсаты толық ашылып, берілген білім мазмұны жалпы орта мектептегі оқушылардың шетел тілі туралы біртұтас түсініктер мен

негіздерді меңгеруін қамтамасыз етіп, оқушылардың танымын кеңейту көзделді.

Жаңа бағдарламалар дидактикалық, ғылыми, мәдениетаралық коммуникативтік білім мен біліктің толықтығы ұстанымдарын ескере отырып жасалды.

Сонымен, жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілі пәндерін оқыту бағдарламасында оқыту мақсаты, міндеттері, талаптары, базалық білім нәтижесінің деңгейлері көрсетіліп, мынадай жаңалықтар енгізілді:

1. Базалық курста үйретілетін лексика көлемі өзгертіліп, барлығы 1200 сөз көлемінде белгіленді.

2. Елтану материалдарына ерекше мән берілді.

3. Оқу, жазу, тыңдап түсіну және сөйлеудегі талаптар жаңартылды.

4. Білім мазмұны топталып берілді.

5. Жаңа тақырыптар енгізілді.

Аталған өзгерістер республиканың мектеп мұғалімдерінің оқу бағдарламаларын байқау барысында айтқан сын, пікірлерін ескере отырып жасалды.

### **3.5 Жалпы білім беретін орта мектептегі шетел тілі пәнінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау**

Білім беру саласын заман талабына сай өркендету – еліміздің алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бұл міндеттің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы басым мақсаттардың қатарында атап көрсетілуі білім беру саласының еліміздің өркендеуі үшін айрықша маңызды сала екенін дәлелдейді.

Білім беру ісі қай кезде болсын озық ойшылдар мен елбасыларының ерекше назарында болған сала. Білім беру жүйесі көп салалы, өте күрделі жүйе. Ғылымның негізі білімде болса, білімнің іргетасы орта мектепте қаланады. Сондықтан біз елдің келешегін, мемлекетіміздің дамып гүлденуі, ең алдымен, “Орта мектепте білім беру жайы қандай деңгейде?” деген

сұраққа берілетін жауаптан толық көрінері сөзсіз. Ал бүкіл білімнің қайнар көзі оқулықта екені даусыз.

Республикамыздағы қазақ тілді мектептерде шетел тілі пәндерін оқытудың әдістемесін, жалпы оқыту мәселесін зерттеу кешірек қолға алынған мәселелер қатарына жатады. Оның себебі еліміз егемендігін алғанға дейін шетел тілі пәндеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер түгелімен тек қана Мәскеуден дайындалып, бұрынғы бүкіл Кеңес Одағы құрамындағы одақтас республикаларға тікелей жіберіліп отырылғаны белгілі.

РСФСР Халық ағарту комиссариаты 1918 жылдың 31 қазанында “Шағын ұлттардың мектептері туралы” Қаулы қабылдады. Онда аз ұлттардың өз ана тілдерінде әр дәрежелі оқу стандартын жасауына болатыны туралы мәселе көтерілді. Бірақ ол мектептер коммунистік идеологияны, таптық көзқарасты басшылыққа алған, ұлтсыздық бағытындағы мектептер бола алатын еді, ақыры солай болды да. Бұрынғы мектептер енді бір үлгідегі еңбек мектептері болып қайта құрылды. Оларда Мәскеу жіберген оқу бағдарламалары мен оқулықтар арқылы білім берілді.

1926 жылы қабылданған еңбек мектебінің Жарғысы бойынша Қазақстандағы білім беру жүйесі КСРО-лық ортақ жүйеге көшірілді. Осы тәртіп Кеңес Одағы тарап кеткенге дейін сақталды.

Қазақстанда ерекше зардапты түрде орын алған “ұлтшылдарды аластау”, байларды тәркілеу, ашаршылық қырғыны, “халық жауларын” талқандау сияқты нәубеттер қазақ мектептерінің сан және сапа жағынан дамуын қатты тежеп, өрлеуге орасан нұқсан келтірді. 40-жылға дейінгі соңғы 15 жылда ғана емес, ғасыр басынан бергі 40 жыл ішінде тәжірибелі де білімді көрнекті қазақ оқығандары жазған оқулықтар мен оқу құралдары “зиянды дүниелер” ретінде кезек-кезегімен жинап алынып, біржола жойылып отырды. Сөйтіп, қазақ тіліндегі оқулықтарды жасаудың жарты ғасырға жуық тәжірибесі де, мазмұндық-әдістемелік сабақтастығы да еленбей қала берді. Соның салдарынан қазақ тілінде оқулық түзудің біртұтас әдістемелік-дидактикалық ұстанымдары көпке дейін жасалмады,

әр автор оқулықты өз білгенінше жазды. Жиырмамыншы жылдардың басында зиялыларды оқулық жазуға шақырған үндеуде көрсетілген оқулықты дайындауда басшылыққа алынатын ұстанымдарға қазақтың үлкен педагог-ғалымы ретінде Мағжан Жұмабаев өткір сын айтқан болатын.

Мектеп пен оқулық мәселесіне коммунистік партия, кеңес басшылығы өз тарапынан назар аударып отырды. 1930 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің VII конференциясында халықтың мәдени дәрежесінің төмендігі социалистік құрылысқа қатер төндіріп отырғанын айтып, мектеп жүйесін дамыту жөнінде, ал 1932 жылғы V пленумында “Оқулықтар мен оқу құралдарын жасау туралы” арнайы қаулы қабылданды. Ал 1935 жылы республика үкіметі “Оқулық жасау барысы туралы” мәселе қарап, шешім қабылдады. 1947 жылы тарихтағы ең бір жойқын соғыстан сұлдері шыққан аш-арық елде жаңадан оқулық баспасы ашылды. Мұның бәрі коммунистердің жас ұрпаққа білім, тәрбие берудің мәнін жіті барлай білгенін көрсетеді. Оқу құралдарын шығаратын арнайы баспаның құрылуы мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырды. Оқу-әдістемелік, ғылыми-танымдық, оқушыларға арналған әдеби кітаптар жылдан-жылға көптеп шығарыла бастады. Өкінішке орай, ана тілі мен әдебиетінен басқа оқулықтардың бәрі дерлік аударма оқулықтар болды.

Шетел тілін пән ретінде ұлттық аудиторияларда оқытудың ерекшеліктері басқа республикаларда, әсіресе, Ресейде жан-жақты зерттеліп келді. Тек еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана қазақ тілді мектептерде шетел тілін оқыту мәселесі ауқымды түрде зерттеле бастады, ал бұрынғы Кеңес Одағы кезінде жүргізілген зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жана зерттеулерге оң ықпал етті.

Дүние жүзінде жүріп жатқан ғаламдану саясаты, еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы табысы және қазіргі экономикалық даму қарқыны мемлекеттің стратегиялық маңызды бағыттарының бірі – білім беру саласын жетілдіруді көздейтін іргелі зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Осы ілгеріде аталған жағдайларға байланысты біз мектепте шетел тілін оқытудың қалыптасуын, дамуын Кеңес Одағы дәуіріндегі кезеңдерде пайдаланылған оқулықтармен тығыз байланыстыра отырып қарастырдық.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда дайындалған оқулықтарда тілдің оқушылардың ойлау, таным қызметін дамытудағы рөліне баса көңіл бөлінді. Бұған өз зерттеулерінде Л.В. Занков, А.Л. Карлин, Г.В. Колшанский т.б. ғалымдар да ерекше назар аударған. Россияның Педагогика Ғылымдарының Академиясы (АПН) бұл кезеңде қарқынды түрде зерттеулер жүргізді. Ол зерттеулер бүкіл Кеңес Одағының он бес одақтас республикаларына шетел тілдерін оқыту мәселелеріне арналған “Мектептегі шетел тілдері” журналы арқылы шетел тілі мұғалімдерінің назарына ұсынылып отырылды. Шетел тілі пәндерін оқыту саласында болып жатқан жаңалықтар, оң өзгерістер мектеп мұғалімдері мен педагог жұртшылықтың, ғалымдардың т.б. тарапынан үнемі қолдау тауып отырды.

Алпысыншы және тоқсаныншы жылдар аралығында шыққан шетел тілі пәндерінің оқулықтары сол кездегі коммунистік идеологиядан, саясаттан туындаған талаптарға сай жазылды. Материалдарды баяндау, сипаттау, түсіндіру, жинақтап-қорытындылау сияқты көптеген тәсілдер арқылы тәжірибелі авторлар оқытудың тиімді жолдарын мектеп тәжірибесіне енгізді.

Мектепте оқытылатын кез келген пәнді оқыту мәселесіне қатысты ой-пікірлердің барлығы да сол пәннің оқулығына байланысты бағаланатыны белгілі. Өйткені оқулық мектеп қабырғасында білім мен тәрбие берудегі аса маңызды мемлекеттік құжаттардың бірінен саналады.

Оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйемен баяндайтын құрал. Оқу пәнінің толық мазмұны оқулықтар мен оқу құралдарында қамтылады. Оқулықтар оқу орындарының түріне, типіне қарай жасалады. Сол себептен де пән оқулығына қойылатын методологиялық, ғылыми-дидактикалық, әдістемелік талаптар туралы сонау кеңестік педагогика мен әдістеме саласындағы белгілі ғалымдар



А.А. Миролубов, Ю.К. Бабанский, И.В. Рахманов, И.Л. Бим т.б. жан-жақты зерттеп, өз ойларын ұсынып отырды.

1992 жылға дейін одақтас республикалардың басым бөлігінің мектептерінде қолданылып келген, сол уақыттағы бірден бір дара оқулық болып саналған Россияның оқулықтарын жазуға И.Л. Бим, Е.И. Пассов тағы басқа ғалымдар белсене қатысты. Ол оқулықтар негізінен түрлі-түсті емес, ақ-қара түспен ғана шығарылды. Негізгі мазмұнында бағдарламаларда белгіленген мектеп, отбасы, достар, ауыл мен қала тіршілігі, мерекелер, әдет-ғұрыптар, оқу орындары, Россия мен Германияның (әсіресе социалистік ГДР-ның) қалалары, атақты адамдары, ғалымдары сияқты т.б. тақырыптар қамтылды.

Ал еліміз егемендігін алғанға дейін Қазақстан мектептерінде шетел тілінің оқулықтарын жасаудың проблемаларына арналған ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерді былай қойғанда, арнайы мақалалардың өзі де өте аз жазылды. Тек қана мерзімді баспасөз беттерінде мектеп мұғалімдерінің оқу, оқыту мәселесі бойынша ұсыныстар жасаған шағын мақалалары жарияланғаны белгілі.

Ресейлік оқулықтар, әрине, әрбір үш-төрт жыл сайын өңделіп, үлкен таралымдармен шығарылды. Орыс тілді мектептер үшін де, қазақ тілді мектептер үшін де ол оқулықтарды толығымен қабылдаған тек біздің республика болғанын ілгеріде айтып өткенбіз. Ал кеңестік республикалардың (Қазақстаннан басқалары) барлығы да ұлт мектептері үшін өз төл оқулықтарын дайындап, соларды пайдаланды. Мысалы, Латвия республикасында шетел тілінен төл оқулықтар жазатын авторлар тобын Л.Канча бастаса, Эстонияда Р.П. Сельг, И. Рапопорт, И. Соттер т.б. жетекшілік етті. Орта Азиядағы социалистік республикалар арасында Өзбекстан ғалымдары батыл қимылдады. Оларда да өздерінің төл оқулықтары, жетекші авторлары болды.

Алпысыншы жылдардың ортасынан бастап Кеңестік мектептерде шетел тілі пәндерінен білім беру ісі ерекше жандана түсті, оған себеп бүкіл Кеңес Одағы жаңа білім мазмұнына көшті. КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 10 қарашадағы “Жалпы

білім беретін мектептің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы” атты Қаулысы өз күшіне енді. Аталған қаулы бойынша шетел тілін оқытуға айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Білім мазмұнын жетілдіру, оқушылардың дүниетанымын, ғылыми көзқарасын қалыптастыру, білім беру арқылы тәрбиелеу, жеке бас қабілеттерін дамыту мен танымдық мүмкіндігін арттыру, елтану материалдарын енгізу, бұрынғы оқыту тәжірибелерін ескеру сияқты т.б. көптеген жайлар қолға алынды.

Сексенінші жылдардың орта кезінен бастап кеңестік қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуында болатын өзгерістерді, әлемдегі ғылым мен техниканың даму қарқынын ескере отырып, Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі жалпы білім беру орындарының алдына жаңа міндеттер қойды. Ал ол міндеттер 1984 жылы қабылданған “Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында” көрініс тапты. Осы құжат негізінде кезінде жаңа бағдарламалар жасалып, оқулықтар да дайындалды. Оқулықтағы жаңалықтарға келсек, негізінде кейбір тақырыптар өзгертілді, тәрбиелік маңызы бар материалдар көбірек енді, достық, еңбек, бейбітшілік, өлкетану туралы материалдар молая түсті. Кеңес Одағы кезінде шетел тілін пән ретінде оқытуға арналған негізгі оқулыққа қосымша көптеген оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Оқу құрал-жабдықтары, әдістемелік және көрнекі құралдардың тізімі де ұлғайды, әйтсе де басым көпшілігі ауылды жерлерге орналасқан қазақ тілді мектептерге олардың көпшілігі жетпегені ақиқат.

Кеңес Одағы кезінде шетел тілін пән ретінде оқытуға негізгі оқулыққа қосымша көптеген оқу-әдістемелік кешендер дайындалды. Кейінірек жүргізілген зерттеу жұмыстары оқулықтар мен әдістемелік құралдарды, оқу-құрал жабдықтарын әлі де болса жетілдіру қажеттігін көрсетті. Әсіресе, орта білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдары үнемі жаңартылып, әлі де толықтыруды қажет етуде.

Жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға жағдай жасайтын барлық оқу құрал жабдықтары өзара сабақтастықта, байланыста дайындалуы – басты талап.

Ресейлік ғалымдар күні бүгін өз елінің білім беру саласын қарқынды түрде дүние жүзілік алдыңғы қатарлы деңгейге жеткізу мақсатында еңбек етуде. Россия оқулықтары мен оқу құралдарының жетістіктері деп олардың бағдарламаларға сай дайындалуын, грамматиканы үйретуді ғана басты бағдар етпей, тілдік материалдарға негізделуін айтуға болады. Яғни, олардағы оқу материалдары оқушылардың қоршаған ортасындағы күнделікті өмір мен тыныс-тіршілікті, қоғамның шындық көріністерін қамтитын түрлі тақырыптарға шоғырландырылып берілді. Сондай-ақ, ол оқулықтарға қосымша негізгі оқулықта берілген сабақтарды түгелдей қамтыған сабақ жоспары, әр сабақты қалай өткізу керектігі туралы мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулары бар “Мұғалім кітабы” шығарылды. Оқулыққа қосымша тағы да бір міндетті түрде шығарылған құрал – оқу кітабы (хрестоматия). Оқу кітабында берілген шағын мәтіндер негізі оқулықтағы тақырыптарға сай сұрыпталып, сол тақырыптар ауқымында таңдалып алынды.

Республика мектептерінде ұзақ жылдар бойы кеңінен қолданылып келген ол оқулықтардың мынадай кемшіліктері де болды:

1. Одақтас республикалардағы ұлт мектептерінің өзіне тән ерекшеліктері ескерілмеді.

2. Ұлт мектептеріндегі оқушылардың ана тілінің ерекшеліктері ескерілмеді.

3. Оқулықтардың сабақтарға берілген тапсырмалары және олардың берілу сипаты бірыңғай болды. Көбінесе нақты фактілерді айтуды, сұраққа жауап беруді талап етті. Оқушылардың ойлау қызметін, өз пікірін, көзқарасын, ойын білдіруге арналған және оларды коммуникацияға жетелейтін шығармашылық тапсырмалар аз болды.

4. Оқушыларды өзі алған білімін түрлі жағдайларда өзгертіп, түрлендіріп, шығармашылықпен қолдана алуға икемдеуге арналған, оларды өздері тілін үйреніп жатқан шет елде бар түрлі құжаттармен, сызбалармен, кестелермен т.б. жұмыс істеуге бағыттайтын тапсырмалар аз болды.

5. Мектептерге арналған барлық шетел тілі пәнінің оқулықтары мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендер түрлі-түсті болмады.

6. Оқулықтардағы берілген материалдардың мазмұнына, оларды қалай дұрыс оқытуға баса назар аударылып, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың дизайнына, материалдардың балалар үшін тартымды әрі қызықтырарлықтай болуына, көркемдеу, безендіру жағына жете көңіл бөлінбеді.

Осы аталған кемшіліктер Кеңес Одағы кезіндегі басқа да пән оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына тән болатын. Ол кездегі оқулықтар мен оқу-құралдары көркемдік жағынан кемшін түскендерімен де, оқыту ісінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі нашар болды деп айту әділетсіздік болар еді.

Коммунистік партия мен Кеңес Үкіметінің жіті қадағалап, үнемі мектеп мәселесін зерттеуді білім беру орындарының алдына мақсат етіп тапсырып отырған міндеттеріне сәйкес оқулықтарға қойылатын талаптар да күрделеніп отырды. Оқулық мәтінінің негізгі, қосымша, түсіндіруші болып берілуі және мәтіннен басқа компоненттердің: оқу материалын меңгеру аппараты, иллюстративтік материалдар, бағыт беруші материалдардың қажеттігі дәлелденді. Оқулықтың білімді меңгертудегі қызметіне, оқушыларда білімді өздігінен меңгеру ынтасын қалыптастыруға, оқытудың білімдік, тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға ерекше мән берілді.

Шетел тілдерін оқытудың ең негізгі мақсаты қазіргі қоғамдық, экономикалық, саяси жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының балаларына әлемдегі жаңа білім, ғылым ағымына сай білім беру болды. Сол себептен де шетел тілі пәндерінің оқулықтарын жазу барысында авторлар алдында мынадай міндеттер тұрды:

1. Оқулықтың мемлекеттік білім стандарты мен бағдарламаға сай болуы.

2. Оқулықтың материалдары қазіргі заманның ғылыми, техникалық жаңалықтарымен қамтамасыз етіліп, жаңа әдістеме негізінде жазылуы.

3. Әр пәннің өз оқылу, жазылу, теориялық үлгі заңдылықтарын сақтау.

4. Шетел тілі пәнінің тәрбиелік функциясын атқаруына көңіл бөлу.

5. Пәнаралық қарым-қатынастарды дұрыс іске асыру.

6. Берілетін материалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың қабілетіне қарай таңдап алу.

7. Оқулықтың мазмұнына қазіргі қоғамның өрісіне байланысты білім мен ғылым жаңалықтарын енгізу.

8. Оқулықтағы материалдарды еліміздің және шет елдердің соңғы жылдарда, тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жетістіктерін көрсетіп, шетел тыныс-тіршілігімен салыстыра отырып беру.

9. Мәдени, эстетикалық т.б тәрбие беру жақтарын ескеру.

10. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты жеке тапсырмалар беру арқылы білім деңгейін жетілдіруге, өз бетімен білім алуына көңіл бөлу.

11. Ізденіп оқу, ғылыми тұжырымдар жасап үйрету жолдарын көрсету, шығармашылық ынтасын қалыптастыру.

12. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдарының ең тиімді дегенін қолдану.

13. Отанына, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге, азаматтық, патриоттық сезімдерін оятуға арналған мәтіндерді дұрыс таңдап, оларды оқулықта жеңілден ауырға қарай ұстанымы бойынша беру.

Оқу материалдарының мазмұнына төмендегідей өзгерістер енгізілді:

а) Өмір талабына сай жаңа тақырыптар, тапсырмалар қосу, пәнаралық байланыстарды нығайту.

ә) Көкейкесті, маңызды мәдениетаралық коммуникацияға жетелейтін мәтіндерді көбірек беру.

б) Тақырыптарды сынып пен оқушылардың білім, білік деңгейлеріне сай реттеу.

Пәнді оқытудың әдістемесін жетілдіру барысында жаңа буын оқулықтарында төмендегі жайлар ескерілді:

а) Оқыту барысында грамматикалық және стилистикалық нормаларды, жүйелерді сақтау, оқу материалдарын оқушыға түсінікті етіп жеткізу.

б) Көрнекі құралдарды, суреттерді, тапсырмаларды жүйелі түрде алған білімдерін бекіту үшін анық етіп беру.

в) Сөздіктердің тақырыпқа сай болуын, сөздердің бірнеше мағынасының берілуін, зат есім, сын есім, етістік т.б. әрқайсысының аудармасын айқындау, қай кезде қалай қолданылатынын тексеру.

Осы жоғарыда келтірілген талаптар оқулықтарды жазу, байқау өткізу кезінде ескерілді. Ы. Алтынсарин атындағы оқулық мониторингі бөлімі жаңа идеялардың жүзеге асырылуын қадағалап, оқулық авторларымен бірге өздері анықтаған жайттарды талдап, нәтижесін қорытындылап, нақты көрсетіп отырды. Соның нәтижесінде авторлар оқулықтардың кейінгі басылымдарына түзетулер енгізді.

2001 жылы “Гуманитарлық пәндерді оқыту әдістері мен түрлерін жаңалаудың тенденцияларын анықтау” деген тақырып бойынша зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде жалпы орта білім беретін мектепке арналған шетел тілдерінің оқулықтары толықтырылып, әдістемелік нұсқаулар, мақалалар жарық көрді.

Дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тұжырымдамасының жобасы әуелі оқулықтың қандай оқушыға арнап жазылатынын, ондағы берілетін білім мазмұнын, негізгі оқулыққа қосымша оқу-әдістемелік кешен құрамын, оларға қойылатын талаптарын анықтады. Анығырақ айтқанда олардың педагогика жүйесіндегі ақпарат моделі болуы, оқу және өз бетімен оқудың дидактикалық жүйесін көрсетіп, оқу коммуникациясының құралы болуы қарастырылды. Оқу-әдістемелік кешендердің құрамы мен құрылымы, олардың жеке бөліктері, олардағы материалдардың атқаратын қызметі (ақпаратты, тексерушілік, бағдарламалық т.б. оқу нормативтік), сондай-ақ, бекіту, пысықтау, өзін-өзі тексеру, тәрбиелік тұрғыда жетілдіру сияқты негізгі мәселелерді қамтыды.

Оқулықтың дидактикалық ядро ретіндегі атқаратын қызметі, міндеті (үйлестіру, жүйелеушілік, ақпараттық, пысықтаушылық әрі өзін-өзі тексерушілік, өз бетімен білім алушылық, интеграциялық, тәрбиелік жетілдіру) нақтыланды. Оқулықтың атқаратын басты қызметіне сай ұстаным түрлері (ғылымилығы, жүйесінің нақтылығы, мазмұнының, іс-әрекетінің

бірлігі т.б.), құрылымы жағынан нақты болуы және де материалдардың (мәтіндердің, мәтіннен тыс материалдардың, көрнекілік, безендірілу жағы) берілуі, оқулықтың оқушыларды оқуға, білім алуға қызықтыру қызметі, берілетін ғылыми ақпараттардың, білім көзінің толықтығы, олардың берілу тәртібі талданып, анықталды.

2002 жылы “Білім стандарты талаптарын жүзеге асыру жағдайында гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісін оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету” тақырыбы бойынша жұмыс атқарылып, нәтижесінде шетел тілі пәндерінен оқулықтар, дидактикалық құралдар мен оқу-әдістемелік кешендер жарық көрді.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындауда біз ілгеріде аталған мемлекеттік білім стандарты мен бағдарламаларда көрсетілген ұстанымдар басшылыққа алынды.

Жалпы білім беретін мектептердегі шетел тілі пәндерінің бағдарламаларында оқыту мақсатын, міндеттерін, талаптарын ескере отырып оқулықтарға мынадай жаңалықтар енгізілді:

- 1.Базалық курстарда үйретілетін лексика көлемі өзгертілді.
2. Елтану материалдарына ерекше мән берілді.
- 3.Оқу, жазу, тындап түсіну және сөйлеудегі талаптар жаңартылды.
- 4.Білім мазмұны деңгейлеп берілді.
- 5.Жаңа тақырыптар енгізілді.

Тілдерді оқу үрдісінің жүйелілігін, коммуникативтілігін қамтамасыз етуде оқу-әдістемелік кешендер, техникалық құралдар т.б. маңызды рөл атқарады. Оқулық ел мен елдің мәдениеті мен тілі арасындағы жалғастырушы көпір болып табылатындықтан, оқу-әдістемелік кешендегі мәтіндер, көрсетуге арналған ақпарат хабарлар, мәліметтер бар құралдар, мағлұматтар аутентті болуына мән берілді. Мәтіндегі тілдік материалдардың коммуникативтік тұрғыда ұсынылып, тыныс-тіршілік аумағында жиі, көп қолданылуы негізгі критерий ретінде белгіленді.

Оқу-әдістемелік кешендерде оқыту үдерісі жүйеленіп, сөз, сөйлеу біліктілігінің оң қалыптасуына ыңғайландырылып, материалдардың қайталануын қамтамасыз ете отырып, оқу

нәтижесін бақылаудың түрлері мен құралдары қамтылды. Егер мұғалім оқулық материалдарына шығармашылық тұрғыда қарайтын болса, онда ол оқулықтағы мәтіндерді, тапсырмаларды т.б. бағдарлама мен оқулықтарда көрсетілген тілдік және семантикалық прогрессияны ескере отырып жұмыс істегені жөн деген тұжырым жасалды.

Барлық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мектепте сабақ беріп жүрген тәжірибелі мұғалімдер мен ғалым-мамандардың бірлесе қызмет атқаруының нәтижесінде жылдан-жылға жақсарып, толығып, жетілдіріліп келеді.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының барысында шетел тілі пәндерінің білім мазмұнын жаңалаудың теориялық және практикалық жақтары талданып, шетел тілінен білім берудегі толықтырылған білім стандарты мен бағдарламаларының алар орны, атқарар рөлі анықталды. Осы орайда оқытуға қойылатын жаңа талаптар, олар арқылы шетел тілін меңгеру үшін оқушыларға жасалатын мүмкіндіктер, дәстүрлі және жаңа тәсілдермен толықтырылған оқытудың тиімді әдістері қарастырылды. Жалпы білім беретін мектептердегі шетел тілі пәндерінің оқу бағдарламалары дайындалды.

Зерттеу жұмысына жасалған талдаулар жоғарыда көрсетілген жұмыстардың білім сапасын арттыру, толықтыру, жақсарту ісіне тікелей әсер ететінін көрсетті.

Республика мектептерінде шетел тілі пәндерін оқытудың құралдары мен әдіс-тәсілдері соңғы жылдары қолға алынып жатқандықтан, шетел тілін оқыту проблемаларын зерттеу ісі әлі де тереңдете қарастыруды қажет етіп отырғаны анық.

Кей мектептерде оқулықтар бір сыныпқа толық жетпейтіндіктен, өздеріне келген оқулықтарды басқа мектептерге беріп, оқулық бір сынып оқушыларына түгел жететін етіп, байқау жұмыстарын жүргізді. Ең басты қиындық – жаңа буын оқулықтарының, әдістемелік нұсқауларының, қосымша кешендерінің дер кезінде баспадан оқулықпен бірге шықпай қалғаны болды. Оқулықтардағы кейбір тапсырмалар қосымша хрестоматиямен немесе қосымша дәптермен және т.б. байланысты болғандықтан, мұғалімдер ол тапсырмаларды өз



денгейінде бере алмай отырғаны байқалды. Сондай-ақ, автордың ойын, қандай әдіс - тәсілді қолданып сабақты өткізу, түрлендіру керектігін жете түсінбеген мектеп мұғалімдері кей кезде оқулық туралы жаңсақ пікір білдірген кездері де болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев интеллигенция өкілдерімен, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерімен, идеологиялық активпен өткізілген кездесулерде үнемі білім беру, жас ұрпақ тәрбиесі, білім көтеру мәселелеріне айрықша назар аударып отырады. Мектеп мұғалімдерінің өздігінен кәсіби біліктілігін көтеруге ғана емес, саяси-идеялық білімін шыңдауға, күнделікті баспасөз материалдарымен бірге көркем кітаптарды жүйелі әрі жоспарлы оқуға ұмтылысын арттыруы білім беру ісіне оң ықпал етуі тиіс. Мұғалімнің жеке басының күнделікті жаңалықтардан, республикада немесе әлемде, әр халық өмірінде болып жатқан өзгерістерден хабардар болып отыруға құштарлығы оның алдынан дәріс алатын шәкірттерінің мектептегі бағдарламалық білім көлемімен шектелмей, саяси ой-өрісін, оқу аясын үнемі кеңейте түсуге талаптануына тікелей әсер етеді. Бұл орайда, әсіресе, көркем әдебиет туындыларының жас адамның жеке басының, оның адамгершілік қасиеттерінің, дүниетанымының, қоғамдық белсенділігінің қалыптасуына және одан әрі саяси-идеялық көзқарастарының да жан-жақты дамуына ықпалы орасан. Міне, сондықтан да мұғалімдер қауымы оқушы жастардың өздігінен білім көтеру дағдыларын қалыптастыруда олардың көркем әдебиет шығармаларын оқуға қызығуының бірте-бірте рухани қажеттілікке айналуына айрықша назар аударулары керек. Бұл үшін мұғалімнің өзі көп оқуы керек. Сонда ғана ол өзінің алдында отырған шәкірттерінің, оқушы жастардың кітап оқуға, көп білуге, көп нәрседен хабардар болуға ынта-ықыласын оята алады.

Кітап оқу, күнделікті баспасөз материалдарымен тұрақты танысу көп күш-жігерді қажет етеді. Өздігінен білім көтеруге, оқуға құштарлық бала кезден қалыптасқан жағдайда ғана өмірлік дағдыға айналып, рухани байлықтың мәңгілік сарқылмайтын қайнар бастауынан еркін сусындауға жол ашылады.

Жас ұланның отбасы аясында көркем кітап оқуға қызығуының қалыптасуына педагогикалық ықпал жасау, мектеп табалдырығынан аттаған күннен бастап кітап оқуға қызығуының тереңдей түсуіне жетелеу – мұғалім мен тәрбиешінің қоғам алдындағы биік жауапкершілігіне, азаматтық парызына адалдығын айқындайтын басты міндеттің бірі.

Ал егер мұғалім өзі оқымаса, күнделікті баспасөз материалдарымен танысып отыруға, кітап оқуға, институт қабырғасында алған білімін байытуға, молайтуға уақыт таппай, жалқаулыққа бой алдырса, қалай болады? Мұндай мұғалімдер жоқ емес, бар. Олардың кейбіреуі тіпті уақыт арнап көркем кітап оқуды, газет-журнал материалдарына зер салуды қажет деп санамайды. Көбінесе, әр ортадан естігенді, теледидардан көргендерін қанағат тұтады. Ал мектепте өзі жүргізетін пән бойынша білім беруде оқулықтан, бағдарламадан аспайды. Мұндай мұғалімдер өз бетімен білім көтеруді, көбінесе арнаулы әдістемелік әдбиеттерді оқу деп қана түсінеді. Сабақ барысында оқыту үдерісінде, сыныптан тыс жұмыстарда негізінен, бағдарламалық материалдарға сүйеніп, қолда бар техникалық құралдар көмегімен кесте, плакат, сурет сияқты дәстүрлі қосымша құралдар қолданумен шектеледі. Мұның бәрі оқушы жастарға оқулық көлемімен шектелетін бағдарламалық білім деңгейін меңгертуге ғана көмектеседі. Шектеулі білім жас талаптың ұшқыр қиялына қанат бітіріп, қабілеті мен талантын дамытуға тұғыр бола алмайтыны анық. Оқулықпен шектелген білім жас адамның теориялық білімін күнделікті өмірмен, практикамен ұштастыру, өз бетімен ойлану, өздігінен іздену мүмкіндігін де шектейді. Өйткені жалпы білім негізі күнделікті өмірде болып жатқан жаңалықтармен, өзгерістермен, адамзат баласының ақыл-ой жетістіктерімен тығыз байланыста, сабақтастықта қарастырылып, нақтылы мысалдармен, көркем шығармалармен байытыла түскенде ғана диалектикалық күш-қуатқа ие болып, жас адамның бойында жаңалыққа құштарлық сезімін ұялатып, білген үстіне біле түсуге, білімін тереңдете түсуге жетелейді. Білімнің осындай мол күш-қуаты, қайнар бұлағы, сарқылмайтын көзі – кітапта, қазіргі қайта құру кезеңінде жаңаша ажар-бедерімен өлшеусіз беделге ие болып

отырған күнделікті басылым беттерінде, газет-журналдарда. Мектеп ұстаздары өз беделдеріне көлеңке түсіретін келеңсіздіктердің қандайына болсын жол бермеуі тиіс. Мұғалімдер қауымы үшін көркем әдебиет туындыларын оқу, күнделікті баспасөз материалдарымен жүйелі танысып отыру қаншалықты маңызды екенін өмір өзі дәлелдеп отыр. Мұғалім өзі оқумен шектелмей, шәкіртінің де жасы өскен сайын кітап оқуға қызыға, құмарта түсуіне ықпал етіп қана қоймай, басшылық жасай білуі керек. Бұл үшін, әрине, мұғалімнің өзі көп оқуы қажет. Мерзімді басылым материалдарымен күнделікті танысып, оқып отыруы міндетті. Мұнсыз өзінді өмірден шектеп қалғандай сезініп, қоғамдық қайнаған өмір ағысы бағытынан ажырап, артта қалуың мүмкін. Қайта құру, демократия, жариялылық бүгінгі күні газет-журналдар материалдарын түрлендіре түсті, мазмұн өрісін, тақырыбын байытты. Бұл оқырманның білгісі келген мәселесі жөнінде оқу мүмкіндігін кеңейтті.

Жаңашыл педагогтің екінші кезекте міндетті оқитын әдебиеті – көркем туындылар. Көркем әдебиет туындыларын оқымайтын мұғалім өзінің рухани тоқырауға ұшырағанын білмей де қалуы мүмкін. Ой тоқырауы – мұғалімнің ізденіс мүмкіндігін, шығармашылық еңбек шабытын бұғаулайды. Сондықтан да көркем кітап оқымаған күндері бір шаруасы бітпей қалғандай болып жүретін ұстаздар – өмірге бейжай қарай алмайтын жандар. Өмірдегі жақсылық үшін күресу, қоғамда болып жатқан өзгерістерді терең түсіну, оған өзіндік үлес қосуға ұмтылу – мазасыз ой құшағында жүретін адамдарға ортақ қасиет.

Мазасыз ойдың дауасы – кітапта. Сондай-ақ міндетті түрде оқылуы тиіс кітаптар – мамандық бойынша жазылған әдебиеттер. Бұл кітаптар ұстаздың танымдық өмірінің, кәсіби біліктілігін шыңдаудың негізін қалайды. Бүкіл дүние жүзі халықтарының ортақ қазынасына, игілігіне айналған классикалық мұра туындыларыңыз педагогика өмір сүре алмайды. Ғылыми еңбектерді, классикалық шығармаларды оқуда нені және қалай оқуды білу керек. Жүйесіз оқу – жоспарсыз, ойланбай қолға алынған іс сияқты. Әрине, көркем

әдебиет туындыларымен, газет-журнал материалдарымен салыстыра қарағанда ғылыми еңбекті оқу көп күш-жігерді ғана емес, ең бастысы, білімді болуды, білімді сүюді қажет етеді. Білім негізі мол адам оны тереңдете түсуге ұмтылады. Ғылыми әдебиетті оқуға қажеттілік осындай ұмтылыстан туады. Өз ісін сүйетін, шәкірттерін сүйетін ұстаз ешуақытта білгенімен шектелмейді, білген үстіне білуге ұмтылады. Шығармашылық ізденіс осындай талпыныстан туады. Сондықтан да жаңашыл ұстаздың педагогика саласындағы, жас ұрпаққа білім, тәрбие берудегі озық іс-тәжірбиесі ғана емес, оның кәсіби білім көтерудегі ізденіс тәсілі, кітап оқудағы жұмыс жүйесі – баршаға үлгі-өнеге.

Мұғалім – маман ретінде өзінің жеке басының өсу, даму үдерісіне ғана емес, шәкірттерінің көркем кітап оқуға, дүниеде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отыруға ынтасын оятуға, қызығуын қалыптастыруға тиісті адам. Онымен де шектелмей, шығарма оқиғасы, кейіпкерлерінің іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы автордың айтар ойын, оқырманға ұсынатын идеясын терең сезініп, түсініп оқуға бастайтын адам. Осы мақсатты көздеп жазылған “Оқу кітаптары” оқу бағдарламасына енгізілген немесе сыныптан тыс оқуға ұсынылған ақын-жазушылар туындыларын оқушыларға оқытуды ғана емес, поэзиялық және прозалық көркемдік ой бейнелеулері көмегімен олардың қабілет көзін ашуды, талантын тәрбиелеуді, сөз өнері тұнығынан сусындатып, сөз қадірін бағалауға баулуды мақсат тұтады.

Көп мұғалімдер дәстүрлі оқырмандар конференциясын ұйымдастыру, өткізу әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы оқушы жастардың көркем кітап әлемі қызықтары мен тылсым құпияларын білуге қызығуын оятуға, қиял қанатын ұштауға, ой қабілетін дамытуға ұмтылады. Алдыңғы қатарлы ұстаздар оқырмандар конференциясын мұғалімдер мен оқушылардың ғана емес, ата-аналардың, еңбекші жұртшылықтың қатысуымен өтетін өнер кештеріне, көркем шығарма мазмұнынан өрбитін ән, күй туралы, қарым-қатынас мәдениеті туралы әңгіме, пікір алысу деңгейіне көтеруге жетуде. Мысалы, осындай игі істер Алматы қаласының №18, №68, №159 т.б. мектеп-

гимназияларында үнемі ұйымдастырылып тұрады. Мектеп ісінде терең тамыр ала бастаған жаңашылдыққа, жаңалыққа бетбұрыс оқушы жастарды көркем кітапты сүйеге баулуды, газет-журнал, кітап оқу олардың рухани өсу көзіне айналуына ықпал етуді көздейтін іс-шаралар жүйесінен де кең көрініс табады. Мәселен, бірқатар мектептерде оқушы жастардың кітап жөніндегі сұранымымен зерттеу жұмысын жоспарлы жүргізу қолға алынуда. Мұндай жұмыс мұғалімдерге, сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге оқушы жастардың қандай көркем шығарманы оқығысы келетінін немесе нақтылы қай ақын-жазушының шығармасымен тереңірек танысқысы келетінін анықтауға ғана емес, жеке оқушылардың көркем әдебиет туындыларына қаншалықты мән беретінін, қалай оқитынын, күн режимінен қандай орын беретінін бағдарлауға да көмектеседі.

Мұғалімдер жергілікті жерлерде сұраным көп кейбір шығармалардың табыла бермейтініне қынжылыс білдіреді. Бірқатар мектеп ұжымдары бұл тұйықтан шығудың жолын табу мақсатында жергілікті жерлердегі сауда орындарымен, кітап дүкендерімен тығыз байланыс орнықтыруға талпынуда.

Кейбір мектептерде жеке сынып кітапханаларын ұйымдастыру ісі едәуір жақсы нәтижеге ие болуда. Ұстаздар бұл жұмыста шәкірттерінің ұйымдастырушылық қабілеттеріне, белсенділік көрсетулеріне кең жол ашуда. Бұл орайда, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің ата-аналармен ынтымақтаса жүргізген жұмыстары жақсы бастаманың кең қолдау табуына игі ықпал етуде. Сынып кітапханасы қоры оқушылар үйлерінен әкелген бір-бір кітаптан құралады. Сынып кітапханашысы да оқушылардан белгілі бір мерзімге сайланып қойылады. Кітап тізімі, кітапхана жұмысы, кітап қозғалысы бөлек-бөлек жазылады. Оқушылар белсенділігіне негізделген мұндай жұмыс түрлері балалардың көркем әдебиет оқуға қызығуын тәрбиелеумен бірге, сөз жоқ, оларды өзін-өзі басқара білуге де үйретеді. Кітап– білімнің, ғылымның қайнар бастауы. Ол жасқа да, үлкенге де ортақ – рухани қазына. Оқушылардың осындай көркем шығармаларды оқу арқылы тілін дамытудың деңгейін анықтау мақсатында кездескен кемшіліктер мен

қиындықтарға қарамастан байқау жұмыстары жүргізілді. Оқулық авторлары мұғалімдердің пікірлерін ескере отырып түзетулер ендіردі.

Жаңа оқулықтармен мектепте шетел тілі оқытыла бастағаннан-ақ ғалым-авторлар оқытылу жайын зерттеуге, оң тәжірибені жинақтап қорытуға, мұғалімдерге нақты көмек беру мақсатына сәйкес ғылыми-әдістемелік мақалаларын жариялап келеді. Сондай-ақ, оқулық авторлары облыстық, қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында мұғалімдерге жаңа оқулықтарды тиімді түрде қолдану, әдістемені дұрыс пайдалану арқылы сабақты тиімді, тартымды ету барысында лекциялар, баяндамалар оқып жүр. Сабақтардың әдістемелік жоспарларын, мұғалімдерге нақты көмек боларлық әдіс-тәсілдерді түсіндіріп қана қоймай, олар практика жүзінде түрлі үлгі сабақтар да береді. Бұл орайда шәкірттерді шетел тілінде коммуникацияға үйрету, ауызша баяндаудың әдіс, тәсілдерін қолдану жолдары, тарихи құжаттарды іріктеу және оларды пайдалану әдістемесі, көрнекі құралдарды дайындау, дұрыс пайдалану, білім мен біліктерді қалыптастыру үдерісіндегі материалдардың оқушыларға тәрбие беру мүмкіндігіне т.б. назар аударылды.

Оқулықтарға қосымша жазылған мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқауларда авторлар ұсынған сабақ жоспарлары бірнеше түрлі нұсқада жасалды, олар мұғалімдерге оқулық материалдарын шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік береді. Мектеп мұғалімдері өз бетімен шығармашылық түрде еркін пайдалануын шектемеу жағын да оқулық авторлары әдістемелік нұсқауды дайындау барысында ескерді. Әдістемелік нұсқауларда және сабақтардағы материалдарда қосымша ретінде берілген “Bunte Ecke” бөлігіндегі материалдарды, көрнекі құралдарды т.б. мұғалімдердің өздері таңдап алып, сабақтың білімдік, тәрбиелік міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруының жолдары көрсетілген. Сондай-ақ, оларда оқыту әдістемесіне соңғы жылдары ендірілген жаңалықтарды, технологияларды, білік, дағдыларды қалыптастыру әдіс-тәсілдеріне баса назар аударылды.

2000-2002 жылдар ішінде ізденуші құзырлы институттар мен Білім және ғылым министрлігінде болған білім беру мәселесіне қатысты мәжілістерге, семинарларға, ғылыми кеңестерге үнемі қатысумен қоса Ұлыбритания Кеңесіндегі және Германияның Гете атындағы институттың, АҚШ, Египет, Франция, Иран елшілігінің білім жөніндегі кеңесшілерімен, Россия, Австралия, Финляндия т.б. елдер ғылымдарымен қоян-қолтық жұмыс істеп келеді. Олардың білім мазмұны, жалпы шетел тілдерін оқытудағы ғылым жаңалықтары бойынша берген кеңестері мен пікірлері жұмыстарды даярлауда ескерілуде. Зерттеу жұмысы барысында қазақ тілі мен әдебиетін, орыс тілі мен әдебиетін, ұйғыр тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламаларын, оқулықтарын т.б. жобаларын талқылауға атсалысып, өз жұмысымызға ғылыми тұрғыда сын көзбен қарап, өзге еңбектерде бар-ау деген кемшілікті қайталамауға іс-шаралар қолданылды.

Оқушылардың талап-тілегін, бейімін, танымдық мүмкіндіктерін ескеретін мектептің жаңа моделін жасау оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесін: мақсатын, мазмұнын, формасын, әдістерін, құралдарын, демек оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін де (ОӘК) өзгертуді талап етті. Осыған байланысты республика Үкіметінің қаулысы орындалып, тәуелсіз Қазақстанның он жылдығы қарсаңында негізгі мектептегі пәндер бойынша жаңа буын оқулықтары мен ОӘК жарыққа шықты.

Қорыта келгенде, жаңа буын оқулықтарының ерекшеліктері ретінде мыналарды атауға болады:

– білім мазмұны мен құрылымын анықтауда білім берудің жаңа парадигмасы, дамыта оқыту бағыттарының басым болуымен ерекшеленеді;

– мұғалім мен оқушының оқу қызметін нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттейтін Мемлекеттік стандартқа пәннің ауқымында белгіленген білім мазмұны толық сай келеді;

– оқу пәндерінің білім мазмұнында республиканың аймақтық, этномәдени, табиғи, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық ерекшеліктері ескерілген;

– оқытуды ең түпкі нәтижесінде оқушы меңгеретін жалаң білімдер жиынтығына ғана емес, тұлғаның мүддесін, оның бейімділігі мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың дербес әрекет ете алу дағдыларын дамытуға бағыт ұстанады;

– оқу материалдары мазмұнының әр түрлі деңгейде болуының өзі оқушылардың білім мен біліктерді берік меңгеруін қамтамасыз етеді.

Жалпы орта білім беру жүйесін дамытуда тәуелсіздік жылдары бір қатар қиындықтар мен кемшіліктердің болғанына қарамастан, тұтастай алғанда орта білім беру саласында ұйымдастырылған іс-шаралар мен жұмсалған күш-жігерге лайық білім саласы дұрыс дамыды деуге негіз бар. Оның нәтижесі ретінде төмендегілерді айрықша атап айтуға болады:

1.Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы (бұрынғы және жаңа нұсқаулары) қабылданды.

2.Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланғандай жалпыға бірдей тегін әрі міндетті орта білім алу жүзеге асты.

3.Орта білімнің Мемлекеттік стандарты жасалды.

4.Жалпы білім беретін орта мектепке арналған жаңа буын оқулықтары дайындалды.

Орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы Президент бағдарламасы және басқа да бағдарламалар жүзеге асты. Жоғарыда аталған мәселелердің қай-қайсысы да жаңа кезеңдегі шетел тілін оқыту үдерісіндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді ел тәуелсіздігі мен егемендігінің нәтижесінде туған ең бір шешуші қадам, болашақ ұрпақ үшін жасалған аманат-дәстүр деп қабылдау ләзім.

### **3.6 Оқулықтардағы білім беру үдерісі барысында тәрбие беру мәселесі**

Шетел тілін үйрету барысында білім бере отырып тәрбие беру мақсаты қоса іске асады. "Тілді оқыту үдерісінде тәрбие беру арқылы баланың ақыл-ойы мен адамгершілік-этикалық қабілеттері қалыптастырылады. Сондай-ақ шетел тілін



оқытудың балаларға саяси-идеялық тәрбие беру мен олардың мінез-құлықтарына да тигізер ықпалы ерекше.

Әр сабақта берілетін материалдар арқылы балаларды ойлануға, өз бетімен іс-әрекет етуге, білім алуға т.б. дағдыландыру көзделеді. Жас жеткіншіктер мәтіндермен жұмыс істеу, аудармалар мен түрлі жаттығуларды жасау барысында ұқыптылыққа, қиындықты жеңе алуға үйренеді. Сонымен қатар білім және тәрбие беру шетел тілін практика жүзінде меңгеруде қатар іске асады.

Сабақ жоспарлары әр сыныптағы тақырыптар ауқымында негізгі оқулыққа қосымша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқауда берілді.

Білім мен тәрбиенің өзара ұштасуын балаларға ұсынылған оқу тақырыптары бойынша анықтауға да болады. Оқулықтарда шәкірттердің отбасы, мектебі, тұратын жері, елі, күнделікті өзін қоршаған өміріне байланысты уақыт пен заман талабына сай тақырыптар қамтылды.

Оқулықтарда білім беру мен тәрбие беру мақсаты үнемі қатар берілді.

Оқулықтарға қосымша құрал ретінде арнайы жазылған әдістемелік нұсқаулар мұғалімдерге жеткіншек ұрпақты жаңа заман талабына сай тәрбиелеу, шетел тілін неғұрлым ұтымды үйрету және оқулықпен жұмыс істеуге жәрдемдесу мақсатымен дайындалады. Әдістемеліктің негізгі мазмұны – оқушылардың тыңдап түсіну, монолог пен диалог түрінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын ауызша және жазбаша жеткізу әдіс-тәсілдерін қарастырудан тұрады.

Мұғалім жаңа сабақты өткен сабақпен байланыстыра отырып түсіндіреді. Мұндай әдіс жаңа сөздерді есте сақтау, сөз қорын молайту, сөйлеу дағдысы мен іскерліктерін қалыптастыруға аса пайдалы.

Әрбір сабақ жаттығулар мен тапсырмалар арқылы тиянақталып, коммуникативтік тәсілдер арқылы оқушылардың ережелерді өздері қорытындылауын, өз пікірлерін жеткізе білуін, мәселелерді шешуін және орындауын көздейді.

Әдетте, оқулықта грамматикалық материалдар мен басқа тілдерден енген кірме сөздер кездеседі. Мұнымен үздіксіз

жұмыс жүргізуде мұғалім көбінесе дедуктивті тәсілді қолданады. Әр сабақта коммуникативтік, білімдік, тәрбиелік және дамыту мақсаттары жүзеге асырылады. Олар тақырыптық жоспарда атап көрсетілген.

Берілген әдістемелік нұсқауларға мұғалім сабақ барысында оқушылардың қабілеттеріне лайықтап, өзгеріс енгізіп, шығармашылықпен жұмыс істеулеріне болатынын авторлар А.Т.Аяпова, А.К.Артықбаева, Б.Б.Әбдіғалиева, Ұ.Б.Бәйгелова, Ш.Б.Бәйнеш, Д.Б.Ұқбаев, К.Ә.Ермекова т.б. мектеп мұғалімдерімен арнайы ұйымдастырылған республикалық, облыстық және қалалық білім жетілдіру курстарында, конференцияларда, жиналыстарда айтып, түсіндіріп, жүйелі жұмыс жүргізді.

Оқулықтарға қосымша әдістемелік құралдардың мақсаты – оқушылардың тыңдап түсіну, монологтік, диалогтік сөйлеу іскерліктерін дамыту, сөздік қорын молайту, шетел тілінде еркін пікірлесу, өз ойларын ауызша және жазбаша жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Оқу бағдарламасы бойынша шетел тілінен берілетін білім мазмұны жалпы орта білім беретін мектепте аптасына 2 сағатқа, жылына барлығы 68 сағатқа арналған. Оқулықтағы тақырыптар оқушылардың табиғат, өнер, ғылым салалары мен осы тілде сөйлейтін елдер туралы білімдерін тереңдетуге, коммуникативтік іс-әрекеттерін дамытуға көмектеседі. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралда әрбір тақырып бойынша тақырыптық жоспар және сабақ жүргізудің бірнеше үлгілері берілген. Бұл үлгі-жоспарларды мұғалімдер оқушылардың қабілетіне лайықтап, шығармашылық тұрғыдан пайдалануына болатындығы көрсетілді.

Сонымен, шетел тілін оқытудың басты мақсаттары күні бүгін жас жеткіншіктерге білім беру, жеке бас қабілеттерін жан-жақты жетілдіру, тәрбие беру және мәдениетаралық коммуникацияға дағдыландыру сипатындағы түрлі танымдық-тағылымдық жұмыстар арқылы жүзеге асырылып отырады.

Шетел тілін оқыту арқылы оқушыларға тәрбие беру мәселесі пәннің оқытылу тарихында қай кезеңнен бастау алып жатыр деген мәселені анықтау үшін оның пән ретінде қалыптасу

жолдары сараланды. Кеңес Одағы кезінде қолданыста болған оқу бағдарламалары мен мұғалімге арналған әдістемелік нұсқауларға, оқулықтарға мүмкіндігінше талдаулар жасалынды. Мысалы, КСРО Педагогикалық Ғылым Академиясының И.Л.Бим бастаған профессор -ғалымдары жасаған оқу-әдістемелік кешендерде бұл мәселеге нақты түрде көрсетілген. Мысалы, 1970 жылы жарияланған 7-сыныптың оқулығы бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқауда (Мұғалім кітабы) лексикалық тақырыптар беріліп, оқулықтың жүйесіне талдау жасалынған. Онда, негізінен, оқыту әдістемелері көрсетіліп, материалдарды түсіндіруді ұйымдастыру, жаттығулар жүйесі, қайталау жұмыстарына нұсқау берілген. Шетел тілін оқыту барысында білім беру үдерісі арқылы тәрбиелеу мәселесін Кеңес одағы кезінде А.А.Мироллюбовтың басқаруымен жетпісінші жылдардың ортасында В.А.Шляхова т.б. зерттеген болатын. Ал жетпісінші жылдардың басында шыққан оқулыққа әдістемелік нұсқауда тәрбие беру мәселесі қозғалмай, тек тіл үйрету жолдары қарастырылған. Орындалатын жұмыстар ауқымында сабақтың тәрбиелік жағына аса көп мән берілмеді.

Ал 1971 жылы шыққан 8 сыныпқа арналған әдістемелік нұсқауда тіл үйретудің мынадай құрылымдық-мазмұндық жүйесін меңгертуге назар аударылған:

1. Оқулық жүйесі.
2. Негізгі әдістемелік ереже.
3. Жаттығулар жүйесі.
4. Кейбір жұмыс түрлеріне түсініктемелер.
5. Оқушылардың өз бетінше істейтін жұмысын ұйымдастыру.
6. Үйде оқу сабағын ұйымдастыру.

Сабақтың бұл құрылымының ерекшелігін нақты мысалдармен дәйектеп айту үшін бірінші тоқсанда өтілетін сабақтардың жүйесін таныстыру қажет деп саналды.

Шетел тілін үйрете отырып балаға тәрбие беру мәселесі өткен жиырмамыншы ғасырдың сексенінші жылдарының басында Россияның "Просвещение" баспасынан шыққан негізгі

оқулықтарда, бағдарламаларда және әдістемелік нұсқауларда нақты көрсетілген.

Мысалы, Ресейдің 1990 жылы шыққан жалпы білім беретін мектепке арналған шетел тілін оқыту бағдарламасында пәнді оқыту барсында жүзеге асуы тиіс тәрбие берудің мақсаты нақты берілген:

«Иностранный язык как учебный предмет обладает большим потенциалом воспитательного и развивающего воздействия на учащихся. Это необходимо использовать для более полной реализации положений реформы школы о формировании марксистско-ленинского мировоззрения, совершенствования патриотического, интернационального, трудового, нравственного воспитания, умственного и эстетического развития учащихся средствами иностранного языка. В процессе обучения иностранному языку учащиеся воспитываются в духе уважения к другим народам; необходимо знакомить школьников с условиями жизни трудящихся разных стран, с их борьбой за свои политические и экономические права, на конкретных примерах их жизни нашей страны и зарубежных стран формировать у учащихся убежденность в необходимости мирного сосуществования государств с различным социальным строем, экономического и культурного сотрудничества.

1998 жылы Россия Федеративтік Жалпы және кәсіби білім беру министрлігі бекіткен "Шетел тілдерін тереңдетіп оқытуға арналған бағдарламасында" (авторлары Н.Д.Гальскова, О.Л.Захарова т.б.) оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіре отырып, оларды білім арқылы мәдениетті азамат болуға тәрбиелеу мақсаты қойылды.

1985 жылғы Ресейдің 9 сынып оқулығының әдістемелік құралы ретінде жарияланған "Мұғалім кітабында" мынадай жұмыс жүйесі ұсынылып, олардың аясында білім мен тәрбие беру қатар мақсат етіп қойылған:

1. Оқу-әдістемелік кешеннің жалпы сипаттамасы.
2. Жоғары сатыда оқытудың ерекшелігі.
3. Тілдік іс-әрекеттер мен олардың дамуына қойылатын талаптар.

4. Жаттығулардың негізгі түрлері.
5. Үйде оқуды ұйымдастыру.
6. Грамматикалық материалдармен істелетін жұмыс.
7. Тілдік жаттығуларды бақылау.

Қазақстан ғалымдары жасаған оқу бағдарламаларында шетел тілін оқыту үдерісінде оқушыларға тәрбие беру мақсаты үнемі ескеріліп отырды. Өйткені өзге елдің мәдениетін сыйлау, алдымен өз мәдениетін, елін, жұртын сыйлаудан басталады деген қағида бұл пәнді оқытудың өзегі етіп алынды. Мысалы, 1989 жылы Қазақстанның Халыққа Білім беру министрлігі (ҚазССР) бекіткен шетел тілін балабақшада тереңдетіп оқытуға арналған тұңғыш бағдарламасында балаларға тіл үйрету арқылы тәрбие беру ісі нақты көрсетілген. Бағдарламада балабақша бүлдіршіндеріне білім беру арқылы патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру мақсаты қойылған. Ал Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтында дайындалған 1991 жылғы "Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің V-XI кластарына арналған ағылшын, неміс және француз тілдері бағдарламасында" да шетел тілін оқытуда оқушылардың осы пән мазмұны арқылы тәрбиеленуі негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Онда білім мен тәрбиені кіріктіре отырып жүргізу көзделді.

1994 жылы "Рауан" баспасынан жарық көрген "Шетел тілдерін тереңдетіп оқытатын орта мектеп бағдарламаларында" тіл үйрету үдерісінде тәрбиені білім берумен қатар өрбітуге үлкен көңіл бөлінді.

Шетел тілін оқып-үйрену барысында оқушылардың өз бетінше ойлай білу, есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне, сезімі мен эмоциясының, дүниеге рухани және эстетикалық көзқарастары мен мінез-құлқының қалыптасуына, өз бетімен ізденіп, білімін көтеруге деген ұмтылыстарын дағдыға айналдыру көзделеді. Оқушылардың жан-жақты жетілген азамат болуына ықпал жасайтын тілдік материалмен жұмыс істеу нәтижесінде олар бір ойды білдірудің әр түрлі тілдік тәсілдерімен танысады. Оқушылардың өз ортасына байланысты мәселелерді талқылауы, халқымыздың қаһармандық тарихы бейнеленетін танымдық материалдарды оқыту арқылы оларды

еңбекті, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеуге болатыны көрсетілді.

Бағдарламада тілін оқып отырған елдің өмірімен, тарихымен, төл мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар интернационализм, халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді деп пән мақсатының айқын қойылуы да бұл жұмыстың сабақты оқыту үдерісінде үнемі ескерілуі тиіс бір талап ретінде белгіленгенін танытады.

Тәрбие беру мақсатына 1998 жылы "Республикалық баспа кабинетінен" шыққан бағдарламада да айтарлықтай кең ауқымды көңіл бөлінген болатын. Онда шетел тілін оқып, үйрену оқушылардың өз бетінше ойлау, есте сақтау қабілеттерінің жетілуіне, сезімі мен эмоциясының, дүниеге рухани және эстетикалық көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасуына, өз бетімен ізденіп білімін көтеруге деген ұмтылыстарын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауды мақсат ететіні оқытудың басым бағыты ретінде көрсетілген. Тілдік материалмен жұмыс істеу нәтижесінде оқушылар бір ойды білдірудің әр түрлі тілдік тәсілдерімен танысады.

Оқушылардың өз ортасына байланысты мәселелерді талқылауы, өзге халықтардың еңбегі, қызметі туралы мақалаларды, мәтіндерді оқыту оларды еңбекті, еңбек адамдарын құрметтеуге, интернационализмге тәрбиелеуге септігін тигізеді. Шәкірттер өздері тілін үйреніп жүрген елдердегі адамдардың өмірімен, тарихы мен мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен, салт-дәстүрлерімен танысу арқылы оқушылар халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді.

Білім беру барысында тәрбие беру шетел тілін оқытудың 1999 жылы "Рауан" баспасынан шыққан бағдарламасында да жан-жақты көрсетілген болатын.

Шетел тілін үйрету барысында балаларға білім бере отырып тәрбиелеу мәселесі төл жаңа буын бағдарламасында кеңінен қарастырылды. Мысалы, 2003 жылы "РОНД" баспасынан шыққан 5-7 сыныптардың бағдарламасында шетел

тілін оқыту мен тәрбие беру барлық жағынан: оқушылардың дүниетанымының, ой-өрісінің, жадының, сезімі мен эмоциясының, адамгершілік және эстетикалық көзқарастарының, мінез бітістерінің, өздігінен ары қарай білімін жетілдіруге деген қажеттіліктің дамуына септесуі тиіс екендігі, сондай-ақ тілдік материалмен және мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушылар ойды әр тілде түрлендіре беруге мүмкіндіктерін түсінетіні атап айтылды.

Оқушылардың жан-жақты дамуы және олардың тұлға ретінде тәрбиелі болып қалыптасуы үшін тілдік материалмен жұмыс істеу сипаты мен сөйлеу біліктілігінің елеулі мәні бар. Шетел тілдері құралдарымен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) және сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерімен қарулана отырып, оқушылар танымдық белсенділік, дербестілік көрсетуі, өз елінің тұрмыс-салтын, әдеп-ғұрпын т.б. шет елдікімен салыстырып, қорытынды жасай алуы маңызды болып табылады.

Ал 8 және 9 сыныпқа арналған 2004 жылғы бағдарламада: "Шет ел адамдарының өмірі, тарихы және мәдениетімен, тұрмыс жағдайымен танысу арқылы оқушылар халықтар достығын құрметтеу, оны терең сезіну рухында тәрбиеленеді", – деп интернациональдық тәрбие беруге баса назар аударылған.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясынан шыққан (бағдарлы мектеп) 10-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламасының талабы бойынша қарым -қатынас жасай білу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының жеке басына ерекше көңіл бөлінеді, яғни, оның өзін қоршаған әлемнің қарқынында өзінше әрекет етуі, өз шама-шарқын байқап көруі, өз бойындағы қасиеттерді жетілдіру, басқа ұлттар мен ұлыстардан тәлім-тәрбие жинақтау әрі оларды пайдаланып, қуаныш пен ренішті, халықтар достығын түйсіну т.б. сезімдерін тәрбиелеу іске асырылады.

Мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік, білім беру, жетілдіру мақсаттары төмендегідей бағытта нақтылана түсті:

– мамандық таңдауға оқушының саналы түрде қатынасы, өзінің болашақ мамандығында шетел тілдерін іс - жүзінде қолдана білу қажеттігін сезінуін тәрбиелеу;

– оқушының өз мамандығына қажетті жалпы мәдени ой - өрісін кеңейту;

– таным үдерісінде оқушының ойлауы, есте сақтауы, тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылымы саласына қызығушылығы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану білігін, сөйлеу мәдениетін дамыту;

– оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланысты өзара мәдени қарым - қатынас жасай білуге дайындау.

Шетел тілі пәндері мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Шетел тілі сабақтарының басты мақсаты – оқушылардың өз елінде, күнделікті өзін қоршаған ортада алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс-тіршілігінен хабардар болып, мағлұматтар алып, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге көмектесу. Шетел тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді. Шетел тілін үйрену сондай-ақ өз бетінше білім алуға, интермәдениет коммуникациясын бойына сіңіруге септігін тигізеді.

Шетел тілі пәнінің жоғары сыныптарындағы ең басты міндеті – шәкірттердің тілдік қарым-қатынас жасай алу, мәдениетаралық коммуникацияға қажетті біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының танымдық қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағытта оқушының өзін қоршаған әлемнің қарқынына сай әрекет етуі, шама -шарқын байқап көруі, өз бойындағы қасиеттерді жетілдіруі, басқа ұлттар мен ұлыстардан тәлім тәрбие жинақтауы әрі оларды пайдаланып, қуаныш пен ренішті, халықтар достығын түйсінуді т.б. іске асырылады. Осы



орайда тілдік қарым-қатынас жасау (коммуникация) біліктілігі төмендегідей әлеуметтік-мәдени мазмұнда жүзеге асады:

- өзінің және өзге елдің мәдениетін танып білу,
- өз елін және шетел әлемін жан-жақты саралау, білу, зерттеу, бағалы жақтарын талдау;
- этнографиялық жағдайларды оқып білу сияқты мәселелер әлеуметтік мазмұнды қамтиды.

Сонымен, шетел тілін оқыту үдерісінде білім мен тәрбиенің өзара бірлікте жүруінің тарихы мен қалыптасу жолдарын талдай келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Қазақстан егемендігін алғаннан кейінгі кезеңде мектепте шетел тілдері жүйелі түрде әрі жаңа бағытта оқытыла бастады. Оған дәлел пәнді оқытудың ғылыми-дидактикалық негіздері қаланып, білім беру тұжырымдамасы, стандарты, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендері толық жазылып, мектеп құзырына ұсынылуы.

2. Қазіргі таңда Қазақстанда шетел тілі пәндерін мектепте оқыту әдістемесі жан-жақты ғылыми түрде зерттеліп отыр. Зерттеу қорытындылары қазақ тілді мектептерде шетел тілдерін оқытудың әлі де болса тереңдете тануды қажет ететін тың жатқан проблемалары көп екендігін көрсетуде.

3. Болашақта шетел тілі пәндеріне сағат санын көбейту мәселесі қайтадан қаралуы тиіс. Өйткені бұл пәннен тиянақты білім беруге қазіргі базалық білім жоспарында көрсетілген апталық сағат сандары аздық етеді. Оқытуға берілетін сағат санын көбейтуге республика мектептерінде оқытылатын пәндер санының көп болуы кедергі болып отырғанын ескерген жөн.

4. Пән мұғалімдері мен осы тіл саласын зерттеуші ғалымдар шетел тілінің қаншалықты қажет екендігін жақсы түсініп отыр, бірақ республиканың білім саласын басқарып отырған жауапты мамандар, өкінішке орай, әлі де болса ағылшын тіліне басымдылық беріп, әлемнің басқа тілдерін оқытуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлмей отыр. Ел егемендігімен ілесе келген оң өзгерістерге байланысты шетел тілдерін оқытудың тұжырымдамасын, білім стандартын, оқу бағдарламаларын, бесінші - он бірінші сыныптарға арналған төл оқулықтарды республика мектептері алып, пайдалануда.

Оларды жазуға мектеп мұғалімдері мен әдіскер-ғалымдар қатысты.

5. Шетел тілі пәніне арналған оқулықтар мен оқу құралдарына ғылыми-әдістемелік тұрғыда жасалған талдаулар республикамыздағы жаңа буын оқулықтарын әлі де болса жақсарту, жетілдіру қажет екендігін көрсетіп отыр. Оқулықтар, бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер шетел тілін оқыту әдістемесі саласындағы соңғы жылдардағы зерттеулердің оң, тиімді деген жақтарын, біздің республикалық білім саласының ерекшеліктеріне сай келетіндерін ала отырып толықтырылуда және де бұл үнемі жалғаса беретін, осы зерттеу ауқымымен шектелмейтін, ұзақ мерзімді, тоқтаусыз, прогрессивті мәселе екендігі даусыз.

6. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында пәнді оқытуды жаңа сапаға көтеретін ғылыми-әдістемелік мәселелер шешімін тапты:

- негізгі тірек ұғымдар мен олардың анықтамасы ғылыми-теориялық категориялар ретінде нақтыланды, олар мектептік білімнің базалық мазмұнының құрамы мен құрылымына және оқушы дайындығының деңгейлеріне қойылатын талаптардың бірлігін анықтауға негіз болды;

- жалпы білім мекемелерінің әр сатысындағы білімнің базалық ауқымын реттейтін талаптар бекітілді;

- оқушылар мен білім мекемелерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін талаптар бекітілді;

- оқу жүктемесі көлемін және оларды білім мазмұнының тұрақты және жылжымалы бөліктеріне бөлуді реттейтін талаптар бекітілді;

- мектептің бастауыш, негізгі және жоғары сатыларына арналған базистік оқу жоспары жасалды;

- шетел тілін үйрету барысында білім мазмұны арқылы оқушыларға тәрбие беру бағдары көрсетілді;

- шетел тілі пәніне дәріс беретін мұғалімдерге қойылатын нақты талап берілді.

7. Жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілі пәндерін оқыту бағдарламасында оқыту мақсаты, міндеттері,

талаптары, базалық білім нәтижесінің деңгейлері көрсетіліп, мынадай жаңалықтар енгізілді:

- базалық курста үйретілетін лексика көлемі өзгертіліп барлығы 1000 сөз белгіленді;

- елтану материалдарына ерекше мән берілді;

- оқу, жазу, тыңдап түсіну және сөйлеудегі талаптар жаңартылды;

- білім мазмұны жаңартылды;

- жаңа тақырыптар енгізілді.

8. Жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістмелік кешендердегі ерекшеліктер мыналар болды:

- білім мазмұны мен құрылымы білім берудің жаңа парадигмасына, дамыта оқыту идеясына негізделуімен ерекшеленеді:

- мұғалім мен оқушының оқу қызметін нормативтік-құқықтық құжат ретінде реттейтін Мемлекеттік стандартқа білім мазмұны толық сай келеді;

- оқу пәндерінің білім мазмұнында республиканың аймақтық, этномәдени, табиғи-әлеуметтік-экономикалық және ұлттық ерекшеліктері ескерілген;

- оқытудың түпкі нәтижесінде оқушыға тек білімдер жиынтығын беруді емес, тұлғаның мүддесін, оның бейімділігі мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылардың дербес әрекет ете алуын қалыптастыру бағытын ұстанды;

- оқу материалдары мазмұнының түрлі деңгейлі болуы оқушылардың білім мен біліктерді берік меңгеруін қамтамасыз етеді.

## **4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДА ЖЕТІЛДІРІЛУ БАҒЫТТАРЫ**

### **4.1 Шетел тілін оқытуды күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдіру және базалық компетенциялардың қалыптасуы**

Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану үрдісінде әр халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтап қалу, ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Халықтың рухани құндылықтарының ақпараттар ағынына төтеп беруі және жан-жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынына ілесіп кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімі берік, білігі бекем болуы тиіс. Әрине, ол жалпы білім беретін білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жүйесінің қалай ұйымдастырылуына тікелей тәуелді. Әсіресе, қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу процесінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқытуды ұйымдастыру формалары, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Бұл орайда әр ұлттың бүкіл танымдық әлемінің көрінісі, рухани мәдениетінің дамуының тетігі - ана тілі мен көркемдік-эстетикалық талғамының көрсеткіші - төл әдебиетінің оқушының ішкі сұраным қажеттігіне сай бағытта оқытылуын түпкі нәтижеге бағдарлай ұйымдастыру жайы да шешуші рөл атқарады.


Мұнда пәнді меңгертудің мазмұндық жүйесін саралауда сананы дамытуға, әдістемелік сипатын жетілдіруде білімді оқушының ішкі мүддесімен үйлестіруге басымдылық беру қажет. Өйткені білім мазмұнында оқушының өзіндік ойлау қабілеттерін, жеке көзқарастарын дамытуға тірек болар негізгі өзекті тауып, барлық ұғым-түсініктерді соған сәйкестендіре жүйелеу қандай маңызды болса, сабақта, сабақтан тыс ұйымдастырылатын оқу процесінде баланың білімді өздігінен меңгеруіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға, әр түрлі өмір жағдаяттарында дұрыс жол

табатындай қажетті іскерліктерді қалыптастыруға бағытталатын жұмыстарды үйлестіре жүргізудің де мәні соншалық үлкен.

Көрнекті Ресей ғалымдары Н.Д.Гальскова мен Э.И.Соловцовалар білім мазмұнын саралай келе құзыреттілікті коммуникативті, лингвистикалық және лингвоелтану құзыреттілігі деп бөледі. Коммуникативті құзыреттілік белгілі бір мақсаты бар ситуацияға байланысты айтылғандарды түсініп, сөйлесе алу десе, лингвистикалық құзыреттілік сөйлеу барысындағы тілдің ережелері мен жүйесі жайлы мәліметтерден тұратынын айтады. Лингвоелтану құзыреттілігі оқушының белгілі стандартты жағдайларда тілін үйреніп жүрген елдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін біліп, оларды өзінің іс-әрекетінде қолдана алуынан көрініс табады. Ал жалпы әдістемелік құзыреттілік оқушының шетел тіліндегі өз әрекетін мақсатты, шығармашылықпен, үнемді әрі саналы түрде ұйымдастыра алуы дейді. Сондай-ақ тілді меңгеру, оқу-тәрбие үдерісі мұғалім мен оқушы өзара әріптес ретінде біріге әрекет етіп, оқушының ана тілін әсте естен шығармаған жағдайда ғана тиімді болатынын өз тәжірибелеріне сүйене отырып баяндаған.

Н.Д.Гальскова мен Э.И.Соловцова оқушыға шетел тілін үйренудегі қажетті біліктіліктерді төмендегідей жүйелейді (Сурет 1):





Сурет 1 – Оқушылар бойында қалыптастырылатын біліктіліктер

Шетел тілін оқытуды күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдіру барысында осы көрсетілген базалық біліктіліктерді басшылыққа ала отырып білім берілуі қажет деп санайды аталған ғалымдар. Осы тұрғыдан келгенде жалпы орта білім беретін мектептердегі шетел тілі пәнін оқытудың нәтижелілігі, оның сапасының артуы білім мазмұнының ғылыми-әдістемелік тұрғыда дұрыс негізделуіне, әлеуметтік сұраныс мотивтеріне сай құрылуына тікелей байланысты болып отыр. Сол себепті де білім беру үрдісі, ең алдымен, жеке тұлғаға бағытталып, мынадай міндеттерден түзіледі: оқушының интеллектуальдық-танымдық, психологиялық, іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетшілдігін, қарым-қатынастық біліктілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік, экологиялық, дене мәдениетін т.б. қалыптастыру мен дамыту. Білім мазмұнын құрайтын оқу материалдары осы тұлға дамытушы мүддені түзуге тікелей қызмет ететіндей етіп құрылады. Ал, тұлғаның дамуы оның әр пәннен алатын білімі мен игерген іскерлік, дағдыларын өмірде қаншалықты қолдана алуымен өлшенеді. Олай болса, білімнің жаңа жүйесін жасаудағы өзгеріс оның мазмұнын құруда негізгі нысана етіп оқыту нәтижесін алу болып отырғаны заңды.

Оқушы бойындағы қабілеттерді дамытудың басты негізі болып саналатын тіл білімі әлеуетінің артуы әрбір дара тұлғаның пәннің өзі үшін қаншалықты мәнге ие болатынын түсінуіне келіп тіреледі. Ал, мұндай түсінік пән арқылы өзі игеретін білім мен біліктіліктердің өмірлік қажеттілігіне жауап беретініне айқын көз жеткізілгенде ғана қалыптасады. Сондықтан да тіл пәндерін оқытудың әдіснамасы коммуникативтік-функционалдық-танымдық методологияға құрылды. Өйткені тек осы ұштағанның бірлігі ғана оқушының тілді қарым-қатынастық, танымдық әрекеттердің құралы деп санайды ғалымдар С.С.Құнанбаева, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова және т.б.

Зерттеудің жаңашылдығы бұл пәнді оқытудың жетекші қызметіне негіздей отырып, оның күтілетін нәтиже ретіндегі базалық компетенцияларды қалыптастырудағы мәнін, филология білім саласы бойынша арнайы пәндік компетенцияларды айқындауында, сонымен қатар, шетел тілін оқытуды нәтижеге

бағдарланған білім аясында жетілдіру бағыттарының анықталуында.

Бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау мәдениет, ойлау және тіл сияқты ең негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Бұл үшеуі – халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі. Олай болса, осы бірліктерді барлық кері ықпалдарға төтеп бере алатындай жағдайға келтіру халықтың болашақ тағдырын оң шешуге ықпал етеді. Бұл орайда, білім беру саласындағы барлық өзгерістердің өзегіне осы тұрғыда келуіміз заңды. Бүкіл жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің де осы негізде жүйеленуі қажеттігін өмір өзі дәлелдеп отыр.

Білім - ұлттың ақыл-ойы мен ерік-жігерін қалыптастырушы тірек ретінде әр адамның мемлекет мүддесін дұрыс түсінуінің, оны сақтауға, орындауға деген шын сенімінің де негізі болуы тиіс.

“Білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері мен ұлттық мүдденің жақындасуы ғана білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейте түспек. Тәрбиелік қуаты берік білім халықтың болашақ даму бағытын өзі айқындауына жол ашады”.

Ал бұл тілдің оқытылу сапасы мен оның ұйымдастырылуының түпкі нәтижеге сәйкестік деңгейіне тікелей қатысты. Өйткені тіл мен сана, сөйлеу мен ойлау қашан да бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл тілге ұлттық ділдің бірден-бір тетігі, тірегі, тіні деп қарауды қажет етеді. Оның үстіне тіл-таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді.

Бұл орайда білім саласы әлемдік тенденцияларға сәйкес өз бағыттарын белгілеуі тиіс, бірақ олардың барлығы да ұлттың тарихи-мәдени және тілдік негізінде дамуы керек.

Тілді оқыту ісінде педагогикалық тұрғыда мынадай арнайы міндеттерді шешу қажеттігі анықталады:

- 1) Толық мәніндегі тілдік білімнің мақсаты жалаң ережелерді, жекелеген тілдік дағдыларды меңгерту емес, тілдің өмірлік процесінің интенсивтілігін ұйымдастыру арқылы баланың өзі үйреніп жүрген тілінде сөйлеуге деген мүдделілігін



ояту, баланың ішкі сөйлеу тілінің пайда болуына алғышарт жасау.

2) Тілдік білім жүйесін жақсы меңгеру әр адам өмірінің табиғи нормасы екеніне негіздеу.

Тіл білімі жас буынның өзіндік ойлауын, жан дүниесін, дүниені қабылдауын, оның ділін қалыптастырады.

Осыған байланысты шұғыл түрде жүзеге асырылуы тиіс аса маңызды мәселе – оқу жүйесінде баланың өмірлік мүддесіне сай, соны қанағаттандыратындай мотивациялық технологияларды қалыптастырудың жаңа жүйесін анықтау мәселесі туындайды. Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі. Әлемдік тәжірибеде ХХ ғасырдың орта шенінен басталған жаңа тенденция – тіл пәні сабақтарында оқушылардың өз ойын, өз пікірін еркін айтуына қажетті іскерліктерді дамыта оқыту мәселесі бұрынғы кеңестік білім жүйесінде де теориялық тұрғыда ішінара айтылып келген-ді. Бірақ оған мемлекеттік идеология мен стереотиптік қалыпқа әбден көндіккен оқыту жүйесі жол бермейтін. Әйтсе де негізгі қызметі қарым-қатынас құралы болатын тіл табиғаты демократиялылықтың алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін озық ойлы педагогтар мен әдіскерлердің, тіл мамандарының назарын өзіне аударуда. Олар тілдің ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде оқу-тәрбие процесінің түп қазығы болатындығына, оқушының дара тұлға ретінде дамытылуының, яғни білім жүйесіндегі демократиялылықтың, ізгілендірудің, гуманитарландырудың бірден-бір тетігі де шетел тілінің меңгерілу жолдарымен сабақтастығына ерекше мән береді. Өйткені жалпы білім беретін мектептің қазіргі басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар оның өзіндік сөйлеу стилінің болуы. Қазіргі шетел тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі – тілдің адам болмысымен бірлігіне сүйеніп жасалған жаңа қадам. Мәселен, көрнекті ғалым С.Ә.Әбдіғали “тілдік қатынастың тек ақпараттық қызметпен шектелмейтінін, адамдардың өзара түсінісуінің құралы екендігін

оқушыға ұғындыру қажеттігін” атап көрсетеді. Бұл, әрине, оқушының ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерінен келіп шығады. Жоғарыда айтылған “сөйлеу стилінің ерекшелігі” оқушының тілді қолдануынан көрінсе, сөздің қашан да адам ойының айнасы екені анық. Яғни тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың бірлігі әр адамның жеке басы қасиеті мен қабілетінің де даралығын танытатын белгі екені сөзсіз. Олай болса “ойлаусыз тілдік қатынас та жоқ. Ойлау тілдік қатынастың тірегі ғана емес, ол – бүкіл сөйлеу әрекеті өмірінің өзегі деп саналатын адамзаттың болмысы”. Осы бірлікті оқу процесінде жүзеге асырудың ең ұтымды, ең тиімді жолы – тіл сабақтарында мәтіндермен кешенді жұмыс жүргізу. Тілдік қатынастың дамуына алғышарт тудырудың басты факторы “оқушыға тілдік орта қалыптастыру” екендігі негізделген жаңа жүйеде осы оқу мәтіндерінің коммуникативтік, ой дамытушылық, шығармашылық сипаттары айқын көрсетілген.

Жоғарыда аталған бағыт қазіргі әлемнің озық елдері көтеріп отырған оқыту сапасы мен білім нәтижесіне қатысты тенденциялармен тығыз ұштасады. Мәселен, зерттеу тақырыбының теориялық негіздемелерін айқындау мақсатында Қазақ Білім академиясы мен “Сорос-Қазақстан” қоры ұйымдастырған “Нәтижеге бағдарланған білім” тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарларға қатысу барысында Австралия, Финляндия, Шотландия, Канада, Эстония елдеріндегі білім беру жүйесіндегі жаңа тенденциялармен таныстық. Онда негізгі бағыт ретінде пәндерді интеграциялау нәтижесінде оқушының танымдық, практикалық дағдыларын дамытуға, түпкі нәтижесінде олардың өмірге қажетті біліктіліктерін қалыптастыруға қажетті білім мен тәрбие беру көзделеді. Шетелдік тәжірибеде жалпы білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесінде тілді түрлі әлеуметтік қызметіне сай меңгертуге басымдылық берілуде. Әрине, бұл негізі етіп жеке пәндік білімді ұстанатын қазақстандық жүйемен толық сәйкестенбейді. Әйтсе де, тілдік білім мен коммуникативтік іскерліктерді қатар қамтитын оқытудың жаңа жүйесінде тілдің прагматикалық, функционалдық сипаттарын күшейтуде жоғарыда аталған шетел тәжірибелерінен алатын жаңашыл

бағыттар жеткілікті. Атап айтқанда: PISA (ПМОУ) жүйелерін қолдайтын қазақстандық жаңашыл ғалымдар М.Жадрина, Н.Нұрахметовтердің, эстондық Х.Волма, Монаш университетінің профессоры С.Уиллис, француз ғалымы К.Рожье ұсынған конструктивизм бағытына сай анықталған “Қазақстан мектептерінің қалыптасуы мүмкін тірек біліктіліктерінің моделінде” алты түрлі біліктілік көрсетілген. Осылардың қай-қайсысы да тілмен, тікелей де, жанама да тығыз байланысып жатыр. Мысалы, коммуникативтік, жеке тұлғалық және тұлғааралық, мәдени және азаматтық, еңбек және өндіріс біліктіліктері тікелей, ал математикалық, ғылыми-технологиялық біліктіліктер жанама түрде тілдік іскерліктермен ұштасады.

Шетелдіктердің пайымдауынша, “біліктілік – нәтиженің бір типі”, “нәтиже – оқытудың түпкі қорытындысында оқушы нені біледі және нені істей алады?” деген сұрақтардың жауабымен анықталады. Осыдан келіп олар оқыту қашан да мейлі арнаулы болсын, мейлі жалпылама болсын, түбінде бір нақты күтілетін нәтижеге бағытталып жүргізілуі тиіс деген тұжырым жасайды.

Түпкі нәтижеге қол жеткізілуі үшін, алдымен, сол нәтижені нақты қоя білу қажеттігі туындайды. Сонымен қатар оларды белгілеудің критерийлері, бағалау жүйесі, реттеу механизмдері саралануы тиіс. Егер бұлар толық әрі біртұтас қамтылмаса, онда оқыту процесі де толық мақсатына жете алмайды. Сонымен, бұл бағыт бойынша білім берудің бүгінгі міндеті - балалардың әр түрлі көзқарастарын дамыту, сол ой-тұжырымдарын әлеуметтік-әділеттілік мүддесіне сәйкес қолдана білуге үйрету. Балаларды өз эмоциялары мен қажеттіліктерін, қызығушылықтарын түсінуге, мойындауға, өз орнымен дұрыс қолдануға үйрету көзделеді. Балалардың пәндік дағдылары мен білімдерінен гөрі оқуға деген ынтасы мен қажеттігін қалыптастыруға жол көрсетілуі керектігі айқындалады.

Қазіргі мектептің мақсаты – барлық оқушыға жақсы, жан-жақты білім беру, баяғыша “он шақты таланттарды” таңдап алып, тек соларды ғана оқыту емес. “Оқудағы жетістік” – жекелеген оқушылардың пәннің мазмұнын білуі деген сөз емес. Ол “оқушы жетістігі” деген терминмен алмасқанда ғана нәтижелі

болмақ. Яғни бұл жүйедегі ең басты мәселе – оқушының осы білімді өмірде дұрыс қолдана алуы.

Нәтижеге бағдарланған білім – оқушының жеке басы жетістіктері тұрғысынан нақты нәтижеге жетуіне бағдарланған білім беру процесі. Бұл, оқушылар қандай негізгі нәрселерді түсінуі тиіс, олар не істей алуы тиіс деген мәселелерді шешуге бағытталған жүйе мен оқу жоспарын жасауды қажет етеді. Білім жүйесі мен куррикулум осы жетістіктің құралы ретінде көрінуі тиіс. Бұл да болашақта тіл пәндерін оқытуды жетілдіруде басшылыққа алынуы ескеріледі.

Жаңа ғасыр өркениетпен қоса бәсекелестікті де бірге ала келіп отырған жағдайда білім сапасын жақсарту үшін, оқушыға беріліп отырған білім нәтижелі болуы үшін көркемдік әлеміндегі шындыққа бой ұруымыз керек. Біздің міндетіміз – жас ұрпақты мейірімділікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болса, ол тәрбие алдымен көркем шығарма, сөз өнері арқылы оқушы бойына ұялауы тиіс.

Қазақ мектебінде берілетін білім сапасы мемлекеттік тіл мен жалпы басқа тілдердің де мәртебесінің өсуіне, ұлттық мәдениеттің өрістеуіне, оқушылардың елжанды азамат болып қалыптасуына игі әсерін тигізетіндіктен республикадағы педагогика ғылымы саласында жүргізілетін ғылыми зерттеулер ұлттық және мемлекеттік мүдделермен үйлесімде болуы шарт. Қазіргі ғаламдану жағдайында өз ұлттық құндылықтарын сақтап, оны дамыта білген елдің ғана өркениеті өсе түспек.

XXI ғасырдың жаңа білім беру жүйесі бүкіл әлемдік кеңістікте өзгермелі даму жағдайында отыр. Өркениетті елдерде білім мазмұнын нәтижеге бағдарлай жаңарту жөнінде көптеген тың зерттеулер жүргізілуде. АҚШ-да ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін бақылау үшін “Білім жүйесіндегі зерттеулер Ассоциациясы” атты қоғам құрылсы, Европада “Болония процесі” ұйым бар.

Күні бүгін барлық өркениетті, дамыған елдерде білім сапасы түпкі нәтижемен өлшенетіндіктен білім мазмұнын жетілдіру әлемдік кеңістіктегі деңгейге сәйкес келуі керек.

Білім сапасын түпкі нәтижеге бағыттау нормативтік талаптарды сақтай отырып инновациялық тұрғыда жүргізілуге

тиіс екендігі мектептің даму болашағы, оның құрылымдық өзгерістерінің тиімділігі мен алынатын нәтижелер бірлігінде негізделеді.

“Оқытудың мақсаты оқушының қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, іскер болуына, өзін-өзі дамытуына және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауына негізделеді”, – деп тұжырымдамада айтылған.

Пәнді жаңаша оқытудың мәні тек білімді түсініп, игеруде емес, сол нормалардың оқушылардың іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, қозғаушы күші болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында. Бұл орайда мектептің негізгі және жоғары сатыларында оқытылатын тіл пәндерінің түпкі нәтижесі оқушының коммуникативтік компетенциясын дамыту, ділін қалыптастыру болуы тиіс екендігіне назар аударамыз. Сондықтан да тілдің табиғи қызметі – оның қарым-қатынас құралы болуы екендігіне, тілдік талғамды тәрбиелеу екендігіне сүйене отырып, “ мәдениетаралық коммуникативтік бағыт” – тілді оқытудың өзегі. Шетел тілі пәнінің білім беру жүйесіндегі қызметін анықтап, күтілетін нәтиже ретіндегі базалық компетенцияларды қалыптастырудағы тіл пәндерінің мәні ашылды.

Компетенция термині латын тілінен аударғанда “адамның өзіне таныс танымдық және әрекеттік мәселелер төңірегіндегі алуан түрлі сұрақтарға жауап бере алуы” деген ұғымды білдіреді. Қарастырылып отырған білімдік компетенциялар оқушы атқаратын іс-әрекеттің барлық түріне бірдей қатысты емес, ол тек оқу пәндері мен мектептік білім аясының пәндік бөліктерін ғана қамтиды. “Компетенция” ұғымының білім жүйесіне ендірілуі - оқушының мектепте алған теориялық білімдерін нәтижеге бағдарлай білуінен туындап отырған қажеттілік. Сол себептен де білім жүйесіндегі компетенциялардың қызметін анықтауда алдымен оның құрамы мен құрылымын білу маңызды болып табылады.

Компетенцияның ең ірі бөлігі базалық, бұл мектеп бітірушінің бойында қалыптасқан біліктерден құралады. Пәндік компетенциялар осы нақты тұжырымдалған біліктіліктер

бойынша оқушы білімін бағалаудың әр пән бойынша жіктелуі болып табылады. Оларды іріктеу мен нақтылау білімдік компетенцияны құрайтын құндылықты мәнді, жалпы мәдени, оқу-танымдық, мағлұматтық, коммуникативтік, әлеуметтік-кәсіптік және дара тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы сияқты түйінді негіздер арқылы оқыту үрдісінің барлық сатыларындағы оқу пәндері бойынша іске асады.

Компетенция – тек білім мен біліктің жай ғана жиынтығы емес, керісінше субъектінің өмірде кездесетін түрлі проблемалық жағдаятта қандай әрекет қолдану керектігін анықтай алуы және оны іске асыру жолында меңгерген білімі мен білігін ұштастыра алу қабілеті. Олай болса, компетенттілік баланың өзінің түрлі өмір жағдайларында сөйлеу дағдыларын ұтымды қолдануының нәтижесі деп саналады. Яғни әрекеттен тыс компетенцияның қалыптасуы мүмкін емес.

Пәннің коммуникативтік бағытын арттыру тілдің қарым-қатынастық аспектілері мен қызметтерін мынадай жүйеде беруге негізделеді: әлеуметтік (оқушы әлеуметтенеді); танымдық (оқушы тіл арқылы дүниені таниды); ақпараттық (түрлі мағлұматтарды қабылдап, түсінеді); қоғамдық (ұжымдық күрделі әрекеттерді орындауға үйренеді); эмоционалдық (оқушы өз сезімін, көңіл-күйін бөліседі). Міне, бұлардың барлығы шетел тілдерінен жаңа бағытта білім берудің жаңа парадигмасымен толық сәйкестенетінін көрсетеді. Өйткені мәдениетті қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның күнделікті өмір тәжірибесінде бетпе-бет кездесіп отыратын және оның ішкі рухани әлеміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асатын тіршілік мұқтажы. Зерттеудің нысаны етіп әркімнің өзіндік талғам-тілегін, ықылас-ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап ететін мәдениетаралық коммуникацияның бағыт етіп алынуының дәйектілігі де осында.

Шетел тілін оқытудың коммуникативтік және мәдениетаралық коммуникативтік бағытына ерекше мән беруіміздің тағы бір басты себебі – оның осы пәнді күтілетін нәтижеге бағдарлай оқытуда негізгі тірек болып саналатынында. Өйткені қазіргі таңда әр пән бойынша белгіленуі тиіс компетенция ұғымының мәнді де негізгі тәсілі - әрекеттік тәсіл

болып саналатын тіл үшін коммуникативтік біліктіліктермен тығыз ұштасып жатыр.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде тілдік компетенция екі негізгі компонентті: субъектінің сөйлеу тәжірибесі мен тіл туралы білімін қамтиды деп көрсетілуде. Бұл тұстағы компетенцияда сөйлеуге мән берілгендіктен, ол оқушының “ішкі әлемімен”, оның эмоциясымен, құндылық бағдарларымен, өзін-өзі бағалауымен, интеллектуалдық қабілетімен, қарым-қатынас жасау мәдениетімен бірлікте ұғынылады. Өйткені тіл мен сана, сөйлеу мен ойлау қашан да ажырамас бүтін деп есептеледі. Яғни сөз – адам болмысының айнасы болғандықтан, сөйлеу әрекетіне негізделетін компетенция да соған сүйенеді.

Нәтижеге бағдарланған білім моделі бойынша мектептің әр сатысында ғана емес, әр кезеңінде анық та айқын көрсетілуі тиіс оқыту нәтижелері сатылай дамып отырып “компетенцияны” қалыптастыруы тиіс. Яғни тілдер мен әдебиеттен алған білімдері мен біліктерінің жиынтығы тұйық қалпында қалмай оқушының өмірдегі қажетіне қызмет етуде қолданылуы мүмкін болғанда ғана ол компетенцияға айналады. “Компетенция – тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапаларының (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, компетенттік – адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес компетенттерді игеруі, меңгеруі” болып табылады. Сондықтан да компетенция ұғымына тек танымдық және әрекеттік – технологиялық құраушылар ғана емес, сондай-ақ мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық компоненттер де кіреді.

Қазіргі кезде барлық өркениетті елдерде білім беру үрдісі адамзаттық құндылықтарға негіздеумен ерекшеленетіндіктен, жалпы білім беретін орта мектептердегі шетел тілі пәнін нәтижеге бағдарлай оқыту мәселесі де заман талаптарына сай жүргізуді қажет етеді.

Нәтижеге бағдарланған білімді компетенция тұрғысынан қарастыратын болсақ, жалпы білім беретін орта мектептердегі шетел тілі пәні оқушылардың ойлау, пайымдау, тұжырымдау, тыңдау, түсіну, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік қатынастарды жинақтаған пәндік білімдерін өмірлік қажеттілікке

айналдыра білуді нысана етеді. Білім алу арқылы оқушы шетел тілін пән ретінде ғана игеріп қоймайды, ол сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады және эмоционалды құндылықтар болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, ал бұл түптеп келгенде оларды тілдің жетекші қызметін іске асыру әрекетіне әкеледі.

Әлемдік білім кеңістігінде болып жатқан жаңа бағыт, жаңа көзқарастар бүгінгі оқыту жүйесіне білімнің түпкі нәтижеге бағытталу ұстанымын енгізіп отыр. Педагог-ғалымдар оқушы білімінің түпкі нәтижесі екі жақты болатынына көз жеткізе отырып оны дұрыс қолдана білудің жолдарын анықтауда.

Оқушы меңгерген білімін пайдалана отырып, кез келген мәселе төңірегінде шешім таба білуге ұмтылуы тиіс. Сонда ғана оқушы бойында компетенциялар қалыптаса бастайды. Орталықтандырылған білім кеңістігінен ашық білім жүйесіне көшу көзделіп отырған бүгінгі оқыту жүйесінде нәтижеге бағдарланған білімнің алға шығуы да осының айғағы.

Егер кеңестік орталықтандырылған білім беру жүйесінде жалпы әлеуметтік тәжірибелер басым болса, қазіргі жаңа ашық жүйеде оқушының жеке даралық қабілеттерін қолдана алу мүмкіндіктеріне басымдық беріліп отыр. Ал білім мазмұны сол бұрынғы әлеуметтік тәжірибе негізін сақтай отырып, қазіргі педагогикалық ұстанымдарға бейімделген адамзаттық құндылықтар тұтастығында қарастырылатын болады.

Қазіргі кезеңде сол әлеуметтік тәжірибенің барлық элементтерін қазіргі заманғы мәдени құндылықтармен үйлестірілген жағдайда білім мазмұны бұрынғы тәжірибелерге ұқсас, бірақ инновациялық тұрғыда жаңартылып жетілдірілген деп аталатын жаңа сипат алады. “Мұндай мазмұндық жаңа сипат дайын білімді белгілі бір іс-әрекеттер тәсілдері арқылы қабылдауды ғана жүзеге асырмайды, ол оқушының алатын білім нәтижесін “шығарманың іс-әрекеті тәжірибесі және эмоционалды-құндылық қатынастар” негізінде анықтауды қажет етеді”.

Осындай нақты біліктерді меңгеру нәтижесінде дара тұлға әлеуметтік иерархияға кіріп қана қоймайды, ол сол ортадағы



элеуметтік жағдайлардың өзгеру мен өркендеуіне де өзіндік үлесін қосады.

Ресейлік ғалымдар В.В.Краевский мен А.В.Хуторскойлардың ғылыми тұжырымдарында элеуметтік тәжірибе мазмұнының мынадай төрт құрылымдық жүйесі берілген:

- танымдық іс-әрекеті;
- таныс тәсілдер негізіндегі іс-әрекет;
- шығармашылық іс-әрекет;
- эмоционалды құндылықтар қатынасы.

Танымдық іс-әрекет оқытудың философиялық аспектілеріне сүйене отырып білім мазмұнын нәтижеге бағдарлау жолдарын қарастырады, **таныс тәсілдер негізіндегі іс-әрекет** дидактика ғылымында методологиялық тұрғыда дәйектеліп, оқушыға бұрыннан таныс әдістемелік үлгілер бойынша жұмыс істеуді жүзеге асырады, **шығармашылық іс-әрекеттегі** оқушының міндеті таныс емес жағдайдағы проблемалық жағдаяттардан тетігін тауып оң шешім қабылдай алу болса, ал осы ұсынылып отырған изоморфалық элеуметтік тәжірибе мазмұнның ең биік деңгейі **эмоционалды құндылықтар қатынасы** жеке адамның элеуметтенуі және тұлғалануымен ерекшеленеді.

Бұл жоғарыда атап көрсеткеніміздей, шетел тілін оқытудағы коммуникативтік бағыттың оқушы компотенттілігін дамытуға өзек болатынын көрсетеді.

Шетел тілінің пән ретіндегі арнайы қызметіне, біріншіден, оқушыға тіл мен сөйлеу жайында берік білім беру (танымдық); екіншіден, әр түрлі сөйлеу әрекеті дағдыларын қалыптастыру (практикалық) жатады. Танымдық бағытта негізгі мынадай мәселелерге басымдылық берілуі тиіс:

– шетел тілі сабағында ұсынылатын ақпараттар жүйесінде оқушының тілге деген лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру міндеттелінеді. Бала тілдің қоғамдық құбылыс екенін, оның тарихи, мәдени, рухани маңызы бар ерекше феномен екенін саналы түрде түйсінуді қажет;

– шетел тілі оқушыларды тіл туралы білім негіздерімен қаруландыруы керек. Жаңа талап бойынша, шетел тілінен

ұсынылатын барлық материалдардың оқушының сөйлеу әрекетін жетілдірудің базасына айналуы көзделеді. Ол, әлбетте, коммуникативтік, жүйелілік, сабақтастық принциптеріне негізделеді;

– шетел тілінің құралдары арқылы (оқу материалдары, көрнекіліктер, қосымша құралдар) оқушыға эстетикалық тәрбие беру. Эстетикалық қатынас тілдің байлығына, әуезділігі мен әуеніне, экспрессивтілігіне, тіл құралдарын талғаммен қолдануға үйрету арқылы қалыптасады. Сөйлеу нормаларын, мәнерін, сөз байлығын пайдалануға жаттығу, шетел тілі сабақтарында оқушылардың тілге деген эстетикалық сезімдерінің дамытылуы пән бойынша өтілетін материалдарды эстетикалық тұрғыда түсіну, оларды сезіну дағдыларының жетілуіне негіз қалайды.

Шетел тілін оқытудың **жалпы пәндік міндеттері** де негізгі үш бағыттың бірлігінен құралып, тілдің оқушы бойында қалыптасуы тиіс өзге де пәндерді меңгеруінде тірек болатын біліктіліктерді меңгеруінің алғышартын жасайды.

Оқушыға тәрбие беру. Мұнда тәрбиенің идеялық, эстетикалық, адамгершілік, еңбек секілді түрлерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту құралдары қатысады. Әсіресе, балаға өз тілінің әлемдік тілдер кеңістігіндегі орнын түсіндіру, өзге тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру арқылы берілетін танымдық-эстетикалық тәрбиенің алатын орны үлкен. Ал бүкіл пәнді меңгерудің тетігі болып саналатын коммуникативтік іскерліктер кешенінің, атап айтқанда, мәтінмен кешенді жұмыстың барлық мүмкіндіктерін пайдалануға төселдіретін жаттығулардың тіл сабағының ажырамас бөлігі деп танылуы да тілдің білім беру жүйесіндегі әлеуетін арттыратын басты факторлардың бірі. Оқушының тек тілдік білімін тексеру үшін емес, оның қоғамдық-саяси, адамгершілік-этикалық лексикасын байытуды көздейтін жұмыстардың жалпыпәндік мақсатты жүзеге асырудағы мәні зор.

Шетел тілі пәнінің құралдары арқылы оқушының логикалық ойлауын дамыту. Бұл дәстүрлі оқытудағы дайын, жаттанды білімнің орнын оқушының өзіндік ізденісіне жетелейтін, өздігінен шешім, қорытынды жасауға мәжбүрлейтін, сол арқылы оқушының қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретін

оқытудың әдістемелік жүйесін алмастыру қажет екендігін көрсетеді. Мұнда жалпылықтан даралыққа ауысу заңдылығы жүзеге асады. Яғни оқушының әрі танымдық, әрі практикалық іскерліктерді меңгеруіне, өзіндік жеке көзқарасын қалыптастыруға қажетті жағдайлар туғызылады. Бұл өз кезегінде тілді оқытудың компетенттілік сипатын арттыруға ықпал етеді.

Оқушыны білімін өз бетінше толықтыруға үйрету де тіл пәндерінің жалпыпәндік қызметін танытады. Бұл – қазіргі таңдағы білімді мұғалімнің дайын қалпында бере алмайтынының, тек оқушы ізденісі ғана шынайы білім негізі болып саналатынының көрсеткіші. Оның үстіне “білім– қаптаған үлкенді-кішілі фактілердің жинақталған қоры емес, бұдан кейін оқушы өздігінен игеретін білімдерді меңгертудің тірек көзі боуы тиіс” деген қағидаға құрылатын компетенттіліктің бір белгісі. Мұнда оқушы ақпараттарды жинауға, оларды саралауға, өз қажетіне жаратуға дағдыландырылады. Яғни білім оқыту үрдісінде бағыттаушы ролін иемденеді. Бұл біздің нәтижеге бағдарланған білім моделінде “сол білімнен мәдени пән ретінде бас тартпағанымыздың, тек білімді берудің белгілі бір түрлерінен (мағлұматтардан, әдістерден, ұйымдастыру формаларынан) ғана қол үзуіміздің тиістілігін” айқындайды.

Шетел тілінің пән ретіндегі осындай міндеттерінің нақтылануы олардың жалпы білім беру жүйесіндегі орнын, маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тілдің дара тұлғаны дамытудағы жетекші қызметін айқындап, оның әлеуетін арттыруға ықпал ететін негізгі мақсаттарын дұрыс түсінуге жол ашады. Тіл сабақтарында оқушының лингвистикалық қабілеттерімен қатар логикалық ойлау жүйесін дамытуға қажетті біліктіліктердің, оқушының әлеуметтік сапаларының қалыптасуына қатысты алғышарттардың өзара кіріктірілуі пәннің оқушы үшін мотивациялық сипатының арта түсуіне әсер етеді. Сапалы білім мен саналы тәрбиенің тоғысуы осы арқылы жүзеге асатын болады.

Шетел тілін оқыту қоғамдық-әлеуметтік дамудағы тілдің рөлі туралы, тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың байланысы мен бірлігі туралы ұғым қалыптастырады. Осы арқылы әрбір дара тұлғаның жеке өмірлік, қоғамдық ролін дұрыс түсінуге

негіз болады. Әркімнің азаматтық өркениеттегі өзіндік орнын түйсінуіне, өз білімі мен білігінің болашақта әлемдік деңгейде рөл атқаруы мүмкіндігіне деген сенім қалыптастырады. Бұл баланың оқуға деген мүдделілігін дамытады, философиялық-дүниетанымдық идеялардың маңызын өз тіршілігімен сабақтастыруға қызығушылығын туғызады.

Шетел тілінің жекепәндік те, жалпыпәндік те міндеттерінің өзара бірлікте ұштастырылуы пәннің құндылық бағдарын арттырып, жеке тұлғалық мақсаттардың мемлекеттік мүдделермен сабақтастырылуына жол ашады. Тіл арқылы оқушының дүниетанымы қалыптасады, әлеуметтік дағдылары жетіледі, бүкіл танымдық іс-әрекетін дамытудың құралы игеріледі, тіл арқылы интеллект дамиды. Ал олар адамның саналы тіршілігінде жетекші рөл атқарады.

Шетел тілін оқытуда негізгі сатыда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға, ал жоғары бағдарлы мектепте мәдениетаралық компетенттілікті жетілдіруге басымдылық берілуде. Әрине, олар екі сатыда да өзара тығыз байланыста, өзара тәуелділікте сабақтасып отырады. Сондықтан орта буында пәндік компетенцияға, жоғары сатыда (тірек) базалық компетенцияға қарай ыңғайландырылған білім нәтижелері айқындалады. Бұл орайда, білімнің ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдениетті игертудің әлеуметтік-генетикалық тетігі екендігі назарға алынады.

Шетел тілі пәндері бойынша күтілетін нәтиже ретіндегі түйінді компетенцияларды қалыптастыру мақсаты - оқушылардың тілдік-танымдық және сөйлеу-әрекеттік қабілеттерін дамыту арқылы табиғи әлемді, қоршаған ортаны сақтаудың ғаламдық және жергілікті проблемаларын, Қазақстан дамуының тұрақтылығын, салауатты өмірді қорғау мен оның қауіпсіздігін, отбасы, қарым-қатынас ортасы, қоғам, азамат мәселелерін, жеке өмір тіршілігін өзбетінше қамтамасыз етуді, ақпараттық ортада бағдарлануды және кәсіби бағдар негіздерін белсенді танып-білуге мүмкіндік туғызу.

Шетел тілін оқытудың мақсаты қазір оқушыларға сөйлесім әрекеті компоненттерін игерте отырып, олардың тіл және сөз

өнері туралы дүниетанымын қалыптастыру арқылы сөз мәдениеті талаптарының негіздерін меңгерту.

Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес шетел тілі құралдары арқылы қалыптасатын компетенциялар анықталды.

Осы құзыреттіліктер негізінде шетел тілі пәндерінің табиғатына жақын келетін түрлерін топтастыра отырып, олар төмендегідей болып белгіленді;

- тіл арқылы табиғи әлемді, қоршаған ортаны сақтау мәселесін сезіну;

- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар ретінде өз халқының мәдениетін бағалай алу;

- Қазақстанның тұрақты даму негіздерін таныту, оны нығайтуға мүдделі болу;

- түрлі жағдаяттарда тілді әлеуметтік мәніне сай жазбаша және ауызша дұрыс қолдана алу; шетел тілінде қарым-қатынас дағдыларын меңгеру;

- ақпарат құралдарын еркін пайдалана алуға үйрету;

- отбасында, қарым-қатынас ортасында, қоғамда және жалпыадамзат мәселелерінде оң бағдар қалыптастыру және жеке өмір тіршілігін өз бетінше қамтамасыз ету жауапкершілігін бойға сіңіру.

**Яғни бүгінгі оқушы, ертеңгі маман иелерінің бойында мынадай құзыреттіліктер болуы тиіс:**

- **оқыған, тыңдаған** хабарламаларды қабылдай алу, одан өзіне қажетті түйіндеулер жасай алу;

- көрген, сезген құбылыстар (оқиғалар) жөнінде өзіндік ой-пікірлерін **жаза алу және айта алу**;

- әлеуметтік ортада өзгелермен **пікірлесе (тілдесе) білу**;

- **оқыған, тыңдаған** материалдар бойынша жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ажырата білу;

- көрген, сезген құбылыстар (оқиғалар) бойынша өзіндік көзқарасын азаматтық белсенділік тұрғысынан **жазбаша және ауызша** білдіре алу;

- рухани келісім мен төзімділік (толеранттық) идеяларын ұстана отырып мәдени құндылықтар жөнінде **пікір алмаса алу (тілдесу)**;

– **оқыған, тыңдаған** мәтіндер бойынша тілдің әлеуметтік қызметіне сай қолданылуы деңгейін бағалай алу;

– түрлі жағдаяттарда тілді өзінің әлеуметтік рөліне сәйкес **жазбаша** және **ауызша** түрде қолдана алу, өз пікірін ана тілінде және мемлекеттік тілде білдіре алу;

– ауызша тілдесімде тілді әлеуметтік рөліне сай дұрыс қолдана алу.

Әлемнің көптеген тіл мамандары қазіргі таңда тілдік дүниетаным компоненттерінің төмендегідей екенін айтуда:

– шетел тілінің жеке адам өміріндегі мәнін түсіну;

– тілдің белгілі бір ұлтты мәдени мұрасы екендігін дәлелдей алу;

– шетел тілдің адам болмысының ең басты көрсеткіші екендігін түсіндіре алу;

– өзі үйреніп жүрген тілдің әлем тілдері жүйесіндегі орны мен рөлін ажырата алу;

– тілдің діл қалыптастырушылық маңызын түсіну;

– әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерін саралай алу;

– тілдің жүйелі құбылыс екенін дәйектей алу;

– ана тілдің қоғаммен бірге дамып, жетіліп, өзгеріп отыратын құбылыс екенін дәлелдей алу;

– тілдегі ұғымдарды ажырата білу;

– тілдің адам болмысын, көзқарасын қалыптастыруға ұйытқы болатын, жас ұрпақ бойына ұлттық қасиеттерді сіңіретін бірден-бір тағылым көзі екендігін сезіну;

– өзін ең әуелі ана тілін сақтаушы әрі оны кейінгі ұрпаққа тасымалдаушы, бірнеше тіл білетін, жан-жақты дамыған, білімді ұрпақ деп ұғыну;

– ұлттық этикет пен жалпыадамзаттық әдеп нормаларының өзара ұштасатын тұстарын тани білу.

Ілгеріде көрсетілген компетенция бойынша тіл үйренуші әлеуметтік-тұрмыстық және ресми қарым-қатынастарда сөз әдебі нормаларын сақтайды, оны ұлттық және жалпы адамзаттық этикет нормаларымен ұштастырып қолданады, көпшілік алдындағы сөзінің мазмұндық-құрылымдық жүйесіне лайық тілдік құралдарды орынды қолданады, мәтіндерді сөз тектері тұрғысынан ажырата алады және стильдік жағынан талдауды

біледі пікірталас түрлерінің мақсаты мен түпкі нәтижесіне қарай сөздерін дұрыс құрайды, пікірлесі мен қарсыласының айтқан сөздерін әдеппен қабылдайды, оларға өз ойын мәдениетті түрде білдіреді.

Жалпы сөйлесім әрекеті бойынша анықталған компетенциялар оның ішкі бес компоненті түрінде: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім сипатында тілдің ауызша, жазбаша түрлері жүйесінде анықталды.

Шетел тілі пәндері бойынша компетенция түріндегі күтілетін нәтижелер тізбесін жасау үшін алдымен жалпы білім беретін орта мектептегі шетел тілінің білім жүйесіндегі атқаратын рөліне, маңызына және олардың пәндік жетекші қызметтеріне назар аударылады. Бұл тұрғыдан қарағанда шетел тілінің жалпы пәндік қызметі – онда қалыптастырылған білім-біліктер арқылы тіл туралы лингвистикалық дүниетанымы мен сөз мәдениетін қалыптастыру деп негізделуде.

Тіл таным құралы, сол арқылы ғана адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді. Осы тұрғыдан алып қарағанда шетел тілі пәні бойынша қалыптасатын компетенциялар төмендегі ұстанымдарға сәйкес анықталды:

1. Коммуникативтік ұстаным. Бұл оқушылардың тіл құбылыстары арқылы әр түрлі коммуникативтік тапсырмаларды дұрыс шешуі яғни, ана тілі мен шетел тілі арқылы оқушының өзіндік ойлауын, жан дүниесін, дүниені қабылдауын, оның ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруы;

2. Тілдік ұстаным — бұл оқушылардың тілдік материалдарды терең білуі (фонетика, морфология, лексика, синтаксис, этнолингвистика, этномәдениет т.б.) және бұл білімдерін әр түрлі жағдайда дұрыс қолдануы; (орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауатты болуы).

3. Мәдени ұстаным — халықтың салт-дәстүрін, рухани байлығын білу, ұлттық құндылықтарды жинақтау, сөйлеу мәдениетін дамыту болып саналады. Осы ұстанымдар шетел тілінен күтілетін нәтижелерді саралауға негіз болады.

Бұрын шетел тілінен білім беруге, яғни білім мазмұнын ғана меңгертуге баса көңіл бөлінсе, қазіргі кезде алған білімін өмірде іс жүзінде қолдана алу, пайдалануға қажетті білік пен

дағдыларсыз жалаң білім алып, білу ғана жеткіліксіз екендігіне баса назар аударылуда. Қазіргі кезде дүниежүзінің дамыған елдерінде жеке тұлғаның мәнді іс-әрекеті үрдісін ескере отырып білім беру көзделуде.

Шетел тілінен мектеп қабырғасында білім беру білім мен білікті ғана емес, оқушының күнделікті өмірде керекті белгілі бір жеке бас қабілеттерін қоғамдық ортада керек болатын біліктілігін қалыптастыру – тіл үйретудің мақсатына айналдыруда.

Европалық Кеңес күні бүгін шетел тілі бойынша қажетті деген бес білікті белгілеп отыр:

1. Өзіне жауапкершілікті ала алатын, өз бетімен шешім қабылдауға шамасы келетін, демократиялық институттардың жұмыс істеп, дамуына атсалысатын саяси және әлеуметтік білік.

2. Қоғамда басқа ұлттар өкілімен, оның мәдениетімен, дінімен түсіністікте қатар өмір сүре алатын, ұлтқа, нәсілге бөлуге жол бермейтін, кемсітушіліктің бас көтеруіне төзбейтін көп мәдениетті қоғамда өмір сүре алу білігі.

3. Қоғамдық өмірде және жұмыста, қызметте т.б. қажетті тілдерді, ауызша және жазбаша түрде меңгеру білігі. Яғни, қоғам қазір әр адамның, әр маманның бірнеше тіл білуін талап етуде.

4. Қоғамдық ақпараттардың пайда болуына байланысты біліктер. Жаңа технологияларды меңгеріп, олардың тиімді және тиімсіз жақтарын білу, ақпараттарға, Интернет хабарларына, жарнамаларға сыни көзқараспен қарай алу білігі.

5. Өмір бойы тек қана өз мамандығы бойынша ғана емес, сондай-ақ қоғамдық және жеке бас өмірінде де үнемі оқу, үйрену білігі.

Осы аталған біліктер қалыптасу үшін мынадай талаптар орындалуы тиіс:

- пәнді оқытуды неғұрлым проблемаға бағытталған ету;
- оқытуда жаңа әдіс тәсілдерді кеңінен қолдану;
- тіл үйретушілердің өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, кез-келген тақырып бойынша өзінің жеке сұрақтарын да құрай алуы;
- оқушының автономды түрде оқуына жағдай тудыру;



– сабақтағы мұғалім мен оқушының рөліне жаңа тұрғыда қарау.

Өмір бойы үнемі оқу, үйрену, іздену сияқты қасиеттер қазіргі таңда кез келген адамның қоғамдағы икемділігін, іскерлігін қамтамасыз етеді, оның жетістіктерге қол жеткізуіне және әлеуметтік жағынан дамуына негіз болып табылады. Мектепте алынған білім, білік дағдыларын өмір бойы ары қарай толықтырып, дамытуға әр оқушы өзі ынталы болуы керек.

Ал жазбаша және ауызша қарым-қатынаста қазіргі көп мәдениетті әлемдегі әлеуметтік мәдени ерекшеліктерді ескере отырып мәдениетаралық коммуникация жетілдіріледі. Мәдениетаралық коммуникация білігінің құрамы көптеген біліктерден тұрады, оның ішіне ақпараттық сауаттылық та кіреді. Яғни оқушылардың шетел тілінен қалыптастырылатын білік, дағдылары ана тілінен қалыптасқан білік, дағдымен бірге, қатар жүріп отыруы тиіс деген сөз.

Оқушылар алатын базалық білім қазір икемді, көп түрлі, уақыт талабына сай, өзгертуге ыңғайлы, болашақ мамандығына қарай сан-салалы, қоршаған орта мен өзін-өзі түсіне, түйсіне алу қабілетін қалыптастыратын, іс жүзіндегі іс-әрекетке, үнемі білімін арттырып отыруға дайындайтындай болуға тиіс.

Берілетін білім мазмұнын жаңалау үшін тұжырымдамалар, стандарттар, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар т.б. даярлау барысында мынадай кезеңдерді ескеру:

– қоғам мен жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен әлемдегі үдерістер ауқымындағы нақты қажеттіліктерін анықтау;

– жалпы проблемалар мен білім беру жүйесінің жағдайын талдау;

– жаңа мақсаттар қою;

– мектеп компонентін ескере отырып білім мазмұнын сұрыптап алу;

– материалдарды оқытуды ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді белгілеу;

– оқушының автономдылығын арттыра отырып мұғалім мен оқушының алар орнын нақтылау;

– бақылау жұмыстарының жаңа мазмұны мен түрін дайындау.

Сондай-ақ білім мазмұнын жаңалауда ұстаз үшін мынадай базалық қарама-қайшылықтарды шешудің жолдарын іздеу қажеттілігі туындайды:

– жалпы мен жалқының арақатынасы;

– ұлттық салт-дәстүрлер мен заман талабына сай әлемдік көріністер;

– ақпарат хабарлардың көбеюі мен оны меңгере алу қабілеті.

#### **4.2 Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары**

Жаңа заман талабына сай компетенцияларды қалыптастыру пән мақсаты мен білім нәтижесін жалғастырушы компоненттер – білім мамұнына, оқыту түрлері мен әдіс-тәсілдеріне тікелей қатысты. Бұл, әрине, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне – нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді.

БҒММЖБҰҰ-ның құжаттарында оқыту технологиясына “техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара бірлігін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттыруды міндет етіп қоятын мұғалімнің бүкіл оқыту ісі мен оқушының білімді меңгеру әрекетін ұйымдастырудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдістері” деп анықтама берілген. Педагог-ғалым В.М.Шепель:” Технология – белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер,”-десе. И.Г. Зайнышев: “белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі” деген анықтамасын ұсынады. Е.И.Холостов болса, технологияны “белгілі шығармашылықтан сапалы нәтиже алу үшін қолданылатын әрекеттер жиынтығы” деп санайды. Ал Р.В.Овчарова оған “адамның әрекетін, біліктілігін, тәжірибесін еңбекке қажетті заттарды, әлеуметтік шындықты сапалы өзгертуге бағытталған әрекеттер жүйесі” деп қарауды ұсынады. Ресейлік ғалымдардың ішінде осы технологияның мәнін

біршама анығырақ айтқан Б.Т.Лихачев:” Педагогикалық технология – оқыту тәсілдері мен тәрбие құралдарын, оқытудың түрлерін жинақтап, арнайы біріктірудің жолдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық үрдіс бірлігі”, – дейді. В.П.Беспалько педагогикалық технологияны “оқу процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы” деп санаса, И.П.Волков “жоспарланған оқыту нәтижелерінің жетістіктері процесінің сипаттамасы” деп бағалайды. В.М. Монахов педтехнологияға “оқушы мен мұғалімге қолайлы жағдай туғызатын оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізу бойынша бірлескен педагогикалық әрекеттердің жан-жақты ойластырылған моделі”,- деген анықтама беред. Технология туралы қазіргі ғылымда орныққан дәл анықтама болмағанымен, олардың бәрінің тоғысатын ортақ арналары бар. Олар, біріншіден, технологияның шеберлікпен, біліктілікпен байланыстылығы; екіншіден, технологияның сапалық өзгеріс жасау мақсатында қолданылатыны; үшіншіден, технологияның біртұтас әдіс-тәсілдер жиынтығынан құралатындығы. Олай болса, технологияның білім мекемелерінің кез келген түрінде жаппай қолдануға қолайлы әрі тиімді оқу процесін құрудың жолдарын іздестірудің нәтижесі ретінде туған тұжырым екендігі даусыз. Білім беру, оқыту процесіндегі технология – “қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе, яғни білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі.” Технология, бір жағынан, білімдік ақпараттарды өңдеп ұсынудың, өзгертудің, ашудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан, мұғалімнің қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды оқу процесінде қолдана отырып, оқушыларға ықпал етуінің тәсілдері туралы ғылым. Жалпы педагогикалық технологияның дамуының қайнар көздерін педагогикалық психологияның, әлеуметтану ғылымының, этнопедагогиканың жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ өткен жылдардағы отандық, шетелдік педагогикадағы жинақталған асыл қорлары құрайды. Сол себепті де технология өткеннің жетістіктері мен жаңашылдықты тоғыстыратын, оқыту жүйесінің барлық мүмкіндіктерін оқушының дамуына пайдалануды көздейтін

біртұтас ұғымға айналады. Түйіндей келгенде, оқыту технологиясы мұғалім мен оқушының мүддесіне қызмет ететін, толық үндесімге негізделген оқытудың әдістемелік жүйесі болып шығады.

Қазақстан мектептерінде шетел тілдерін оқытудың жаңа технологиялары еліміздің егемендігін алуы кезінен басталады. Республикада 1991 жылдан бастап түрлі елдердің елшіліктері ашылып, оларда білім мен ғылым саласына жауап беретін мамандар келді. Ол мамандар республиканың білім, ғылым саласының жай-жапсарымен танысып, түрлі тақырыптарға семинарлар, конференциялар, кездесулер т.б. іс-шаралар ұйымдастырып, республикаға төл оқулықтар жазуға ғылыми және қаржылай көмектер көрсетті, әлі де көрсетуде. Мысалы, Германияның Алматыдағы Гёте институты жыл сайын озат оқытушыларды, ғалымдарды Германияға білім жетілдіру курстарына жіберіп, жаңа технологиялар бойынша ашық сабақтар беріп, неміс тілін үйретіп жатқан оқу орындарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, техникалық жабдықтарды тегін беруде. Осы институтта жыл бойы түрлі тілдік деңгейдегі курстар өтілуде. Тілдік курстар әрине жаңа технологияларды қолдана отырып базалық біліктіліктерді қалыптастыруды көздейді.

### **Оқыту технологиясына тән белгілер:**

Негізділігі (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт).

Жүйелілігі (құрылымдық элементтерінің біртұтастығы).

Басқарылмалылығы (оқыту процесін бастан-аяқ жоспарлап, нәтижесін тексеруге болатындығы).

Тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі).

Технологияның түрлерін саралауда да түрлі бағыттар қатар орын алып отыр.

Ғалым Қ.Л.Қабдолова оны былайша топтайды: қолдану өрісіне қарай: жалпыпедагогикалық, жекепәндік, модульдік, әдістемелік;

– мазмұны мен құрылымына қарай: оқыту (тәрбиелеу), зайырлы (діни), жалпыбілімдік (бағдарлы), гуманитарлық

(технократиялық), монотехнологиялық, политехнологиялық, аралық;

–ұйымдастыру түріне қарай: сыныптық-сабақтық (альтернативтік). Академиялық (клубтық), жеке (топтық), ұжымдық оқыту тәсілі, саралап оқыту».

Дегенмен, бір ғана бағытпен шектелетін монотехнология болмайтыны ақиқат. Кез келген технологияға кешенділік тән. Бірақ өзінің таңдаған басым бағытына орай олардың арасында өзгешелік те сақталады, соған сай белгілі бір атауға ие болады. Сонымен, технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Педагогикалық технологияның ұстанымдық екі ерекшелігі ретінде, біріншіден, оның көздеген нәтижеге жетудің кепілдігі екендігін, екіншіден, оның болашақ оқу үрдісінің жобасы түрінде сипатталатынын атап айтуға болады.

Технологияны қолдануда мұғалім шеберлігі ерекше мәнге ие болады. Оның кәсіби шеберлігі мен оқытудың қандай әдіс-тәсілдерін таңдауы ғана технологияның ұтымды болуына алғышарт жасайды. Дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс жасалған технологиялар оқытудың мотивациялық сипатын арттырып, оқушылардың пәнге қызығуын тудырады, оқушының өз айналасындағылармен табиғи бәсекелестігін дамытады, оның дара тұлғалық белсенділігін күшейтеді, өз бойындағы қабілетін саналы түрде ашуына қолайлы жағдай туғызады, олардың адамгершілік сапаларын жетілдіреді, шығармашылық еркіндікке ұмтылдырып оқушылардың бейінді біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік беретіндіктен оқу үрдісін қайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірегі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

– оқытудың жалпы мақсаты;

- жалпы мақсаттың нақтыландырылуы;
- оқушылардың білім деңгейін алдын-ала (диагностикалық бағалау);

- оқу әрекетінің жиынтығы;
- нәтижені бағалау.

Білім нәтижесін бағалау мен білім сапасының өлшемдерін анықтау берілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталуымен және оқытуда тиімді технологияларды пайдаланумен айқындалады.

Қазіргі білім беру жүйесіне лайық технологияларды іріктеудің критерийлері оқытудың жаңа талаптарымен сәйкес анықталды. Зерттеу нәтижесінде шетел тілін оқыту технологияларын іріктеу мен жүйелеудің мынадай критерийлері нақтыланды:

- технологиялардың нәтижеге бағдарланған білім моделі талаптарына үндес болуы;

- технологиялардың оқушының мүддесіне басымдылық беруге бейімділігі;

- технологиялардың оқытудың әдістемелік жүйесі компоненттерін өзара бірлікте қамту мүмкіндігінің болуы;

- технологиялардың оқу сатыларының кез келгенінде қолдануға қолайлылығы;

- технологиялардың білім сапасын арттыруға ықпалының айқын болуы;

- технологияның оқушы білімін объективті бағалауда тиімділігі, т.б.

Сөйтіп, педагогикалық технологиялар білім сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай жетілдіріліп отырылуы тиіс. Бұл орайда оқытуда қоғам мен оқушы мүддесін қатар қамтитын, мұғалім шеберлігін шыңдайтын, оның нәтижелі жұмыс жүргізуіне оң әсерін тигізетін технологиялардың көбеюі мұғалімнің таңдау мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Ол оқу процесіндегі кездейсоқтық пен жүйесіздіктен арылуға, оқу материалын тиісті деңгейде меңгеруге, оқушы білімін объективті бағалауға жол ашады. Сондықтан да педагогикалық технологиялар білім сапасын жетілдірудің маңызды компоненті деп саналады.

Қазіргі күн талабына сай білім жүйесінің алдына қойған бастапқы мақсаты тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, өзгелермен тілдесімде бола алатын, ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу болып есептеледі. Осы күнге дейін пайдаланып келген оқыту әдіс – тәсілдері бүгінгі күн талабына толық жауап бере алмайды. Сол үшін білім жүйесіне өзгертулер енгізіліп, бұл мәселенің шешілу жолдары жан-жақты қарастырылуда. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту үрдісін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр.

Алдымызға қойылған міндеттерге сәйкес шетел пәні бойынша базалық компетенцияларды қалыптастыру мен дамытуға арналған оқыту технологияларының тізбесін жасау үшін пәннің ерекшелігін ескере отырып жоғарыда атап айтқан:

- алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін;
- өзгелермен тілдесімде бола алатын;
- ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген;
- бәсекелестікке төтеп бере алатын;
- іс-әрекетке бейімделген оқыту технологияларын

пайдалануымыз қажет.

Зерттеудің алдына қойған мақсатына жету үшін осы критерийлерді негізге ала отырып шетел тілі бойынша базалық компетенцияларды қалыптастыру мен дамытуға арналған оқыту технологияларының тізбесін ғалым мынадай етіп көрсетеді:

– оқушыны объект ретінде емес, субъект ретінде қарастырып, оның дара тұлға ретінде қалыптасуына жан-жақты әсер ететін, қарым-қатынастың демократиялық, ізгілендіру бағытын негізге алған – демократияландыру мен ізгілендіру негізіндегі педагогикалық технологиялар (оған жататындар: Е.В. Бондаревский, Д.Б. Серикова, Ю.И. Турчанинова, И.С. Якиманский, Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-жеке тұлғалық технологиясы т.б. жатады);

– оқушының белсенді болуына, проблемалық жағдайда одан шығуды үйрететін оқушы әрекетін белсендіру мен жеделдету негізіндегі педагогикалық технологиялар (оған жататындар: Е.И.Пассовтың коммуникативтік оқыту

технологиялары, В.Ф. Шаталовтың тірек сигнал конспекттері негізінде оқыту технологиясы, проблемалық оқытулар жатады);

– балаға сырттан әсер етпей өзінің табиғи дамуына ықпал жасайтын, баланың жаны мен жүрегіне жылулық ұялататын – халықтық педагогиканың әдістеріне сүйене отырып баланың табиғи дамуына негізделген педагогикалық технологиялар (Л.Н. Толстой, А.Кушнир, М.Монтессори технологиялары жатады);

– оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуына негізделген –саралап оқыту технологиясы (Н.Гузик, И.Первин, В.Фирсов т.б.);

– оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынастың тең дәрежеде жүзеге асуын қамтамасыз ететін – ынтымақтастық педагогикалық технологиясы;

– әр оқушының жеке қасиетін аша отырып, оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, тәрбиелеу бағытында жүзеге асатын технологияның түрі – деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;

– оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына және қоғамдық белсенділігінің артуына әсер ететін – дамыта оқыту технологиясы (Л.В. Занков, Г.Д. Кириллова, Г.И.Щукина т.б.);

– балалардың ұжымда істеуге үйретуде, тілдесімде болуына, бірін-бірі үйретуіне үлкен әсер ететін технология – оқытудың ұжымдық тәсілі жатады (В.Дьяченко, А.Соколов, А.Ривин, Н.Суртаева т.б.).

Осы аталған технологиялардың ішінде базалық компетенцияларды қалыптастыру мен дамытуға өзінің ұстаған ұстанымы бойынша Т.Г. Галиевтің жүйелілік тұрғыда оқыту технологиясы мен Эльконин – Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы жауап бере алады. Бұл технологиялардың философиялық негізінде дамытушы, проблемалық, тұлғаға бағдарланған оқыту жатады. Бұл технологиялар оқушыға білімді дайын күйінде бермей, тек баланың өз алдына ізденіп өзіндік дамуына жағдай жасауға негізделген. Яғни, оқушының өзіндік жұмыс жасауына, күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдаяттарды, дами отырып шешуді үйретеді. Оның базалық компетенциясының қалыптасуына әсерін тигізеді.



Шетел тілін оқытуды ұйымдастыруда төмендегідей тенденциялар күні бүгін басым мәнге ие болып отыр:

1. Шетел тілін оқыту сапасын көтерудің білім берудің жаңа педагогикалық парадигмасымен – оқушының жеке бас қабілеттері мен танымдық мүмкіндіктерін дамытумен байланыстырылуы.

2. Шетел тілін оқыту сапасын арттыруда педагогикалық технологияларды жүйелі қолдану қажеттігінің өрістеуі.

3. Шетел тілін оқытуда жаңа білім мазмұны мен дәстүрлі оқыту жүйесіндегі қайшылықтарды шешуге негіз болатын қағидалардың әлемдік тәжірибе мен біздің елімізге тән ғылыми-әдістемелік тұжырымдардың бірлігінен туындауының тиістілігі.

Шетел тілін оқыту сапасын күтілетін нәтиже тұрғысынан жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері аясында мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Шетел тілінің пәндік міндеттерінің өзара бірлікте ұштастырылуы пәннің құндылық бағдарын арттырып, жеке тұлғалық мақсаттардың мемлекеттік мүдделермен сабақтастырылуына жол ашады. Пән бойынша меңгерілетін білім мен біліктер арқылы оқушының дүниетанымы қалыптасады, әлеуметтік дағдылары жетіледі, бүкіл танымдық іс-әрекетін дамытудың құралы игеріледі. Ал олар адамның саналы тіршілігінде жетекші рөл атқарады. Сондықтан шетел тілін оқытуда негізгі сатыда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға, ал жоғары бағдарлы мектепте компетенттілікті жетілдіруге басымдылық беріледі. Әрине, олар екі сатыда да өзара тығыз байланыста, өзара тәуелділікте сабақтасып отырады. Сондықтан орта буында пәндік компетенцияға, жоғары сатыда (тірек) базалық компетенцияға қарай ыңғайландырылған білім нәтижелері айқындалады деп санаймыз. Бұл орайда, білімнің ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мәдениетті игертудің әлеуметтік-генетикалық тетігі екендігі назарға алынады.

2. Шетел тілін оқытудың мәдениетаралық коммуникативтік бағыты пәнді күтілетін нәтижеге бағдарлай оқытуда негізгі тірек болып саналады. Өйткені қазіргі таңда белгіленіп отырған базалық компетенциялар мәнді де негізгі

тәсілі - әрекеттік тәсіл болып саналатын тіл үшін коммуникативтік біліктіліктермен тығыз ұштасып жатыр. Нәтижеге бағдарланған білім моделі бойынша мектептің әр сатысында ғана емес, әр кезеңінде анық та айқын көрсетілуі тиіс оқыту нәтижелері сатылай дамып отырып “компетенцияны” қалыптастыруы тиіс. Яғни тілден алған білімдері мен біліктерінің жиынтығы тұйық қалпында қалмай оқушының өмірдегі қажетіне қызмет етуде қолданылуы мүмкін болғанда ғана ол компетенцияға айналады.

3. Компетенция - тек білім мен біліктің жай ғана жиынтығы емес, керісінше субъектінің өмірде кездесетін түрлі проблемалық жағдаятта қандай әрекетті қолдану керектігін анықтай алуы және оны іске асыру жолында меңгерген білімі мен білігін ұштастыра алу қабілеті. Олай болса, компетенттілік баланың өзінің түрлі өмір жағдайларында сөйлеу дағдыларын ұтымды қолдануының нәтижесі деп саналады. Яғни әрекеттен тыс компетенцияның қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан да шетел тілі пәні бойынша түйінді компетенцияларды анықтауда коммуникативтік-әрекетшілдік бағыт басшылыққа алынуы тиіс.

4. Шетел тілінің жасалған білім стандартында, оқу бағдарламаларында компотенттілікті жүзеге асыру аспектісі негізге алынып, дәстүрлі білім мазмұнын жаңартуда оған іс-әрекеттік сипат дарыту және білімді қоғам дамуы өзгерістеріне бейімдеу идеялары басшылыққа алынған. Бұл идеялар шетел тілінің жетекші қызметтерінің коммуникативтік-компетенттілік және мәдени-құндылық бағдарын арттыруға негіз болады. Стандарт пен оқу бағдарламалары ғылым негіздерін меңгертетін жеке пән бойынша жасалғандықтан, оларда біліктілікті, түйінді компетенцияларды айқындау мүмкін болмаған. Өйткені бұл компетенциялар жеке пәндік дағдылардан жоғары тұрады. Ағымдағы стандарттар мен оқу бағдарламаларындағы жаңашылдық сипаттарды білім берудің жаңа моделіне сәйкес жетілдіруде пәндік қолданбалы компотенттіліктерді жүйелеу барысында өзек етіп алуға толық болады. Мұнда мектептің әр сатысында алынатын нәтижелерді жеке пән тұрғысында емес, білім аялары бойынша анықтау мақсаты қойылатындықтан,

білім нәтижесі де жекелеген білім, білік түрінен өмірлік дағды, біліктілік деңгейіне қарай ауысады.

5. Базалық және арнайы пәндік компетенциялар бір-бірімен тығыз ұштаса отырып, өзара бірлікте, өзара сабақтастықта қалыптасады. Сондықтан қай сатыдағы компетенцияларды анықтағанда да олардың ішкі бірлігіне, ең бастысы, сатылай дамытылуына баса назар аудару қажет.

Мектепте шетел тілдерін оқытудың жаңа технологияларын талдау барысында, біз республикамыздың ерекшелігін, бұрынғы (егемендік алғанда дейінгі) және қазіргі кездегі жағдайын ескеруге тиіспіз. Олай деу себебіміз, бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған бүкіл он бес республиканың білім жүйесі күні бүгін түрлі деңгейде дамуда.

АҚШ, Англия, Германия, Жапония, Франция, Россия т.б. елдерде жаңа технологиялар шетел тілдерін оқытуда бұрыннан-ақ кеңінен қолданылып келсе, біздің республикада еліміз егемендігін алғаннан бастап енгізіле бастады.

Әлем ғалымдары қазір білім беру сапасын арттыруға әсер ететін процессуалдық факторлар ішінен оқытуды технологияландыруды бөліп көрсетіп отыр.

2000 жылдың 21-23 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі коллегиясында премьер-министр Қ.К.Тоқаев «Жаңа технологиялар мен ақпарат хабарлар ғасыры болатын келесі ғасырда біз білім беру үрдісіне жаңа технологияларды ендіруге міндеттіміз. Еліміздің Президенті ұсынып отырған орта білім жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы бүкіл халықтық бағдарлама болуы тиіс» - деп атап көрсеткен болатын.

«Технология» дегеніміз, грек тілінен алынған «техне» - өнер, кәсіп, ғылым, ал «логос» - «ұғым, оқу» деген түсінікті білдіреді. Яғни технология - өндірістік үрдістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы. Оқу-тәрбие үрдісін жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдер жиынтығын «оқыту үрдісінің технологиясы» деп атауға болады. Қазіргі кезде ғалымдар бұл жайлы көптеген түсініктемелер беруде.

Оқу технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етудегі оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Оқытудың жаңа технологияларын пайдаланған практик мұғалімдердің мынадай мақсаттары бар:

– оқытуда оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру;

– оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім арасында орындалатын интерактивті, когнитивті, мәдениетаралық коммуникативті іс-әрекетті жүзеге асыру;

– оқушыны жеке тұлға деп қарап, оның жеке басының мүмкіндіктерін пайдалануына кеңінен жол ашу.

Қазіргі кезде уақыт талабына сай шетел тілдерін оқыту барысында көптеген жаңа әдістемелер мен оқу құралдары жарық көруде. Оқыту үрдісінде жаңа техникалық және мультимедиялық құралдар отандық әдістемеді жаңадан даму үстінде. Өйткені, бұл жаңа технологиялық құралдардың қолданылу аясы елімізде, әсіресе ауылдық мектептерде, әлі де кең етек ала қойған жоқ.

Бүгінгі мектептерде, соның ішінде шетел тілі сабақтары мен басқа пәндер бойынша жаңа технологиялық құралдардың қолданылу аясын әлі де болса кеңейте түскен дұрыс деп білеміз.

Орта білім мазмұнын игеру үшін оқытудың тиімді формаларын пайдалану және ұлттық әрі жалпы адамзаттық мәдениеті қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқыту материалдарының мазмұны тиімді де мағыналы етіп құрылуы керек.

Бүгінгі оқушы жастарды нарықтық қатынасқа өту жағдайында адамзат баласы жасаған құндылықтарды шығармашылық білім, білік дағдыларымен игере алатын, түрлі мамандықтарды меңгере білетін, өмірде кездесетін күрделі мәселелерді шешуге бейім, әрі икемді, экономикалық ой-өрісі дамыған, ұлттық менталитеті жоғары тұлға етіп тәрбиелеу басты назарда ұсталуда.

Зерттеудің практикалық сипатына байланысты оқыту үдерісінің өзара байланысын талдау, түрлі кезеңдерде туындаған

проблемаларды салыстыру, тілдерді оқыту әдіс-тәсілдерінің даму барысындағы қайшылықтарды байқау, оларды шешу жолдарын іздестіру іспеттес талаптарды бағдар еттік. Нәтижесінде тілдердің мектепте қазіргі оқытылуы, оларға қажетті оқу-әдістемелік дүниелерге қандай өзгерістер енгізу, курстың әдістемелік және қосымша құралдармен қамтамасыз етілуі жайлы анық деректер алынды.

Қалалық және Алматы облысы мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында, мектептерде оқу бағдарламалары, шетел тілдерін оқытудың мемлекеттік білім стандарттары жайлы лекциялар оқылып, талдау жұмыстары жүргізілді. Отандық және халықаралық семинарлар мен конференцияларда зерттеу тақырыбы бойынша талқылаулар мен пікір алысулар өткізілді.

Осы аталған жұмыстардың түпкі нәтижесінде мынадай жетістіктерге қол жеткізілді: шетел тілін оқыту ісіне сипаттама берілді, оқытудағы, оқыту әдістемесіндегі негізгі кезендер анықталды. Оқытудағы орын алған ұстанымдар мен тенденцияларға ғылыми талдау жасалды, жинақталған проблемалар нақтыланып, оларды шешу жолдары іздестірілді, яғни шетел тілдерін мектепте оқытуға заман, уақыт талабына сай жетілдірудің әдістемелік жолдары, жаңа технологиялары қарастырылды.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінің бәрінде де мектептерде оқытудың дәстүрлі емес технологияларын көптеп қолдану тенденциясы басым. Бұл, әрине, занды құбылыс, себебі заман, уақыт талабы солай. Тілді оқытудың жаңа технологияларының Республика мектептерінде практикалық тұрғыда қолданылуына келсек, қазір мүмкіндігі бар мектептерде мұғалімдер Интернет материалдарын да өз жұмысында кеңінен қолданылуда.

Сондай-ақ шет мемлекеттерде біздің республикаға келіп білім саласына атсалысып жатқан АҚШ, Англия, Франция, Германия елшіліктеріндегі білім орталықтарының мамандары да еліміздің мектептерінде жаңа технологияларды сабақта іс жүзінде қолдануға мұғалімдерді үйретіп, біздің мұғалімдерден өздері де әдістеменің кейбір мәселелерін үйреніп жүргеніне

мұғалімдермен, ілгеріде аталған ұйымдар қызметкерлерімен пікірлесу, семинар, конференцияға қатысу сияқты т.б. атқарылған жұмыстар барысында қанықпыз.

Соңғы кезде жаңа технология пайдаланып дәстүрлі емес сабақтар өту Республика мектептерінде кең ауқымда қолданылуда. Ондағы мақсат мұғалімдер білім сапасын арттыруды көздеуде. Күні бүгін жаңа технологиялардың мәтінмен жұмыс істеу, ұжымдық ойлау, жобалап оқыту, еркін жұмыс, бейне материалдар сабағы, бейне-диктант т.б. көптеген түрлері қолданылуда. Енді солардың бірнешеуіне қысқаша тоқталайық.

1. Мәтінмен жұмыс істеу – жаңа технологиялардың бірі:

а) Мәтін беріледі (ол шетел тіліндегі қызықты әңгімелер, аңыздар, ертегілер болуы мүмкін). Мәтін аяқталмаған күйінде әр оқушының алдына таратылып беріледі. Оқушылар мәтінмен танысып, әрқайсысы мәтінді өз қалауларына аяқтаулары тиіс. Оқушылар түгел жауаптарын оқып болғаннан кейін мәтіннің дұрыс түпнұсқасы ұсынылады. Бұндай жұмыс оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіріп, өз бетінше жұмыс істеуге баулиды.

ә) Мәтінмен жұмыстың келесі түрі: мәтін беріледі, оқушылар мәтінді оқып түсінгеннен кейін сол мәтіннің кейіпкерлерінің рөлін ойнап мәтінді (сценарий) қойылым түрінде көрсетеді. Осы технология балаларды сөйлеуге, өз пікірін айтуға дағдыландырады.

б) Мәтін таратылып беріледі. Әр оқушы өз беттерімен оқып, түсініп, мұғалім мәтінге байланысты әр түрлі ситуациялар береді, сол ситуациялар бойынша оқушылар диалог құрастырады. Мәтінмен жұмыстың бұл түрлері оқушыларды топпен жұмыс істеуге, ұжымшылдыққа үйретеді.

2. Шетел тіліне үйретудің Европада кең тараған әдістердің бірі топпен жұмыс. Ондағы мақсат -ұжымдық ойлау әрекетін жүзеге асыру.

Мұғалімдер алдымен ұжымдық ойлау әрекеті технологиясының шарттарын білуі тиіс:

- оқушыларды өз еркімен топқа бөлу;
- әрекет барысында оқушылардың бәрін сөйлету;

- топтан пікір алып отыру;
- оқушының ойын өсіру, көтермелеу, көрсету.

Ойлау әрекетінің түрлері:

- жеке ойлау әрекеті;
- ұжымдық ойлау әрекеті.

Ойлау әрекеттері:

- салыстыру;
- ең басты негізгі ойды бөліп шығару;
- алынған мағлұматқа сын көзбен қарау;
- ойды жинақтап қорыту. Салыстыру барысында ең басты негізгі ортақ ойды бөліп шығару, одан ең басты негізгі өзгеше ойды бөліп алып, алған мағлұматты сыннан өткізіп, ойды жинақтап, қорытынды жасау.

3. Шетел тіліне үйретудегі тағы бір тиімді технология ол «жобалап оқыту» технологиясы. Жобалап сабақ өткізудің дәстүрлі сабақтардан едәуір айырмасы бар. Жобалы сабақты дайындау, өткізу оқушылардан да шығармашылық ізденісті, көп күш, жігер және уақыт талап етеді. Жобалы сабақтарда оқушылар белсенді болады, яғни оқытушы не айтады деп күтіп отырмай, өздері іздейді, зерттейді таңдайды, шешеді, жасайды, басқа білімгерлермен, мамандармен бірігіп жұмыс істейді.

Біз ілгеріде жобалы сабақ алдын ала жоспарланған, алдына қойған мақсаты бар сабақтың ерекше бір түрі екенін айтып өттік. Шетел тілі сабақтарында жобалы сабақ белгілі бір тақырыпты немесе тарауды өтіп болғаннан соң, жүйелеп қорытындылау түрінде тоқсан аяғында, жарты жылдықтан соң немесе жыл аяғында өтіледі.

Мысалы: белгілі бір тарау өтіліп біткен соң қорытындылау сабағын жобалап оқыту технологиясын қолдана отырып өткізуге болады:

- ең бірінші, мұғалім оқушыларды сабақтың жоспарымен таныстырады;
- оқушыларды үш, төрт адамнан микротоптарға бөледі;
- әр микротоп әр бағытта жұмыс істейді.

1. Дайындық кезеңі.

- а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау өз ойларын айту;

ә) сабаққа қажетті сөздермен жұмыс істеу;

б) қосымша материалдар енгізу;

2. Тақырыптарды бөлу:

а) оқушыларды кіші топтарға топтастырып, әр топқа кіші тақырыптар табу;

ә) тақырыптарды талқылау;

3. Тақырыптарды нақтылау:

а) сұрақтар құрастыру, жоспар құру, рөлдерді, тапсырмаларды бөлу;

ә) кім не істейді, қашан, қалай, немен істейді.

Жобалы сабаққа дайындық кезінде жоспарды басшылыққа алған жөн. Бірақ сабақ жоспарынан ауытқуға да болады. Себебі жобалы сабақ барысында шығармашылық еркіндік болуы қажет

4. Мәліметтерді жинау:

а) түпнұсқадағы кітап, газет-журнал т.б. мәліметтер;

ә) теле-радио хабарларындағы мәліметтер;

б) белгілі бір жерді зерттеуден алынған мәліметтер;

в) көшеде алынған сұхбат мәліметтер;

г) фото-сурет т.б.

5. Жинаған мәліметтерді презентацияға дайындау:

а) реттеу, өңдеу, презентацияға лайықтап дайындау;

ә) плакаттар дайындау, карта жасау, газет шығару, көрме дайындау, брошюра жазу т.б.

6. Презентация:

а) әр кіші топ өз презентациясын басқа оқушылар алдында айтып түсіндіреді, көрсетеді;

ә) жұмыстың нәтижесін көрме, брошюра, плакат т.б. түрінде дайындау;

б) жұмыстың нәтижесін көрме, брошюра, плакат т.б. көмегімен ауызша айтып беру;

в) қысқаша жұмыс жоспарымен, іс барысымен таныстыру (не істеуді жоспарлауды, не істелді, жұмыс қалай жүрді, бұдан да жақсы істеуге болар ма еді т.б.);

г) пікірталас, пікірсайыс т.б.



Сабақ дайындау, жүргізу барысында пайдалануға болатын құралдар: компьютер, видеокамера, фотоаппарат, магнитофон, микрофон, кітаптар, журналдар, сөздіктер т.б.

Жобалы сабақтың презентациясында пайдаланылатын басқа әдістердің түрлері:

- жарыссөздер;
- пікір таластырулар;
- рөлдік ойындар;
- ойындар;
- көріністерді сахналау.

Бұндай жұмыстарды атқарған оқушылар келешекте икемді, бейімделгіш, ізденгіш, шығармашалық түрде ойлайтын мамандар болып шығары сөзсіз. Жобалы сабақтарды дайындау, өткізу барысындағы қол жеткізген табыстар – жан-жақты дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына көмектесу.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа технологиялық қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігін өркендетті елдердің іс-тәжірибелері айқын көрсетіп отыр. Сондықтан республикамызда білім беру жүйесі бойынша білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу елеулі мәселеге айналуға.

Күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғыларын, теледидар мен компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беріп келеді. Заман ағымына сай ондай қондырғылар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге не тандауға, алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқыту кезінде бейнематериалдармен жұмыс істеу шағармашылық түрде ойлауды қалыптастыруға, сол сияқты оқытудың тәрбиелік функциясын жүзеге асыруды күшейтуге, оқу материалын зерттеуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Шетел тілін оқыту барысында бейнематериалдарды пайдалану оқушылардың басқа ел тілінде қарым-қатынас жасаудың барлық қырларын жан-жақты көруін

қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді, себебі екеуі тілдік және әлуметтік-мәдени бірлікті құрайды, ал бұл нақты жағдайдағы қарым-қатынастарға тән.

Қазіргі уақытта бейнематериалдар шетел тіліндегі вербалдық қатынасқа оқытудағы барынша тиімді және қол жетерлік құралы болып табылады. Бейнематериалдардың қалған қарым-қатынас жасау құралдарымен салыстырғандағы артықшылығы мұғалім өзінің сабақтарында бейнематериалдарды пайдалана отырып оқушылардың назарына материалдардың көріністерін жан-жақты, толығымен, қатар ұсына алады. Бұл өте маңызды жайт, себебі психолог мамандардың пікірінше, көру мен есту мүшелері арқылы адам қоршаған әлем туралы мәліметтердің басым бөлігін алады. Сонымен бірге, көру арнасы арқылы біз барлық қабылданатын ақпараттың 69 пайызына дейін аламыз.

Әлем ғалымдарының зерттеулері бойынша адам оқығанының он пайызын, естігенінің жиырма пайызын, көргенінің отыз пайызын, естіп әрі көргенінің елу пайызын, өзі сөйлеген, айтқанының жетпіс пайызын, ал өзі ізденіп, тауып дайындалғанының тоқсан пайызын есіне сақтайды екен.

Шетел тілі оқу барысында бейнематериалдарды пайдалану оқушылар аз уақытта айтарлықтай әлеуметтік-мәдени тұрғыдан, оның ішінде жадының маңызды әсері бар ұйымдасқан нысанда білім алуына мүмкіндік береді.

Бейнематериалдарды пайдалану оқушылардың оқу барысындағы коммуникативтік тапсырмаларды орындау кезінде алған білім мен дағдысын оң жағдайда оқытылатын тілдегі нақты қарым-қатынас жасауға көшіруге жағдайлар жасай алады. Мұның өзі оқушылардың жан-жақты мәдениетаралық коммуникативтік құзыретін қалыптастырудың негізінде жатыр.

Бейнематериал арқылы мұғалім оқытудағы жеке адамның ойын жандандыруға мүмкіндік алады, өз сабақтарына жаңа екпін береді, көңіл-күй аясын кеңейтеді. Бұл жағдай оқушылардың назарын аударуға ғана емес, белгілі бір дәрежеде оларды ынталандыру мен мүдделі етуді нығайтады.

Бейнематериалдармен жұмыстың жаңаша тиімді технологиясы үш құрылымдық элементке негізделген үш модельді үлгі жобалардан тұрады:

I – қарапайым модель – «Жебе»;

II – «Бумеранг» моделі;

III – «Құрақ» моделі.

Бұл модельдердің әрқайсысы үш сатыда жұмыс істеуді қамтиды: тарту (вовлечение), зерделеу (изучение), жандандыру (активизация).

Тарту – бұл сатыда мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушыларды олар үйренетін материалдарға деген қызығушылық тудыру, оларды оқыту процесіне эмоционалдық жағынан тарту, олардың көңіл-күйіне әсер ету.

Зерделеу – жаңа материалды үйретуді білдіреді. Бұған грамматикалық құрылыммен жұмыс та, жаңа лексикалық материал да, жеке сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрену, мәтіннің стилистикасына көңіл бөлу және т.б. жұмыс жатады. Кез келген жағдайда осы сатыда оқушылардың барлық зейіні тілге – оның құрылымына, функцияларына, құрамдас бөліктеріне ауысуы тиіс.

Жандандыру – бұл сатының мәні қарым-қатынас жасаудың нақты жағдайларына барынша жақындатылған ахуалдарда үйренген тілдік материалды пайдалану мүмкіндігін беру болып табылады.

“Жебе” моделі бойынша тарту сатысында көбінесе мұғалім бейнематериалдарды көріп болғаннан кейін әртүрлі формада оқушыларға сұрақтар қояды.

Зерделеу сатысында оқушыларға әр түрлі деңгейде тапсырмалар беріледі. Кадрды тоқтатып қойып:

– Мына кейіпкер не деді?

– Оның сөйлемі қандай түрде тұр?

Кейіпкерлер сөзін әрі жалғастыр деген сияқты т.б. тапсырмалар беріледі.

Жандандыру сатысы. Бұл топқа бөліп, топпен жұмыс істеуден тұрады:

1-ші топқа бейнематериалдың кейіпкерлерін суреттеу;

2-ші топқа диалог (ауызекі сөйлеу) құрау;

3-ші топқа шағын әңгіме құрастыру, т.б. тапсырмалар беріледі.

2. «Бумеранг» моделіне оқушылармен рөлдік ойындар, іскерлік ойындар ұйымдастыруға болады.

3. Соңғы әдістемелік модель (құрастыру) көбіне жоғары сынып оқушыларымен жүргізіледі. Оқушылармен әртүрлі тақырыпта жарнамалық роликтер пайдаланылады.

Бейнематериалдармен жұмыс істеудің тағы бір тиімді әдісі ол – бейнедиктант.

Диктанттың бұл жаңа түрі дәстүрлі диктанттарға қарағанда өте қызықты. Бұл формадағы диктант оқушыларды орфографиялық, грамматикалық қатесіз жазуға, өз бетімен жеке жұмыс істеуге баулиды.

1. Диктант суреттер арқылы беріледі.

2. Диктантта мәтіннің әр сөйлемдерінің негізгі сөзі беріледі.

3. Диктантта мәтіннің әр сөйлемі беріледі.

4. Ең соңында диктант мәтіні экранда түгел беріледі.

Бейнедиктант өшіріледі. Оқушыларға мынадай тапсырмалар беріледі:

а) Өз бетімен диктант мәтінін құрау;

ә) Бұл тапсырманы орындап болған соң оқушылар енді өздерінің жазған диктанттарын - бейне-диктантты іске қосып, өздері тексереді.

б) Диктант аяқталғаннан кейін оқушыларға:

Мысалы: Диктанттың тақырыбы «Теңіз жағасындағы демалыс» болса:

– «Демалыс» туралы шағын әңгіме құрастыру;

– «Демалысты өткізу жолдары» тақырыбында пікір-талас;

– осы диктант тәрізді суреттерге қарап, өз беттерімен үйден диктант құрастыру сияқты тапсырмалар беруге болады.

Осы сияқты жаңа технологиялардың қай-қайсысын алсақ та, шетел тілі сабақтарын тиімді өткізудің бірден бір көзі бола алады.

Шетел тілін оқыту процесі мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының арасындағы біріккен әрекетті көрсетеді. Мұғалімнің оқушылар мен педагогикалық қатынасты

ұйымдастыра алу қабілеті бүгінгі таңдағы шетел тілін оқу процесінің тиімділігін арттырады, сондай-ақ ол оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ашуға және оның шетел тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. Аталған мәселені шешу үшін педагогтар мен әдіскерлер оқыту процесінде оқытудың белсенді формаларын қолдану керектігін құптайды. Бұл формалар ең алдымен сөз дағдыларының жүйесін меңгеруге бағытталған және екі жақты әрекетке жетелейтін, оқушыны оқыту процесінде басты субъект ретінде қарастыратын, ал шетел тілін оқыту процесіне әрекетке бағытталған сипат беретін оқытудың интерактивтік түрлері болып табылады.

“Интерактивтік” деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей «интеракция» деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады. Ол оқыту процесінде оқушыларды бірігіп бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетте өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды жұп болып, топ болып әрекет етуге үйретеді. Аталған әдіс бірлесіп әрекет етуге, бірігіп оқуға шақырады. Ол оқушылардың шетел тілін оқуға деген мотивациясын ұлғайтатын эмоционалдық жағын қозғайды. Оқыту процесін ұйымдастырудың әр түрлі формаларына қол жеткізеді. Сондай-ақ ең алдымен оқушының қызығушылығы, мүддесі, жеке ерекшелігі көзделеді. Оқушылардың бір жұмыста жеке, жұптық және топтық жауапкершілігі арттырылады.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне енгізу жаңаша білім берудің бір шарты болып табылады.

Қазіргі замандағы білім беруге стандарттар тұрғысынан қарасақ білімді игеруге қажетті құрал-жабдықтар мол болуы қажет. Бірқатар елдерде білім беру мақсатында компьютерді, мультимедиалық үлгідегі құралдарды және басқа да көптеген

техникалық көрнекілік түрлері кеңінен қолданылуда. Ғылыми-техникалық прогрестің жедел қарқын алуына байланысты мұндай үрдіс біздің еліміздегі білім беру саласына кеңінен еніп жатқанын жоққа шығаруға болмайды.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұны мұғалімнен үнемі өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың жаңа әдістеріне көшу қажеттілігі туып отырғаны белгілі. Сондықтан да қазіргі уақыт талабы ұстаздан жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Әрбір мұғалімнің негізгі міндеті - оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Осындай мақсатта шетел тілі сабақтарының дәстүрлі емес түрлері, яғни театрландырылған сабақ, саяси сабақ, аукцион сабақ, біріктірілген сабақ, жарыс сабақ, конференция-сабақ, «Не?»? «Қанша?», «Қайда?», «Жиырма бірінші ғасыр лидері», «Алтын дала» т.б. сабақтардың түрлерін және оқу үрдісіне жаңа оқу технологияларын, яғни Интернетті, дөңгелек үстел басындағы жарыс сөздер, CD-дискілерін, электронды оқулықтарды, жобалап оқыту сабақтарын пайдаланудың дәстүрлі сабақтардан гөрі берері мол. Бұндай оқыту түрлері оқушыларды шығармашылық ізденіске дағдыландырып, ұжымда жұмыс істеуді үйретеді. Оқушылар дәстүрлі өткізілген сабақтардан гөрі, оқытудың жаңа технологиясын пайдаланған сабақтарға көбірек қызығып, белсене қатысады, ал бұл оқушылардың мәдениетаралық коммуникативтік білігінің тез әрі дұрыс қалыптасуына тікелей апарар бірден бір жол.

Шетел тілі сабақтары неқұрлым жаңашыл, тиімді технологияларға толы болып, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік берілсе, оқушылардың шетел тілдерін меңгерулері соғұрлым жоғары деңгейде болады. Сондықтан да шетел тілі пәнінің мұғалімдері қазіргі заман талабына сай жаңашыл, өресі биік, білімді, білікті азаматтар дайындау үшін шетел тілін үйретудің жаңа формаларын, қазіргі ғылыми технологиялық прогресс дәуіріндегі теледидар, қашықтан оқыту (дистанционды), компьютер, интернет сияқты көп

арналармен сабақ жүргізу технологияларын меңгерулері өмір қажеттілігі.

Ал жалпы «педагогикалық технология» дегеніміз не деген сұраққа В.П.Беспалько өзінің «Слагаемое педагогической технологии» деген еңбегінде былай дейді: «оқу – тәрбие үрдісінің алдын ала жүйелі түрде жоспарлауы және оның тәжірибеде жүзеге асу жобасы». Демек, технология қарапайым тілмен айтқанда, жүзеге асатын, белгілі мақсаттардың алдын ала ойластырылған нақты жобасы, яғни педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы.

Жаңа технологияларды қолдану ұзақ жылдар бойы таптауырын болып қалған өнімсіз іс-әрекеттерден арылудың бірден-бір жолы. Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол ең біріншіден, жобалауды басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға ең алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Ал әрекет іс-қимылдармен жүзеге асады. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Баланың білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі болу технологияның басты белгілері болып табылады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу күні бүгін мектеп практикасының алдына қойылып отырған мақсат. Тілдерді үйретудегі басты мақсат еркін сөйлеуге үйрету болса, сол еркін сөйлеудің үш түрі бар:

1. Қайталап сөйлеу:

– мұғалімнен немесе диктордан кейін дыбысты, сөзді немесе сөз тіркестерін ауызша қайталап айту;

– дәптерге жазбаша орындалған жаттығуды дауыстап оқу.

2. Репродуктивті сөйлеу:

– қойылған сұрақтарға ауызша жауап беру;

- мәтіннің соңында берілген сұрақтарға жауап беру;
- ауызша аударма жасау.

### 3. Еркін сөйлеу:

#### а) монолог:

- белгілі бір тақырыпта әңгімелесу;
- суретті сипаттап айту;
- мәтін мазмұнын ауызша баяндау.

#### б) диалог:

- сөйлеушінің сөзін түсіну;
- әріптесінің айтқанына дұрыс жауап бере алу.

Күні бүгін мектептерде мұғалімдер ойын технологиясын, коммуникативтік байланыс технологиясын, “миға шабуыл” технологиясын, тоқтап оқу технологиясын, пікірсайыс технологиясын, эссе, үш деңгейлі интервью, бейнедиктант сияқты т.б. технологияларды кеңінен қолдануда.

Ілгеріде көрсетілген теориялық және практикалық талдаулар негізінде шетел тілін оқытуда жетістіктерге жетуге мынадай жайттар негіз болады деген пайымдау жасаймыз:

1. Оқу үдерісі оқушының жеке басының жетілуіне бағытталады. Сабақ оқушының жеке бас қабілетінің жетіліп, дамуына ықпал ететіндей болып құрылып, бағдарламадағы материалдар негізінде интеллектуалдық, моральдық ерік-жігер сияқты т.б. қабілеттерін қалыптастыруды көздейді.

2. Осы аталғандарға тек қана оқушының саналы түрде көзі жетсе ғана жетістікке қол жеткізіледі.

3. Сабақтың басты компоненті – оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Басты танымдық процестерге ойлау мен елестету (қиялдау) жатады.

4. Тіл үйретудегі жетістік, табыс тек қана мұғалім шеберлігіне ғана емес, оқушының жеке басы мен психологиялық ерекшелігіне де байланысты.

5. Оқушы мен оқытушының өзара тепе-тең іс-әрекет етуі арқылы жетістікке қол жеткізуге болады.

«Жоба» жұмысы оқушыларды болашақ мамандықтарына бейімдеп, бағыт беруде үлкен роль атқарады. Жобалық жұмысты орындау барысында оқушылар үшін тілдік орта жасалынып, сабақта меңгерілген білімді, іскерлік, дағдыларды



практика жүзінде пайдалану мүмкіндігі туады. Ол әсіресе шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектеп оқушылары үшін таптырмайтын мүмкіндік. Жоба технологиясының құндылығы да осында» дейді ғалымдар А.Қ.Артықбаева мен Д.Х.Сүлейменова.

Жоба технологиясы туралы сөз еткенде, өзінің бойына әр түрлі әдістердің тек жақсы жақтарын жинақтаған жаңа әдістің пайда болғандығын ғалым әдіскерлер өз еңбектерінде айтып жүр. Бұл ойға қосылуға да болады, өйткені жоба әдісінде проблемалық әдіске де, жеделдетіп оқыту әдісіне де тән ерекшеліктер бар екендігі көрінеді, мысалы: алдына бір проблемалық мәселе қойып, оны өз бетімен шешуге талпыну, немесе екеуара, топтық, ұжымдық бірлескен іс-әрекет жасау – бұның барлығы мұғалімнің емес, оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу үрдісін жандандыруға бағытталған жұмыс формалары болып табылады.

Ғалымдар жоба технологиясының мынадай тиімді жақтарын атап көрсетеді:

- оқушылардың коммуникативтік іскерліктері мен дағдылары жетілдіріледі;

- оқушылардың танымдық іс-әрекеті белсендіріліп, пәнге деген қызығушылығы артады;

- оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу, шығармашылық, жасампаздық қабілеттері артады;

- олардың жалпы ой-өрісі дамиды, сонымен қатар ұзақ мерзімде есте сақтау, логикалық, шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды;

- оқушылар бастаған істерін аяғына дейін апаруға, оған жауапкершілікпен қарауға үйренеді, өйткені жобаның сәтті болуы, әр оқушының оған жауапкершілікпен қарауына байланысты.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында білім беруді жүйелі реформалауды жүзеге асырудың маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландыру қажеттілігінен туып отыр. Жаңа технологияларды қолдану арқылы шетел тілдерінің мектепте пән ретінде атқаратын қызметі оқушыларға жан-жақты білім,

білік дағдыларды үйретіп, түрлі халықтармен түсіністік табуға, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп, әрі жеке басын, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамыту. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай талаптар жүзеге асуы көзделеді:

1. Оқушылардан өзіндік іздену әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуудағы белсенділігіне басты назар аударады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі мақсаты – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп, беделі мен қадір – қасиет сезімін дамыту.

3. Жаңа технологиялардың көздейтіні - оқытуды ізгілендіру. Ол үшін оқу құралдары оқушыларды өздігінен танымдық іс-әрекет жүргізе алуға жетелей алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына бейімделген жаңа типтегі оқулықтар, оқу құралдары қажет.

Ілгеріде аталған зерттеу нәтижелері ғалымдарға ой салып, оқыту әдістемесінің кешегісі мен бүгінін зерделеуге мүмкіндік береді десек артық айтпаймыз. Зерттеу жұмысы нәтижелері осы тақырып бойынша болашақта жүргізілетін іс-шараларға негіз болады деп ойлаймыз. Зерттеу жұмысында біз шетел тілін орта мектеп жағдайында оқытуды ұйымдастырудың практикалық жүйесіндегі басым бағыттарға сипаттама беріп, оқытудың теориялық және практикалық жағына жалпылама шолу жасадық. Ғылыми мақалалар, тезистер, баяндамалар, лекциялар дайындалып, республика мұғалімдерінің назарына ұсынылды.

Жоғарыда берілген ғылыми әдебиеттер мен ғалымдардың ғылыми мақалаларын арнайы талдау қорытындылары мен айтылған пікірлер алынып отырған тақырыптың өзектілігін, қажеттілігін, күрделілігінің, ғылыми және тәжірибелік жағынан маңыздылығының, көкейкестілігінің дәлелі бола алады. Осы кездегі жаңа ғылыми еңбектермен танысу барысында жаңа

оқыту технологияларының бүгінгі таңдағы маңыздылығына көз жеткізілді.

Сонымен, Қазақстан мектептерінде шетел тілін оқытуда қазір бұрынғы дәстүрлі әдістерге қоса жаңа технологиялар өзара бірігіп, кірігіп, интеграциялана қолданылып жатыр деген қорытынды жасадық. Зерттеу жұмысында жасалған талдаулар, бағдарламалар, мақалалар, әдістемелік құралдар, қайта толықтырылып, өңделген жаңа буын оқулықтарының сапасын арттыру, жақсарту ісіне тікелей әсер етері сөзсіз.

Мектептерді оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету мақсатында «РОНД» баспасынан 5-9 сыныптарға арналған бағдарламалар жарық көрді. Сондай-ақ 10-11 сынып бағдарламаларының қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағдарлы мектептерге сәйкес негіздемелері жасалынып, жүйелеу жолдары белгіленді. Зерттеу тақырыбы бойынша мақалалар, конференция материалдары, оқулықтар, бағдарламалар, құралдар басылып шығып, республика мұғалімдерінің құзырына ұсынылды.

Аталған оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарды дайындау барысында біз ізгілендіру, оқушылардың ана тілінің ерекшеліктерін ескеру, даралау және саралау, бірлік, жүйелілік, білімнің өмірмен, қоршаған ортамен байланысты болуы, мазмұнның материалдық базамен сәйкес болуы іспеттес ұстанымдар басшылыққа алынды. Ғылыми-зерттеу жұмысының барысында орта мектепте берілуге тиіс шетел тілі курсынан білім мазмұнының теориялық және практикалық жақтары талданып, әдістер, тәсілдердің практикада қалай іске асырылып жатқаны, олардың білім берудегі алар орны анықталды. Осы орайда оқытуға қойылып жатқан жаңа талаптар, оларды қолдану арқылы шетел тілі пәнін меңгеруде шәкірттерге жасалатын мүмкіндіктер, жаңа тәсілдер, технологиялармен толықтырылған оқытудың тиімді әдістері қарастырылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ол ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» деген сөзі әрбір ғалымнан,

ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиетіміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жадына уақыт талабына сай білім нұрын құюдың жолын ұстаздарға көрсеткен ғалымдар бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

### **4.3 Шетел тілін оқытудың басым бағыттары**

Елімізде шетел тілін оқытуда айтарлықтай проблемалар баршылық: ХХ ғ. сексенінші, тоқсаныншы жылдары білім беруді демократияландыру, ізгілендіру және гуманитарландыру үрдісі алға міндет етіп қойылып, осы кезге дейінгі білім жүйесі орташа деңгейлі оқушыға есептелген мектептегі біркелкі білім беру ығыстырылды. Енді вариативті, көп деңгейлі білім беру қолға алынып, оқушы оқу әрекетінің объектісінен субъектісі деңгейіне көтерілді. Оқытуда әріптестік педагогикасын басшылыққа алып, оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдайтын кез келді.

Қазіргі таңда мектептегі бұрынғы фронтальды түрде оқыту, сабақ үстінде тек жалғыз мұғалім беделіне ғана бағынған, бағытталған қарым-қатынас, әр шәкірттің жеке бас ерекшелігін ескеруді көздеу қазіргі білім беруде басты міндет болып отыр.

Еліміздегі, жалпы қоғамдағы болып жатқан саяси, әлеуметтік және де экономикалық өзгерістерге байланысты білім беру ісін ілгері дамыту үшін жаңа арнайы заңдар, нұсқаулар т.б. болуы шарт. Біздің республикада «Білім беру» Заңы, тұжырымдамалар, нұсқаулар баршылық, дегенмен шетел тілі пәндерін оқытуға арналған құқықтық құжаттар әлі де болса кемшіндеу болып жатқаны рас.

Білім беру үрдісі үнемі дамып, жетіліп, алға жылжып, толығып отыратындығы баршаға мәлім жайт. Еліміз егемендігін алғалы бері шетел тілі пәндерінің мектептерде оқытылу жайы қаралып, түбегейлі зерттеліп, білім мазмұны толықтырылып, жаңаланып, оқулықтар мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендер дайындалуда. Ал шетел тілдерін республика мектеп

төрінде тереңдетіп оқыту мәселесі Қазақстанда енді ғана қолға алына бастады.

Шетел тілін тереңдетіп оқытуға арналған оқу бағдарламасы 1994 жылы дайындалды, бірақ оның оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері әлі дайындалған жоқ. Шетел тілі пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер шет елдік оқулықтар негізінде бағдарлама жасап, әр мектеп өзі тапқан оқулықтар мен оқу құралдарын қолдануда. Республикада шетел тілінен Білім және ғылым министрлігінің рұқсат етуімен шет елдердің және отандық түрлі оқулықтар қолданылып жүр. Ол елдерден әкелінетін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің бағаларының қымбат болуы да ата-аналарға айтарлықтай қиындықтар тудыруда.

Ал екінші шетел тілін оқыту біздің республикада ғылыми-әдістемелік тұрғыда жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ, оны оқытуды жетілдіруге де көңіл әлі де жете бөлінбей отыр. Екінші шетел тілі ретінде оқытылатын тілдердің нақты нұсқалары ізденушінің басшылық етуімен дайындалып, 2002 жылы «РОНД» баспасынан жарық көрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында аталмыш проблемалар ескере отырып берілді.

Әлемде ағылшын тілін оқуға, үйренуге экономикалық, саяси т.б. түрлі жағдайларға байланысты сұраныс үлкен болып отырғаны баршаға аян. Балаларының болашағын ойлаған ата-аналар мектептерде ағылшын тілін таңдауда. Соған байланысты көптеген мектептерде неміс, француз, араб тілдері жабылып, олардың мұғалімдері жұмыссыз қалып отыр. Ал аталған пән мамандары амалсыздан тағы да басқа оқу орнына түсіп, екінші мамандық алу үшін ағылшын тілін немесе қазақ тілін оқиды. Жұмыссыз қалған неміс, француз, араб тілі мамандары проблемасына мектептерде жаппай тек қана ағылшын тілін оқытудың салдарынан мәдениеті, өркениеті, экономикасы жоғары дамыған. Германия, Австрия, Франция, Египет сынды елдердің тілі арқылы үйретілетін көптеген әдеби, рухани дүниелерден балаларымызды шектеу проблемасы да келіп қосылды. Ал жалаң ағылшын мен американдық мәдениет қана барша халқымыздың мәдениетін, өнерін, өмір-салтын т.б.

байытып, кеңейтіп кетеді деу қателік болар еді. Әсіресе Қазақстан Германиямен экономика, өнер мен білім т.б. саласында тікелей қарым-қатынаста болуымен ескерсек, республикада шетел тілін бүгінгі шәкірт, ертеңгі өркениетті өмірдің түрлі саласында маман болатын жастарға үйретудің қаншалықты маңызды екендігіне мемлекеттік білім беру саласы басшылығы тарапынан күні бүгінге дейін талдаулар жасалмай отырғаны өкінішті-ақ. Шетел тілі пәні – әдемі тілдесімге, қарым-қатынасқа үйрететін пән. Европалық елдерде тұратын 300 миллион адамның 100 миллионының осы тілі ана тілі болып табылады. Оған қоса жер шарының басқа да аймақтарында тұратын 40-50 миллион халық немісше сөйлеп, Германиядан тыс мемлекеттерде 18 миллионға жуық адамдар неміс тілін үйренуде. Әлемдегі ең жиі қолданылатын тілдер қатарында тұрған неміс тілі үшінші орынға ие. Экономикалық алғышарттар тұрғысынан қарасақ, халқы 82 миллион болып табылатын Германия өзінің экономикалық әлеуеттілігі жағынан АҚШ пен Жапониядан кейінгі үшінші орында. Германияның экономикасы көбінесе экспортқа бағытталған және де дүние жүзінің барлық елдерінде дерлік өнеркәсіп орындары бар. Көптеген шет елдік мамандар шетел тілін кәсіби жағынан қызметте жоғарылау, білікті болу мақсатында арнайы үйренеді. Ал таза экономикалық жағынан қарастырсақ, импортқа заттар шығарудан ағылшын тілді елдер бірінші орында да, екінші орынды неміс тілді елдер алады. Дүние жүзіндегі аса үлкен елу өнеркәсіптің елу үш пайызының Web-Side неміс тілінде, әлемдегі электрондық сауда фирмаларының Интернеттегі Web-Side 97-100 пайызы ағылшынша болса, 60 пайызы неміс тілінде орныққан. Сондай-ақ, неміс тілі қазір жер жүзінде ақпараттық байланыс құралы болып отырған Интернет жүйесінде де үлкен орын алуда. Дүние жүзіндегі Интернетте 84,3% бет ағылшын тілінде болса, 4,5% неміс тілінде (2-ші орын), 3,1% жапон тілінде, 1,8% француз тілінде, 1,2% испан тілінде.

Германия экономикалық байланыс, сыртқы сауда бойынша Қазақстанның Ресейден кейінгі екінші әріптесі болып саналады. Қазіргі кезде Қазақстанда жүз он бір неміс фирмасы жұмыс істейді. Қазақстанның ішкі жағдайының тұрақты болуы,

экономикалық дамуы және көптеген ұлттардың тату-тәтті қатар өмір сүруі басқа мемлекеттердің біздің елімізге деген қызығушылығы мен ықыласын арттыра түсіп отыр.

Шетел тілін оқытуда саяси, экономикалық жағдайға қоса республиканың ерекшелігі мен кейбір белгілі бір аумақтардың, жергілікті жердің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығына байланысты ерекшеліктерін де ескеріп отыру қажет. Осы ілгеріде аталған себептерге байланысты ағылшын тілінің әлемдегі алар орнын ескере отырып, өз еліміздің мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуына нұқсан келмеу жағын есте естен шығармауымыз керек.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, шетел тілі пәндерінің еліміздің болашағы үшін аса қажетті екендігіне көз жеткізе отырып, республикада шетел тілін оқытуда осы пәндерден берілетін білім мазмұнын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін жаңалап, сондай-ақ, тілді үйрету тәсілдерінің деңгейін көтеру қолға алынды. Әріптестік тұрғыда оқытуға бағытталған тіл үйретудің жаңа технологиясын, жобалау әдісін, сондай-ақ, ақпараттық технологиялар, интернет т.б. шетел тілі сабақтарында кеңінен қолдану, мектеп практикасына ендімейінше оқушыға тұлға ретінде білім беру іске асуы мүмкін емес.

Шетел тілін оқытудағы тағы бір проблема – оқулықтар мен оларға қосымша оқу - әдістемелік құралдар кешенін дайындау жайы.

Республикада ағылшын және неміс тілін тереңдетіп оқытатын мектептерде негізінен шет елдік оқулықтар пайдаланылуда. Ал шетел тілдерін тереңдетпей оқытатын жай орта мектептерге арналған өзіміздің төл оқулықтар оқу - әдістемелік тұрғыда толықтырылып жазылып бітті. Оқулықтар мен олардың кешендері дайындалды. Дегенмен, әлі де болса мынадай кемшіліктер бар:

1. Жаңа буын оқулықтарына қажетті үлестірмелік материалдар, карталар, кестелер, ұнтаспалар мектептерде жоқ. Бұл жайт, әрине, білім сапасына нұқсан келтіріп, оқу-тәрбие ісін дифференциялауға, жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік бермейді.

2. Оқу-әдістемелік кешендерге қосымша компьютерлік оқу бағдарламалары да жоқ. Оқулықтарға қойылатын теориялық талаптарды зерттеумен айналысатын арнайы орталық біздің республикада, өкінішке орай, енді ғана қолға алынуда.

Оқушылардың білім деңгейінің жетістіктерін, мониторинг ісін ұйымдастыру, аралық және қорытынды бақылауларды жүргізу жағынан да республикада жалпылама ғана зерттеулер, еңбектер бар. Ал шетел тілі бойынша осы аталған мәселе жан-жақты қолға алынды деу асығыстық болар еді. Бұл жағынан да біз көптеген елдерден артта қалып отырмыз.

Шетел тілін оқыту барысында түрлі мәдениеттерді саралай отырып шәкірттерге тәрбие беру ісін де назардан тыс қалдырмау қажеттігі туындауда. Республикамыздың әлемдегі әр мемлекетпен қарым-қатынасы қалыптасып отырған бүгінгі заманда нені үлгі етіп, қандай жағдайда дұрыс тәрбие беретіндігімізді де ескеруіміз керек. Осы мәселеге де баса назар аудару-уақыт талабы, өйткені шет мемлекеттерден тек жоғары мәдениет пен өркениет лебі ғана емес, жағымсыз, адамгершілікке қайшы (шылым шегу, есірткі) әдеттер де жаппай енуде. Шетел тілін үйрету арқылы тәрбиелеу ісін де республика мектептерінде дұрыс жолға қоюымыз қажет.

Ал «Республикамызда шетел тілдерін не үшін оқу керек?» деген сұраққа бір ғана сөйлеммен жауап беру мүмкін емес. Ең әуелі шетел тілі күні бүгінге дейін әлемдегі көптілділік мәселесін шешетін болғандықтан, оны үйрену керек. Шетел тілдерінің қазіргі таңда қажеттігін 2012 ж. 5 қыркүйегінде Астанадағы Н.Назарбаев университетінде оқыған дәрісінде президент Н.Ә.Назарбаев тайға таңба басқандай нақты көрсетіп берді. Шетел тілдерін білу әлемнің өркениеті дамыған мемлекеттеріндегі ғылым мен білімдегі жаңа технологияларды өз елімізге қолдануға жол ашатынын айтты.

Қазақстан күні бүгін Европалық және басқа елдер үшін Азиядағы алдыңғы қатарлы дамып келе жатқан көпсалалы сауда серігі болып келеді. Шетел тілінде сөйлей алатын маман өз елінің өндірістік қарым-қатынастарын жақсартта алады. Индустрия және экспортының көлемі жағынан жер бетіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттермен тең деңгейде өндірістік,



экономикалық, саяси және мәдени, т.б. салада иық тірестіру үшін де шете тілі өте қажет. Әсіресе, өндірістік қатынаста шетел тілдері жоғары бағаланады, себебі, үш тілдік аударма көбінесе түпнұсқа мазмұнын дәл бере алмайды. Шетел тілін үйреніп, ол тілде сөйлеуге машықтану шын ықылас еткен адамға қиын емес. Жаңа инновациялық технологиялардың көмегімен, тиімді әдістемелердің арқасында шетел тілдерін қысқа мерзімде үйренуге болады. Туризм саласында да шетел тілдері аса керек тілдер қатарына жатады. Қазақстанға қазір әлемнің жоғары дамыған елдерінен келетін қонақтардың саны күннен-күнге арта түсіп отыр. Туризм саласында жұмыс істейтін адам үшін де түрлі шетел тілдерін білудің маңызы өте үлкен. Күнделікті сан алуан өзгерістер болып жататын әлемде жұмыс табуға да шетел тілдерінен терең білім қажет. Шетел тілдерін білетін адам үшін жұмыс табу да оңайырақ. Шет елдегі көптеген фирмалар біздегі өнеркәсіп мекемелерімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, олар шетел тілін білетін жұмысшылар іздейді. Европалық Одақ шетел тілін білетін мамандарды табады, сондай-ақ Қазақстанда басқа да шетел студенттері мен ғалымдары үшін көптеген қызықты оқу, жұмыс істеу мүмкіндіктері бар. Шетел тілін білу адамның рухани және кәсіптік ой-өрісі деңгейін кеңейтеді. Шетел тілін үйренетін адам өзі үшін әлем елдерінің үлкен рухани, өндірістік және мәдени-тарихи саласын ашады. Ғылым, білім саласында да шетел тілінің қажеттігі дәлелдеуді керек етпейді. Студенттер және ғалымдар үшін шетел тілін білу өте маңызды, себебі, ғылыми еңбектердің көлемі мен маңызы жағынан да шетел тілі әлем бойынша екінші орында тұр. Шетел тілін білетін адам қазіргі заман ғылымының барлық саласындағы жаңалықтар әлемін аша алады. Сондықтан да әлемнің дамыған мемлекеттері өз ғалымдарының 40%-дан астамын басқа елдерге тіл үйренуге жіберіп отырады. Уақытты қызықты өткізу, саяхат жасау, ел, жер тануға да шетел тілін білген жөн. Мысалы, Европаға әлемнің көптеген елдерінен жыл сайын миллиондаған туристер келеді. Шетел тілін білетін және түсінетін адам басқа елдің тарихы мен мәдениетін үйреніп, жан-жақты терең түсінеді.

Кез келген шетел тілі – мәдени тіл. Адам қанша тіл білсе, сонша елдің мәдениетін, әдебиетін түпнұсқада танып-біліп, жаңа шығармаларын оқиды.

Ілгерідегі дәлелдемелер шетел тілдерін оқу, білу Қазақстан азаматтары үшін өзектілігін, қажеттігін жоймағанын көрсетеді. Жоғарыдағы аталған республикадағы жалпы шетел тілдерін оқытудағы проблемалар болашақта өз шешімін табады деп айтуымызға әбден болады. Оған себеп бұл мәселені түбегейлі шешуге мүмкіндік беретін мемлекеттік деңгейдегі құжаттардың, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылдың 3 желтоқсандағы №793 және 2004 жылдың 8 қаңтардағы №7 бұйрықтары, 2004 жылы 24 ақпанында Үкімет тарапынан қолдау тауып, бекіген Қазақстан Республикасының жаңа Білім тұжырымдамасының ауқымында дәйектелген жаңа бағыттардың анықталуы, сондай-ақ елбасы Н.Ә.Назарбаевтың білім және ғылым саласына баса назар аударуы.

#### **4.4 Шетел тілі пәндерін оқыту үдерісін жетілдірудің жүзеге асырылу нәтижелері**

Республика мектептерінде оқытылатын шетел тілдері пәндерінің жаңа буын оқулықтары мен оларға қосымша оқу - әдістемелік кешендер 2000 жылдан бастап жүйелі түрде педагогикалық эксперименттен өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсыруымен 2000 жылдың 27 сәуірінде Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы республиканың түрлі облыстарындағы 76 мектептің басшылары мен білім саласына жауапты мамандарын жинап, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерді байқаудан өткізуді міндеттеді. Эксперимент жүргізген төл оқулықтарымыз бен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендердің, жаңа бағдарламалардың, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестігін байқаудан өткізуге тапсырма алған сол мектептер арнайы берілген нұсқаулар бойынша оқу жылы бойы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді эксперименттен өткізіп, оқытушылардың пікірлері авторларға берілді. Оқулықтардағы кем-кетіктер түзетіліп, оқу-

әдістемелік кеңесте қайта талданып, бекітіліп, баспаға жіберіліп отырды. Ш.Б. Бәйнеш шетел тілі пәндерін оқыту зертханасының меңгерушісі ретінде тек жалғыз шетел тілі пәндерінен дайындалған жаңа буын оқулықтарының (ағылшын, француз, араб, қытай, т.б.), оқу-әдістемелік кешендердің байқаудан өтіп, талданып, өңделіп, баспаға қайта тапсырылуына тікелей басшылық етті. Айта кетерлік бір жай, осы 2000-2003 жылдары Ресей және Англия, Түркия, Өзбекстан, Латвия, Эстония, Германияның оқулықтарына талдаулар жасалынып, ол талдаулар республикамыздың Білім және ғылым министрлігіне жіберілуіне де Ш.Б. Бәйнеш жетекші болды. Ондағы мақсат – өз төл оқулықтарымыздағы жетістіктер мен кемшіліктерді білу еді. Бастауыш және ортаңғы сатыға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер байқаудан өтіп жатқанда жоғары сыныптарға арналған оқулықтар, бағдарламалар т.б. жазу, баспаға дайындау жұмысы да қоса жүргізілді. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясында 2001 жылдың 15-қарашасында жаңа оқулықтарды байқаудан өткізуді басқаратын арнайы комиссия құрылып, байқау барысының басы, қасында болу Ш.Б.Бәйнешке тапсырылды. Оқулықтарды байқаудан өткізудің жоспары, талаптары дайындалып, республикадағы эксперимент жүргізетін мұғалімдерге таратылды. Ол талаптар 2002 жылдың 20-21-ақпанында Алматы қаласының №73 мектебінде республиканың жаңа буын оқулықтарын тәжірибеден өткізіп жатқан мамандарының қатысуымен талдаудан өтті. Аталған мектептің мұғалімдері жаңа буын оқулықтарымен ашық сабақтар өткізіп, олар талқыланды.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді байқаудан өткізу өте белсенді, қарқынды түрде жүргізілді. Шетел тілінен өзге кейбір пәндердің Мемлекеттік білім стандартына сай еместеріне қайта басуға рұқсат берілмей, авторларына қайтарылғандары да болды. Жаңа оқулықтарды эксперименттен өткізіп жатқан мұғалімдермен қоян-қолтық жұмыстар жүргізілді. Алматыда Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясында 2000 жылы 8-маусымда байқау мектептердің мұғалімдерімен, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру

қызметкерлерімен конференция өтті. Сондай-ақ 2000-жылдың 15-16 қарашасында Республикалық бірінші педагогикалық оқу ұйымдастырылып, оған көптеген шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер қатысты. Жаңа оқулықтар мен кешендер онда да кеңінен талқыланды. Ірі-ірі конференциялар мен семинарларды былай қойғанда облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарындағы мұғалімдердің білім жетілдіру курстарында, тамыз мәжілістерінде де, кездесулерде де оқулықтар мен кешендер талқыға түсіп, мұғалімдердің пікірлері тыңдалып, шешімдер қабылданып отырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басқаруымен оқулықтар мен оқу құралдары, оқу бағдармаларының білім мазмұнын жаңалау т.б. мәселелері туралы 2001-жылдың 11-12 сәуірінде “Орта Азия және Қазақстан қазіргі халықаралық қатынастар тоғысында” атты халықаралық конференция болды.

2001 жылдың 7-тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №478 (бұрынғы №161 бұйрыққа қосымша) бұйрығы бойынша жаңа буын оқулықтардың эксперименттен өткізілу мерзімі белгіленді.

Жаңа буын оқулықтарын талқылауға тек өз мамандарымыз ғана емес, шет мемлекеттердің ғалымдары да тартылды. Мысалы, 2001 жылдың 8-9-қарашасында Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясында “Қазақстан республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері” атты тақырыпқа халықаралық конференция өтті. Ол конференцияға Қазақстандағы Ресей, Қырғызстан, Германия, Франция елшіліктерінің білім мен ғылым саласына жауапты маман ғалымдары да қатысып, өз пікірлерін ортаға салды. 2001-жылдың 16-17 қаңтарында Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы ғалымдары мен Израиль мемлекетінен келген ғалымдар шетел тілін оқыту ісін қалай жобалап оқыту және мультимедиялық көрнекіліктерді пайдалану жайлы, оқулықтарға мониторинг туралы біріккен семинар болып өтті.

2001-жылдың 15-наурызында Алматы қаласындағы “Дәулет” жекеменшік мектебінде арнайы семинар

ұйымдастырылып, сол мектептің пән мұғалімдері жана оқулықтармен ашық сабақтар өткізді. Сабақтар талқыланып, пікір алмасуға ұласты. Оқулықтардың білім мазмұнына айтылған сын, пікірлер бойынша кейбір жаттығулар, суреттер т.б. алынып тасталды (мысалы, 5,6 сынып оқулықтарынан). Зерттеу жұмысын жүргізу барысында педагогикалық эксперимент туралы Ю.К.Бабанский, П.Я. Гальперин, М.Н.Скаткин сияқты т.б. ғалымдардың еңбектеріне қоса өз республикамыздағы ғалымдар Н.Н.Нұрахметов, М.Ж.Жадрина, Ш.К. Беркімбаева, т.б. еңбектерін басшылыққа алдық.

Жүргізілген эксперименттің мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілдерінің оқытылуы жайын зерттеудің қорытындысы бойынша анықталған проблемаларды ғылыми тұрғыда зерттеп, оларды шешудің ғылыми әдістемелік жолдарын көрсету, осы пәннің курсына оқыту дәрежесін жаңа бағдарламалар талаптарына жауап беретіндей деңгейге көтеру және оқыту сапасын қазіргі әдістеме талаптарына сай жетілдіру еді.

Зерттеу шетел тілі пәндерін оқытуды ұйымдастыру формаларын және оқыту әдістерін жетілдіруді қарастырды. Өйткені мектепте шетел тілі пәндерін оқытуды ұйымдастыру жолдары, ең бастысы сабақтардың түрлері, олардың құрылымы, оқыту әдістері республикада қажетті деңгейге әлі де толық, жан-жақты, әлемдегі өркениеті жоғары дамыған елдердегідей деңгейге көтерілмеген еді.

Эксперимент материалдарының сипаты – негізінен сабақ жоспарының басында мұғалімге бағдар – ұсыныс беріліп, онда осы сабақ бойынша эксперименттің міндеттері, сабақтың толық әдістемелік жоспары, кейде оның бірнеше нұсқасы, оқытуды ұйымдастыру түрлері, оқыту әдіс-тәсілдері, оларды қолдану жолдары, материалдардың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру туралы нақты ұсыныстар, оқытудың түпкі нәтижесін тексеріп, байқаудан өткен соң жаңа буын оқулыққа және де қосымша әдістемелік нұсқауға енгізілді. Сабақ жоспарларының бірнеше нұсқаларының болуы және олардың түрлі деңгейде жасалуы біріншіден мұғалімге өзіне тиімдісін таңдауға, екінші жағынан

оқыту әдістемесіндегі т.б. жаңалықтарды ескеруге мүмкіндік береді.

Алматы қаласындағы №159 мектеп-гимназияда, Жамбыл облысының Шу ауданы, Шу қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте, Жамбыл қаласындағы №8 мектепте, Талдықорған облысы Кербұлақ ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте жүргізілген эксперимент барысына ізденуші өзі тікелей қатысып отырды. Бұл мектептер балалардың дайындық деңгейі, оқу – тәрбие жұмыстарының дәрежесі, мұғалімдер мен оқушылардың сандық, сапалық құрамы жағынан әр түрлі мектептер. Эксперимент жүргізуге қатысқан мұғалімдердің бәрі де жоғары оқу орындарын бітірген мамандар. Республика бойынша жүргізілген экспериментке 3866 оқушы тартылды.

Эксперимент жұмысының оқушылардың білімі мен біліктерді меңгеруіне жасаған ықпалын анықтау үшін жәй сыныптар мен бақылау сыныптары белгіленіп, оқушылардың білімі түрлі әдістердің көмегімен тексерілді. Эксперимент жүргізілген сыныптар оқушыларының білім мен біліктілік деңгейлеріндегі артықшылық жақтарына сыныптардағы оқыту әдіс – тәсілдерінің дұрыс іріктелгендігі, сабақтардың құрылымының, оқытуды ұйымдастыру формаларының оқушылардың таным қызметін дамытатындай етіп қарастырылғанын жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған мектептерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен эксперимент жұмысын жүргізу барысына ізденуші өзі тікелей қатысса, жалпы шетел тілі пәндері бойынша дайындалған оқулықтар, оқу - әдістемелік кешендерді эксперименттен өткізуге қатысқан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген мектептердің тізімін біз қосымша беріп отырмыз.

Оқулық пен оқу-әдістемелік құралдардың тиімділік деңгейін, мемлекеттік білім стандартының, бағдарлама талаптарының жүзеге асырылатын, түпкі нәтижесі көрініс табатын құралдар – олар оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер. Яғни, шетел тілі пәні курсының білім мазмұнының жаңаруы, толықтырылуы т.б. бойынша істелінген жұмыстардың

нәтижесі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тиімділік деңгейінен көрінуі тиіс болатын. Республика бойынша экспериментке қатысқан жетпіс алты мектептен келіп түскен пікірлер талданып, бағдарламалар, жаңа төл оқулықтар мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендерге ендірілді. Содан соң барып эксперименттен өткен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер түпкі нәтижені көрсететін сараптамадан өтті.

Олардың тиімділік деңгейін көрсететін экспертиза басты-басты мынадай бөлімдерді қамтыды:

- оқулық құрылымы;
- оқулық мазмұны;
- қабылдау;
- игеруді ұйымдастыру аппараты;
- көрнекіліктер;
- бағдарлау аппараты.

Осы әрбір тараудың өзінде бірнеше критерийлер бар. Мысалы, оқулық құрылымы тарауының өзі әрқайсысында бірнеше критерийлері бар жеті тараудан тұрады. Олар:

- оқулық құрылымында алты критерий;
- тараулар, бөлімдер, параграфтарда екі критерий;
- оқу материалының құрылымында тоғыз критерий;
- мазмұны, тақырыптарында бес критерий;
- бөлім құрамында тоғыз критерий;
- тараулар, параграфтар арасындағы байланыстың бес критерийі;
- мәтіндерге байланысты бөлімнің тоғыз критерийі бар.

Мысалы, оқулық құрылымы бөлімі, өзінің аты айтып тұрғанындай-ақ, тараулар, бөлімдер, тақырыптар, сабақтарға бөлінуі қаншалықты тиімді, ғылыми талаптарға сай екендігін саралайды.

Оқулық мазмұны бөлімі – оқулықта берілген білімнің ғылыми болуын, оқушылардың өздерін қоршаған дүниеге, әлемге көзқарасын қалыптастыруға қажетті деректер, жаңа ақпараттар, заңдар, болжамдар мен теориялардың білім стандарты мен оқу бағдарламасына сай, әдістемелік тұрғыда дұрыс берілуін зерделейді. Сондай-ақ оқу материалының

мазмұнын тандауда мынадай қағидалардың ескертілуі талап етілді:

- деректер мен теориялардың дұрыс арақатынасы;
- жеке және жалпы, нақты және дерексіздің арасындағы дұрыс байланыс;
- индукция мен дедукция арасындағы арақатынас;
- логикалық пен тарихилық арасындағы дұрыс бірізділік;
- пәнішілік, пәнаралық және кірігу байланыстарының көрсетілуі.

Оқу материалы берілуінің ғылыми деңгейінің көрсеткіші төмендегідей ережелердің сақталуын қарастырады:

- мектеп оқулығында негізгі ұғымдарды, деректерді, заңдарды және теорияларды ашып көрсетудің әдістемелік нәтижелілігі;

- тапсырмалар жүйесін таным әдістерімен бірге қарастыру, білімді практикада қолдану мүмкіндігі;

- ғылыми ұғымдарды енгізу дұрыстығы, жалпы қабылданған терминология мен нышандарды қолдану, ғылыми қағидаларды қазіргі ғылыми жетістіктерге сәйкес ашып көрсету;

- ғылым дамуындағы ғылыми идеялар, жана технологиялар, түпкі нәтиженің көрініс табуы, ғылым мен практика дамуындағы көрнекті ғалымдардың алатын орны.

Сондай-ақ мектеп оқулығының мазмұны мәтін арқылы да игерілетіндіктен, оқулық пен оқу-әдістемелік кешендердің мазмұны мен әдістемелік жағына баса назар аударылды. Яғни, оқулықтар мен оларға қосымша кешендердің баяндау жүйелілігі, теориялық деңгейі, дерексіздік деңгейі, материалды баяндаудағы сабақтастық, терминдерді қолданудың бірізділігі, әркелкі ақпараттық және деректі материалдардың көлемі және олардың белгілі бір материалды зерделеуге жұмсалатын уақыты да ескерілді. Ал оқулықтың қалай қабылданатынына арналған бөлім – мектеп оқулығы мен оның кешендерінің сапасы оларды шәкірттердің қалай қабылдайтынына байланысты екендігі де назардан тыс қалмаған.

Пәннің білімдік мазмұны, оқу-танымдық материалдарды негізгі, қосымша және түсіндірме деп үш топқа бөле отырып



олардың әрқайсысының қандай қызмет атқаратыны да сараланды.

Оқулықтың тілі мен стилі, оқушылардың жас ерекшелігінің ескерілуі, мәтіндердің күрделілігі талданды. Мәтіндер құрамындағы жаңа түсініктер (4% аспауы тиіс), бір беттегі жаңа сөздер саны, дерексіз жан-жақты талдаулардан өткізілді.

Аталмыш жүйенің атап айта кетерліктей тағы да бір ұтымды жағы онда оқулық пен оқу-әдістемелік кешендердің игерілуін ұйымдастыру аппараты, көрнекіліктер мен бағдарлау аппаратының да қамтылуы дер едік.

Игеруді ұйымдастыру аппараты – жүйелеу, ақпарат беру, ауыстыру сияқты міндеттерді жүзеге асырады. Оқулық шәкірттерге деректі білім беру негізінде қоршаған орта туралы түсінік қалыптастырып, ғылыми жүйелеу әдіс – тәсілдерін үйретеді.

Соған байланыса келе ақпарат беру қызметі игеруге қажетті ақпараттың міндетті көлемін анықтай отырып, оқушылардың материалды игеруіндегі әрекетін қамтамасыз етеді. Ал ауыстыру функциясы оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескере келе дидактикалық ұстанымдарға негізделген түсіну мен игеруге арналған. Осы аталған ұстанымдар дұрыс басшылыққа алынып, әдістемелік жағынан сауатты құрылған игеруді ұйымдастыру аппараты оқулықтағы оқу - танымдық үрдістің тиімділігін арттыратыны тұрғысынан қарастырылды.

Оқулықтар мен олардың кешендерінің қаншалықты көркем етіп безендірілуінің алар орны ерекше. Көрнекілік материалдары мектеп оқулығының құрамдас бөлігі екенін ескере отырып шетел тілдерінің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендердің қаншалықты көрнекіліктермен берілгені де назардан тыс қалмай, жан-жақты, жеті бөліктен (оның ішінде алпыс жеті талабы) тұратын талдау талабы арқылы жіктелді.

Оқулықтар мен кешендердегі суреттер, кестелер, диаграммалар, карталар, сызбалар т.б. оқу мәтінінің, жалпы материалдарды тез әрі терең қабылдауға тікелей сеп болатыны белгілі.

Оқу пәнінің ерекшелігі, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқу құралдары мен көрнекіліктер арасындағы қажетті арақатынас сақталуына да баса көңіл бөлінді. Эксперимент жұмысы барысында көптеген суреттерді оқулықтар мен кешендерде қайта салдырытып, өзгерістер енгізіп, айтарлықтай қатаң талаптар қойылды. Мысалы, шетел тілі оқулықтарының көптеген беттеріндегі суреттер тәжірибелік байқау жұмысынан кейін қайта түзетіліп салынды.

Тәжірибелік байқау барысында оқулықтар мен оларға қосымша оқу - әдістемелік кешендерде болуға тиісті көрнекіліктердің 10-20 пайыздан аспауы керектігі жайлы талаптарды да қатаң есте сақтап, үнемі тәжірибелік байқауға қатысқан мұғалімдердің ескертулері ескерілді. Көрсетілген кемшіліктер міндетті түрде түзетіліп отырылды. Ол жайлы мәліметтер жазбаша түрде Ы.Алтынсарин атындағы мониторинг бөлімі арқылы ҚР Білім және ғылым министрлігіне жіберіліп отырылды. Дидактикалық талаптарға сай етіп таңдап алынған көрнекіліктер төл оқулықтардағы оқу материалдарының неғұрлым берік әрі терең игерілуіне көмектесті деп айтуға әбден болады.

Бағдарлау аппараты – мектеп оқулығының міндетті бөлігі әрі оқулықты әдебиеттің басқа түрлерінен ажырататын маңызды әдістемелік-техникалық ерекшелігі болып табылады. Бағдарлау аппараты оқушы мен мұғалімге оқулық құрылымын түсінуіне, олардың зейінін басты-басты түсініктер мен белгілерге аударуға, оларды есте сақтауға, қажетті ақпаратты, материалды оқулықтан тез, оңай тауып алуға көмектеседі. Мұқабаның безендірілуінен бастап шартты белгілерге дейін (барлығы төрт бөліктегі отыз үш талап) қамтитын талаптар талдауы да жасалды. Яғни, оқулықтар мен кешендердің мұқабаларының безендірілуі, беттерінің белгіленуі, анықтама аппараты, шартты белгілер де түгелдей сараптамадан өтті.

1998-2003 жылдар аралығында шетел тілі курсының білім мазмұнын жетілдіру бағытындағы педагогикалық тәжірибелік байқауды жүргізуге төмендегідей жағдайлар себеп болды; жалпы орта білім беретін мектептегі шетел тілі курсының білім мазмұны жаңаланып, оқу бағдарламасы да өзгеріп, жетілдірілді.

Республикадағы, ТМД және алыс шет елдердің білім, ғылым саласындағы өзгерістер мен жаңалықтарды, ғылыми еңбектердегі білімдік, тәрбиелік жағынан маңыздыларын т.б. іріктеп алып, оларды оқулықтар, бағдарламалар т.б. енгізіп, тиімділігін эксперимент арқылы зерттеп көру қажеттігі туды; оқыту әдістерін жетілдіру мақсатында жүргізілген тәжірибелік байқаудың қорытындысы, жаңа материалдардың енгізілуін ескере отырып оларды неғұрлым тиімді етіп беру, оқыту жолдарын іздестіру қажет болды.

5-11 сыныптарға арналған оқулықтардың түпкі нәтижесінің тиімділік деңгейі анықталғанын 9-сыныпқа арналған оқулықты теориялық-әдістемелік тұрғыда талдай отырып көрсетуді жөн көрдік.

### Теориялық-әдістемелік талдау бойынша резюме

#### 1. Оқулық құрылымы

1	2	3	4	5	6	7
1.1.1	1.2.1	1.3.1	1.4.1	1.5.1	1.6.1	1.7.1
1.1.2	1.2.2	1.3.2	1.4.2	1.5.2	1.6.2	1.7.2
1.1.3	-	1.3.3	1.4.3	1.5.3	1.6.3	1.7.3
1.1.4	-	1.3.4	1.4.4	1.5.4	1.6.4	1.7.4
1.1.5	-	1.3.5	1.4.5	1.5.5	1.6.5	1.7.5
1.1.6.	-	1.3.6	-	1.5.6	-	1.7.6
-	-	1.3.7	-	1.5.7	-	1.7.7
-	-	1.3.8	-	1.5.8.	-	1.7.8
-	-	1.3.9	-	1.5.9	-	1.7.9
6 нә, жөк-	2 нә, жөк-	9 нә, жөк-	4 нә, жөк-	7 нә, жөк 2	4 нә, жөк1	5 нә, жөк 4

Оқулық құрылымының барлық критерий көрсеткіштері – 45. Оның 38 тиімді, 7 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 45$

$$x = 7$$

$x = \frac{7 \times 100}{45} = 15, 5\%$ . Оқулық құрылымының кемшілігі = 15, 5%, тиімділік

45  
деңгейі 84, 5%.

#### 2. Оқулық мазмұны

1	2	3	4	5	6	7	8	9
2.1.1	2.2.1	2.3.1	2.4.1	2.5.1	2.6.1	2.7.1	2.8.1	2.9.1
2.1.2	2.2.2	2.3.2	2.4.2	2.5.2	2.6.2	2.7.2	2.8.2	2.9.2
2.1.3	2.2.3	2.3.3	-	2.5.3	2.6.3	2.7.3	2.8.3	2.9.3
2.1.4	2.2.4	2.3.4	-	-	2.6.4	2.7.4	-	2.9.4
2.1.5.	2.2.5	2.3.5	-	-	2.6.5	2.7.5	-	2.9.5
2.1.6	2.2.6	2.3.6	-	-	-	2.7.6	-	-
2.1.7	-	-	-	-	-	2.7.7	-	-
2.1.8	-	-	-	-	-	2.7.8	-	-
-	-	-	-	-	-	2.7.8	-	-
-	-	-	-	-	-	2.7.9	-	-
-	-	-	-	-	-	2.7.10	-	-
8 иә, жоқ-	6 иә, жоқ-	6 иә, жоқ-	2 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-	3 иә, жоқ 2	9 иә, жоқ 1	3 иә, жоқ-	3 иә, жоқ 2

Оқулық мазмұнының барлық критерий көрсеткіштері – 48.  
Оның 43 тиімді, 5 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 48$

$$x = 5$$

$x = \frac{5 \times 100}{48} = 10,4\%$ . Оқулық мазмұнының кемшілігі = 10,4  
%, тиімділік

48  
деңгейі 89,6%.

### 3. Қабылдау

1	2	3	4	5	6	7	8
3.1.1	3.2.1	3.3.1	3.4.1	3.5.1	3.6.1	3.7.1	3.8.1
3.1.2	3.2.2	3.3.2	3.4.2	3.5.2	3.6.2	3.7.2	3.8.2
3.1.3	3.2.3	3.3.3	3.4.3	3.5.3	3.6.3	3.7.3	3.8.3
3.1.4	3.2.4	-	-	-	-	3.7.4	3.8.4
-	-	-	-	-	-	-	3.8.5
-	-	-	-	-	-	-	3.8.6
-	-	-	-	-	-	-	3.8.7
4 иә, жоқ-	4 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-	4 иә, жоқ-	4 иә, жоқ 3

Оқулықтың барлық қабылдау критерий көрсеткіштері –  
31. Оның 28 тиімді, 3 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 31$

$$x = 3$$

$x = \frac{3 \times 100}{31} = 9,67\%$ . Оқулық мазмұнының кемшілігі = 9,67 %,  
тиімділік

31

деңгейі 90,3 %.

#### 4. Игеруді ұйымдастыру аппараты

1	2	3	4	5	6	7	8	9
4.1.1	4.2.1	4.3.1	4.4.1	4.5.1	4.6.1	4.7.1	4.8.1	4.9.1
4.1.2	4.2.2	4.3.2	4.4.2	4.5.2	4.6.2	4.7.2	4.8.2	4.9.2
4.1.3	4.2.3	4.3.3	4.4.3	4.5.3	4.6.3	4.7.3	-	4.9.3
-	4.2.4	4.3.4	4.4.4	4.5.4	4.6.4	4.7.4	-	4.9.4
-	4.2.5	4.3.5	-	4.5.5	-	4.7.5	-	4.9.5
-	4.2.6	4.3.6	-	4.5.6	-	4.7.6	-	4.9.6
-	4.2.7	4.3.7	-	4.5.7	-	4.7.7	-	4.9.7
-	4.2.8	4.3.8	-	4.5.8	-	4.7.8	-	4.9.8
-	4.2.9	4.3.9	-	4.5.9	-	4.7.9	-	4.9.9
-	-	4.3.10	-	-	-	4.7.10	-	4.9.10
-	-	-	-	-	-	-	-	4.9.11
-	-	-	-	-	-	-	-	4.9.12
3 иә, жоқ-	9 иә, жоқ-	9 иә, жоқ 1	4 иә, жоқ-	6 иә, жоқ 3	4 иә, жоқ-	10 иә, жоқ-	2 иә, жоқ-	12 иә, жоқ-

Оқулықтың игеруді ұйымдастыру аппаратының барлық критерий көрсеткіштері – 63. Оның 59 тиімді, 4 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 63$

$x = 4$

$x = \frac{4 \times 100}{63} = 6,3\%$ . Оқулық мазмұнының кемшілігі = 6,3 %, тиімділік

63

деңгейі 93,7 %.

#### 5. Көрнекіліктер

1	2	3	4	5	6	7
5.1.1	5.2.1	5.3.1	5.4.1	5.5.1	5.6.1	5.7.1
5.1.2	5.2.2	5.3.2	5.4.2	5.5.2	5.6.2	5.7.2
-	5.2.3	5.3.3	5.4.3	5.5.3	5.6.3	5.7.3
-	5.2.4	5.3.4.	5.4.4	5.5.4	5.6.4	-
-	5.2.5	-	-	5.5.5	-	-
-	5.2.6	-	-	5.5.6	-	-
-	-	-	-	5.5.7	-	-
-	-	-	-	5.5.8	-	-
2 иә, жоқ-	5 иә, жоқ1	4 иә, жоқ-	2 иә, жоқ 2	7 иә, жоқ1	4 иә, жоқ-	3 иә, жоқ-

Оқулықтың көрнекіліктерінің барлық критерий көрсеткіштері - 31. Оның 27 тиімді, 4 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 31$

$$x = 4$$

$x = \frac{4 \times 100}{31} = 12,9 \%$ . Оқулық мазмұнының кемшілігі = 12,9%, тиімділік

31

деңгейі 87,1%.

## 6. Бағдарлау аппараты

1	2	3	4
6.1.1	6.2.1	6.3.1	6.4.1
6.1.2	6.2.2	6.3.2	6.4.2
6.1.3	6.2.3	6.3.3	6.4.3
6.1.4	-	6.3.4	6.4.4
-	-	6.3.6	6.4.6
-	-	6.3.7	-
-	-	6.3.8	-
-	-	6.3.9	-
-	-	6.3.10	-
-	-	6.3.11	-
-	-	6.3.12	-
-	-	6.3.14	-
4 иә, жоқ1	3 иә, жоқ-	13 иә, жоқ1	7 иә, жоқ-

Оқулықтың бағдарлау аппаратының барлық критерий көрсеткіштері - 27. Оның 25 тиімді, 2 тиімді емес.

Тиімділік деңгейін есептесек:  $100\% = 27$

$$x = 2$$

$x = \frac{2 \times 100}{27} = 7,4 \%$ . Оқулық мазмұнының кемшілігі = 7,4 %, тиімділік

27

деңгейі 92,6 %.

## ЖАЛПЫ РЕЗЮМЕ

9-сыныпқа арналған оқулықтың тиімділік деңгейінің резюме қорытындысы

1 Оқу	2 Оқулық	3 Қабылдау	4 Игеруді	5 Көрнекіліктер	6 Бағдарлау
----------	-------------	---------------	--------------	--------------------	----------------

лық құрылымы	мазмұны		ұйымдастыру аппараты		аппараты
84,5 %	89,6%	90,3%	93,7%	87,1%	92,6%

### Қорытынды

Неміс тілі пәнінің 9 сыныпқа арналған оқулығының құрылымы, мазмұнын қабылдауы, игеруді ұйымдастыру аппараты, көрнекіліктер және бағдарлау аппараттары бойынша оқулықтың тиімділік деңгейі төмендегідей:

Жалпы тиімділік көрсеткішінің қосындысы = 537,7, кемшілігі = 62,2.

$$x = \frac{62,2 \times 100}{537,7} = 11,5 \%$$

Яғни оқулықтың жалпы кемшілік пайызы = 11,5%, тиімділік пайызы = (100% - 11,5 %) = 88,4 %.

Оқулықтың тиімділік көрсеткіші 88,4% болғандықтан республика мектептеріне енгізуге рұқсат алды.

Жоғарыда көрсетілген тәсіл бойынша 5-11 сынып оқулықтарының барлығының тиімділік деңгейі талданды.

Біз әр оқулықтың талдауын жеке-жеке бермей-ақ олардың түпкі тиімділік көрсеткіштерін ғана беруді жөн көрдік:

5 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 83,5 %,

6 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 90,1 %,

7 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 81,0 %,

8 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 86,7 %,

9 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 88,4 %,

10 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 89,2 %,

11 сынып оқулығының тиімділік деңгейі = 90,9 %.

Шетел тілін оқытудың тұжырымдамасынан бастап мемлекеттік білім стандарты, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оларға қосымша оқу-әдістемелік кешендердің түпкі нәтижесінің қаншалықты дұрыс екендігін оқулықтардың тиімділік деңгейі көрсетіп берді. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген теориялық және практикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі айтарлықтай оң болып шықты. Тиімділік деңгейі

көрсеткіші 70% асқан оқулықтар ғана мектепке жарамды деп танылып, үлкен тиражбен басылып шығуға жолдама алды.

Осы орайда оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердегі басты – басты мынадай мәселелердің қандай деңгейде екендігі тексерілді:

- оқулықтағы берілген тақырыптардың оқу бағдарламасына сай берілуі; бағдарлама талаптарының орындалуы; оқулықтағы материалдардың бөлінген сағатқа қаншалықты сәйкес келетіндігі; бағдарлама мен оқулықты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар;

- оқулық пен оған қосымша оқу - әдістемелік құралдарда берілген материалдардың көлемі, сипаты;

- материалдардың оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып берілуі, олардағы жаңа ұғымдардың ауқымы, олардың қаншалықты тиімді екендігі;

- оқулықтар мен оқу - әдістемелік кешендердегі иллюстрациялар, тапсырмалар, олардың сандық және сапалық дәрежелері т.б. нақты анықталды.

Жүргізілген тәжірибелік байқау жұмысы бойынша төмендегідей қорытынды жасалды:

1. Қазақстан тарихында шетел тілі пәндерінен тұңғыш рет жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазылды. Бағдарлама бойынша 5 пен 9 сыныптар аралығында аптасына 2 сағат бөлінеді. Ал шетел тілін оқытуға бұл өте аз. Осы қиын жағдайдан шығудың бір жолы – қосымша факультатив сабақтарын жүргізу. Факультатив сабағы білім стандартына енгізілді.

2. Шетел тілдерін оқытудағы ғылымның соңғы талаптары бойынша және де тәжірибелік байқау нәтижелерін ескеріп оқу курсына аутентті материалдар молынан ендіріліп, мәдениетаралық коммуникацияға баса назар аударылды.

3. Жалпы орта білім беретін мектеп қабырғасында оқытылатын шетел тілі курсының мазмұны мұқият талдау нәтижесінде түзіліп, оның өзіне тән ұғымдары іріктелді.

4. Оқулықтардың әдістемелік аппаратын – әсіресе, ұсынылатын тарихи мәні бар материалдарды, тапсырмалар мен сұрақтарды, суреттерді, сызбаларды, кестелерді



(иллюстрацияны) барынша мұқият іріктеп, сұрыптап алу іске асырылды.

5. Оқулықтар мен оларға қосымша оқу - әдістемелік кешендердің қазіргі ғылым мен білімге қойылып отырған талаптарға, әлемдегі шетел тілін оқыту тұжырымдамасының талаптарына сай екендігі дәлелденді.

Шетел тілін оқытуда алыс және жақын өзге елдердің де оқыту жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер мен білім мазмұнын жетілдірудегі жетістіктерін талдай келе шетел тілін оқытудың мынадай ұстанымдары нақтыланды:

– шетел тілін ұлттық мәдени құндылықтар негізінде меңгерту;

– білім берудің дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік аспектілерінің бірлігі;

– шетел тілін оқыту негізінде оқушының дербес қабілетін дамыту, логикалық ойлау, таза, ұтқыр тілде мәдени сөйлеуге үйрету;

– шетел тілін оқытудың бүкіл әдістемелік, тәрбиелік жүйесін жаңа бағыт пен жаңа талапқа сәйкестендіру;

– осы талаптар негізінде білім мазмұнының әр сатыда меңгерілу деңгейін түпкі нәтижеге бағыттау жүйесін нақты ұстану;

– пән бойынша қалыптасатын коммуникативтік, тілдік, мәдени ұстанымдары негізделді.

Сонымен, шетел тілдерін оқытудың дамуы мен қалыптасу жолын жинақтай келгенде мынадай нақты түйіндеулер жасалды:

1. Шетел тілі пәндерінен білім беруді қазіргі нарық экономикасы кезінде ұйымдастыру тоқсаныншы жылдардың басында айтарлықтай қиындықтарға кез болғаны рас. Соған қарамастан егемендік алғаннан кейінгі жылдары шетел тілін оқыту сапасын жақсарту барысында атқарылған шаралар оң нәтижесін беруде. Республикамыздың пән мұғалімдері, оқулық авторлары, білім саласының жауапты мамандары алыс және жақын шет мемлекеттердің ғалымдарымен, мұғалімдерімен, т.б. кездесіп, пікір алысып, оқыту тәсіліне, жаңа технологияға арналған түрлі семинарлар мен конференциялар, тәжірибе алмасу курстарына қатысуларының арқасында оқыту

формаларына, тіл үйрету тәсілдеріне жаңалықтар енгізіліп, сабақ сапасын арттыру барысында игі жұмыстар жүргізілді.

2. Республика мұғалімдерінің практикалық сабақтарында шетел тілін оқытудың жаңа технологияларын мүмкіндігінше молырақ пайдалануға саналы түрде бет бұрғаны байқалады. Мұғалімдер «Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері», «Шетел тілін оқыту әдістемесі» атты әдістемелік журналдар арқылы белсенді түрде өздерінің іс тәжірибелерімен бөлісуде. Соның нәтижесінде көптеген мақалалар, еңбектер жарық көруде. Шетел тілін оқытудың жаңа бағыты осы пәнге қатысы бар-ау деген барша мамандарды қазір белсенді ете түсуде.

3. Мектепте шетел тілінің білім мазмұны жаңарып, оқытудың жаңа оқу-әдістемелік кешендерімен құралдарының шығарылуы, оқыту әдісінің жаңалануы мұғалімдер тарапынан қолдау тауып отыр. Мұғалімдер оқушылардың тілге деген ынтасын арттыру үшін оқыту тәсілдерін түрлендіруді, материалдардың тәрбиелік мүмкіндігін пайдалануды, балалардың жеке бас қабілеттерін оқыта отырып дамытуда, мәдениетаралық коммуникативтік біліктіліктерді қалыптастыруда көптеген игі істер атқарылуда.

4. Шетел тілі пәнін оқытудағы жаңа бағыт, бағдар ашып көрсетіліп, оқыту әдістемесінің, жаңа технологиялардың тиімді жақтарын қолдану арқылы білім сапасын арттырудың жолдары анықталды. Курстың білім мазмұны мен оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатында жүргізілген эксперимент жұмыстарының барысы баяндалды.

5. Шетел тілі пәніне арнап дайындалған төл оқулықтар алдымен мектептерде тәжірибелік байқаудан өтіп, одан соң практик мұғалімдердің пікірлерін ескере отырып түзетулер енгізілгеннен кейін жан-жақты талдаулардан, ғылыми сараптамадан өтті.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіз мемлекетіміз әлемнің ең дамыған елу елінің қатарына ену үшін шетел тілін жақсы меңгерген мамандар қажеттігіне, оларды жан-жақты білімді, өз Отанының мүддесін қорғайтын азамат болып қалыптасуына баса назар аударылуда. Бірнеше тілді меңгерген маман болу – қазіргі әр қазақстандыққа қойылған заман талабы. Балаларға өздері қалаған білім ордасында, түрлі бағдарлы мектептерде оқуға мүмкіндік беру – республикамыздағы Елбасы өзі бағыттап отырған ізгі қадамдардың бірі.

Қоғамның дамуы адамзат атаулыдан білім мен біліктілікті талап етуде. Шетел тілінен білім беру, сол білім негізінде тәрбие беру – бүгінгі оқушы ертеңгі ел азаматтарын дайындаудағы біртұтас үрдіс. Есейіп, белгілі бір мамандыққа ие болған әрбір жас ең кемінде екі, үш тілді толық меңгеріп, кәсіби білікті азамат болуын, алған білімін өмірде кездесетін түрлі жағдайларда пайдалана алатын, қабілеті жан-жақты дамыған маман болуын қазір өмір өзі талап етіп отыр. Осындай бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыру үшін шетел тілінен білім берудің болашағы зор.

Зерттеу жұмысының нәтижелері оқушыларға шетел тілінен білім беру мәселесінің шешілуіне мынадай объективті және субъективті факторлардың әсер етіп отырғанын көрсетті:

Біріншіден, Кеңес Одағы кезінде шетел тілдерін қазақ тілді мектептерде оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері қажетті деңгейде зерттелмеген. Соның салдарынан шетел тілі пәнінен білім қазақ балаларына орыс тілі негізінде берілген, олардың ана тілінің шетел тіліне тигізетін ықпалдары ескерілмеген, оқытуды жетілдірудің тиімді әдіс-тәсілдерінің анықталмауы оқушылардың білім алуға керекті білік, дағдыларының дұрыс қалыптасуына кері ықпал еткен.

Екіншіден, мектептердің шетел тілінен білім беруге қажетті оқу-материалдық, оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілмеуі де оқу сапасының төмен болуына әсер еткен.

Үшіншіден, 1991 ж. республикамыздың өз алдына егемендігін алуына байланысты елімізде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік т.б. өзгерістер мен жағдайлар да мектептегі білім беру жүйесіндегі біршама қиындықтарды туғызғаны белгілі. Материалдық та, рухани да қолдау аз болған сол уақыттың ықпалы оқыту үдерісіндегі көптеген проблемалардың тууына әкелді. Соның ең бастысы, отандық педагогика ғылымында осы мәселенің өз деңгейінде жүргізілмеуі еді. Яғни шетел тілін оқыту мәселесін зерттеуді ұйымдастыратын арнайы ғылыми зерттеу орталығының болмауынан да зерттеуге қатысты отандық іс-тәжірибе жеткіліксіз деңгейде дамыды.

Осы себептер бұл мәселені жаңа уақыт талабымен сабақтастыра қараудың өзектілігін уақыт өткен сайын арттыра түсті. Жалпы білім беретін орта мектепте шетел тілі пәнінің білім мазмұнын айқындау, оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оның түпкі нәтижесінің сапасына баса мән беру оны шешудің алғы шарттары болып саналады. Білім мазмұны құрылымын жаңаша ғылыми тұрғыда айқындау пәннің қарастыратын нысанын нақтылай түсуді қажет етті.

Еліміз егемендігін алғаннан кейінгі жылдарда жасалған білім беру тұжырымдамасы, мемлекеттік білім стандарты, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер мазмұны шәкірт білімін, білігін жетілдіріп, оны келешекте өзі қалаған мамандығына, жалпы өмір жолында кездесетін түрлі жағдайларда іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыратындай деңгейде болуы үшін оны оқытудың тарихи негіздерін саралап, болашағын анықтауды талап етті. Бұл орайда күні бүгін шетел тілін уақыт талабына сай оқыту мәселесін зерттеумен айналысып, еңбек жазып жүрген С.Ә. Әбдіғали, С.С. Құнанбаева, А.Т.Аяпова, Ұ. Байгелова, тағы да басқа ғалымдардың еңбектері пәнді оқытудың аса маңызды жақтарын аша түсті. Оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру үшін олардың іс-әрекетіне жетекшілік етудің психологиялық заңдылықтары әрдайым назарда болуы ескерілді. Бұл баланың білім алуға саналы көзқарасын қалыптастыруға, ойлауға, шығармашылықпен жұмыс істеп, өз бетімен ізденуіне жағдай

жасауға көмектесетіні анық. Сондықтан да олардың тілден білімдік, теориялық т.б. біліктерін қалыптастыруда білім мазмұнын анықтау, оқытуды тиімді ұйымдастыру іспеттес әдіснамалық ұстанымдар басшылыққа алына бастады. Оқыту тәсілдерінің, технологияларының үнемі дамып, жаңаланып, түрленіп отыруы, біздің зерттеуіміз көрсеткендей, шетел тілі пәнін оқытудың тиімділігін арттыратындығы дәлелденді.

Ал әлемдік тәжірибеге сүйенсек, өркениетті мемлекеттерде мектеп қабырғасында шетел тілі пәндерінен білім беру мәселесіне өте үлкен мән беріледі. Мысалы, Европа елдерінде шетел тілдерінен білім беру мәселесін жан-жақты зерттеп, туындаған кемшіліктерді шешіп отыруға арналған арнайы «Европалық Кеңес» құрылған. Германия, АҚШ, Франция, Бельгия, т.б., ғалымдарының шетел тілін үйрету барысында білім мен тәрбие беру мәселесін өздеріне көршілес алыс, жақын елдердің ғалымдарымен біріге зерттеу ісі жақсы жолға қойылған. Қазақстанда бұл мәселе де жақсы жолға қойылып отыр.

Соңғы жылдары Қазақстан мектептерінде шетел тілін оқыту мәселесі бойынша ғылыми әрі практикалық тұрғыда тәжірибе алмасу бойынша Қазақстан өз алдына егеменді ел болғаннан кейін, ҚР Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен, Алматыда ашылған Германияның «Гете» атындағы институты, Францияның «Француз тілі орталығы» және Америка Құрама Штаттарының «Америка елшілігінің интернационалдық білім орталығы», Англияның «Британия елшілігінің білім орталығы» т.б. біріге жұмыстар жүргізілуде. Осы орталықтарда ғылым, білім саласындағы мамандардың біріккен конференциялары мен семинарлары ұйымдастырылып, нәтижесінде ғылыми еңбектер, мақалалар жариялануда. Осы орайда айта кетер бір жай, Қазақстанда жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілін оқыту әдістемесі мен жаңа технологияларды ғылыми-әдістемелік тұрғыда зерттеуге арналған диссертацияларды қорғайтын диссертациялық кеңес 1998 жылы Алматыдағы Абылай хан атындағы қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ашылды. Зерттеу тақырыбымыздың ғылыми-теориялық

негіздерін анықтауда оқыту үрдісін тиімділендіру теориясы (Ю.К.Бабанский), дамыта оқыту тұжырымдамасы (Л.В.Занков т.б.), оқыту әдістері теориясы (И.Л.Бим, А.К.Артықбаева, С.Ә.Әбдіғали, Н.Ғ.Құрманбаев, П.Г.Козлов және т.б.), оқу пәнін құру теориясы (И.Л.Бим, Р.Ф.Исаева, Я.И.Валл, Х.И.Лийметс, С.С.Құнанбаева), оқулық жасау теориясы ( В.П.Беспалько, А.К.Құсайынов), педагогикалық технология теориясы (В.П.Беспалько, И.М.Берман, И.Ф.Комков, В.Лейбур), саяси-әлеуметтік және гуманистік тәрбие теориясы (К.К.Құнантаева, Г.Ж.Нұрбекова), инновациялық білім беру теориясы (Ш.Т.Таубаева, Ә.Т.Чакликова т.б.), білімнің пәнаралық интеграциясы теориясы (А.Е.Карлинский және т.б.) секілді маңызды теориялар мен тұжырымдамалар басшылыққа алынды.

Зерттеуде шетел тілі пәнін оқыту педагогикалық, психологиялық, әдіснамалық ұстанымдарға негізделіп, білім мазмұны толық, ғылыми тұрғыда жүйеленіп берілген жағдайда ғана нәтижелі болатыны дәлелденді.

Сонымен, зерттеу жұмысы ғылыми, әдістемелік тұрғыдан мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Шетел тілі курсының қазақ тілді мектепте оқытылуының тарихы Қазақстанда алғаш рет зерттеліп, қорытындысы ғылыми еңбек ретінде ұсынылып отыр. Бұл жұмыста Кеңес Одағы орнағаннан бергі кезде Қазақстандағы қазақ тілді мектептерде шетел тілінің оқытылу жайы, оның проблемалары мен даму барысы талданып, олардың тілден білім беруге тигізген оң ықпалдары мен сол кездерде орын алған кемшіліктері, қиындықтар ғылыми тұрғыда сараланды.

Мектептердегі озат тәжірибелер талданып, қорытылды, бағдарламалар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сараптамалар жасалды, оларды толықтыру, жаңалау, жетілдірудің жолдары анықталып, төл тұжырымдамалар, мемлекеттік білім стандарты мен оқу-әдістемелік кешендерге сипаттама берілді.

2. Шетел тілінің мектепте оқытылу тарихын белгілі кезеңдерге бөлуге болады. Атап айтқанда, кеңестік Қазақстан мектептерінде білім беру және тәуелсіз Қазақстан

мектептеріндегі оқыту кезеңдері болып бөлінді. Кезеңдерге бұлай бөлу шетел тілі пәнін оқытуда болған өзгерістер мен ерекшеліктерді нақты көрсетуге, сол арқылы курстың мазмұны мен әдістемесінің жетілуін анықтауға септігін тигізеді.

3. Шетел тілі пәндері бойынша белгіленген білім мазмұнының жаңалануы ғылыми-әдістемелік тұрғыда талданды; осы пәннің білім мазмұнының құрылымы мен оны түзуде басшылыққа алынған ұстанымдар анықталды.

4. Пәннің оқу бағдарламалары, оқулықтары ғылыми-әдістемелік тұрғыда кезеңдер бойынша талданып, жаңа оқу құралдарындағы ерекшеліктер көрсетілді.

5. Зерттеу жұмысы барысында мектепте шетел тілдерін оқытуда орын алған кемшіліктер анықталды. Пәнді оқыту әдістерін жетілдіруге қатысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды. Пәнді оқыту үдерісіндегі кемшіліктер жаңа төл оқу-әдістемелік кешендерді тәжірибелік байқаудан өткізу арқылы шешілді.

6. Шетел тілі пәнінің білім мазмұнының уақыт талабына сай жаңалануына байланысты пәнді оқытуды ұйымдастыру түрлері мен әдіс-тәсілдерінде болатын өзгерістер ғылыми-әдістемелік жағынан негізделді.

7. Шетел тілі пәні бойынша жалпы орта білім беретін мектепте білім мазмұнын жетілдіру бағытында жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде жаңа бағдарламалар мен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, мақалалар т.б. жарық көріп, олар байқаудан өтіп, толықтырулар енгізілді. Оларды жетілдіру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді, алыс және жақын шетелдік ғалымдардың, білім мамандарының, пән мұғалімдерінің озық тәжірибелері жинақталып, пікірлері ескерілді.

8. Базистік оқу жоспарында бөлінген сағат санын ескере отырып, пәннің мазмұнын білім, ғылым саласындағы соңғы жетістіктермен толықтырудың және оларды тиімді пайдаланудың әдістемелік жолдары қарастырылды.

9. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда ғана шетел тілдерін оқыту әдістерінің дамып, одан әрі жетіле түскені дәлелденді.



1990-жылдардың бас кезінде шетел тілін оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі дәстүрлі практикалық сабақ болып, ал семинар, конференция, лекция, дәстүрлі емес сабақтардың (телекөпір, саяхат, әңгіме, пікірлесу, интернет-кафе, еркін жұмыс, пікір сайыс, ұжымдық ойлау т.б.) сирек ұйымдастырылғаны анықталды.

Ал, қазір оқыту тәсілдерін, жаңа технологияларды іріктеуде, қолдануда айтарлықтай өзгерістер бар. Оған республикалық баспасөз беттерінде мектеп мұғалімдерінің өз іс-тәжірибесін бөліскен мақалалары дәлел бола алады.

10. Шетел тілі пәндерінің мектепте оқытылуының жақсаруына республикамыздың Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің қабылдаған қаулылары, бұйрықтары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындауға жариялаған бәйгелері, кәсіби бағдардағы журналдар, шетел тілі пәндерін оқытуды жақсарту туралы өткізілген ғылыми-практикалық семинарлар, кездесулер, конференциялар, олимпиадалар республикалық «Педагогикалық оқулар» өткізу арқылы озат тәжірибенің таратылуы елімізде шетел тілдерін оқытуды дұрыс жолға қоюға деген қамқорлық екендігіне дәлел.

11. Шетел тілін оқыту әдістемесінің, жаңа технологиялардың қалыптасып, дами түсуіне пәнді оқыту әдістемесінің негізгі мәселелеріне арналған шағын жеке жұмыстар: сабақтардың әдістемелік жоспарлары, әдістемелік құралдар, нұсқаулар, оқу кітаптары, оқулықтар, монографиялар т.б. жарық көруі оң ықпал етіп отыр. Ал еліміз егемендігін алғанға дейін ешбір арнайы оқулық не оқу құралының шығарылмауы шетел тілін оқыту ісіндегі үлкен кемшілік еді.

12. Жалпы білім беретін орта мектепте шетел тілін оқытуда қазіргі кезде оң нәтижелер болуына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шетел тілі пәндерін оқытуды жақсарту туралы өткізіліп жатқан халықаралық, ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадалар, оқушылар мен мұғалімдерге арналған түрлі курстар, тіл үйренушілердің шет мемлекеттерге барып білім алуына мүмкіндіктер берілуі, пәннің оқытылу жағдайының мемлекет және министрлік тарапынан үнемі қадағаланып,

тексеріліп отыруы, пән мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мақсатында мамандыққа сай арнайы әдістемелік журналдардың шығарылуы мен республикалық "Педагогикалық оқуларды" ұйымдастыру арқылы озат тәжірибелердің кеңінен таратылуы өз септігін тигізіп отыр.

Зерттеу жұмысы барысында дайындалған теориялық қағидалар мен тәжірибелік эксперименттің нәтижелері негізінде:

1. Ғылыми болжамымыздың дұрыстығын зерттеу нәтижелері мен дайындалған теориялық-практикалық материалдар растады. Оқушыларға шетел тілінен білім берудің, республикамыздағы қазіргі даму үдерісінің теориялық-әдістемелік тұрғыда негізделіп, ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі белгіленген зерттеу мақсатына жеткеніміздің айғағы болып табылады.

Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінде шетел тілінен білім берудің қазіргі кездегі жағдайына мынадай сипаттама беруге болады: орта мектептегі шетел тілі пәні Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жеке пән болып есептеледі. Оқушылардың толық етіп білімін қалыптастыруда басқа да пәндермен бірге шетел тілі пәндері де аса қажетті пәндер қатарынан орын алатынын өмір өзі көрсетіп отыр әрі бұл пән мектеп шәкірттерін болашақ өмірге дайындаудың күннен күнге өсіп отырған талаптарына жауап береді. Осыған орай республикамыздың жалпы орта білім беретін мектептерінің базистік оқу жоспарына сәйкес бөлінген сағаттар саны есебінен шетел тілі пәнін оқыту жолға қойылып және оқу бағдарламаларында белгіленген сағат саны мен тілді меңгеруге қойылған деңгейлі талаптар бойынша білім негіздерін беру жаңа тұрғыда жолға қойылды.

2. Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге, ғылыми еңбектерге талдау, шолу жасау барысында педагогикалық және психологиялық теориялардың түрлі түпкі нәтижелерінің, шетел тілінен жалпы орта білім беру жүйесі дамуының сарапталуы оқушыларға шетел тілінен білім беруге қатысты ғылыми-зерттеу жұмысының басты-басты бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

3. Жалпы орта білім беретін қазақ тілді мектеп оқушыларына еліміздегі, қоғамдағы, әлемдегі әлеуметтік өзгерістерге сәйкес білімі терең, бірнеше тілді меңгерген, білікті, өз бетінше түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алатын, білімін өз елінің мүддесіне жарата алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған шетел тілінен білім берудің дидактикалық негіздері анықталды.

4. Оқушыларға шетел тілінен білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесінің құрылымдық-қызметтік үлгісі уақыт талабына сай, өмірге бейімделе алатын азамат тәрбиелеуге бағытталған білім берудің мәні мен мағынасының ғылыми сипаттамасы жасалды.

5. Қазақстанда тұңғыш рет қазақ тілді мектептерге арнайы шетел тілінің төл оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін дайындаудың дидактикалық талаптары нақтыланып, соның негізінде жүйелі түрде берілген оқу материалдары толық дайындалды, олардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген мектептерде эксперименттен өтіп, тексеріліп, мектепке енгізілді.

6. Шетел тілі пәнін оқытуда білім берудің түрлі әдістері мен жаңа педагогикалық технологиялары білім берудің тиімділігін арттыра түсті деп тұжырымдауға болады.

Жүйелі, кешенді және сатыланып берілген шетел тілі пәнінің білім мазмұнының сапасы бүгінгі оқушы ертеңгі болашақ мамандар өмір талабына сай білімді, білікті де іскер азаматтар болып қалыптасуына алғышарт қалыптастырды.

Ілгеріде аталған жайларды түйіндей келе шетел тілін мектепте оқытуды Қазақстан Республикасының қаулы-қарарларының талаптарына сай ету үшін келешекте мынадай бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылады:

– бағдарлы мектепте оқушылардың қызығушылықтарын, білім бағдарын ескере отырып шетел тілінен білімнің түрлі деңгейлері бойынша арнайы курс бағдарламаларын дайындап, ұсыну;

– оқушыларға шетел тілінен білім беру проблемаларына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізу мақсатында республикада ғылыми-зерттеу орталығын

бұрынғыдан кеңірек ауқымда құру, арнайы зертханалар ашып, олардың жұмысын жандандыру;

– мектептен тыс жұмыстарда шетел тілінен білім беру мүмкіндіктері мен жолдарын жаңаша қарастыру;

– ақпараттық технология негізінде шетел тілдері пәндерінің электрондық оқу құралын жасауды жүйелі түрде жүргізу;

– шетел тілінен берілетін білімнің ерекшелігін, қажеттілігі мен тиімділігін көрсетуге негізделген тәжірибелі пән мұғалімдерінің өздері дайындаған көрнекіліктері мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының көрмесін үнемі ұйымдастырып, тәжірибеге ендіріп отыру;

– шетел тілі пәні мұғалімдерінің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру;

– мектеп оқушыларының шетел тілі пәндеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі шығармашылық жарыстар ұйымдастыру, оларды республикалық баспа беттерінде жариялап отыру;

– Қазақстанда шетел тілдерінен білім мен тәрбие беруді қоғамдағы экономикалық-әлеуметтік, мәдени т.б. саладағы жаһандану үрдісін ескере отырып жақсарту, толықтыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, арнайы жаңа ғылыми бағдарламалар дайындау;

– алыс және жақын мемлекеттердің ғылым мен білім саласындағы ғылыми тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстанда шетел тілін тереңдетіп оқытуға арналған тұжырымдама, білім стандарты, оқу бағдарламалары мен т.б. оқу-әдістемелік кешендер жасау;

– шетел тілдерінен білім мен тәрбие беруді күшейту мақсатында республикада ғылыми зерттеулер нәтижесіне негізделген оқу-әдістемелік кешендер, көрнекі-құралдар дайындайтын арнайы ғылыми-өндірістік орталық құру;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тұжырымдамаларының талаптарына сай жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде шетел тілдерінен білім берудің жүйесін қазіргі әлемдегі білім саласы

барынша үздік, озық елдердің білім беру деңгейіндегідей жаңа ғылыми талаптарға сай етіп жетілдіру;

– шетел тілінен берілетін білімнің түпкі нәтижесінің сапасын арттыру мақсатында болашақта оқушылардың өз бетімен ізденіп білім алу үшін орындайтын өзіндік жұмыстары, оны бақылау, бағалау жүйесін жаңалау;

– шетел тілі пәндерін оқытуға қажетті қазіргі уақыт талаптарына сай аудио-бейне материалдарын дайындап, мектептерге ендіріп отыратын арнайы орталық құру;

– шетел тілін мектепте оқытуға керекті ақпараттық технологиялар, мультимедиалық құралдар арнайы орталықта ғылыми тұрғыда зерттелініп, дайындалып мектеп мұғалімдерінің құзырына жүйелі түрде ұсынылса;

– шетел тілін тереңдетіп оқытатын мектептерде шетел тілінен білім берудің ерекшеліктерін ескеру;

– оқушылардың шетел тілінен алатын білімін қазіргі уақыт талабына сай қалыптастыруда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін молайту;

– бағдарлы мектептерде шетел тілінен білім берудің ерекшеліктеріне баса назар аудару;

– шетел тілінің білім негіздерінен электрондық оқулықтар дайындауды жоспарлы түрде жолға қою;

– сабақтан тыс жұмыстар арқылы шетел тілінен білім беру мүмкіндіктері және оларды жаңаша ұйымдастыру;

– үздіксіз білім беру жүйесінде шетел тілінен білім берудегі сабақтастық ұстанымын жүзеге асыру;

– шетел тілінен білім беру барысында тәрбие жұмысын қатар жүргізу ерекшеліктеріне жаңа ғылыми тұрғыда қарау;

– еліміздің шетел тілі бойынша белгілі ғалымдарының теориялық еңбектері негізінде шетел тілінен оқушылардың білімділігін арттыру.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Алматы: Қазақстан, 1988. – 95 б. (24 бап).
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. -Алматы ақшамы, 14 маусым, 1993. (1 бап).
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. -Алматы: Литера , 2000. -91 б.
4. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 26.08.1994. -Б. 18-19.
5. Қазақстан – 2030 ; Барлық қазақсандықтардың өсіп өркендеу, қауіпсіздігі және әл ауқатының артуы / Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. -Алматы, 10 қазан 1997.
6. Есенжолова Р.Д. Проблемы развития и совершенствования содержания и методов обучения русскому языку в казахской школе. – Алма-Ата: Мектеп, 1987. -137с.
7. Лийтметс Х.И. и др. На пути к новой школе. М.: Просвещение, 1988. -222 с.
8. Лейбур В., Ляэнеметс У. и др. О реорганизации преподавания и изучения языков в Эстонии. Таллин: Педагогический университет, 1989. -31с.
9. Лейбур В.Изучение иностранных языков в Эстонии. – Таллин, 1998. -132 с.
10. Lindvet E. Didakiline Material. – Tallinn: Valgus, 1980. – S.58
11. Tasa R. Deutsches Lesebush. 9-11 Klass. –Tallinn: Valgus,1970.- 211S.
12. Selg R.,Silling E. Deutsch.- Tallinn: Valgus, 1989. –151 S.
13. Neuner S., Hunfeed H.Methoden des fremdsprachlichen Deutsch – unterrichts. – München, Langenscheidt, 1995. –S.88-128
14. Урок иностранного языка в реформируемой школе. – Ташкент: МО УССР,1988. – 126 с
15. Турсунов Д.Т. Теоретические основы методики обучения ИЯ в средней школе. – М.: Педагогика, 1981. – 455с
16. Kantscha L.Deutsch.-Riga, АПЛ, 1989.-228 s
17. Исаева Р.Ф. «Қазақ балаларын шетел тіліне алты және сегіз жастан бастап оқыту»: дисс. п.ғ.к. – Алматы, 1972.-173 б.

18. Исаева Р.Ф. Взаимосвязанное развитие умений и навыков устной речи, чтения и письма на начальном этапе обучения иностранному языку. -Алматы: КАО, 1978.
19. Исаева Р.Ф. Ауызша сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын бастауыш кластарда өзара байланыстыра жетілдіру. – Алматы: ҚБА, 1978.- 19 б
20. Исаева Р.Ф. Неміс тіліндегі құрмалас сөйлемдердің сөз реті және оны орыс тіліне аудару тәсілі. – Алматы: ҚБА, 1965. 4 б
21. Исаева Р.Ф. Немісше орысша қысқаша сөздік. – Алматы: ҚБА 1964. 18 б
22. Бәйнеш Ш.Б. «Орта мектепте оқытылатын шетел тілі пәнінің білім мазмұнын жаңалау» атты баяндама тезисі // Халықаралық ғылыми практикалық конференция. – Астана, 6-7.04.2002. -29 б
23. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңалау. «Гуманитарлық әлеуметтік экономикалық және техника саласындағы көкейкесті мәселелер». Жоғары оқу орындарының ғылыми еңбектері, 3 шығарылуы. -Ташкент, 2002. – б 86-90.
24. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілі пәні мазмұны жаңартылуда. – Алматы: // Қазақстан мектебі -2003. –№6 – б 20-21.
25. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңалау. «Қазақстан республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселері» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Алматы,8-9 қараша, 2001. Б.216-233.
26. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілінің білім мазмұнын жаңалау. //Қазақстан мектебі. – 2001. – №5 – Б. 17-21.
27. Қазақ мектебі: бүгінгі жайы және даму болашағы. Республикалық ғылыми практикалық конференцияның пленарлық мәжіліс баяндамалары (11-12 желтоқсан 2002 жыл). – Астана: РОНД, 2003. -71 б.
28. Бәйнеш Ш.Б. Кеңес одағы кезінде мектептерде білім берудің дамуы, қалыптасқан жайлар. // Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. – 2004.- №2. – Б.46-53
29. Бәйнеш Ш.Б. Ағылшын, неміс және француз тілі пәндерінің 9-сыныпқа арналған төл оқулықтарына ендірілген өзгерістер мен

- толықтылулар. // Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері – 2005. №3. – б. 28-30.
30. Бәйнеш Ш.Б. Неміс тілінің оқу бағдарламасы мазмұнын жаңалау. // Білім – Образование. -2002, -№4. -27.
31. Қазақстан Республикасының жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы / Егемен Қазақстан, 26.12.2003. –Б.5
32. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы орта бім. -Алматы, 2002.- б.85-114.
33. Беркімбаева Ш.К. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Негізгі ережелер. – Алматы: ҚР БҒМ, 2002. – 88 б.
34. Құнантаева К. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы, (1917-1990 ж) – Алматы: РБК, 1998. -112 б.
35. Гез Н.И., Ляховицкий М.В. и др. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Высшая школа, 1982 – 375с.
36. Langenscheidts Grosswörterbuch Deutsch als Fremdsprache. – Berlin, München: Langenscheidt – 1217, 662s.
37. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: дисс, ... п.ғ.д. – Алматы, 2009 – 485 б.
38. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы: Алматы: Мектеп, 1977. – 8с.
39. Нұрлыбаев А.Н. Возможности проектных технологий в формировании умений самоуправляемого обучения. // ИЯШК. – 2003. – №4, - с 7- 13.
40. Иванова В.А. Шетел тілдерін чуваш кеңестік мектебінде оқытудың тарихы: канд. Диссертация. – Москва, 1975. – 21с.
41. Панцырова Т.В. Татарстанда шетел тілдерін оқытудың тарихы: п.ғ.к. дисс. – Қазан, 1979. 19б.
42. Қасымова А.Х. Қазақ кеңестік мектебінде ағылшын тілін оқыту тарихынан: п.ғ.к. дисс. – Алматы, 1996. 22б.
43. Қаймекин Г. Подготовка кадров учителей иностранных языков в Казахской ССР для общеобразовательных школ 1917 – 1975 г.: автореф,... дисс. канд. пед. наук. – Ташкент, 1978, - 19с.



44. Ляховицкий М.В. Методика преподавания иностранных языков. – М.: Высшая школа, 1981. – 159с.
45. Рахманова В.А. Методика обучения немецкому языку. – М.: Просвещение, 1956. – 334с.
46. Бим И.Л. Книга для учителя к учебнику немецкого языка для 6 класса. – М.: Просвещение, 1971. – 168б.
47. Грузинская И.А. Методика английского языка (в средней школе). – М.: Учпедгиз, 1933. – 252с.
48. Грузинская И.А. Методика преподавания английского языка. – М.: Учпедгиз, 1938. – 190с.
49. Бим И.Л. Книга для учителя к учебнику немецкого языка для 6 класса. – М.: Просвещение, 1973, - 140с.
50. Бим И.Л. Голотина А.А. Учебно методический комплекс по немецкому языку// ИЯШ. – 1980. - №3. – с. 12 – 15.
51. Алтынсарин Ы. атындағы Қазақ Білім академиясына 70 жыл – Алматы, 2003. Б. 103 – 107.
52. Витлин Ж.Л. Эволюция методов обучения иностранным языкам в XX веке. // ИЯШ. – 2001. №2. С-23.
53. Құсайынов А.Қ. Заман талабы. – Астана: Елорда, 2001.-124 б.
54. Құрманбаев Н.Ф. Қазақ мектептерінде шетел тілдерін оқыту тұжырымдамасы.-Алматы:ҚБА,1989.-336.
55. Вайсбург М.Л., Рубинская Б.И. Деятельностный подход при отборе коммуникативного минимума для среднего этапа обучения, //ИЯШ.-1990.-№1-С23-28
56. Ганшина К.А. Методика преподавания иностранных языков.- М.: Учпедгиз 1930.-260С.
57. Рыт Е.М. Основы преподавания иностранных языков.- М.: Учпедгиз 1930.-282С.
58. Щерба Л.В. Как надо изучать ИЯ.-М.,1929.-103С.
59. Щерба Л.В. Об общеобразовательном значении иностранных языков.//Вопросы педагогики.-1926.-№2.-Л.-363С.
60. Алтынсарин Ы. атындағы Қазақ Білім академиясы оқулықтар мониторингі зертханасы материалдары.- Алматы: ҚБА, 1999-2004.
61. Алтынсарин Ы. Атындағы Қазақ Білім академиясының архив материалдары. – Алматы: ҚБА, 1983 – Б.28 – 50.

62. Щерба Л.В. Обучение ИЯ. Общие проблемы методики. – М.: Наука, 1976. – 112 С.
63. Рахманов И.В. Предисловие к «Словарю наиболее употребительных слов английского, немецкого и французского языков». - М.: Наука, 1980. – 19с.
64. Рахманов И.В. Обучение устной речи на иностранном языке. – М.: Просвещение, 1980. – 19с.
65. Рахманов И.В. О задачах преподавания иностранных языков в школе Вып. 39. – М.: АИН, 1953. – 120с.
66. Справочник директора школы. М.: Минпрос РСФСР, 1954 – 27 с.
67. Монигетти А.Н. Методика обучения немецкому языку в 3 – 4 классах, - М., 1985. – 185с.
68. Турумов Ф. Учебник немецкого языка ( для 5 класса не полных и средних казахских школ). – Алматы: КазГосИздат., 1939. – 249 с.
69. Бедриков. К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865 – 1924г). – М.: Просвещение, 1960. – 431 с.
70. Центральный Государственный архив Казахской ССР, ф. 1692, оп.1, д.411, С 74 – 75.
71. Козлов П.Г., Молдажаров Ж.М. Алма – Атинскому педагогическому институту иностранных языков 40 лет (1941 – 1981). – Алма – Ата, 1981. – 28с.
72. «Филолог» газеті, АПШТИ, 22.10.1981. – 36.
73. Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, Ф. 1962 ж., оп.1 д, 1048. – 166.
74. Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, Ф. 1962, оп.1,д. 1807. – б 2 – 5.
75. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің анықтамасы. – Астана, 2015.
76. Аракин В.А. Типология языков и проблемы методики преподавания русского языка как иностранного. – РЯЗР, 1969. – с. 17-36.
77. Миролубов А.А., Рахманов И.В. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1967.- 490 с.

78. Миролюбов А.А. Актуальные вопросы обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Педагогика, 1985.-255 с.
79. Шатилов С.В. и др. Методика обучения немецкому языку в школе. – М.: Просвещение, 1977.- 295 с.
80. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам. – М., 1996.-230 с.
81. Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, 1692, оп. 2, д. 704 – Б. 35-36
82. Программа средней школы. Иностранные языки. – М.: Учпедгиз, 1950. – 35 с.
83. Программа средней школы. Иностранные языки. – М.: Учпедгиз, 1955. – 55 с.
84. Программы по немецкому языку для школ с преподаванием ряда предметов на немецком языке. М.: Просвещение, 1963. – 45 с.
85. Программа средней школы. ( немецкий язык). – М.: Просвещение, 1965. – 32 с.
86. Программа средней школы. Иностранные языки. – М.: Просвещение, 1978. – 31с.
87. Программа средней школы ( немецкий язык). – М.: Просвещение, 1983. – 37 с.
88. Программа восьмилетней и средней школы. Иностранные языки. – М.: Просвещение, 1895. – 41 с.
89. Фридман Л.М., Пушкина Т.А. и др. Изучение личности учащегося в ученических коллективах. – М.: Просвещение, 1988, - 205 с.
90. Берман И.М., Бухбиндер В.А. Обучение устной речи и ситуация. // ИЯШ. -1994. - № 5. – С. 65-68
91. Беляев В.Б. Очерки по психологии обучения иностранному языку в неязыковом вузе. М.: Высшая школа, 1965.
92. Берман И.М., Методика обучения языку в неязыковом вузе. М.: Высшая школа, 1970. -230с
93. Лапидус Б.А. Комбинированные упражнения при обучении устно речи. // ИЯШ. -1961. -№2. – С. 22-29
94. Леонтьев А.А. Принцип коммуникативности сегодня.// ИЯШ. -1986. -№2. – С. 27-32.

95. Құнанбаева С.С. Методика формирования грамматической стороны иноязычной речи. –Алма-Ата: Мектеп,1988.-103 с.
96. Комков И.Ф. Активный метод обучения иностранным языкам в школе. -Минск, 1970.-170 с.
97. Алхазышвили А.А. Психологическая основа создани естественных речевых ситуаци в учебной обстановке. // ИЯШ. 1974. - №5 С.91-95
98. Артемов В.А. Культура речи. М.: Просвещение, 1960. -104 с
99. Құнантаева К.К. Қазақстан педагогикасының тарихы. Алматы: ҚМҚПИ, 2005. -189 б.
100. Сәрсенбаева Р.Ә. Қазақ мектептерінде шетел тілі пәнінен оқушылардың білім деңгейін бағалау. - Алматы,1961. -28 б.
101. Алтынсарин Ы. Атындағы Қазақ Білім проблемалары институтына 60 жыл (1933-1993). - Алматы: ҚБА, 1993. -126 б.
102. Бим И.Л. и др Учебное пособие для 7 класса.- М.: Просвещение, 1989. -214 с.
103. Кашин М.И. Взаимосвязь содержания обрзования и методов обучения -М.: АПН,1976. -151 с.
104. Алтынсарин Ы. Атындағы Қазақ Білім проблемалары иститутына 60 жыл (1933-2003) - Алматы: РОНД, 2003.-103 б.
105. Артықбаева А.К. методика обучения монологической устной речи в языковом вузе: к.п.н. дисс. -М.: 1982. -240 с.
106. Абдигалиев С.А. Пути преодоления лексической интерференций при обучении немецкому языку: к.п.н. дисс. - М., 1976. -211 с.
107. Салтыкова П.А. Методика работы над экспрессивной условно неподготовленной речью на третьем курсе языкового вуза экстенсивного чтения. -Минск, 1975. -19 с.
108. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының архив материалдары. - Алматы.ҚБА, 1985. 3 б.
109. Жалпы білім беретін орта мектептерінің V-XI кластарына арналған ағылшын, неміс және француз тілдері бағдарламасы. – Алматы, 1991. -59 б.
110. Жалпы Білім беретін орта мектеп бағдарламалары (ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі) (II-XI кластарға арналған).- Алматы: Рауан, 1994. -45 б.

111. Жалпы орта білім беретін қазақ орта мектептерінің XI кластарына арналған ағылшын, неміс және француз тілдері бағдарламасы. -Алматы: Р.Б.К., 1994. -53 б.
112. Народное образование в СССР. Сборник документов. 1917-1973. -236 с.
113. Бәйнеш Ш.Б. Ағылшын, неміс және француз тілдерін тереңдетп оқыту бағдарламасы. - Алматы: Рауан, 1994. -48 б.
114. Бәйнеш Ш.Б. Неміс тілі лексикасын оқытудың әдістемесі. -Алматы: Ғылым, 2001.-40-82.
115. Bildung in Bayern. Eine Übersicht. – München.: Langenscheidt, 1992.–191 s.
116. Тажибаев Т. Психологическая мысль в Казахстане во второй половине 19 века. – Алматы, 1965.- 163 с.
117. Bildungsplan für die Grundschule, für die Realschule. – Stuttgart, 1994. -1023 s.
118. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1976. – 8 том, 198 б.
119. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение, 1991. -222 с.
120. Пассов Е.И. Коммуникативность обучения в практику школы. –Минск: Просвещение, 1985. -154 с.
121. Пассов Е.И. Коммуникативные упражнения. – М.: Просвещение, 1967. -99 с.
122. Пассов Е.И. Условно речевые упражнения для формирования грамматических навыков. – М.: Просвещение, 1978.-128 с.
123. Пассов Е.И. Урок иностранного языка. – Минск: наука,1981.-222 с.
124. Китайгородская Г.А. Методика интенсивного обучения иностранным языкам. –М.: Просвещение, 1991.-263 с.
125. Құрманбаев Н.М. Методика обучения английскому языку в казахской аудитории. –Алматы, 1998. -182 с.
126. Горбачева Н.М. Педагогические технологии на основе активизации и интенсификации деятельности учащихся. // ИЯШК.-2002. -№3-4.-С. 37-45.

127. Государственный базисный учебный план общеобразовательной школы Республики Казахстан. – Алматы: РИК, 1996.-С.57-73.
128. Бәйнеш Ш.Б. Неміс тілінен орта мектептің 9 сыныбына арналған жаттығулар жинағы. –Алматы: Мектеп, 2003.-63 б. (орысша және қазақша варианттары).
129. Байгожаева А.М. Обучать грамматике и учить грамматику.// ИЯШК. -2004. №1.-С. 3-11.
130. Артықбаева А.М., Абдигалиева Б.Б., Байгелова Б., Бәйнеш Ш.Б. Немецкий язык. Методическое руководство, 8-класс.–Алматы: Мектеп, 2003. -69 с.
131. Артықбаева А.К. т.б. НЕМІС ТІЛІ. Әдістемелік нұсқау. 10-сынып. –Алматы: Мектеп, 2003. -63 б.
132. Қазақ мектептеріндегі оқу – тәрбие деңгейін көтеру проблемалары. Республикалық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: ҚБА, 14-15 мамыр,1996. -278 б.
133. Центральная Азия и Казахстан в фокусе современных международных отношений. Материалы международных отношений. Материалы международной научно-практической конференции Министерства образования и науки РК к 60-летию дня основания Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылайхана. (11-12 апреля) 2001.-348 с.
134. Мектептегі білім берудің сапасы: Қазіргі жағдайы, даму үрдісі және болашағы Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 1 бөлім.–Алматы, 18-19.05.2000. -75 б.
135. Бәйнеш Ш.Б. Қазақ орта мектептеріндегі білім мазмұнының тұжырымдамасы. – Алматы:ҚБА, 1999. -116.
136. Бәйнеш Ш.Б. т.б. Бағдарламалар. Шетел тілдері. 5-7 сыныптар. – Алматы, ҚБА, 2006. -39 б.
137. Қазақ және ұйғыртілінде білім беетін күндізгі оқу орындарының 1994 / 95 – 97 / 98 оқу жылдарына арналған базистікоқу жоспары және оқу жоспарының нұсқалары. – Алматы, 1994, 46 бап. – 39 б.

138. Бағдарламалар. Ағылшын, неміс және француз тілі пәндері (5-11 сыныптар). –Алматы: РБК., 2002.-123 б.
139. Орта жалпы білім беретін мектептің 5- сыныбына арналған «Шетел тілі» пәнінің бағдарламасы.–Алматы:ҚБА, 2001. -17 б.
140. Бағдарламалар. Шетел тілдері. (8-9 сыныптар). –Алматы: ҚБА, 2004.-22
141. Бағдарламалар. Шетел тілдері. (10-11 сыныптар, қоғамдық – гуманитарлық бағдар). – Алматы: ҚБА, 2006. –39 б.
142. Бағдарлама. «Ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі». – Алматы: Рауан, 1999.-102 б.
143. Типовая программакурса. Методика преподавания иностранных языков в среднихшколах и школах нового типа. – Алматы, КАО, 1999. -54 с.
144. Программы по иностранным языкам (V-XI) классы. Алматы: РИК, 2000. -141 с.
145. Бағдарламалар. Ағылшын, неміс және француз тілдері (V-XI сыныптар). –Алматы,ҚБА, 1999.-128 б.
146. Әбділғалиев Қ. Білім берудің жаңа моделі. // Қазақстан мектебі. - 2001. -№10.-Б.24-29.
147. Березовиков В. Интегрированный урок немецкого языка на начальном этапе. – ИЯШК. -2004. -№1. – С. 41-47.
148. Bimmel P., Kast В. Arbeit mit Lehrwerklektionen. – München, Kassel, 1994. – 210 S.
149. Тұрлығұл Т.Т. Жалпы орта білімнің даму кезеңдері. // Қазақстан мектебі. - 2003. - №9. – Б. 68-75.
150. Tunjala P. The Finnish education system. //ИЯШК.–2003. - №2. –S. 50-53.
151. Туннияла П.и др.Три пути партнерской оценки в обучении основных на изучении проекта. – Финляндия, 2003.-13 с.
152. Қазақ совет энциклопедиясы.– Алматы,1976. 8 том. -460 б.

## ҚОСЫМША

**Шетел тілі пәнінің жаңа буын төл оқулықтарының байқау-тәжірибе жұмысына қатысатын мұғалімдерге арналған күнделіктің үлгісі**

- 1 Сыныбы, сабақтың тақырыбы, өтілген күні.
- 2 Оқулық материалы бағдарламаға қаншалықты сәйкес келеді? Қандай материал сәйкес келмейді? Сіздің ойыңызша қайсысы дұрыс, бағдарлама ма, әлде оқулық па?
- 3 Қандай материал, термин, ұғым, мәселе т.б. оқытуға қиындық келтіреді, неге?
- 4 Бағдарламадан немесе оқулықтан қандай материалдарды қысқартуға болады?
- 5 Бағдарламадағы материалды, оның талаптарын дұрыс беруге оқулықтағы материал жеткілікте ме?
- 6 Бағдарлама мен оқулықта берілетін білімнің ғылымилығы, тартымдылығы, тарихилығы, жүйелілігі, түсініктілігі т.б. дидактикалық ұстанымдар қаншалықты ескерілген?
- 7 Терминдер, атаулар, ел-жер аттары, статистикалық мәліметтердің оқулықтағы аз не көптігі туралы пікіріңіз?
- 8 Оқулықта берілген тапсырмалар мен сұрақтар шәкірттердің негізгі материалды қандай деңгейде меңгергенін анықтауға мүмкіндік бере ме?
- 9 Сабақ материалдары тәрбиелік міндеттерді, оның ішінде ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу талаптарын орындауға қаншалықты көмектеседі?
- 10 Бағдарламалардың, оқулықтардың қайсысында дамыта оқыту міндеті жақсы ескерілген, қайсысында бұл міндет ескерілмеген? Нақты мысал келтіріңіз?
- 11 Бағдарлама мен оқулықта пәнаралық, курсаралық байланыстар бар ма?
- 12 Оқулық авторлары шетел тілі пәнін оқытудың мақсат, міндеттерін толық ескерген бе?
- 13 Бағдарлама мен оқулықты жетілдіру, толықтыру жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар?



**Пән мұғалімінің өз тәжірбиесін жинақтап, қорытатын және шетел тілі пәнінің сабақтарына қатысушы маманның толтыратын талаптарының үлгісі**

Сабақ сапасын сипаттауға арналған басты көрсеткіштер

1 Мектебі, сыныбы, мұғалімнің аты-жөні, сабақ болған күн.

2 Сабақтың тақырыбы.

3 Сабақтың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерінде нелер белгіленді, олар қалай жүзеге асырылады?

4 Сабақ барысында білім, тәрбие беруді жақсарту талабы қалай орындалды?

5 Оқушылардың танымдық, ойлау қызметін дамыту қалай және сабақтың қай кезеңдерінде іске асырылады?

6 Үй тапсырмасын қанша оқушы өте жақсы, жақсы, орташа және нашар біледі?

7 Жаңа материалды өтуге сыныпты қалай дайындаған, оған қанша уақыт кетті?

8 Жаңа сабақты үйретуге қанша уақыт жұмсалды, неше минут ауызша сөйленді, қанша уақыт көрнекіліктермен, техникалық құралдармен т.б. жұмыс жасалды?

9 Оқушылар өз беттерімен (өздігінше) қандай жұмыс түрлерін орындады, оған қанша уақыт кетті?

10 Сабақта қолданылған әдістердің қайсысы тиімді болды?

11 Оқулықпен, басқа да кітаптармен оқушылар өздігінше жұмыс атқарды ма, ол қалай ұйымдастырылды?

12 Материалдар оқушыларға тәрбие беруге, саяси еңбек, адамгершілік т.б. тәрбиесін беруге қаншалықты тиімді пайдаланылады?

13 Жаңа материалдар қандай ұғымдар, терминдер кездесті, оларды барлық оқушы меңгерді ме, ол үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданылды?

14 Жаңа сабақтың ең негізгі материалын ітріктеп алып, оны көрсету қалай орындалды?

15 Оқушыларға білім алудың тиімді тәсілдері көрсетілді ме (үлгі ретінде)?

16 Оқушылардың танымдық, ойлау қызметін дамыту қалай және сабақтың қай кезеңдерінде іске асырылады?

17 Оқушылардың өз бетімен іздену шеберлігі, икемдігін жетілдіру, қалыптастыру үшін қандай жұмыстар жүргізілді?

18 Сабақта қанша шәкіртке баға қойылды, олар қандай бағалар алды?

19 Пысықтау жұмысы қалай ұйымдастырылды, оған қанша оқушы қатысты, қанша уақыт бөлінді?

20 Жаңа материалды неше оқушы жақсы, орташа, қаншауы нашар түсінді, неліктен?

21 Меңгеруге, түсінуге қиын тиген материал болды ма, олар қайсысы?

22 Сабақта қандай қиындықтар, кемшіліктер кездесті?

23 Қандай сабақ түрі қолданылды? Жаңа технологиялар қолданылды ма, қалай қолданылды? Пайдаланылмаса себебі не?

### **Шетел тілі пәнін оқыту бағдарламалары мен оқулықтары туралы мұғалімдер пікірлерін жинауға арналған талаптар**

Оқулықтар мен олардың кешендері, бағдарламалар туралы пікір дайындағанда төмендегілерді ескеру қажет:

- оқулықтың оқу бағдарламасына сай болуы (егер сай келмесе, көрсету керек);

- оқулық (және оның кешендері) мен бағдарлама шетел тілі курсының негізгі ұғымдарын толық, нақты және түсінікті түрде ашып көрсете ме?

- бағдарлама талабы бойынша оқулыққа енген материалдардың тәрбие беруде тиімділігі қандай? Олар оқушыларды елжандылыққа, инабаттылыққа т.б. тәрбиелеу талаптарына сай келе ме?

- қандай тақырыптар, параграфтар сәтті жазылған, олардың ішінде әсіресе не ұнайды, қандай тақырыптар мен параграфтар сәтсіз шыққан?

- Берілген тапсырмалар мен сұрақтар оқушылардың өздігінше жұмыс істеу, ойлау қызметіне қаншалықты әсер етеді?

- Қандай көрнекі құралдарды жаңадан қосуды ұсынасыз?

- Оқулықта берілген атаулар, терминдер, фактілер, ғылым және білім саласының жаңалықтары т.б. мен мәтіндерді бағдарламада көрсетілген уақытта толық өтуге бола ма?

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Еңбекте қысқартулар төмендегідей түсіндірмесімен қолданылды:

ҚР – Қазақстан Республикасы;

МЖБС – Мемлекеттік жалпы білім стандарты;

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;

ҚазАССР – Қазақ Автономды Советтік Социалистік Республикасы;

ҚазССР – Қазақ Советтік Социалистік Республикасы;

ССРО – Советтік Социалистік Республикалар Одағы;

ЭЕМ – Электронды есептеу машинасы;

АПН – Академия педагогических наук;

ВВС – British Broadcasting Corporation;

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

МБС – Мемлекеттік Білім Стандарты;

КТМ – Кәсіптік техникалық мектеп;

РСФСР – Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика;

ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен;

СССР – Союз Советских Социалистических Республик;

ГДР – Герман Демократиялық Республикасы;

PISA – Programme for International students' Assesment;

ЮНЕСКО (NESCO) – Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (БҒММЖБҰҰ);

CD – Compact Disk.